Товарищ Сталин в своем определении национальности отметил пять условий, необходимых для принадлежности к ней. Нельзя забывать об этом. Почему нас называют Казахской республикой? Разве не за наш народ? Стало быть, надо исправить язык этого народа. Язык портят и неполноценный мулла, и неполноценный

языковед. Не подвержены ли наши работники, имеющие отношение к языку, этому недугу?

В своем письме Вы просите, чтобы я написал статью о языке. Боже упаси, не зная, в каком направлении должен вестись разговор, не понимая мнение общественности в этом плане, нельзя браться за это дело». (из письма М. Габдуллина Габиту Мусрепову. 30.04.1944 г. Полевая почта, 21475 К).

Человеку, который с малых лет пристрастился к героическим эпосам, к их высокому духу, воспитан на их языке, затем исследовал их, в лихую годину войны вдохновлял душу и волю, сознание и честь бойцов примерами устной народной литературы, невозможно было не писать так. Далее:

«Из Алматы мне написал Габит. По его словам, специалисты казахского языка поднимают вопрос о создании терминов на казахском языке; это правильно, но дело заключается не в терминах. Главный разговор должен быть о развитии казахского языка. Я так думаю. У Сталина есть четкое определение, какой должна быть республика, чтобы стать союзной. По его утверждению, необходимо, чтобы имелись соответствующие численность населения, территория, традиции, национальный язык, экономика. Все эти условия у нас есть. Коль так, у народа, достигшего статуса Союзной республики, должен быть национальный, государственный язык. Хочу сказать, чтобы русский и казахский языки употреблялись наравне, и в канцеляриях должен использоваться казахский язык. Только тогда мы можем правильно решить проблему термина. Только тогда казахский язык получит развитие, расцветет. В связи с этим мы должны восстановить и принять по-новому наши отдельные добрые обычаи и традиции» (из письма М. Габдуллина Б. Момышулы. 2.06.1944 г).

Насколько смелое решение, правильная позиция!

Отважный герой, большой ученый до конца отдавал своей среде яркий свет, доброту и мощь, весь жар собственной души и духовного мира, в результате чего стал поистине гордостью народа, крупной личностью, «султаном», орлом родной стороны. Он был лучшим примером и скромности и высокой нравственности, исключительного благодеяния и аристократичности, прекрасных и ярких дел, сознательности и честности, преданности светлым идеалам и чистоты и таким остался в сердцах людей, в памяти народной.

Вот как трепетно отзывается об этой неординарной натуре Народный писатель Казахстана Дмитрий Снегин:

- Говорят, кто не умеет дружить, тот обкрадывает себя и других. И еще говорят: сила и счастье – в дружбе. Это в равной степени относится и к отдельным людям, и к народам...

Дружу я с Маликом Габдуллиным вот уже четверть века. Мы живем в одном городе. В одной, родной нам Панфиловской дивизии вместе сражались против фашистских захватчиков в минувшей войне. Уцелели. Возвратились в Алма-Ату – каждый в свой срок, каждый к своему труду. Нас объединяет панфиловское братство, и мы часто видимся на конференциях и встречах – в школах и вузах, на заводах и фабриках, в колхозах и совхозах, в воинских частях и научных учреждениях, за дружеским столом. Мы помним мудрую заповедь казахского народа: чаще ходи в дом к другу, чтобы не заросла тропа дружбы. Помним и соблюдаем. Мы – бывшие фронтовики, панфиловцы. Без ложной скромности мы можем признаться, что эта закаленная в боях дружба помогает не только нам жить и работать интересно.

Кажется, я хорошо знаю Малика. Но всякий раз открываю в нем новые черты. Неизменными остаются его удивительная скромность и душевная отзывчивость.

В трудных боях при защите Москвы он показал выдержку и отвагу, неподдельный организаторский дар, способность действовать решительно и целеустремленно в запутанной, почти трагически безнадежной обстановке. За исключительную личную отвагу и мужество, проявленные в этих боях, ему было присвоено высокое звание Героя Советского Союза.

После войны Малик увлеченно и плодотворно занимался педагогической деятельностью и научными исследованиями. Его избрали действительным членом Академии педагогических наук РСФСР. Три созыва он был депутатом Верховного Совета Союза ССР, всегда оставаясь самим собой – скромным, честным, с народом и для народа живущим.

Он и сегодня – такой. Разве что на смену молодому блеску в глазах пришел огонек мудрости; да больше стало житейского опыта, знаний, понимания жизни. И все это он щедро отдает молодежи, любимому труду.

На фронте бойцы называли политрука роты Габдуллина «Наш Малик» – так и сегодня его называют юные джигиты и девушки, для которых он строгий наставник и задушевный товарищ. «В горе – опора, в радости – солнца луч», – так сказал о нем молодой акын.

Опора... Солнца луч... Наш Малик. Надо было пройти большой путь и не оступиться ни разу, чтобы заслужить такую, может быть, самую бесценную похвалу. А путь, который прошел Малик Габдуллин, не был усыпан розами.

Да, нельзя сказать, что жизненный путь М. Габдуллина – обладателя красивой на первый взгляд судьбы – был ровным и гладким. Его не обошли стороной трудности и тяготы, выпавшие на долю страны, беды и вред противоречий и искажений, имевших место в жизни общества, на советском пространстве. В годы армейской службы в 1937 году его обвиняли во взаимоотношениях с сыном ходжи Ади Шариповым, а во время войны – как писателя-националиста, в своих произведениях чересчур акцентировавшего внимание на героических делах воинов – представителей малых народов...

В 1953 году ему пришлось еще раз на себе испытать прессинг жестокой советской идеологии. В мирное время крылья джигита-орла были опалены огнем зла и насилия.

Если глубоко проанализировать творческую биографию Малика Габдуллина, то можно убедиться в огромном количестве материалов на русском и казахском языках, опубликованных в отечественных, всесоюзных средствах массовой информации. Сюда следует добавить учебник и хрестоматию, написанных для средних школ и высших учебных заведений. В 1952-1961 годы его учебник «Казахская литература» для 8-го класса средней школы издавался 10 раз. А учебник «Устная литература казахского народа» для студентов высших учебных заведений (пользуется с 1958 года) и хрестоматия «Устная литература казахского народа» (1959) являются классическими. Облик прославленного на весь алашский народ героя-ветерана, писателя, наставника, деятеля прекрасно дополняет, делает еще краше, содержательнее, неповторимым его самоотверженный, кропотливый труд по созданию учебников.

«В филологической науке республики, – констатирует История Казахской ССР, – прославленный герой Великой Отечественной войны М. Габдуллин оставил яркий и глубокий след» (Алматы, «Ғылым», 1984, т.5, стр. 651).

В эпистолярном наследии деятеля, интеллектуала, писателя Малика Габдуллина немало встречаются яркие словосочетания, философские размышления, фразы и обороты, в которых замечательно гармонируют глубина и внешняя красота, суть и содержание. Вот некоторые из них:

- *Думай не о долголетию, а о том, насколько много можно сделать дел, полезных обществу, и делай их. Тогда и долго будешь жить.*

- *Когда станешь заметным, то и сплетен вокруг тебя будет немало. Если случится так – крепись, совершай только достойные дела. Боясь сплетен, нельзя ронять честь и достоинство.*

- *Кажется, гнев присущ только сильному человеку. Проявить гнев – значит, показать силу. Гнев показывает, насколько у человека сильны воля, твердость. Только малодушные люди не злятся, терпят все без сопротивления.*

- *«Думать только о личном и забывать о народном деле показывает никчемность происхождения человека».*

- *«Выросшая сама, пустившая глубокие корни береза намного лучше частокола. Искусственный щит не будет защитой».*

- *«Сиротской тоске наказания нет».*

- *«Совершить ошибку легко, трудно признавать ее. Если кто-то сознает, понимает свою ошибку и начинает исправлять ее, то это настоящий человек».*

- *«Для красивого написания художественной картины природы нужен художественный язык».*

- *«Казахский народ, населявший огромные степи от Алтая до Урала, от Петропавловска до Сырдарьи, жил и в незапамятные времена. Обычаи, традиции, образ жизни родов зачастую бывают похожи друг на друга. Кто бы взялся за исследование этого?».*

- *«Надвинувшиеся черные тучи постепенно исчезнут после дождя или сильной бури».*

- *«Я родился и рос среди народа. Хочу быть его слугой».*

- *«Счастье не знает счета».*

- *«Ключ настроения в женщине».*

- *«Где джигит, способный понять твои товарищеские чувства, дружеские сокровенные мысли? Прежние близкие чувства, увы, удаляются – нет пользы от них».*

Не случайно в этом плане профессор Турсунбек Какишев подвергал анализу произведения Малика Габдуллина с позиции художественного слова. По воспоминаниям супруги М. Габдуллина Назии Батишкызы (1924-1979), великий художник Мухтар Омарханович Ауэзов говорил: «Малик, ты пишешь очень легко, хорошо. И язык у тебя хороший, попробуй писать, из тебя может

получиться неплохой писатель». На что герой-ученый отвечал: «Мухтар Омарханович переоценивает мои возможности, надо писать как он сам или же достичь уровня таких писателей, как Сакен Сейфуллин, Беимбет Майлин, Сабит Муканов. А ради настроения писать не нужно» (Габдуллина Назия. «Ардағым едің» («Мой почитаемый человек»), Алматы, 1946, стр.29).

Среда общественного деятеля Малика Габдуллина, в которой он вращался, – это представители науки, искусства, культуры, военные, фронтовики, студенческая молодежь, учащиеся, широкие массы народа... Известно, что он участвовал в судьбе каждого, заботился, обменивался мнениями. Никогда не важничал и не чванился, жил весьма скромной жизнью. Он был очень культурным, умным, спокойным человеком. Принцип, заключенный в народной мудрости «Ум – дар божий, воспитанность, опыт – нажитое самим человеком», присущ этой великой личности. И на самом деле, слава и авторитет М. Габдуллина распространились далеко. Верится без сомнения, что его неповторимый образ, вобравший в себя широчайший ум, милосердность, скромность, почтительность, его высокий лоб, светлое лицо, человеческие, героические, научные, наставнические, писательские свойства и дела окажутся на высоте и грядущей эпохи, будут «разговаривать» и со всеми будущими поколениями.

Список литературы

1. С. Негимов // М. Габдуллин «Фолиант» Астана, 2020 - 416 б.
2. Мәлік Ғабдуллиннің күнделіктерінен / Дайындаған С. Негімов // Жұлдыз. – 1984. – № 5. – Б. 197-199.
3. Негимов С.Н. Батырлардың түйғыны,ғалымдардың жүйрігі [Кеңес Одағының Батыры, жазушы, ғалым М. Ғабдуллин туралы] // Қаз. әдеб. – 1995. – 4 қараша. – № 29.
4. О Габдуллине М. // Батырбеков М. Высшая школа Казахстана в лицах. – Алматы, 2000. – Кн. 2. – С. 161.

*Б. Сманов, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі*

ҰСТАЗДЫҢ ҰМЫТЫЛМАС ҰЛАҒАТЫ

(Кеңес Одағының Батыры М. Ғабдуллиннің туғанына 105 жыл)

Біз бірінші сыныпқа барған замандағы «Әліппе» оқулығында:

Менің атым - Әліппе,
Мені аңдай дәріпте.
Мені оқып ержеткен,

Бауыржан да, Мәлік те, - деген өлең жолдары болатын.

Орта мектептен соң оқуға түскенімізде есімдері санамызда жатталып қалған Екінші дүниежүзілік соғыстың аталған әйгілі қаһармандарымен жақын танысып, әңгімелерін тыңдадық.

Ал Мәлік ағай бізге ҚазМУ-дің филология факультетінде бірінші курста халық ауыз әдебиетінен сабақ берді.

Ұлағатты ұстазымыз қазақтан алғаш шыққан Кеңес Одағының Батыры, халқымыздың тұңғыш КСРО Педагогика Ғылымдары Академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР-інің ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, Республика Жоғарғы Кеңесінің депутаты, көрнекті жазушы, Абай атындағы қарт ҚазПИ-дің он жылдан астам ректоры болғанына қарамастан өте қарапайым, аса мейірімді, керемет кішіпейіл, биік парасатты адам болатын. Ол кісі оқуға жаңа түскен студенттер баласы қатарлы болсақ та, бізбен сөйлескенде өзіміздің Бақаң, Бөке (Болатжан Абылқасымов), Черчилль, кейде Омеке (Омархан Құлахметов), Тәке (Тәңірберген Аймұратов), Мұха (Мұхтар Пернеқұлов), курс старостасы Мәкен Әлібаевты «болыс-бөлкей», «ауылнай», немесе «селсебет» деп ерекше ілтипатпен, көтермелеп сөйлейтін.

Онысы өзіне жарасып тұратын. Орыстың данышпан жазушысы Л.Н. Толстой: «Адамның ұлылығы – оның қарапайымдылығында», – дейді ғой, ол кісінің ұлылығының өзі осы қарапайымдылығында еді.

Мәлік ағай студенттердің сабаққа қатысымын аты-жөнін атап тексеріп, уақыт кетірмейтін. «Ауылнай» - старостадан сұрайтын. Соған сенім артатын. Оның үстіне ағайдың сабағы терең мазмұнды әрі өте қызықты өтетіндіктен шәкірттері түгел қатысатын.

Көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналған батыр ұстаздың әрбір оқыған дәрісі бейне бір өмір сабақтарындай аса мазмұнды, өте әсерлі өтетін. Ол кісі ұстаз ретінде де, ақылгөй аға ретінде де үлкен әдіскер,

тамаша тәрбиеші еді. Оған қоса Мәкеңнің жүргізетін пәні кілең дидактикалық шығармалардан, халық ауыз әдебиетінің інжу-маржандарынан, студент-жастарға үлгі-өнеге етуге, ақыл-кеңес беруге лайықты танымдық-тәрбиелік мәні зор туындылардан тұратын.

Ағайдың дәрістері фольклордың тарау-тарау тақырыптарына оңай ауысып жататын. Олар, тіпті, бірінен-бірі өрбіп, бірінен-бірі туындап отыратын. Ұстаз бізге бәрін жатқа білетін адам секілді мүдірмей, жаңылмай баяндайтын.

Мәселен, бірде:

Баяғы өткен заманда,
Дін мұсылман аманда,
Жиделі Байсын жерінде,
Қоңырат деген елінде,
Байбөрі деген бай бопты,
Төрт түлігі сай бопты, –

деп, «Алпамыс батыр» жырындағы Байбөрі мен Аналықтың құдайдан бала тілеп, «әулие-әнбиелерді қыдырып, етегін шеңгел сыдырып» аралағанын, содан тілектері қабыл болып бір ұл, бір қызды болғанын әңгімелесе, енді бірде:

Ақсұңқар ұшар жем үшін,
Туады ерлер ел үшін,
Тоқтай алмай барамын,
Ағайын-туған, ел үшін, –

деп Алпамыстың елінің намысы мен жерінің бүтіндігі үшін алыс сапарға, жаумен соғысқа аттанып бара жатқанын, «ел намысы – ер намысы» болып табылатынын елжандылық, отаншылдық тәрбиемен ұштастыра түсіндіретін.

Ал «Қобыланды батыр» жырындағы бізге жатқа айтқызатын:

Құбылып Бурыл гуледі,
Табаны жерге тимеді,
Көлденең жатқан көктасты
Тіктеп тиген тұяғы
Саз балшықтай иледі, –

деген үзіндідегі Тайбурылдың шабысының көркем суреті ауылдан келген біз секілді сарыауыз бозбалалардың делебесін қоздыратын.

Бұл жырларды бала кезімізден естіп-біліп өскенімізбен, жырға дәл мұндай ерекше көркемдік мән бере, тәрбиелік астарларын ажырата талдамаған болатынбыз. Мұны ұстазымыз жетекші сұрақтар қою арқылы өзімізді араластыра орындататын. Бүгінгі күні «жерден жеті қоян тапқандай» болып, айғайлай дәріптеп жүрген Кембридждік

тәсілдеріңіздің неше атасын – сабақта шәкірттерге салмақ салу, соларды сөйлету, оларды өзара пікір-сайысқа араластыру, еркін ойлауға тәрбиелеу секілді қазіргі жанашыл әдістемелік ұстанымдарды Мәлік ағай сол кездің өзінде-ақ түрлендіре жүзеге асыратын. Ол кісі шындығында нағыз педагог, шынайы әдіскер болатын.

Олай дейтінім, қаһарман ғалым, ұлағатты ұстазымыздың әрбір дәріс-сабағы немесе әрбір семинар сабағы жаныңа майдай жағып, шәкірттеріне үлкен рухани азық беретін. Оның үстіне пәннің бүкіл бітім-болмысының өзі де мұғалімді игі мақсаттарды насихаттауға жетелейтіндей толған, тұнып тұрған дидактика еді. Бұл мәселелер сабақ үстіндегі тәрбие жұмыстарымен, нақтылы өнегелі мысалдармен жиі астасып жататын.

Бірде мынадай жағдай болды. 1968 жыл. Бірінші курстамыз. Мен ағайдың алғашқы сабақтарының бірінде, түскі 13:15-те басталатын дәріске жатақханаға орналасамын деп жүріп кешігіп келдім. Сабақ басталып кетіпті. Ұстаздан рұқсат сұрап, аудиторияға кіре беріп ем:

- Қайда жүрсің? Неге кешігесің? – деп сұрақтың астына алды Мәлік ағай. Басым салбырап үнсіз тұрдым. Аты-жөнімді сұрады. Айттым.

- Әкең бар ма?

- Бар.

- Қайда тұрады?

- Ауылда.

Туған жерімді, ауылымды айттым.

- Соғыста болған ба?

- Иә..., алдымен Фин соғысында, кейіннен Германиямен соғыста болған. Екі рет аяғынан жараланған, – деп жауап бердім.

Мәлік ағай қайыра:

- Әкең қай жылғы? – деді маған жақындап қарап тұрып. Омырауында Кеңестер Одағы Батырының «Алтын жұлдыз» медалі жарқырап тұр екен.

- 1907 жылғы, – деп жауап бердім қалпыма келіп.

- Е-е, бәсе... Жасы менен үлкен екен... Шалдың баласы екенсің ғой. Жарайды онда. Шалдың баласына ұрыспай-ақ қояйын. Отыра ғой. Ендігәрі кешікпейтін бол, түсіндің бе?!

Мен ұқтым дегендей басымды изедім де, орныма барып отырдым. Ал жауынгер-ұстаз сонау жылдардағы сұрапыл соғыс, майдандас үлкенді-кішілі достары, онда қаза тапқан, Отан үшін жанын қиған ардагер азаматтар есіне түскен болуы керек, ауыр күрсініп, ойланып біраз үнсіз тұрды. Осы күні сол көрініс, әйгілі батырдың, Одақтық академик-ғалымның жылы жүзбен маған еш зілсіз жасаған ескертпесі,

сөйтіп қалған студенттерге көрсеткен ұлағаты, одан үндемей ойланып мен орныма отырғанша ұзақ қарап, үнсіз тұрып қалғаны әлі көз алдымда.

Тағы бірде Мәлік ағайдың тоқсан минуттық сабағының үзілісінде дәлізде старостамыз Мәкен, Мұхтар, Тәңірберген, Болатжан секілді курстас студенттермен бірге тұрдық. Мәлік ағай жақындап келіп, менің жасымды сұрады. Мен он алтыда екенімді айттым.

– Осы сен баласың ба, жігітсің бе? – деді.

Мен намысқа тырысып:

– Иә, жігітпін, – дедім сенімді түрде, ойымда ештеңе жоқ.

– Әкел қолды, міне жігіт! – деп дауыстап қолымды ұстап тұрып, дәлізде қаннен-қаперсіз көлденең өтіп бара жатқан курстасымыз Ақкенже Ахмедияроваға (әйгілі домбырашы, дәулескер күйші, Қазақстанның халық әртісі Қаршыға Ахмедияровтың кенже қарындасы):

– Ақкенже, мына Бақтиярдың қолын ал, бұл – жігіт! – деді.

Ақкенженің ойында ештеңе жоқ, менің қолымды алды да, лақ секілді секеңдеп аудиторияға кіріп кетті.

Мәлік ағайдың қалжыңының түп-төркінін түсінген жігіттердің бәрі мәз болысты. Ол кісінің астарлы әзілін, нені меңзеп отырғанын мен де түсінгендей болдым.

Мәлік аға керемет педагог, шебер дәріскер еді дейтінім, ол кісінің «Ақ қасқыр», «Үш ауыз сөз», «Жақсы әйел» атты терең мазмұнды ертегілері, жаңылтпаштары, жұмбақтары, шешендік өнер, жыр-дастандар, Асанқайғы, Жиренше шешен, Алдар көсе, Қожанасыр туралы әңгімелері өте қызықты болатын. Ұстаз шәкірттерін жақын тартып, өзіндей көретін. Ағайдың әдемі әзілі, қазақи қағытпа қалжыңдары, ұтымды юморлары қатар жүретін. Онда да ол өз орнымен, ретімен шебер айтылатын.

Сабақ үстінде Мәлік ағай шәкірттерін жалықтырып алмайын деген оймен, олардың көңілдерін бір ауық сергітіп алу үшін өз басынан өткен кейбір естен кетпес жайттарды, сұрапыл соғыс кезіндегі әсерлі оқиғаларды, майдан хикаяларын араластырып қоятын. Және ол әңгімелерінің тақырыптары да бірін-бірі еш қайталамай әр алуан нұсқада, сан-саналы тәлім-тәрбиелік мақсатта айтылатын.

Қаһарман-ұстаз ана тілі мен әдебиетіміздің, ұлттық мәдениетіміз бен халықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлеріміздің шынайы жанашыры ретінде бұл жайттарға ерекше мән беретін. Оған күнделікті өмір тәжірибесінде де, сабақ барысында да үнемі назар аударып отыратын. Қазіргі таңдағы рухани жаңғыру, ұлттық құндылықтар, ұлттық код деген мәселелерге Мәлік ағай сол заманда айрықша көңіл бөлетін.

Мәлік ағай жаратылысы бөлек жан еді. Ол кісіге таң қалатыным, біздің жатақханамызға жиі баратын. Онда студенттердің жағдайын көріп, хал-жайымен танысатын. Курстың Мәкен, Мұхтар секілді «гроссмейстерлерімен» шахмат ойнайтын. Бөлмеде «колхоз» болып өзіміз тамақ жасаймыз. Ағай содан дәм татып, шай ішіп, «Нағыз жауынгердің похлебкасы», «Ей, мыналарың «бойдақ» шай ғой» деп мақтап қойып, әңгімелесіп отыратын. Балалар ауылына қайтарында билет ала алмай қалса немесе жатақхана ала алмай қалған жағдайда Мәкең мүмкіндігінше көмектесетін. Біз, бәріміз, осылайша Мәлік ағайдың көмегін, жақсылығын көріп, шарапатын сезіп өстік. Ол кісінің мейірім шуағына бөлендік.

Ұстазымыз «неге бұлай болды» десек, ағай қан майданда әскерлерге саяси жетекші болыпты. Саяси жетекші – жауынгерлердің тілін таба білетін, оларды ерлікке, патриоттыққа, жауынгерлікке бағыттайтын әскери шенді қызмет. Сөйтіп, бұл ісі ағайдың сол сұрапыл соғыста қалыптасқан үйреншікті әдетіне айналыпты.

Сол кезде Мәлік ағаның жасы небәрі елу үште ғана екен жарықтық. Ал бізге, студенттерге, әрине, аса үлкен көрінетін. Оның әкеміздей қамқорлық таныта «айналайындар», «қарақтарым» деген жан жылытар жақсы сөздеріне қарап біз шынында да ағайды ересек-егде кісі екен деп ойлайтынбыз.

... Қайран Мәлік ағай! Өзі айтатындай, жүректің ауруынан біз университет бітіретін 1973 жылғы 2 қаңтарда, 58 жасында өмірден өтті. Атақты батырдың алып жүрегі оны «тал түс» – алпысқа да жеткізбеді.

Халқымыздың қадірменді ұлдарының бірі – Мәлік ағайдың игі қасиеттері, өнегелі істері, ғибратты үлгі-өнегелері, оқулықтары, оқу-құралдары туралы таңды-таңға, күнді-күнге ұластырып айтуға, ғылыми мақалалар, зерттеулер жазуға болады. Оның бәрін бір шағын естелік-мақалада толық қамту, әрине, мүмкін емес. Ұлағатты ұстаз, көрнекті ғалым жайлы оннан астам мақалаларымыз бен ол кісінің 100 жылдығына орай “Ұлағат” баспасынан шығарған 2 томдық «Мәлік Ғабдуллин» атты тарихи-танымдық кітабымызда біраз жайларды қамтуға әрекет еттік. Бұл жұмыстардан көпшілік қауымның хабары бар деп ойлаймыз.

*С. Н. Жәмбек, филология ғылымдарының кандидаты,
Ш. Уәлиханов университетінің профессоры*

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АБЫЛАЙХАН ТУРАЛЫ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ

Ежелгі көшпелі империялар мен ұлы ордалардың алтын сынығандай орта ғасырларға жетіп жығылатын солардың заңды жалғасы, асыл мұрагері болып табылатын қазақ ордасының, қазақ хандығының өткен тарихында есімдерін алтын әріппен жазуға боларлық небір көреген саясаткер, ақылды да ержүрек, дана хандардың есімдері аз кездеспейді.

Қысқы жолды Қасым, ескі жолды Есім, баһадүр бітімді Тәуекел, Салқам Жәңгір, әз Тәуке... Мұндай тізімді әрі қарай да жалғастыра беруге болады.

Бірақ біздің әйгілі хандарымыздың даңқы ел арасында қанша мықты болса да солардың бәрінен елдің жүрегіне ала бөтен жақын, алаш жұртының тілегін ту ғып көтерген, намыс қып қайраған, қысылғанда қай қазақ болмасын есімін медет көрген, XVIII ғасырда жоңғар езгісінде жұтылуға шақ қалғанда азаттық туын көтерген хан Абылайдың есімі ыстық көрініп, оның даңқының басым жатуы күмән тудырмайды.

Оның ержүрек батылдығы, қарағайға қарсы біткен бұтақтай қайсарлығы, ақылды даналығы, сергек те сезімтал көрегендігіне байланысты ел арасында ғажайып аңыз - әңгімелер, шытырман хикаялар, тамаша жыр дастандар туды. Жазба дәстүрдегі әдебиетіміз де қаншама авторлар өз шығармаларының жемісін Абылайханның өнегелі де ерлік істеріне құрды.

"...Өзге ел өкілдеріне қазақ хандары ішінен неғұрлым әйгілісі де, халық әдебиетінде көркем бейнесі жарқын мадақталғаны да Абылай екені кәміл. Қазақ қауымының сан буыны қысылғанда медет көріп, намыс кегі қайралғанда ұран етіп, шақыратыны да Абылай есімі болуы тегін емес. Ол жөніндегі көне сөздердің көптігі соншалық Абылайнама деп атарлық мол туындылар шоғыры жасалған. Орыс халқының тарихында былина - жырлардың ең көбі ертедегі "күн дидарлы князь" Владимир дәуіріне арналған десек, қазақтың тарихи - этикалық өлең - жырларының аса көрнекті бөлігі де Абылай және оның айналасындағы батырларға, билерге, шешендерге бағышталған..." деп, жазады белгілі әдебиет зерттеушісі, профессор Рахманқұл Бердібаев [1].

Абылай бейнесінің көркем әдебиетімізде осыншама жарқын бейнелеуінің өзіндік сыр, себептері бар. Оның тарихи негіздерін қозғай берсек өз алдына үлкен бір әңгіменің тақырыбы болар еді.

Жалпы алғанда Абылайхан - XVIII ғасырдағы қазақ тарихында алыс - жақындағы дұшпандарды айбынынан ығып, есептесуге мәжбүр болған қаһарман тұлға. Академик В. В. Бартольд Абылайхан туралы: "XVIII ғасырдағы ең күшті Орта жүздің ханы Абылай болды" - деп, жазады [2].

XV ғ. ортасынан XVIII ғ. орта тұсына дейінгі үш ғасырдың ұзына бойында туған жері үшін жан аямай алысқан, бірде жеңіп, бірде жеңіліп отырған азаттық күресі бір тынбаған қазақтар үшін жоңғар ойраттары рақымсыз, аяуды білмес қатал жау болды. Қазақтың бұрынғы өткен замандардағы алысқан көп жауларының аты ұмытылып, батырлық жырлардағы негізгі "этникалық жаудың" қалмақ болып келуі де осындай тарихи фактілерден туындайтыны даусыз.

Міне, осындай бәленбай ғасыр бойы құлағының қиқу кетпеген халықтың еңсесін жазып, азаттыққа жаңа өмірге бастаған хан Абылайдың жарқын бейнесі халықтың сүйіспеншілігіне бөленіп, көптеген жыр - дастандардың, ауызша әңгімелердің сүйікті де тұлғалы кейіпкеріне айналады. Абылай бейнесі әулиедей қастерленіп кейінгі дәуірлерде аңызға айналып кеткен.

Жыраулар поэзиясында Абылайдың жарқын тұлғасы, өшпес бейнесі сомдалған. Абылай араласқан оқиғалардың тарихи іздері, шындық болмысы жыраулар сөздерінде жақсы сақталған.

XVIII ғасырдың тарихи оқиғалары әйгілі жырау Тәтіғараның "Қамыстың басы майда, түбі сайда", "Кебеже қарын, кең құрсақ" толғауларында жақсы суреттелген.

"Қамыстың басы майда, түбі сайда" жырындағы:

Қамыстың басы майда, түбі сайда,

Жәнібек Шақшақұлы болат найза.

Алдыңнан су, артыңнан жау қысқанда,

Ер жігіттің ерлігі осындайда - деп, келетін жыр жолындағы Жәнібек Шақшақұлы Арғын ішіндегі Шақшақтан шыққан батыр, Абылайханға асқан ержүректілігімен, қара қылды қақ жарып кесіп айтатын әділдігімен, ұсақ - түйекке мән бермейтін тәкәпар мінезімен ұнаған. Ш. Уәлиханов батырға байланысты бір оқиғаны былайша суреттейді: "Үнсіз темекі тартып отырған батырға жас жігіт батыл жақындап келіп:

- Жәнібек батыр, темекіңізден мархабат етіңіз, - дейді. Жәнібек жас батырды елемеген кейіппен темекісін өзінің қалтасына салып қояды. Аздан соң қайтадан ұрыс басталып кетеді. Сарбаздар бірі садақпен, бірі

айбалтамен, бірі шоқпармен ханның төңірегіне жинала бастайды. "Алғы шепке шығатын кім бар?" - деп Жәнібек батыр жар салады. Сонда өзінен темекі сұраған жас жігіт Байғазы бірінші болып саптан алға шығады. Он мың сарбазы бар қалмақтар жан қояр емес, түтіп жеп жылжып келеді. Ақыры қазақтар тым - тырақай қаша жөнеледі. Қалмақ басқыншыларының алдында еңгезердей ірі қалмақ бірнеше қазақты аттарынан аударып тастап, жайпап келе жатады. Сонда Жәнібек ақырып: "Біздің қазақтардан мына бір есерсоқтың басын шауып түсіретін бір еркек кіндікті тумаған ба?" - дейді. Бұл сөзді естіген соң қатты намыстанған Байғазы жаңағы атан түйедей қалмақты садағымен ат үстінен қалпақтай ұшырып түсіреді. Қазақтар бұл уақиғаға қатты рухтанып кетіп, кері соғады да, жеңіске жетеді. Байғазының ерлігіне сүйінген Жәнібек оған шақшасын ұсынады. Байғазы Жәнібек батырға жақын келіп: "Батыр, темекіні тартатын кез енді келді", - дейді. Осыдан бастап Тарақты Байғазының атын жұрттың бәрі біледі" [3].

Жырдағы Жәнібек тек батыр ғана емес, адамгершілік биік қасиеттерімен белгілі тұлға. Тәтіғара толғауында біз Жәнібектен басқа да қазақ батырларының ерлік сипаты, қаһармандық тұлғасы ашылған.

Бөкейді айт Сағыр менен Дулаттағы,
Деріпсәлі, Маңдайды айт Қыпшақтағы.
Өзге батыр қайтса да, бір қайтпайтын
Сары мен Баянды айт Уақтағы.

Абылай ханның бірде "Өз батырларыңыздың ішінде қайсысы сіздің жүрегіңізге жақын?", - деп сұрағанда, ол: "Ілгеріде өткен азаматтардың ішінен нағыз таңдануға тұрарлығы екеу-ақ. Қалданның қолынан тоқсан тұтқынын қайтарып алған Қаракесек Қазыбек пен тұтқындарға үйде отырып бостандық алып берген Уақ Деріпсәлі. Алғашқысы Қалданға өзі барып сұрап қайтарып алған болса, кейінгісі өз аулында отырып жаудың зәресін алды. Менің батырларымның ішінен байлығы, ерлігі және мінезі жағынан Бәсентиін Малайсары, ал ақылы мен ерлігі жағынан Уақ Баян бәрінен жоғары тұр" - дей келіп, тағы бірнеше қырағы батырларын қосатынын ескерткен [3].

Баянды кейде Сары, Баян деп қосарлап атайды, оның себебі, қалмақпен бір қатты ұрыста Баян батыр өзінің бауыры Сарымен бірге қаза болады.

Бөгембай батырдың да ерлік болмысы осы жырда айқын байқалады.

Ағашта биікті айтсаң қарағайды айт,
Жігіттік, ерлікті айтсаң Бөгембайды айт.
Найзасының ұшына жау мінгізген,
Еменәлі Керейде Ер Жабайды айт.

Бөгембай батыр - ірі тарихи тұлға. Ол бар өмірін елінің азаттығы үшін сарып еткен жаужүрек қаһарман, XVIII ғасырдың 20 - 30 жылдарындағы ойрат - қазақ соғысында қазақ сарбаздарын басқарған қолбасшы.

Бұл жырдың шығуына себеп болған оқиғаға келсек, Абылай ханның бірде жортуылда жолы болмаған екен. Өкшелеген жаудан шегініп келе жатқанда, алдынан өткел бермес тасыған өзен кездеседі. Жауынгерлер абыржып, ұйлығып қалады. Барлығына да опат болу қаупі төнгенде, Тәтіғара суырылып шығып, осы жырды айтып қоя беріпті. Жырдағы аты аталған батырлар жыраудың соңынан тасып жатқан өзенге түсе бастаған. Осылайша бұлардың артынан қалың қол да еріп, судан аман - есен өтіпті.

Тәтіғара жыраудың "Кебеже қарын, кең құрсақ" деп басталатын жырында Цин империясы мен Абылай жасақтары арасында болған шабуыл сипатталады.

"Кебеже қарын, кең құрсақ
Артық туған Абылай
Көтере көр бұл істі:
Көп қытайдың жылқысы,
Тұрымтайдай құнысты,
Жау жағадан алғанда,
Ит етекпен алғанда,
Ер Абылай қорыққан жоқ,
Әшейін еңкейе бере жылысты.
Бәсентиін Олжабай,
Оны да мен ер көрдім,
Оқ жіберіп ұрысты"

Абылай бастаған қазақ әскерлері сан жағынан күші басым қытай - мәнжүр әскерлерімен табан тіреп ұрыс сала алмай, шегіне соғысады. Сарбаздардың еңсесі түскенін көрген Тәтіғара жырау олардың жауынгерлік рухын көтеріп, намысын қайрау үшін, осы жырды табан астында суырып салып, жырлаған.

Бұл жырды кезінде қазақ ғалымы Шоқан Уәлиханов орыс тіліне қара сөзбен аударған. Шоқан тәржімасын толық келтіре кетейік:

"Бежавшие китайцы снова начали движения, натянулась тетива из куланьева хребта. Крепкороберный и широкожелудочный Аблай, перенеси это одно дельцо. У врага - китаец клячи как копчики изловчились; нет, хан Аблай не бежал, не хорошее слово бежал, - он двигался только косо. Басентинец Сырымбет, стрел бросая, бился. Не ищи ума при бегстве! Нет хладнокровия при торопливости! Баян Уаковцев, да мы это видели! Когда он поворочиваясь назад, копьем работал".

Жырдың кейбір нұсқасында "көп қалмақтың жылқысы" деп беріліп жүр. Бұл дұрыс емес. Дұрысы "көп қытайдың жылқысы". Жырдағы оқиға 1756 жылы болған. "Дана әмірші, көреген дипломат Абылай шығыстан шыққан жаңа жұрттың топан суындай қауіпті екенін бірден таниды, оны тоқтату үшін қажыр - қайратпен қоса, ақыл - парасат керегін, әдіс - айла керегін, бірер күндік емес, ұзақ заманға есептелген жүйелі саясат қажетін жақсы біледі. Сондықтан да Жоңғариядағы Цин басқыншылығына қарсы күреске дем береді. Қазақ ордасының әскери күшін топтап, жанкешті ұрысқа әзірленеді.

Ақыры, 1756 жылы жазда Мәнжу - Цин әскері Хадаха және Дардана дейтін қолбасыларының басшылығымен оңтүстік және терістік тараптан, екі лек болып, қазақ даласына қарай қаптай төгілгенде, Абылай үш алаштан құралған қалың қолды бастап, қарсы шығады.

1756 -1757 жылғы қазақ - қытай соғысының тарихы әлі жазылған жоқ. Бұл біздің қаһарман халқымыздың ерлік шежіресіндегі өзгеше бір тарау.

Соңғы кезде мағлұм болған нақты тарихи құжаттарға қарағанда, жаз бойғы қантөгіс - алма - кезек шабуыл, ит жығыс күрес үстінде өтеді. Қазақтармен бірге Әмірсана бастаған қалмақ шерігі де қайтпай соғысады.

Абылай басшылық еткен алаш әскері әуелі Жетісуда Қалмақ - Толағай тауының етегінде, одан соң Аягөз бойында Цин әскерлеріне ауыр соққылар береді [4].

Осындай сәтсіздіктерден соң Цин императоры Цяньлун Хадаха мен Дардана сияқты қолбасшыларды кері шақырып, олардың орнына мәнжүр қолбасшылары Фу Дэ және Чжао Хуэй деген генералдарын жібереді.

Олай болса Тәтіғара жырау шығармасы 1756 жылдары туған. Үмбетей жырау шығармалары Бөгембай батыр есімімен байланысты. Жыраудың атын шығарған да осы шығармалары. Үмбетейдің Бөгембайға қатысты екі ұзақ жыры сақталған. Мұның біріншісі - Бөгембайды жоқтау да, екіншісі - Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту. Жоқтау жырында:

"Қолтыға ала бұғының
Пәйкесіндей Бөгембай,
Жалаң қия жерлерден
Жазбай түсіп түлкі алған,
Білегі жуан бүркіттің

Тегеуріндей Бөгембай", - деп, батырды азалайды, көзінің жасын көл қылады, батырдың халқына жасаған жақсылықтарын айтып, мадақтайды.

Екінші жыр естірту түрінде келеді. Үмбетей алдымен Абылай өмірін, халық басындағы ауыр жайларды толғап, одан соң қуанышты күндер, жеңісті жорықтар, батырлардың көрсеткен ерліктерін мадақтайды.

Абылайдың өз басының ерліктері санамаланады.

"Жиырма жасың толғанда,
Қалмақпен соғыс болғанда
Алғашқы бақты тапқанда
Шарыштың басын қаққанда,
Қанжығана бас байлап,
Жау қашты" деп айғайлап,
"Абылайлап шапқанда..."

"Үмбетей шығармасы жырау кеңінен толғаған себепті әдепкі салт өлеңнің көлемінен шығып кеткен. Жырдан сол кезде болған тарихи оқиғалардың біразының елесін көреміз. Жырдың бас жағында Абылайдың жайы, оның "Сарыарқаны жерім деп, қалың қазақ елім деп" Үркеніштен келгендігі, алғашында Төле бидің түйесін бағып жүргендігі, ер жетіп бұғанасы қатқан соң, ойраттармен күрес дәуірінде көзге түскендігі айтылады.

...Сол сияқты Абылайдың Ташкентте қалмақ тұтқынында болуының жайы сөз етіледі. Қазақтардың сырт жауларға қарсы жасалған сәтті жорықтарының кейбірі еске алынады. Сол замандағы дұшпанды мұқапқан Қара Керей Қабанбай, Қанжығалы Бөгембай, Сары, Баян, Сағымбай сияқты батырлардың ерлігі мадақталады. Мұның бәрі бізге ел жадында сақталған тарихи әңгімелер мен поэмалардан да белгілі.

Осыларға қарағанда, Үмбетейдің Абылай және XVIII ғасыр батырлары жайындағы жырларды туғызушылардың бірі болғандығы көрінеді" [5]. Бұл жырды Бөгембай атынан гөрі Абылай аты көп аталады. Жырау Абылайды идеализациялайды, қаһарман деп таниды, басына көтере мадақтайды.

Үмбетейдің Бөгембай батыр есіміне байланысты жырлары XVIII ғасырдың 70-жылдарының орта тұсында туған деп топшылаймыз.

Үмбетейдің Абылайға Бөгембай өлімін естіретін тұста оның қырғыздармен арада өткен соғысты еске алатын жерлерін XVIII ғасырдың нақты тарихи фактісі деп қарауға болады.

Анау бір жылы аттанған,
Әскерді қырғыз қырғанда.
Басынан оба қылғанда,
Ол хабарды ел біліп,
Көп батырмен сен жүріп,

Көзіңнің жасын көл қылып,
Қырылған әскер басының
Қасына барып тұрғанда
Ақбоз атты шалғанда,
Мойнына кісе салғанда
Баба түкті шашты Әзиз
Сауап бата алғанда
Тілеуің қабыл болғанын,
Басына қыдыр қонғанын
Ұмыттың ба соны Абылай?!

Бұл сөздердің астарында біраз тарихи нақты оқиғалардың сыры бар.

Тарихта 1757 жылы алғаш рет [6], 1760 жылы екінші рет [7], Абылай қолының қырғыздарды шабатыны мәлім. 1760-жылдардың аяғында Орта жүз бен Ұлы жүздің батыс бөлігінің Абылайдың қол астына қарауына орай оның ықпалы бұрынғыдан да гөрі арта түседі. Мұнан кейін ол 1770 жылы қалың қол жиып Талас пен Шу бойының қырғыздарын тәуелді етеді. Аманатқа адамдарын алады. Бірақ, қазақ ханы қырғыздардың қайта күшейіп кетуінен қауіптеніп, олардың бірсыпырасын Орта жүз қоныстанған Қазақстанның Солтүстігіне апарып қоныстандырады [8]. Ол қырғыздарды А. Левшин яны (джаны) қырғыз деген атпен соңғы мекендерінде әліге дейін тұрады деп жазса [7], Ш. Уәлиханов олардың ХІХ ғасырдың орта тұсында екі болыс ел болғанын хабарлай кеп, қырғыздардың бұл бетке қоныс тебуі 1770 жылғы "Жайыл қырғыны" оқиғасы [9] мен оның алдындағы екі ел арасындағы шапқыншылықтармен сабақтастығын еске алады [6].

Ш.Уәлиханов солардың ішіндегі ең шешушісі 1770 жылғы қырғыздарға қазақтар үстемдігін орнататын "Жайыл қырғыны" атанатын айқас екендігін айта кеп, оның найман сұлтаны Көкжал Барақтың жеңілісінің есесін қайтару үшін болған шапқыншылық екендігіне тоқталады.

"Қазақ арасында айрықша ерлігі үшін жалды Барақ немесе Көкжал Барақ атанған тәуекелі шексіз сұлтан бір жолы қырғыздарды оп - оңай шауып алады. Соған мейманасы тасқан ол қырғыздардың әулиесі - Қошқаратаның мазарын мазақ етеді. Бұған өшіккен қырғыздар құпия келісіп алып түн ішінде оның қасына шабуылдайды. Қаймығуды білмейтін Барақ бұл жолы алды - артына қарамай қашады. Қырғыздар мұны өздеріне әруақтың көмектескені деп жориды [6].

Бұл шынында да екі елдің де есінде біразға дейін жүруге лайықты үлкен оқиғалар екені күмәнсіз. Өйткені, 1770 жылғы айқастан кейін қырғыздарды көп уақыт бойы қазақтар тәуелді еткен. Сол соғыста екі жақтан да шығын мол болған. Әсіресе, қырғыздар жусай қираған. Салты

руының көсемі Жайыл екі баласымен осы жолы апат болып, оны артында қалған қызы, Әтеке батырдың әйелі Бикемжан өлеңмен жоқтаған. Бәрінен бұрын бұл айқас Көкжал Барақтың кегін қайтару үшін өткендегімен өзгеше.

Тегінде Үмбетейдің де "Анау бір жылы аттанған әскерді қырғыз қырғанда", - деп қол бастаған батырдың атын атамай жартылай жұмбақтай сөйлеуіне қарағанда оның да осы жағдайды айтып отырғаны күдік келтірмейді. Себебі, кек алу жорығына жырау қазақтар жағынан Қабанбай, Бөгембай, Сары, Баян, Сағымбай сынды негізгі батырлар қатынасқандығын айтып, Абылайдың құдай мен әулиеге сыйынып, ат шалып, мойнына кісе салып "көзінің жасын көл" қылуын ежіктеуі тегін емес.

Үмбетей жырлауындағы қырғыздар мен қазақтар арасындағы екі айқас - Барақ қолының жеңілісі мен Абылай жасақтаған көп әскердің 1770 жылғы жеңісі жайлы екендігі күдік келтірмейді. Ал, жалпы сол кезең оқиғасы ауыз әдебиетінде біраз із қалдырған [6, 10].

Абылай хан бейнесін өз туындыларына өзек еткен көптеген ақын, жыршы, жыраулардың бастауында тұрған Бұқар жыраудың жыр - толғауларының орны ерекше екендігін айтқымыз келеді. Абылай ханға арналған Бұқар жырау жырларының тамаша да әсерлі көркемдік құндылықтарын әңгіме етпеген күннің өзінде өз дәуірінің, заманының тарихи шындығының тамырына бойлаған реалистік қуатты терең бояулар Бұқар жырау жырларының құжаттық мәнін айрықша көтеріп тұр. Көп жағдайларда біздің тарихшы зерттеушілеріміз XVIII ғ. тарихына қатысты зерттеулерде өзге ел саяхатшы, зерттеушілерінің жазба деректеріне сүйеніп келгені шындық. Соңғы он жылдықтың көлемінде ғана тарихшы мамандарымыз Бұқар жыр, дастандарының тарихи негіздеріне көңіл аудара бастады.

Үнді тарихын ағылшындардың көзімен емес, үнділердің көзімен қайта жазу керек - деген Джавахарлал Нерудің ұлғатты сөздерін еске алсақ, бізге де өз төл тарихымызды, сол тарихтың куәгері боларлық, қайнар бастаулардан, сол дәуірдің тірі айғақтары ақын - жыраулар мұраларына ғылыми зердемен көз жүгіртетін, саралап - өлшейтін мезгіл жеткен сияқты. Осы тұрғыдан келгенде Абылайханның жарқын тұлғасын бар қайшылықты болмысын, ол өмір сүрген заманның алмағайып тынысын жан - жақты көркем бедерлей алған. Бұқар жырау мұраларының тарихилық сипаты ғылыми тұрғыдан келгенде бүгінгі күндері өлшеусіз өсе түсетіні даусыз.

Әсіресе бір орталыққа бағынатын күшті қазақ хандығын құру идеясы жолында табанды мемлекет қайраткері бола білген Абылайханның шынайы тарихи болмысын, оның адами ішкі жан -

дүниесін, пендешілік осал жақтары мен туған халқының болашағы үшін қайтпайтын қайсар рухын диалектикалық тұрғыда таразылауда Бұқар сөздерінің мәні ерекше.

Бұқар жыр - дастандарына ең алғаш ғылыми мән берген Шоқан Уәлиханов болатын. Бертін кездегі ғылыми еңбектерде мұндай жағдай мүлде аз не болмаса кездеспейді. Абылай тұлғасына кезең - кезеңімен ғылыми сипаттама берген академик Р. Сүлейменов пен В.А. Моисеевтің "Из истории Казахстана XVIII века" (1988) деген монографиясында бірыңғай тарихи құжаттар мен мұрағаттық деректерге ғана сүйеніп аталмыш жағдай яғни жыраулардың әдеби мұрасына да көңіл бөліп отыру қағыс қағады.

Көп жағдайда Бұқар жырау мұраларының тарихи қатпарларына қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуші әдебиетші ғалымдар ғана көңіл бөліп келді. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап, академик Манаш Қозыбаев бастаған бірқыдыру тарихшы ғалымдар да Бұқар жырау жырларындағы тарихи шындық қатпарларына ғылыми зердемен үңіле бастады. Бұл үрдіс болашақта да жалғаса беруге тиіс.

Бұқар жырларында алмағайып заманның барлық шындығы шырқы бұзылмай, бар шырайымен көз алдымыздан көлбеңдейді. Абылайдың оның заманның барлық қайшылықты болмысы жасырылып, жабылмай тарихи нақтылықпен беріледі. Артық қоспа, жамап - жасқау жоқ. Бұқар жырларының тарихи шындықты көркем бейнелеудей объективтік қуаты да осында деп білеміз.

Бұқар жырларын оқып отырып, заманында жат жұрттық басқыншылармен арыстандай арпалысқан, өзінің ептілігімен ержүректігімен халық қошеметіне бөленген, сансыз қолға қолбасшылық жасап жүрген Абылайханның ер тұлғасы елестейді.

Ойраттармен болған соғыста ержүректігімен көзге түскен Абылай жөнінде Шоқан былай деп жазады: "Участвуя во всех набегах, сначала как рядовой воин, он оказывает подвиги необыкновенной храбрости и хитрости. Полезные советы его и стратегические соображения упрочивают за ним имя мудрого. Аблай действительно перенес много испытаний и борьбы, пока значения его воплотившимся духам (арвах) ниспосланным для свершения великих дел" [6].

Бұқар жырларынан көптеген тарихи оқиғалардың ізін көруге болады. Жоңғар мемлекетін жойғаннан кейін Цинь империясы ендігі шекарасын қазақ жеріне сұғына кіріп кеңейтпекші болады. Осы мақсатта Цинь императоры Чжао Хой мен Фу Де генералдар басқарған 90 мың әскер қытай шеріктері қазақ жеріне жылжыған. Мұндай шабуылдар жиілеп басқыншылық саясат толастамайды. Осы кезде Абылай хан Бөгембай батырды бас етіп, Қытай әскеріне қарсы

шабуылға шығады. Бөгембайдың қолы Цинь әскерін талқандап Турфанға дейін ығыстырады. Осы тарихи оқиғаны Бұқар:

Сүйеуге арқа жарайды,
Мынау көрші орысың.
Сәтсіздеу боп тынып тұр,
Боғдыханмен соғысың.
Турфанды шапты Бөгембай,
Жаратамын сол ісін.
Батыр аңғырт десек те,

Көрсеткендей ел күшін, - деп сүйсіне жырлайды.

Тарихи оқиғаларды негіз еткен, Абылайдың жеке басын дәріптеген Бұқардың "Күпшек санды күренді", "Қалданменен ұрысып", "Басыңа біткен күніңіз" атты үш жыры бар. Бұл тарихи жырлар 1771 жылы Алтайға қоныс аударған Еділ бойы қалмақтарына қатынасты "Шаңды жорық" оқиғасына байланысты шығарылған. Бұқар жырау бұл жайлы Абылайға қаратып айтатын үш шығармасында да сөз етеді. Мысалы:

Қырық сан қара қалмақты,
Жарлығына қаратқан...
Лабашы деген бір елні
Антыменен улатқан.
Ераншы мен Серенді,
Тозғындатып шулатқан...

Жасыл көлге мәслихатқа келтіріп, - дейтін жолдардың басқа жұрт емес, Еділ қалмақтары жайлы сыр шертетіні хақ. Енді осы жолдардың астарына үңіліп көрейік.

Ресей мемлекеті XVIII ғасырдың алғашқы жартысында Еділ бойында отарлау саясатын жүзеге асыра бастады. Патша үкіметінің тек орыс дворяндарының ғана емес, көпестердің де мүддесін көздеген бұл қадамы қалмақтарға қолайлы тимейді. 1731-1732 жылдары Дон казактарының мыңнан астам отбасы Еділ мен Илі (Иловлей) өзендерінің аралығына кеп қоныстанады [11]. Көп ұзамай Жайық бойында да казак станицалары бой көтеріп, қалмақтар қоныстанған өлкенің солтүстігіне немістер келіп орнықты. Мұның өзі қалмақ феодалдарының қоныстарын біраз тарылтады. Соған төзім ете алмаған торғауыт ханы Убаши 1766 жылдары Астрахань губернаторы Н.А.Бекетовке кеп осы жайды екі дүркін мәлімдеп, шағым етеді. Осыдан кейін патша өкіметі даулы аудандарды картаға түсіріп, қалмақтар қонысының шекарасын межелеуге бекінеді [12]. Бұл шаралар, бірақ, тездетіп жүзеге аса қоймайды. Сөйтіп, Еділ қалмақтары 1771 жылдың 5 қаңтарында Алтайға қарай бет түзеді [11]. Мұны көрген орыс мемлекеті оларды

кері қайтару үшін Орс бекінісінен генерал-майор Трауренберг бастаған әскер шығарады. Бұл әскер Нұралы, Қайып, Есім, Пірәлі, т.б. қазақ билеушілерінің сарбаздарымен кей тұста біріге отырып, кей жерде өз беттерімен қашқандардың соңынан біраз жерге дейін қуып барып, кері оралады [13]. Қашқан халық кері қайтпағанмен сол жолда ата жауларының қарсылығына кезігіп көп шығынға ұшырайды. Әсіресе, қалмақтар үшін қиын тиген кез - олардың Мойынты өзеніне жеткен мезгілінде болған сияқты. Өйткені, осы жерде Убаши жұртын Абылай, Нұралы, Орыс, Әділ қолы қоршауға алады. Жоңғарияға барар жол кесіледі. Амалы құрыған торғауыт ханы Абылайға елшілер жіберіп, бодандық сұрайды. Өз қолындағы бір мыңнан астам тұтқындарды қайтаратындығын мәлімдеп, көшіп - қонып жүру үшін қоныс сұрайды. Осының нәтижесінде екі жақ келісімге кеп, қалмақтарға тұтқындарды қайтару үшін үш күндік мұрсат беріледі. Бірақ, қалмақтар үшінші күннің түнінде күтпеген жерден қазақтарға тап береді де, қарсыластарын біраз қаймықтырып алып, Балқаштың батыс бетімен ілгері қарай бет түзейді. Әйтсе де олар сол жолы орасан көп адамдары мен малдарынан айрылады [11].

Демек, Бұқар жырау бұл жерде "Жарлығына қаратқан... Антыменен улатқан" деген сөздер арқылы тарихи фактіні дәл көрсетіп отыр. Бір қарағанда торғауытты тізе бүктіріп, әмірін жүргізген билеуші деген сөз артықтау сияқты көрінгенмен түптеп келгенде оның жоғарыдағыдай тарихи негізі бар. Ал, жыраудың "қырық сан қара қалмақ" деген мәліметіне, яки сол жолы Еділден Алтайға қоныс аударған Убаши жұртының санына келсек, бұның өзінің осы мәселеге қалам тартқан авторларда әрқилы көрсетіліп жүргенін айта кеткен жөн. Мәселен, Н. Рычков пен А. Макшеев оларды отыз мың үй, яки жүз жиырма мыңдай адам еді деп жазады [13, 14]. Ал, Иакинф Бичурин сол кездегі Убаши ханның қарамағында 580 мың түтін бар еді. Белгілі шеруде олардың үш жүз мыңдайы опат болып, екі жүз сексен мыңдай адамы ғана Алтайға жетті. Малының үштен екісі жолда қырылды деп көрсетеді [15]. Яғни, бұл соңғы мәлімет Бұқар жыраудағы "Қырық сан" тіркесін, яки төрт жүз мыңдық адамды бес жүз сексен мыңға жеткізіп, көтеріңкіреп көрсетеді.

Соған қарағанда жырау бұл туралы да бір шамадан соққан деп есептеуге болады. Әрине, Бұқар Абылай қасындағы адам болғанмен оның қолында торғауыттардың дәл саны болмағаны анық. Жыраудың сол сөзді тұтқынға түскен қалмақтардың өздері жайлы берген мәліметтері арқылы ғана айтуы мүмкін. Әйтпесе, қазақтың ауызекі сөзінде көп айтылатын қырық сан сөзін жырау мұқаған жауының санын біраз өсіріңкіреп көрсету үшін пайдалануы да ғажап емес.

Осы 1771 жылғы "шанды жорықта" Абылайдың көптеген батырлары ерлік көрсетіп, жаудың құтын қашырғандығы айтылады. Жырау олардың есімдерін былайша тізбелейді:

Қалданменен ұрысып,
Жеті күндей тұрысып,
Сондағы жолдас адамдар:
Қара керей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгембай,
Шашақұлы Жәнібек,
Сіргелі қара Тілеуке,
Қарақалпақ Қылышбек,
Текеден шыққан Сатай бөлек,
Шапырашты Наурызбай,
Қаумен, Дәлет, Жәпек батыр қасында,
Бақ дәулеті басында.
Сеңкібай мен Шойбек бар,
Таңсық Қожа, Мәмбет бар,
Қасқараудан Молдабай,
Қатардан жақсы қалдырмай,
Есенқұл батыр ішінде,
Дукей батыр жиылып,
Абылай салды жарлықты.

Абылайды ақсүйектері мен батырларына барлық олжаны үлестіруші қылып көрсетеді. Сонымен бірге осы жолғы дүние - мүлік бөлісуде Абылайдың өзіне енші боп тиген қалмақ қызынан Қасым туғандығын хабарлайды. Абылайдың сол ұлына құтты болсын айта барғандар атынан Бұқар жырау, сондағы қанды жорықты, ондағы Абылай қасында болған Қабанбай, Бөгембай, Жәнібек, Тілеуке, Қылышбек, Сатай, Наурызбай, Қаумен, Дәлет, Жәпек, Сеңкібай, Шойбек, Таңсық, Қожа, Мәмбет, Молдабай, Есенқұл батырлардың есімдерін атай келіп, Қасымның шешесінің сонда қолға түскен тұтқын қыз "бөліске түскен олжаның" ең негізгісі, басы екенін аңғартады. Одан әрі жырау:

- Басыңа біткен күніңіз,
Құтты болсын ұлыңыз,
Хан Абылай атандың,
Дүниеден шықпай мініңіз.
Алтын тақтың үстінде,
Үш жүздің басын құрадың.
Жетім менен жесірге,
Ешбір жаман қылмадың.

Әділетпен жүрдіңіз,
Әдепті еске кірдіңіз.
Арманың бар ма, хан ием?
Мәртебелі төбеге,
Жауыңды алып жайладың,
Жеті күн кіріп ұрысқа,
Өлімге басты байладың.
Айтар сөзім осы - дүр,
Ақылың бар хан едің,

Мұның түбін ойлағын, - деп, міне, енді сол перзентіңіздің бауы берік болсын, сол жолы "жеті күн кіріп ұрысқа" жауыңның жанын жаһаннамға кетірген сенің "арманың бар ма хан ием?" - дейді.

Енді осы толғауды Бұқар жырау қай кезде шығарды, тарихи тұлға Қасым төре қай шамада дүниеге келген деген мәселеге тоқталалық. Жырда айтылатын жауды қуған оқиға, сонда қолға түскен тұтқын қызды "Қасым ханның шешесін хан Абылай алған-ды" деп, енді сол көрген перзент "құтты болсын ұлыңыз" деген сөздерге тоқталсақ, жыр 1772 жылы айтылған болып шығады. Екі жырда да осы баланың анасы Абылайдың некелі әйелі болған жорықта Абылайдың қолының "жеті күн жүргендігі" айтылады. Ал, Қасым хан барон Услар жазбасында 1772 жылы туған деп ешбір дұдамал келтірілмей жазылған [16]. Дұдамалсыз деп айтатын себебіміз, Услар жазбасы Қасым хан өлген соң он жылдай уақыттан кейін баспа бетін көрген. Ал, дүниеден өткеніне он жылға жетпейтін мезгіл болған сондай белді тұқымның белгілі перзентінің қай кезде өмірге келгенін оның артында қалған ағайындары, елі мен жұрты ұмытуы мүмкін емес. Оның үстіне автор Қасымды Абылайдың алпыс жасқа келгенде үйленген тұтқын қыздан көрген перзенті екенін айта отырып, қартайған кісінің үйленіп, одан пензент сүюіне орай ол өзінің бұған таңғалатындығын жасырмайды. Олай болса қазақ эпосындағы "Кенже тоқал баласы Қасым еді" дейтін Қасымның 1772 жылы өмірге келгеніне, яки жыраудың осы толғауларды сол шамаларда айтқанына шүбә келтіруге болмайды. Оның үстіне Бұқар аталмыш толғауында жоғарыда келтірілген "Алтын тақтың үстіне үш жүздің басын құрадың" деген сөздер айтады. Ал, Абылайханның өзін үш жүздің ханы санаған кезі Әбілмәмбет дүниеден өткен 1771 жылдан кейінгі мезгіл екені белгілі [17]. Олай болса Бұқардың оған үш жүздің ханы болып есептелмей тұрып бұл сөздерді айтуы мүмкін бе? Әрине, жоқ. Оның үстіне осы жыр "Қалданменен ұрысып" деген жолдармен басталады. Сондай қалай? 1745 жылы дүниеден озған қазақ жұртының басына

үлкен зобалаң туғызған ойрат қоңтайшысы Қалданның аты аталуын қалай түсінуге болады? Әлде Қасымның шешесі сол Қалдан Сереннің кезіндегі соғыста тұтқынға түскен қыз ба? 1771 жылғы "Шанды жорық" оқиғасында ойрат қоңтайшысы Қалданның аты қайдан жүр? Егер жоңғар қоңтайшы Қалдан Серен дейін десек жоғарыдағы тарихи фактілер қайда қалмақ? Біз бұл жырды кезінде жоңғар қоңтайшысы Қалдан Сереннің тұсындағы оқиға кезінде шығарылған жыр деп есептеп жүрдік. Тіпті белгілі жазушы Ілияс Есенберлиннің "Жанталас" романында Қасым төре Абылай ханға қосылған Қалдан Сереннің қарындасы Хочадан туған делінеді. Қазір біз бұл фактінің жазушының көркем қиялынан туғандығын біліп отырмыз. Бұқар жырын зерттей келгенде біз бұл жырдың қоңтайшы Қалдан Сереннің заманында емес, одан беріректегі 1771 жылғы "Шанды жорық" оқиғасы кезінде туғанын аңдап отырмыз. Себебі, барлық тарихи фактілер осыған меңзейді.

XVIII ғасырдағы ойрат тарихында Галдан Шерен (қазақтар Қалдан Серен деген С. Ж.) есімді қоңтайшы біреу болғанымен, онымен аттас, жекжаттығы бар адамдар да, жай кісілер де аз болмаған. Сондай аттас адамдардың бірі - оның туған қарындасына үйленген Галдан Черен Шыңғысхан баласы деген кісі екенін білеміз [18].

Сондай-ақ, 1741-1761 жылдары Еділ қалмақтарын билеген, орыс құжаттарында Дондукдаши деген атпен мәлім, Донроб - арши есімді адамның Ресей тарапынан 1757 жылға дейін хандық атақ ала алмай, 1756 жылы Тибеттегі Далай - ламадан хандық титул, мәртебе сұрау үшін арнайы елшілік жөнелткенде, Далай - ламаға өз өтінішін білдіріп, одан мөр мен грамота алатын дүрбіт нойаны Галдан Цэрен - Чэкич - Жэтэн есімді князь де болған. Бұл - 1674 жылы Тобыл маңынан Еділ бойына төрт мың үйімен көшіп келетін Солом - Цэрэннің, оның аржағында 1622-1623 жылдары Тобыл воеводасы Матвей Годунов арқылы Ресеймен байланыс жасайтын дүрбіт билеушісі Далай - тайшының тұқымынан шыққан өз ұлысының билеушісі еді. Әрине, Галдан Цэрен жұрты 1674 жылдары, өзінің төртінші атасы Солом Цэрэннің тұсында төрт мың үй болғанына қарағанда, арада 97 жыл өткенде үш - төрт есе өсуі мүмкін. 1756 жылы Тибеттегі Далай - ламаға барып, одан мөр мен грамота алып жүрген адам, егер 1771 жылы Жоңғарияға көшу басталған кезде тірі болса бірсыпыра жасқа келген, ұлысы өз атын келетіндей кісі болғаны сөзсіз. Ал, Убашидің 1762 жылы мұрагерлік жолмен хан болғаны болмаса, ал оған қарағанда әлдеқайда бала. Өйткені, хан болып сайланғанда он сегіз жасқа ғана жеткен ол 1770-1771 жылдары бар болғаны 26-27- ақ жаста [11]. Демек, Галдан Цэрен - Чэкич - Жэтэннің ел арасындағы салмағы бұл кезде ханмен

қарайлас келіп, Бұқар шығармасында есімі Убаши (Лабаши) атымен қатар жүрердей-ақ жөні бар. Өйткені, Дүрбіттер 1771 жылғы оқиға кезінде Еділ бойында қалып қоймаған.

Қысқасы аттас болу қиын емес. 1745 жылы дүниеден озған жоңғар қоңтайшысы Қалдан Серен мен дүрбіт Шерен аттас. Бұқар жырында қазіргі "Қалданменен ұрысып" деген жол, әу баста, "Шеренменен ұрысып" болуы да мүмкін. Жырдың басталуы "Шеренменен ұрысып" болған жағдайда ел аузында ауызша сақталған осы сөздің қазақ қауымы үшін әлде қайда мәшһүр, қазақтарға тізесі қатты батқан "Қалданменен" ауысып редакциялануы ғажап емес. Дүрбіт Шерен тарих сахнасында қысқа бір ғана сәтке көріне түсіп жоқ болған адам да, ойрат қоңтайшысы Қалдан Шерен өзін шамалы уақытта ұмыттырмайтындай етіп қазаққа тісін басып өткен кісі. Олай болса кейінгі қауымға қайдағы бір дүрбіттік Цэреннен гөрі дүниеден күркіреп өткен ойрат Цэреннің әбден маскара болғаны керегірек.

Белгілі бір ақын - жырау айтқан толғаулар кейінгі жырлаушылар арқылы өзгертіліп, "редакциялана" беруі ауыз әдебиеті поэтика тән үрдіс. Бұған онша таңғалуға болмайды. Оның дәлелін алыстан іздемей - ақ, осы біз сөз етіп отырған толғаудан - ақ табуға болады. Мұнда Бұқар аузымен мынандай сөздер айтылады:

- Қасым ханның шешесін,
Хан Абылай алған - ды...
Жабы деген қалмаққа,
Тырнағын қатты батырды.

Шындығында, жөргекте жатқан нәрестені Бұқар Абылайға қанша жақсы атты көрінейін дегеннің өзінде хан деп атап, артық сөйлеуі мүмкін бе? Бесікте жатқан бала келешекте хан бола ма, басқа бола ма оны алдын ала кім болжаған? Сол кездегі түсінік бойынша хан баласы мұрагершілік жолымен хан болмақ дегеннің өзінде де Бұқар мұндай бала - шағаның сөзін айта ма? Сондықтан бұл сөз де кейін арада көп жылдар өткен соң Қасым шын мәнісінде Ұлы жүздің Шымкент төңірегін билеген кездерінде сол жердегілер Қасымды хан деп ойлайтын пікір қалыптасқан уақытта, Қасымның жылы қабағында, оң назарында болғысы келген кейінгі жыршылардың қоспасы деп санауымыз орынды.

Осы толғауда "Жабы деген қалмаққа тырнағын қатты батырды" деген жол бар. Абылайдың оған тырнағын қатты батыруына қарағанда бұл да тегін кісі болмағаны ғой. Хан немесе соған жетеқабыл біреудің есімі болуы керек, болмаса тайпаның, рудың аты болуы да мүмкін. Әйтпесе, Абылай қайдағы бір белгісіз біреуге айрықша тізесін батырғанда не ұтпақ, одан не абырой алмақ? Қарапайым қатардағы көп

қалмақтың біріне өшігетіндей оның оған не ақысы кеткен? Ел билеушісі ежелден қастасқан тұқымның белді жеріне шеңгелін салуы керек қой. Ханның ата жауынан кегін алған жорығын мадақтап отырған кезінде оның тек тыңдаушы, естуші халық өкілі риза болар әрекетін ғана санамаласа керек. Ал, сонда бұл кім? Біз Жабы деген атпен келетін не Галдан Церен хан төңірегінен немесе Убаши хан маңайынан сол тұс тарихында белгілі болған ешкімді кездестіре алмадық. Жоңғария мен Еділ бойының қалмақтары арасында да ондай тайпа аты кездеспейді. Бұқар жырау жаңылысқан ба?

Көне көз жырау бұл тұста да қателеспеген. Галдан Серенді жай ғана Қалдан, болмаса Шерен, Цэван Рабданды Рабтан дейтіні секілді қазақтар Аюкенің тұңғыш ұлы Чакадур Чэпабыны, онан тараған ұрпақты Чэпаб немесе қазақша дыбыс үндестігіне сәйкес Чэпабы (Жабы) атаған деген ойға келеміз. Ал, Чакадур Чэпабыдан Дондук Даши хан, одан Убаши хан туған ғой [11]. Сонда Убашимен немере жерден қосылатын барлық тұқым атауға сыйып кетпей ме? Солардың бәрі Жабы қалмақ атанбай ма? Олай болса Бұқардың "Убаши деген қалмаққа тырнағын қатты батырды" демей бүкіл оның төңірегін қамти "Жабы" деп алуында осындай сыр бар.

Бұл жырдан аңғарғанымыз Абылайдың баласы Қасым сұлтанның анасы қалмақ қызының ойрат қоңтайшысы Қалдан Сереннің емес, Еділ қалмақтары Чакдур Чэпабы тұқымынан шыққандығы. Және жыр оқиғасы да Қалдан Серен заманы емес, одан бертініректегі 1771 жылғы "Шаңды жорық" шайқасынан туған.

Бұқар жоғарыда аталған толғауында:

- Лабашы деген бір еліні,
Антыменен улатқан.
Ераншы мен Серенді,
Тозғындатып шулатқан, -

деп жырлайтынын ілгеріде айттық. Мұндағы Лабашы (Убаши) елінің мағынасы жоғарыдағы деректерден түсінікті болды. Ал, осы жырдағы Ераншы мен Серен кім?

"Бұлар қалмақ княздері болатын" - деп, жазды Шоқан Уәлиханов [6].

Әсіресе, Серен өзінің заманында айрықша белгілі болған адам. Ол 1755 жылы Цян Луннің әскерлері Іле өлкесін қиратып, жоңғарлықтарды бастырып, тозғындатқанда өзі билейтін олот тайпасын, холт, халоуттықтарды бастап Еділ бойына жеткен олот тайшысы еді. Кейін торғауыттықтар Еділден кері қайтпақ боп көңілі бұзылғанда ақпатша соғысқа әскер сұратып жатыр деп ел арасына сөз таратқан да осы кісі болатын [15].

Кезінде Амурсананың ең бір жақын сыбайласы болған, кейін қарамағындағы он мың үйлік Алтай қалмақтарын Ресейдің жаңа боданы еткен Шереннің (Серен) 1771 жылы халқының санының қаншаға жеткені белгісіз. Бірақ, қалай болғанда да Еділден қозғалған жұрттың біразын соның халқы деп шамалауға негіз бар. Себебі, Еділді қоныстанғанына бір жарым ғасырдай уақыт болған торғауыттарға қарағанда жаңа мекенді әлі жерсіне алмай, ескі ата қонысты ойлап қамығып жүрген жоңғарлықтардың әлгіндей қалмақтар ежелгі ескі қонысқа барып ел боламыз деп дүркірей көтерілген кезінде бірде бірінің ермей қалуы мүмкін емес сияқты. Олай болса бұл шеруде Шерен мен оның ниеттестерінің атқарған орны ерекше екені айқын. Сол себепті де ол 1770 жылдың соңғы айларында торғауыттар Еділден көшуге алдын ала қам жасап, соның дайындығына жасырын кіріскенде осы істің барша құпиясын білетін Цебек - Доржи, Бамбар секілді Убаши төңірегіндегі санаулы ақсүйектердің санатында болған [11].

Оны сол тұстағы орыс билеушілері қу, жырынды адам деп білген. Сондай - ақ, қазақ арасындағы сол кезден сақталған аңыз - әңгімелерде де ол осы тұрғыдан бағаланады. Осындай әңгімелердің бірін Ш.Уәлиханов былайша келтіреді: "Қанжығалы арғын Үйсінбай, Арқандар, қарауыл Жанатай батырлар торғауыттардан қаза табады. Жанатай батырдың өлгенін естігенде Абылай хан "қайрау бермеген қара болатым - ай" деп жылайды. Мұнан кейін аман қалған қазақ қолы шабуылдап отырып Іленің барлық өлкеліне қалмақтардан бұрын жетіп, жауды алдарынан тосады. Қалмақтар жеті адам елші жібереді. Алдарында түлкі тымақты еңгезердей қара қалмақ. Ол Абылайға жуық кеп, өзін Уса мен Серен ханның жібергенін, татуласпақ, тарту - таралғы тартпақ ойларын айтады. Абылай бұл жайында батырларымен оңаша ақылдасқанда: "Ақ отауын алып, өздерін үміттендіріп отырып шабу керек" деген пікір айтады. Сонда Баян батыр: "Жоқ, ақ отауын алмаңыз. Алдайын деп әлек болмаңыз. Өрдегі қытай мен ойдағы орысты алдап жүрген Уса мен Серен сені де алдайды" - деп жауап береді. Хан өзінің шешімін екі рет қайталайды. Батыр да екі рет бұрынғы сөзін айтады. Өз ойын іске асырмақ болған Абылай тарту - таралғымен келеміз деген қалмақтарды екі күн күтеді. Олар келмейді. Сөйтсе, қалмақтар бұлардан елшілері оралған күні үйлерін жығып, тайып тұрған болып шығады [9].

Тегінде осы әңгіме мен Бұқар жырының Қалмақ АССР тарихында айтылатын Мойынты өзені бойындағы Убаши ханның Абылайдан бодандық сұрайтын әңгімесінің түп - төркіні бір тарихи фактіден бастау алатындығын ерекше айту керек. Себебі, Мойынты мен Іленің құяр сағасының арасы сондайлық қашық жер емес. Оның үстіне Убашы

Алтайға Балқаш көлінің батысымен, яки Іленің осы көлге құяр сағасына қарай жылжи отырып, ілгері асқан [11].

Бұқар жыраудың "Лабашы деген бір еліні антыменен улатқан" деп, Убашы жұртының тәуелділікке өздері мойын ұсынып, ант бергенін аңғартқаннан соң, Ераншы мен Сереннің "тозғындағанын" айтуы тегін емес. Бұл жерде жырау, сөз жоқ, бодандық сұраған қалмақ елшілігінің Серен кісілері екенін, ал Сереннің Убашидың ең жақын, қажырлы серігі екенін анық байқаған деп топшылауға болады.

Бұқар жыраудың Абылайға айтқан өсиет сөздерінің ең үлкені ел бірлігі. Қазақтардың жер бетінен жоғалып кетпей іргелі ел болуы үшін, дұшпандары ығатындай айбарлы күш болуы үшін де мемлекеттік саясаттың ең бастысы, маңыздысы елдің "алтыбақан алауыз" болмай, "іштей ірімей" тұтаса ұйысуы үшін де ел бірлігінің қажет екенін үнемі жырлаудан әсте тынбаған.

Кіші қара қалмақ бүлерде
Бозылардың билігі,
Бұлт бұрқан болысты,
Уағыдадан жылысты,
Буыршындай тіздесті,
Жамандықты іздесті
Бірін - бірі күндесті.
Жаулаған ханын қара оңбас,
Хан қисайса бәрі оңбас,
Ханын қалмақ жаулаған
Сүйткен қалмақ оңбаған.
Сол қалмақтың жері еді - ау,
Үш Қарқара, Көптөбе
Ит те ұлып қалмаған.

Жырау ойрат жұртының бүлінер, бұлғақ басталар тұсында олардың билігіне "бұлт бұрқанның" келгенін айтады. Бұл жоңғар билігіне Лама - Доржыны өлтіріп таққа отырған Даваци (Дабашы) мен Әмірсана екеуінің арасындағы билік үшін қырқыстың басталған кезі. Дабашы мен Әмірсана Сыбан Раптаннның Тибет билеушісіне ұзатылған қызынан туған жиендері, Тибет ханзадалары еді. Жоңғар дәстүрі бойынша жиендер де ұлдан туған хан тұқымдарымен бірдей таққа мұрагер бола беретін. Қалдан Сереннің бұл жиендері Тибет далай ламасының тәрбиесін көрген діни білім мен тәрбие алған, діни атақ, лауазымдарға ие болатын. Бұқардың айтып отырған "бұлт бұрқаны" осындай діни лауазым болар деп топшылаймыз. Себебі "бұрқан" сөзі

ежелгі түркі, қазақ тілдерінде "будда" ұғымын береді. Әр нәрседен білімі мол, көпті көрген Бұқар сөзі осыны меңзесе керек.

Даваци мен Амурсананың билік үшін қырқысуы қалмақ жұртын тоз - тоз қылады. Бұл орайда жырау ойрат билеушілері Даваци мен Амурсананың тақ үшін таласып, қарақан бастарының қамы үшін ел қамын, оның бірлігінің қажет екенін ұқпай ақыр соңында Цинь, манжур езушілерінің жеміне айналған жан шошырлық трагедиясын:

Сол қалмақтың жері еді - ау,

Үш Қарқара, Көптөбе

Ит те ұлып қалмаған - деп, ханның да халықтың да үнемі еске салып отырады.

Орта Азия хандарының ішінде өзінің дипломатиялық шеберлігімен, ақылды терең саясатымен Абылайхан өз тұстастарынан, ерекшелене көзге түседі. Ресей мен Қытай секілді екі алыптың арасында жұтылып кетпей, екеуінің де көңілін табатын ақылды саясат жүргізіп, халқының болашағын ойлау өте қиын іс еді. Орыстың зерттеуші ғалымы Левшин Абылай туралы: "Абылай тәжірибелі, ақыл - айласы жағынан болсын, сондай - ақ өзінің Ресей патшалығымен, Қытайдың Боғдыханымен жүргізген тапқыр да, шебер қарым - қатынастары жағынан болсын өз тұстарындағылардың бәрінен де басым еді. Ол ұстамды, досына қайырымды, жауына қатал, қаһарлы кісі еді. Сондықтан жұртты өзіне тарта, ерте білетін еді", - деп, мінездеме береді [7].

Бұқар жырау да Абылайдың кеменгер ел билеушісі ретіндегі қасиет - болмысын:

Хан Абылай атандың,

Дүниеден шықпай мініңіз.

Алтын тақтың үстінде,

Үш жүздің басын құрадың.

Жетім менен жесірге,

Ешбір жаман қылмадың.

Әділетпен жүрдіңіз,

Әдепті іске кірдіңіз - деп, жоғары бағалайды.

Сөз соңында айтарымыз XVIII ғасырдағы қазақ жыраулары өз шығармаларында, толғау - жырларында алаш жұртының қамы үшін "Едігедей" арпалысып өткен қазақтың әулие ханы Абылайдың кейінгі ұрпақтың жадынан шықпас өшпес тұлғасын, жарқын бейнесін мәңгі сомдап кетті.

Әдебиеттер тізімі

1. Абылайхан. – Алматы: "Жазушы", 1993. - 4-бет.
2. Бартольд В. В. История турецко - монгольских народов. - М., 1968, 5 т.
3. Ч. Ч. Валиханов. Собр. соч. Т. 1. - С. 222.
4. Мұхтар Мағауин. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы: "Қазақстан", 1995. – 117 б.
5. Мағауин Мұхтар. Ғасырлар бедері. - А., 1991. - Б. 79-80.
6. Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т. 1 Алма - Ата, 1961. - С. 207.
7. Левшин А. Описание киргиз - кайсацких или киргиз - казачьих орд и степей. Ч. II. СПб, 1832. - С. 230-231.
8. История Киргизской ССР. Т. 1. - Фрунзе: Қырғызстан, 1968. - С. 250-251.
9. Валиханов Ч. Ч. Записки ИРГО. Т. XXIX, СПб, 1904. - С. 5.
10. Казахский фольклор в собрании Г. Н. Потанина. - Алма - Ата: Наука, 1972. - С. 263-264.
11. Очерки истории Калмыцкой АССР. Дооктябрьский период. - М.: Наука, 1967. - С. 196.
12. Пальмов Н.Н. Этюды по истории приволжских калмыков. Ч. V. – Астрахань, 1932. - С. 3-4.
13. Рычков Н. Дневные записи путешествия капитана Н. Рычкова в киргиз-кайсацкой степи в 1771 году. – СПб., 1772. - С. 319.
14. Макшеев А. Исторический обзор Туркестана и наступательного движения в него русских. - СПб., 1890. - С. 107.
15. Иакинф. Описание Чжунгарии и Восточного Туркестана в древнем и нынешнем состоянии. - СПб, 1829. - С. 186-189, 192-193.
16. Барон Услар. Четыре месяца в киргизской степи. "Отечественные записки", СПб., 1848, №10. - С. 147.
17. История Казахской ССР. Т.3. - Алма-Ата: Наука, 1979. - С. 81.
18. Унковский И. Посольство к Зюнгарскому хун - тайчжи Цэван Рабтану капитана от артиллерии Ивана Унковского и путевой журнал его за 1722-1724 годы. - СПб, 1887. - С. 186-191.

Ж. Ж. Қажыбай

М. Ғабдуллин музейі ғылыми қызметкері

ӨМІРІ ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

Халқымыздың айтулы да біртуар ұлы М. Ғабдуллин туралы аз жазылған жоқ, әлі де жазыла береді. Келер ұрпақ көзкөргендердің естеліктері арқылы оның үлкен адамшылығын, кішіпейілдігін, батырлығын, ғалымдығын, сондай-ақ мейлінше қарапайымдылығын әрдайым еске алып отырады.

«Мен – халық ұлымын, халықтың киесі бар. Жалған дүниеде ең ізгі, ең асқақ, ең таза нәрсе - өз халқыңның қызметшісі болу» деген Мәлік Ғабдуллин өзінің бар жан дүниесімен осы мұрат жолында ғұмыр кешіп, халқына қызмет етудің тамаша үлгісін көрсетеді [1]. Қазақтың келешегін тұлғалауға, жас ұрпақты тәрбиелеуге күш салады, жастармен қоян-қолтық араласып, олардың бойына адами өнегесін сіңіреді, имандылық нәрін егеді. Ақжарқын, көпшіл, жайдары жан айналасына өзінің шуағын шашып, жарығын молынан түсіреді.

1970 жылдары Мәлік Ғабдуллин қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде дәріс оқиды. Сол уақытта бірінші курс студенттерінің бірі жатақханада тәртіп бұзып, оқудан шығырылып жатқанда «Бұл баланың бойында от бар, обал болмасын», – деп әкелік қамқорлық танытып, әлгі студентті алып қалады [2]. Ұстаз сенім білдірген сол жігіт кейін ел игілігі үшін еңбек еткен ер азамат болады.

Өсіп келе жатқан жастарға әрдайым осылайша қамқор көзбен қарайды. Әсіресе ол ғылымның жаңа кадрларын даярлауға мейлінше мән береді. Академиялық институтты, жоғары оқу орнын басқара жүріп, ғылым жолындағы жастарға мүмкіндігінше қолқабыс жасауға тырысады.

Белгілі ғалымдар Ә.Нарымбетовті аспирантураға алдырады, Р. Нұрғалиевтың диссертациясының қолжазбасына көмектеседі, С. Қирабаевтың докторлық диссертациясына ресми оппонент болады. Тізе берсең жалғаса беретін қамқорлық. Оның өмірлік болмысы, адамгершілік бітімі сияқты ізгі қасиеттерінің ішіндегі жомарт мінез қайырымдылығын Мәлік атамыздың жерлестері деерекше естеріне алып отырады. Солардың бірі Қажыбай Құсайынов Алматыдағы ҚазМУ-дің журналистика факультетіне оқуға жүргелі тұрғанда әкесімен бірге Мәлік Ғабдуллиннің әкесі Ғабдолла атайға барып, сәлем береді. Сонда

қария «Әлденеден қысылып көмек керек бола қалса, Мәлікке барып тұр, ол кісі жатырқамайды» дейді. Сол сөзді арқаланып, Қажыбай ол үйге барып тұрады екен.

Бір жолы: «Оқуың қалай, семестрден жақсы өтіп, стипендияға іліктің бе?» – деп сұрайды. Күмілжіп, әскери дайындық пәнінен 3 алып қалғанын, сондықтан стипендия берілмейтінін айтады.

Мәлік Ғабдуллин: «Ондай баға алғандар көп пе?» деп сұрайды. Ондай бағаны алғандардың көбі ауылдан келген балалар екенін, шындығында орыс тілін білмегендіктен ойларын дұрыс жеткізе алмайтындығын айтып түсіндіреді. Мәлік Ғабдуллин: «Ауылдан келген өзің сияқты қара домалақтарға қиын екен», – деп қояды [1].

Сонымен жаңа оқу жылы басталады. Бір күні әскери кафедра меңгерушісі майор Гаркуша Қажыбай Құсайыновты шақырып алып, бағасын дұрыстап, қалай болғанда да тілді үйрену керек екенін түсіндіреді, содан соң

- Бұдан былай осындай бірдеңеге болса үлкен кісіні мазалама, – дейді.

Кейіннен белгілі болғандай майор Гаркуша мен Мәлік Ғабдуллин майданда бірге болған ескі достар екен. Майдандас досына қазақ мектебін бітіріп, ауылдан келген балалардың орыс тіліне шорқақ болатынын, содан ойын дұрыс жеткізе алмай, стипендиядан қағылатынын айтып, оларға жанашырлықпен қарау керектігін ескертсе керек. Майор Гаркуша да бұған түсіністікпен қарайды. Талай қазақ баласына осылай да көмек көрсеткен екен. Өздеріне сырттай жасалынған мұндай жақсылықтардың біразын сол студенттердің бірі білсе, бірі сезбеген де шығар.

ҚазПИ-ге өте жоғары көрсеткішпен түсіп, жақсы бағамен оқып жүрген студентті тәртіп бұзғаны үшін факультет басшылары педагогикалық кеңесте қарап институттан шығару туралы ауыр шешім қабылдайды. Ондай шешімді ректордың өзі де өзгерте алмайды. Бірақ, жалындаған жас жігіттің келешекте жақсы адам болуына ықпал жасап, шет тілдер институтына ауысуына тікелей көмектеседі. Сол азамат шет тілдер институтын қызыл дипломмен бітірген соң, туған жері Жамбыл облысында қызмет атқарады.

Мәлік Ғабдуллиннің қарапайымдылығының, студенттерге жақындығының тағы бір көрінісі көкшетаулық бір топ студент бірінші курсты тамамдап, елге жүрмек болып вокзалға барады. Сол күнге де, одан кейінгі күндерге де билет алу мүмкін емес. Студенттер сол күні ғылым академиясында жұмыстарымен жүрген Мәлік ағаларын тауып алады.

- Ә, сендер менің сайлаушыларым екенсіңдер ғой. Білдім, білдім. Мені депутатымыз деп, жұмсауға келісіпсіңдер-ау. Тілектеріңді орындамауға хақым жоқ, - дейді майда жұмсақ үнмен. Ол кезде Мәлік Ғабдуллин СССР Жоғарғы Советіне Көкшетау облысы еңбекшілері сайлаған депутат болатын [3].

Студенттермен бірге вокзалға барып сол күні жүргелі тұрған поезға билет алып береді. Бұл асыл ағаның адамшылық асыл сипаты, нағыз қарапайым, кішіпейіл адам ретіндегі өмірінің кішкентай ғана бір деталі.

Студенттер оны керемет жақсы көреді. Жиі-жиі жатақхана аралап, өздерімен ашық әңгімелесетінін, олардың қара шайын ішіп, қара нанын жеп отырып сөйлесетінін, күлдіргі әңгіме-әфсаналар айтып, көңілдерін көтеріп кететінін, біреуін аға болып бауырына тартқанын, екіншісін жақсы көріп арқасынан қаққанын сыр қылып шерткен сол кездегі студент-шәкірттердің естеліктері жетерлік. Осының бәрінен Мәлік ағамыздың ұлық кісіге тән кішілігі мен кісілігін, жылы жүрек бауырмалдығы мен биік парасатын аңғарамыз.

Мұның барлығы адамзат баласына үлгі болатын Мәлік атамыздың адами асыл қасиеттері. Ендігі уақытта М. Ғабдуллиннің ер жігітке тән шыдамдылығы мен төзімділігін, сабырлылығы мен кеңпейілділігін, батырлығы мен ғалымдығын жастарымызға жеткізу жолында қандай игі шаралар атқарып жатырмыз соған тоқтала кету жөн деп ойлаймын.

Осындай кең пейілді, үлкен жүректі Батыр атамыздың өнегелі өмірінің жарқын жақтарын кейінгі жастарға үлгі ете отырып, жас ұрпақты өнер, білім, мәдениетке, ұлтжандылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыру, жастардың бойында жалпы қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, адамгершілік құндылықтарды игерту мақсатында атқарылатын іс-шараларды бірлесе жүзеге асыру үшін Көкшетау техникалық институты мен Мәлік Ғабдуллин музейі екі жақты ынтымақтастық негізінде меморандумға отырып, көп уақыттан бері үйлесімдікпен жұмыс атқарып келеді.

Мұны екі мекеме басшыларының Көкшетау техникалық институтының бастығы, азаматтық қорғау полковнигі, техника ғылымдарының докторы Шәріпханов Сырым Дүйсенғазыұлы мен Қазақстан Республикасы Жазушылар мен Журналистер Одағының мүшесі, ақын Құдайберлі Рахымбекұлы Мырзабек сияқты елін, жерін сүйетін, қызметіне адал, нағыз патриот азаматтардың ортақ істе тіл табысып, кемел келешектің рухты жастарын тәрбиелеу жолында тізе қосып жұмыс атқаруынан көруге болады.

Меморандум негізінде өзара ынтымақтастықты жүзеге асыру үшін жыл бойы атқаратын ағымдық жұмыстар мен іс-шараларды өткізудің

жоспары бірлесе жасалынып, түрлі көрмелер, әдеби кештер, дөңгелек үстелдер мен семинарлар, конференциялар мазмұндық үйлесімге сай өтуде.

Атап айтар болсам, қазақ жастарына Алаш үкіметінің құрылуы мен Алаш зиялыларының ұлттық мүддедегі белсенділігі, ағартушылық жолмен әлемдік өркениетке жетелеген қайраткерліктерін және олардың тәуелсіз ел болуды көксеген арман-мұраттарын бүгінгі заман жетістіктерімен сабақтастыра насихаттау үшін Алашорда үкіметінің 100 жылдығына арналған «Рухани жаңғыру: сабақтастық пен жалғастық» тақырыбында дөңгелек стол өтті.

Дөңгелек стол жұмысына Ш.Уәлиханов атындағы, А. Мырзахметов атындағы университеттердің профессорлық-оқытушы құрамы, облыстық мұрағаттың қызметкерлері қатысып, қазақ халқының бостандығы үшін аянбай еңбек еткен Алаш қайраткерлерінің қилы тағдыры мен қазіргі кезеңдегі Алаш қозғалысының мәні, идеялары қазақ қоғамы үшін аса көкейкесті мәселелердің бірі екенін айтып, жастардың назарын аударды.

Филология ғылымдарының докторы, профессоры Бердібай Шалабай ағамыздың «Алаш орда қайраткерлері және Ұлт тілі» және музейдің ғылыми қызметкері Абзал Балтабаевтың «Алаш қозғалысына жастардың көзқарасы» тақырыптарында жасаған баяндамалары іс-шара қатысушыларының көңілінен шықты.

Жыл сайын Мәлік Ғабдуллиннің туған күніне орай үлкен аудиторияларда «Ғалым Мәлік Ғабдуллин және жаңа қазақстандық патриотизм» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылып, өткізіліп келеді.

Онда «Қаһарман ғалым, ұстаз, батыр – Мәлік ұрпаққа мәңгі өнеге», «Қазақ елінің хас батырлары: оқиғалар, қолбасшылар, жауынгерлер тұлғасы», «Мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өзекті мәселелері мен болашаққа көзқарас» сияқты ауқымда тақырыптар көтеріліп келеді.

Музей ұжымы қалың қазақта ұрпақтан ұрпаққа айбын, мақтаныш болған батырларымыздың ерлігі мен өмірін насихаттау, батырлардың туған жерлеріне ғылыми-экспедициялық сапарлар ұйымдастыру барысында «Батырлар туған бақ мекен» атты үлкен жобаны қолға алған болатын. Осы жоба аясында Жақсы ауданының тумасы, патша отаршылдығына қарсы күресіп, Кенесары-Наурызбай бастаған ұлт-азаттық қозғалысына белсене қатысқан, Кенесары ханның үзеңгілес серіктерінің бірі болған тарихи тұлға Баубек батыр өміріне зерттеу жүргізіп, батыр ұрпақтарымен бірлесе отырып Баубек батырдың өмірі мен тағдыры жайлы деректер мен ел аузындағы аңыз-әңгімелерден

жинақталған «Жақсының жақсысы Баубек батыр» атты кітап шығарып, «Баубек батыр» деректі фильмін түсірді.

Музей ұжымы осы атқарылған ғылыми - зерттеу жұмыстарының нәтижесімен жоғарғы, орта оқу орындарының жастарымен бөлісіп отырады. Туған жердің тарихы мен ата-баба ерлігін Көкшетау техникалық институтында білім алып жатқан курсанттар да біліп жүрсін деген ниетпен іс-шара өткізіп, Баубек батыр Бекмырзаұлының өмірбаяны, қайсар рухы туралы айтып, «Жақсының жақсысы Баубек батыр» кітабымен таныстырып, «Баубек батыр» деректі фильмі назарларына ұсындық [4].

Екі жақты келісім негізінде осындай тарихи-танымдық іс-шаралар көптеп өткізіліп тұрады. Сондай өте ерекше өткен іс шара - Институттың жеке құрамын Тумен таныстыру салтанатты рәсімі. Туды табыстау ежелгі замандардан бері келе жатқан әскери дәстүр. Жауынгерлік Ту – кез келген әскери ұжымның жүрегі, тілегі, намысы, ары екендігі белгілі. Оны жауынгерлер бейбіт күнде, соғыс жағдайында да көзінің қарашығындай сақтауға міндетті.

Бөлімге келген Ту жеке құрамның рухын көтеріп, абыройын асқақтатты. Тумен бірге үлкен жауапкершілік жүктелді.

Осындай еліміздің азаматтарын рухтандыратын іс шаралар көптеп ұйымдастырылып, алдағы уақытта да елін сүйетін аға буын ағаларымыз бен рухты жастарымыз тұрғанда жалғасын табары сөзсіз.

Біздерге өнегелі өмірі, ерлік істері, ғылымдағы еңбегі өнеге болған Мәлік Ғабдуллин елін, жерін, халқын сүйген, сол жолда соңғы демі біткенше қызмет еткен қайраткер. Осындай айтулы тұлғаның есімінститут курсанттарының санасында сан қайталанып, жүректерінде жатталып жатса несі айып.

Алыстаған сайын биіктей беретін тау секілді тұлғаға, ғибратты ғұмыр кешкен тарихи есімге қайталап тағзым ететінсәттер өмірде жиі болғай.

Әдебиеттер тізімі

1. М. Ғабдуллин. Менің майдандас достарым. – Алматы, 1985.
2. М. Ғабдуллин. Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес. – Алматы, 1966.
3. С. Негимов. Мәлік Ғабдуллин. - Алматы, 2001.
4. Музей қорындағы материалдар.

*К. Ж. Раимбеков, физика-математика ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор, ҚР Әскери ғылымдар академиясының
корреспондент-мүшесі*

*Қ. Ә. Нарбаев, PhD докторы, қауымдастырылған профессор
Қазақстан Республикасы ТЖМ Көкшетау техникалық институты*

БОЛАШАҚ ҚҰТҚАРУШЫЛАРДЫ ҰЛЫ ТҮЛҒА ҮЛГІСІНДЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Мәлік Ғабдуллиннің ерліктері жайында бұрындары да естіген болсам да, нақты оның өмірі, шығармашылығы және ерлігін 2015 жылдың қыркүйек айынан бастап өзіме жаңадан аша бастадым деуге болады. Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллиннің 100-жылдығына арналған Қоғам санасында Мәлік Ғабдуллин ерлігінің мәнділігін бекіту және оның ғылымның дамуында қосқан үлесі арқылы өскелең ұрпақты тәрбиелеу мақсатында «Өрлеу» Ақмола облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты» 2015 жылдың 29 қазаны күні Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллиннің 100-жылдығына арналған «Мәлік Ғабдуллин: Батыр. Педагог» тақырыбында облыстық ғылыми-практикалық конференция өткізді.




М. Ғабдуллиннің 100-жылдығына арналған «Мәлік Ғабдуллин: Батыр. Педагог» атты облыстық ғылыми-практикалық конференциясы.
Ақмола облысы «Өрлеу» ПҚБАИ» 29.10.2015 ж.

Осы конференцияда баяндама жасауыма ұсыныс түсті. Баяндама дайындау үшін көптеген кітаптар, музейден майданда жазған хаттарын, газет үзінділерін оқыдым. Аталған іс-шарада «Қазақ батырының ерлік жолы» тақырыбында баяндама жасадым.

Осы конференция маған Мәлік ағамызды басқа қырынан танытты десе де болады. Оның соғыс майданында және бейбіт майданда жасаған ерліктеріне қызығушылығым артты. Әсіресе М. Мамемтоваға Кеңес Одағының батыр атағын беруде М. Ғабдуллиннің сіңірген еңбегі зор екендігін білгенде кеудемді сондай бір түсіндіруге қиын мақтаныш сезімі биледі. Ондай сезім мені 1990 жылы Бүкілодақтық «Артек» пионер лагерінде болған кезімде Севастополь қаласы музейлерінің бірінде Ұлы Отан Соғысында батыр атанған әйел адамдарды атағанда Әлия Молдағұлованың тегін, ал Мәншүк Маметованың атын айта алмай тұрғанда қалай екенін білмеймін, бірақ сол кезде топтың арасында тұрған менің кеудемнен ұлтым үшін мақтаныш сезімнен туындаған, батырлардың аттары өздігінен шыға келді. Барлығы маған жалт бұрылып, маған оларды қайдан білетінім туралы сұрақтар қойылды. Мен олар сияқты Қазақстаннан қазақ екенімді айттым. Сол кезде өз ұлты туралы айтқанда М. Ғабдуллинді билеген мақтаныш сезімдері мені де биледі деуге болады.

2017 жылдың сәуір айында Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласы шыққаннан кейін Институт бастығы Сырым Дүйсенғазыұлы мен кафедра бастығы болып жүргенімде біз неге курсанттарды қазақтың батырлары, ақын жазушылары шыққан киелі жерлердегі музейлерге апармаймыз, неге оларды өз еліміздің ұлы адамдарының тарихымен таныстырмаймыз деді. 14 мамыр күні курсанттар мен Институт қызметкерлері Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданында орналасқан Ш. Уәлихановтың туған өлкесі болған Сырымбет тарихи-мұражайына барды. Арада 3 күн өткен соң Сырым Дүйсенғазыұлы 18 мамыр күні кабинетіне шақыртып, саяхат туралы әсерлерді сұрады. Саяхат барысында курсанттар мол рухани байлыққа иеленіп, үлкен әсер алғандарын алға тарттым. Ол Ш. Уәлиханов, Б. Момышұлы сияқты ұлы тұлғалар туралы әңгімеге тартты, біз олардан басқа да тұлғалар туралы әңгіме кұрдық және де Көкшетау өңірінде тағы да қандай даңқты адамдар бар деп сұрады. Менің ойыма бірден Мәлік Ғабдуллин түсті. Мен Кеңес Одағының батыры, академик Мәлік Ғабдуллиннің бар екендігін және де ол кісінің мұражайына барып, оның өмірі мен шығармашылығы жайында танысуға болатындығымызды айттым. Уақыт жоғалтпай сол күні мұражайға бардық, онда мұражайдың ғылыми қызметкері Нұрғалиева Күнсұлу Мендыбайқызы бізді қарсы алып, экскурсия өткізді. Бізді қызықтырған сұрақтарды қайта-қайта қойып, толық ақпарат алдық. Институтқа келген соң Сырым Дүйсенғазыұлы Қазақстан нағыз батырлардың мекені, соның бірі Мәлік Ғабдуллин деді. Мен ол кезде Сырым Дүйсенғазыұлының астарлы ойларын түсінген жоқпын.

Ол біздің Институттың тарих бүгінгі күні жасалатынын түсінетін, өзінің көшбасшылығын, ерекше ойлау қабілеті, яғни мемлекеттік ойлау мен стратегиялық көрегендігімен Институтқа ат беру туралы ойлаған алғашқы басшысы. Ол батыл шешім қабылдап, 2017 жылдың 15-қарашасы Кеңес Одағының батыры, қазақ тарихының парақтарында өз ерлігімен, асқан парасатымен өшпес із қалдырған бірегей тұлға – Мәлік Ғабдуллиннің ескерткішіне, оның туған күнінде гүлшоқтарын қою рәсімінде сөз сөйлегенде Институт даңқты батырдың атын алғысы келеді деп жариялады. Осы шешімінде батылдық танытып, көп қиындықтарға қарамастан соңына дейін тұрды және де осы табандылығы арқасында оған деген құрмет арта түсті. Осылайша, Мәлік Ғабдуллиннің өмірі, шығармашылығы мен ерлігін зерделеу жұмыстары басталды.



Мәлік Ғабдуллиннің ескерткішіне, оның туған күнінде гүлшоқтарын қою рәсімі,
15.11.2017 ж.

Ең басты мәселелердің бірі курсанттарға алып тұлға үлгісінде тәрбие беру болды. Біздің алдымызда болашақ инженерлерге, яғни техникалық мамандық иелерін әдебиетке тарту мәселесі туындады. 2018 жылдың қаңтар айында диссертациялық еңбегімді қорғап келгенде, маған Институт бастығынан 2018 жылдың 10-қаңтарында шыққан Егеменді Қазақстан газетінің № 6 нөмері берілді. Онда Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, философия ғылымдарының докторы, профессор Ұлықпан Сыдықовтың Егеменді Қазақстан газетіне берген «Ғылым биігіндегі

беделді із» атты сұхбаты берілген екен. Онда Ұ. Сыдықовтың инженер мамандығын алып жүрседе, әдебиетті қатты сүйгені арқасында политехникалық институт қабырғасында әдебиеттен үйірме құрғандығы, кездестірген қиындықтары мен ғұлама ғалым Ақжан Машанов, І. Есенберлин, С. Мұқановтың батасын алғандығы туралы жазылған. Ұ.Сыдықов еліміздің жоғары мектебінің кемелденуіне, жоғары техникалық білім жүйесінің заман талабына сай өркендеуіне білімпаздығымен, іскерлігімен және шебер ұйымдастырушылық қабілетімен үлес қосып келе жатқан азамат. Қоғам өміріне де белсенді араласып, әйгілі «Дос-Мұқасан» ансамбілінің іргетасын қалаушыларының қатарында болып, қазақ эстрадасының алтын қорына енген «Той жыры», «Қуанышым менің», «Бойжеткен», «Әсем жұлдыз», «Ғашықпын мен» сияқты талай әндердің сөзін жазған сыршыл ақын [1].

Бұл мақаланы бірнеше мәрте оқып шықтым. **Майданда** Балтабек Жетпісбаев, Рамазан Елебаев және Мәлік Ғабдуллин **концерт бригадасын жинағандай менде** әрбір курстан домбыра тартатын, жыр шертетін, өлең шығаратын, айтатын және де әдебиетті сүйетін балалар бар ма деп сұрау салдым. Жауап алғаннан кейін 30 шақты баланы жинап алдым. Оларға Мәлік Ғабдуллиннің өмірі, шығармашылығы мен ерліктері жайлы баяндап бердім. Біздің алдымызда тұрған міндет туралы айттым. Біз Мәлік Ғабдуллинді жан жақты зерделеп басқа білім алушыларға және де қалың жұртқа жеткізуіміз қажет дедім. Бұнын еркін екендігін және де кімде кім қатыспаймын десе өз еркі деп ойлануға уақыт бердім. Олар ойланғанша болашақ іс-шараның сценарийін құрастырдым. Уақыт келген кезде қатысамын деп ниет білдіргендер келесі курсанттар 3-курстан А. Нұрдәулет, Б. Давлетов, С. Жұмабаев, 2-курстан Қ. Әбілқайыр, А. Талайлы, Н. Жорабек, Б.Ахметов, М. Исаев және 1-курстан Б. Елубай, Б. Нұрмұханов, Қ. Қуаныш, Б. Жәрдемғали, М. Сарсенбек болды.

Курсанттарға Мәлік Ғабдуллин жайында кітаптар оқуға тапсырма берілді. Және де әр сәрсенбі мен жұма күндері біз жиналып, жинаған мәліметтерімізбен бөлістік. Сондағы байқағаным әр кездесуім сайын курсанттардың көздері жана бастаған, Мәлік ағамыздың және оның қасындағы қазақ жауынгерлерінің ерлігіне әбден қанық болған. Сәуір айында біз алдында құрылған сценарийді курсанттардың жинаған мәліметтерімен толықтырып, қайтадан жазып шықтық.

Біз қойылымды Иса Байзақовтың Мәліктің сипаттауымен бастадық. Курсанттардың Мәлік ағамызбен бірге отан қорғаушы - қайтпас қайсар жауынгерлердің ішінде Алып тұлға Бауыржан Момышұлы, Ұлы Отан соғысында қаза болған Кеңес Одағының батыры Төлеген Тоқтаров пен композитор «Қызыл Ту» орденінің иегері Рамазан Елебаев секілді жау жүрек батырларымыз қатты қызығушылықтарын туғызды. Неміс-фашист

басқыншыларына қарсы қолма-қол ұрыстарға Төлеген небәрі алты-ақ күн қатыссада. Соның өзінде ол тамаша-тамаша батырлық, ерлік істер жасап үлгірді. Ол: «Мен өлмеймін, көп жасаймын. Менің тіпті де өлгім келмейді. Өлмеу үшін өршіл бол, үрейленіп үрікпе, қорқып қысылма. Өлімге тік қадала қара, сонда өлім сенен қашады, сен өлімді жеңесің, мұратқа жетесің», - дейтін [2]. Бұл жайт Рамазанды қатты күйзелтті. Ол Төлеген Тоқтаровқа арнап «Жас қабір» әнін шығарады осы кезді курсанттар міндетті түрде көрсетуіміз керек деді. Олар өздері де ашыла бастады, араларынан мен домбыраға осы әнді сала аламын дегендері де шықты. Енді біреулері мен даусыммен көріністе оларды сомдай аламын деді. Осылайша көрініске «Жас қазақ» әнінің орындалуы қосылды.

Міндетті түрде Мәлік ағамыздың батыр атағын алғаннан кейін қазақстанға келуін және де жамбыл Жабаевпен кездесуін көрсетуіміз керек делінді. Ол бойынша 1943 жылдың тамыз айында батыр Мәліктің қысқа мерзімді демалысқа елге келген сапарынан түсірілген деректі фильмнен үзінді көрсетілді.

Жанатай Бекенов құрастырған «Батырлардың тұйғыны, ғалымдардың жүйрігі» естеліктер жинағынан көптеген материалдар алдық. Соның ішінде Мәлік Ғабдуллиннің ел қорғаудағы ерлігін оқырман халыққа өздеріне етене таныс батырлар жырының кейіпкері ретінде ұсына алғандығымен құнды Жақсыбай ақынның поэмасынан үзінді ұсындық [3].

Курсанттарды тағы бір толғандырғаны «Менің майдандас достарым» атты жазған мемуары басшы тарапынан идеялық тұрғыдан сын көтермей, мұнда тек қазақ жауынгерлерін тілге тиек еткен деген кінәлаулар орын алғандығы болды. Бұл жерді міндетті түрде көрсетуіміз керек деген шешімге тоқтады. Ол жердің сөздері тым көп болды, алайда кейін Институтта Жас Мәлік атанып кеткен Қуатқали Қуаныш оны өзі көріністе көрсетемін деді.

Әрине сұрапыл соғысты Сырбай Мәуленовтың «Соғыстан қайтқан солдаттар» өлеңімен аяқтап, үнсіздік минуты да жарияланды. Ал, бейбіт өмірге қайтып келген Мәлік Ғабдуллиннің Сырбай Мәуленовтың «Мәлік» өлеңінен оның диссертация жазған кезінен үзіндісі алынды.

Мен мықымға салып жыр айтамын деген Батыс Қазақстанның тумасы Нұрдәулет Ақан «Қобыланды батыр жырынан» үзінді орындады. Осылайша сценарий дайын болды дегенімізде өзімізден толығымен аяқтауға бір нәрсенің жетіспей тұрғанына бәріміз іштей сезіндік.



Отан қорғаушылар күніне және Ұлы Жеңістің 73 жылдығына арналған «Ұлт мақтанышы – батыр Мәлік» атты мерекелік іс-шара. 05.05.2018 ж.

Жалпы, түйіндей айтқанда, ерлік рухты жырлау, мәңгі есте қалдыру миссиясын алғаш атқарған Мәлік Ғабдуллиннің өзі екендігін атап өткіміз келді. «Сұрапыл жылдар» атты кітабының алғашқы басылымының алғы сөзінде Мәлік Ғабдуллин былай деп жазады: «...Бұл кітапшада жазылған әңгімелер жазушының қиялынан туған көркем шығармашылық емес. Олар майданда өз көзімен көрген оқиғалар. Мен соларды окопта отырып, соғысып жүріп жаздым... Майданда жүрген қазақ жігіттері қазақ мақтаныш ететін іс істеуде. Олардың батырлық-ерліктері үлкен хикая, жыр болып жазылуы керек. Бұл – ақын, жазушылардың міндеті». Осы бір азғантай ғана жазылған қарапайым мағынасы мол сөздер бізге Мәлік атамыздың рухына тағзым етіп, өзіміз арнап өлең жолдарын жазуға түрткі болды. С.Мұхамедәли бастап, Б.Елубай екеуіміз қостап «**Мәлік ата мақтанышымыз**» өлеңін шығардық және оны домбырамен Б. Елубай орындап берді.

Ерлердің Отан үшін жасаған ерліктерінмен танысу серпін беріп, рухтарын көтергендері туралы көрермендерден жақсы лебіздер естідік. Біздің қатарымызға қосылғылары келетін курсанттардың сандары артты. Мәлік Ғабдуллиннің өмірімен, шығармашылығымен және ерлігімен танысушылар көбейді.



Отан қорғаушылар күніне және Ұлы Жеңістің 73 жылдығына арналған «Ұлт мақтанышы – батыр Мәлік» атты мерекелік іс-шара. 05.05.2018 ж.

Оның дәлелі ретінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында көрсетілген тапсырмаларды іске асыру және «Кітап - білім бұлағы» жобасын жүзеге асыру мақсатында Ақмола облысының білім беру басқармасы «Жақсы кітап - жан азығы» конкурсының облыстық кезеңінде ЖОО арасында Көкшетау техникалық институтының «Құтқарушы» командасы Институтта ең көп оқылатын кітап - Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллиннің «Сұрапыл жылдар» (Будни войны) кітабымен бірінші орынға ие болды.

Қазіргі таңда еліктейтін адамдарын (кумирларын) кім деп сұрауға қорқатын болдық. Ол сұрағына жауапты көбі бермейді, не олар білмейді немесе кейбіреуінің айтатындары спорт, эстрада жұлдыздары дейді. Ал, нағыз батырларға еліктейтін адамдар азайып келе жатыр. Осы орайда біз Отанын қорғайтын болашақ құтқарушыларды Ұлы тұлғалар үлгісінде тәрбиелеуіміз қажет. Мәлік ағамыз, Ұлы Отан соғысында Отан қорғаушылардың ерлігі – жастарды патриоттық, ерлік батырлық рухта, Отан үшін, достық ынтымағы жарасқан халқының бақыт-бостандығы үшін күреске шексіз берілген етіп тәрбиелегендігінің нәтижесі деп атап өткен. Ұлы Отан соғысында кеңес одағы халқының достығы арқасында ғана жеңіске жеттік деп санаған. Осылайша, халықтардың дос болуын меңзеген. Қос майданның батыры Мәлік ағамыз сияқты алып тұлғадан біз жаңа буын, қазақстандықтар үлгі алуымыз керек. Қазіргі уақытта Институтта Ұлы тұлға үлгісінде патриоттық тәрбие беру жұмыстары жалғасып жатыр және де жалғасады деп сенімімді білдіремін.

Мәлік ата мақтанышымыз

Он бестің қарашасы қарбаласқан
Зерендінің маңында орналасқан
Қойсалғанда дүниеге батыр келді
Бекерге көруге кім таласқан

Құдай бізге бұл батырды қарасады
Есім іздеп жан-жақты таласады
Тоқталып бір шешімге келгенінде
Мәлік қойды есімін жарасады

Сегізінде бастап алғаш қадамын
Бастауышта ұстап қолға қаламын
Алғырлықпен көрініп бала Мәлік
Жоспарлайды алға қояр талабын

Институтты бітіруге жақындады
Жас Мәлік Ұлы Абай атындағы
Меңгерген қазақ тілі әдебиетін
Бағы болар жазылған басындағы

Осы сала қызықтырып жас баланы
Кандидаттық диссертация бастағаны
Өз ісін аяқтап қалғанында
Сұрапыл соғыс елде басталады

Елім деп соғысқа аттанады
Қаншаманың көздерінен жас тамады
Рыбушкада болған ұрыста
Батыр Мәлік сарбаздарды басқарады

Бұл ұрыста жарақатқа қарамастан
Жеңуге себепші болып жағаласқан
Қиратып жауының қос танкісін
Отаны үшін қан төкті аямастан

Батыр атанды үлгі болар жастарыма
Аманшылық тілеп бірі бастарына
Жеңісті алып келді отаныма
Себепші болып ашық аспаныма

Жігерлі кісі болған шынында да
Жеңіске жеткені бар ғылымда да
Батыр жайлы Батырдың еңбегі бар
Қобыландыны сипаттаған жырында да

Ұстаз болды болашақтың бастауына
Жол бермей ұлтымыздың ластануына
«Ерлік тәрбиеден басталады», деп
Ізгі бағыт-бағдар берген жастарына

Жасы үлкеннен алармыз батамызды
Қажеті жоқ не істейміз жат аңызды
Мәліктей тарихта мәңгі ізі қалған
Мақтанышпен үлгі етеміз атамызды!

Әдебиеттер тізімі

1. Егеменді Қазақстан № 6 (29237) 10 қаңтар, 2018.
2. Мәлік Ғабдуллин еңбектерінің көптомдық жинағы VI том «Майдан әңгімелері», Астана, 2015. – 490 б.
3. Батырлардың тұйғыны, ғалымдардың жүйрігі. Естеліктер жинағы / Құрастырған Ж.Бекенов – Астана, 2000. – 333 б.

ӘОЖ: 811.512.122:801.7

*С. К. Қасымова, филология ғылымдарының кандидаты,
ҚР Әскери ғылымдар академиясының корреспондент-мүшесі,
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер, тілдер және психологиялық
дайындық кафедрасының профессоры
Қазақстан Республикасы ТЖМ Көкшетау техникалық институты*

МӘЛІК ҒАБДУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ӘСКЕРИ КЕМЕЛ АДАМ» КОНЦЕПЦИЯСЫ

*Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста.
Сонда толық боласың елден бөлек.
Абай Құнанбаев*

Жалпы адамзат баласы шыр етіп дүниеге келіп, өмір сүргелі бері
нағыз адам, кемел адам, толық адам сияқты түсініктер пайда бола

бастап, оған әркім өз түсінгенінше тоқталып, әркім өзінше анықтама берді. Өзінің даралығымен, даналығымен ерекшеленетін философ ақынымыз Абай Құнанбаев та «Адам» ұғымына сипаттама беріп, оның қалыптасуы мен даму сатыларына жан-жақты тоқталып, сипаттама берген болатын. Мәселен, ақын өзінің 11- қара сөзінде «Қашан бір бала ғылым білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады» деп сипаттама береді. Сонымен қатар адамдық сипаттар немесе қасиеттер ретінде өзі үшін емес халық мүддесі үшін өмір сүрудің маңызын «өзі үшін өмір сүрген адам өз бетінше оттаған хайуанмен тең, ал көпшілік үшін тіршілік ететін адам «нағыз адам» дегенді келтіреді. "Кемел адам туралы ой Абай шығармаларында толық адам, жарым адам, камили инсани, толық сөздер арқылы жүйелі түрде жауәнмәрттік (көне түрік тілінде zomard – жомарт) ілімі негізінде таратылып отырады.

Кемел адам сипатына тән нәрсе – нұрлы ақыл, жарым адам сипатына – суық ақыл сай келеді. Нұрлы ақыл әділетсіз іске аяқ баса алмайды. Суық ақыл әділетті белден басып, ардан түсіп, өз пайдасы үшін зиянды іске көз жұмып бара береді. Абай отыз сегізінші сөзінде: «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» – дейді. Осыдан Абай атамның мінезді түзеу – енжарлықтан құтқарып, алға ұмтылушылыққа, заманға деген көзқарастың өзгеруіне, елінің зияткер ұрпағы болуына ынталандырады дегенін аңғаруға болады деп есептейміз. Оның айғағы ағымдағы жылы ұлтымыздың бірт туар ақыны, дарыны Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерей тойы қарсыңындағы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты абайтану бағытындағы алғаш рет бағдарламалық деңгейдегі мақаласындағы көтерілген құнды мәселелерді атап өтуге болады [1]. Мемлекет басшысы өз мақаласында кез келген дүниеде теңгерімнің жоқтығын жазып, әлеуметтік жауапкершілік қайткенде орнына келеді, - деген сауалға жауап іздейді де, оның формуласын Абайдан табады. Мәселен, «Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз керек. Бұл бағытта ғалымдарымыз тың зерттеулерді қолға алуы қажет. «Толық адам» концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін»- дейді [1]. Ал, толық адамға үш қасиет тән,- дейді Ғ. Есім. Ол қасиеттерді де Абай айтты. «Нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек». Бұл құлаққа жаттанды болғанымен қолдана білгенге құнды да құнарлы

тағылым. Абайдың арманы толық, кемел адам еді. Сонда ақылды адам, жүректі адам. Жүректі болғанда ол әлгі мейірімді адам деген сөз. Қайратты адам, қайратты болғанда қажымайтын, талмайтын Махамбеттер сияқты. Енді осының біреуі алға кетіп, қалғаны қалып қойса қиын болады. Осы үшеуінің үйлесімдігі өзі табиғи табылу керек. Кемел адамдардан биік-биік тұлғалар, өз ұлтының намысын қорғайтын, елінің, жерінің байлығын, тілін, ділін әрі дамытып, сақтайтын қолдайтын ұлы тұлғалар шығатыны сөзсіз әрине. Біздің бүгінгі мақаламыздың тақырыбына арқау болған осындай шын мәнінде кемел, толық адам моделіне лайық тұлға кешегі Ұлы Отан соғысының қанды майданында ұлтымыз үшін жан аямай күресіп қана қоймай, сонымен бірге елді, ғылымды, ұстаз ағаларын естен шығармай, ғылыми тұрғыдан саралағанда мәдени-әдеби, тарихиғымен құнды эпистолярлық мұралар жаза отырып, қазақ солдаттарын патриоттық рухқа шақырған, заманға үн қосқан Батыр бабамыз Мәлік Ғабдуллин шығармаларындағы «Әскери кемел адам» концепциясы.

Төтенше жағдайлар саласындағы мамандарды даярлайтын тәуелсіз еліміз бойынша бірден бір жалғыз жоғары оқу орны Көкшетау техникалық институтының профессорлы-оқытушылар құрамы мен курсанттары батыр бабамыздың өмірі мен шығармашылығын 2015 жылдан бері түбегейлі жан-жақты зерделеуді білім ордасының басты мақсаты ретінде алға қойып, ұлы тұлғаның Көкшетау қаласында орналасқан мұражай қызметкерлері және батыр бабамыздың өмірі мен шығармашылығын үзбей зерделеп, ғылыми еңбектер жазып жүрген халықаралық дәрежедегі ғалымдар мен М. Ғабдуллиннен тәлім – тәрбие алған шәкірттерімен тығыз қарым-қатанас жасап келеді. Осы ретте қазақ еліне қалтықсыз еңбек еткен – Кеңестер Одағының Батыры, жазушы-ғалым, КСРО Педагогика ғылымдары академиясының академигі, халық әдебиетінің білгірі, әскери мемуарист, профессор Мәлік Ғабдуллиннің ҚР Мәдениет және спорт, туризм министрлігінің тапсырмасы бойынша М. Ғабдуллин музейінің ғылыми қызметкерлері мен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолдауымен баспаға ұсынылып, 2018 жылы 11 томдық шығармалар жинағы болып басылып шыққан ғылыми еңбектерін зерделей келе, бабамыздың саналы ғұмырын ғылымға арнап, соңына талай құнды дүние қалдырған эпистолярлық мұрасы, ғылыми тұрғыдан саралағанда мәдени-әдеби, тарихиғымен құнды екеніне көз жеткіздік. Сонымен бірге әскери мемуарист батырымыздың ХХ ғасырда қазіргі уақытта қолданыста жүрген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғы

талаптарын қазақтың шұрайлы әдеби, мәдени тілімен құрастырғанын яғни «Әскери кемел адам» моделін сипаттап бейнелегенін анықтадық десек қателеспейміз деп ойлаймыз. Енді «Әскери кемел адам» концепциясына тоқталмас бұрын жоғарыда атап кеткен Абай атамыздың толық адам моделі түсінігіне қосымша жалпы кемел адам түсінігін толықтырсақ дейміз.

«Кемел адам (араб. “инсан-и камил” – толық адам) – ақыл-ойы толысқан кісі. Діни ілімде кемел адам – кісілікке жат қылықтардан әбден арылып тазарған, ішкі жан-дүниесі ағарып, рухани қасиеті артқан, мүлтіксіздіктің қалыбы мен негізіне мейлінше жақындаған асыл адам. Кемел адамның әрбір іс-әрекеті Алла тағалаға арналады» -деп ұлттық энциклопедия анықтама берсе [2], қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде : кемел – 1. Әбден толып жетілген, өскен, ержеткен. Асқан шебер, жетік, алғыр. 2. Шама-шарық, өлшем. Мысалы: Кемеліне келді (жетті, толды) – әбден толып жетілді, толысты. т.б.анықтама берілген [3]. Яғни «кемел адам» және «толық адам» екеуі мағыналас болып келеді.

Жалпы, толық адам ілімі өте ертеден келе жатыр, біздің заманымыздан бұрын V-VI ғасырда «ахи» деген ілім шыққан. Жомарттар деген сөз. Он бір ғасырдай өмір сүріп, бүкіл түркі жұртын тәрбиелеген болатын. Бұдан соң әл-Фарабидің «Парасатты адам ілімі», ал XI ғасырда «Құтты білік» кітабы жалпақ жұртқа жария болды. Бұл шығармашылық ілімнің негізі еді. XIII ғасырдағы Қожа Ахмет Яссауидің «Хәл ілімі», хикмет дәстүрі адамның ар-ождан үні. Содан кейін XIX ғасырдың аяғында Абайдың «толық адамы» мен Шәкәрімнің «Ар ғылымы ұғылса» ілімі арнаулы жүйемен бүгінге дейін үзілмей келе жатыр. Қытай жағында басталған дәстүрлі ілім Конфуцийден кейін тоқтап қалды. Үндістан мен Иранда да солай. Дәстүрмен тарқатқан мұндай ілім біздің егеменді елімізде ғана сақталып қалды десек қателеспейміз. Сонымен бірге бұл қасиетті ілім өз барысында жасты да, кәріні де тәрбиелеп, ішкі, рухани жан дүниесін тазартып шығады. Ең бастысы, ой-сана тазалығы. Қазаққа ғана емес, түрік халықтарына, дүниежүзі халқына әсер ететін қуаты бар ілім [4]. Яғни жалпақ сөзбен айтқанда, кемелді дегеніміз – барлық жағынан кемшілігі жоқ толық дегенмен бірдей. Сондықтан бұл сатыдағы адамдарды Абайдың өзі атағандай «толық адам» деу керек. Толық адам жолында қоғам да, адам да ештеңені жоғалтпайды. Керісінше, қоғамға үйлесімділік, ал әркімге рухани жаңғырып, өмірдің жоғарғы ләззатын алуға жол ашылады. Ал енді осыдан «әскери кемел адам» дегеніміз қандай болуы керек екенінің жауабын аламыз. Қазіргі уақытта жеке әскери тұлғаны қалыптастырудағы кемелділік, мінсіз адам бейнесі тәрбиенің ең жоғары

көрсеткіші ретінде қабылданып, қоғамда жоғары жауапты міндеттерді атқаруға лайық деп танылған. Сондай-ақ, бүгінгі күнді алып қарасақ, елімізді өркениеттілікке жеткізетін, ел экономикасын дамытатын, сондай – ақ, Қазақстан Республикасын 50 дамыған елдер қатарына қосылуға мүмкіндік жасайтын жастарды тәрбиелеу немесе әскери кемел адамды тәрбиелеу бүгінгі күннің еншісіндегі ұлы міндет болып отыр. Осындай қасиеттерді бойына жинақтаған жеке тұлға елімізді, халқымызды бақытты болашаққа жетелейтін мемлекет басшысы болуға лайық болары сөзсіз. Осы ретте батыр бабамыздың шығармаларында осы әскери кемелдіктің ережесін, Жарғысын табуға болады.

Батыр ғалымның еңбектерінен қазіргі қолданыста жүрген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғыларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі N 364 Жарлығына сәйкес Әскери қызметші қандай болуы қажет яғни қойылатын талаптарға сай нақыл сөздерін келтіруге болады. Мәселен:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын және басқа да нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ жалпыәскери жарғылардың талаптарын қатаң сақтауға; 2) белгіленген тәртіппен әскери ант қабылдауға, оған адал болуға, өз халқына шексіз қызмет етуге, Қазақстан Республикасын батыл, шебер қорғауға, әскери борышын өткеруге, әскери қызметтің қиындықтарын табандылықпен көтеруге [5] деген пунктіне ғалым: 1.Тәртіп – армияның күш-қуатын нығайта беретін құралының бірі. 2.Тәрбие дегеніміз баланың үстіне кигізе қоятын дайын киім емес. 3. Кейінгі жас ұрпақты қоғамдық іске еңбекке, қызмет етуге, жігерлі болуға үйрету мақсатымен адам баласының қоғамдық өмірінде, тарихында, тұрмыс тіршілігінде қалыптасқан өмір тәжірибесін, мінез-құлық пен дағдыны тәрбие дейміз десе, ал Жарғының келесі 3) *өз Отанының патриоты болуға, өзінің іс-қимылымен мемлекеттік биліктің беделін нығайтуға, мемлекеттің мүдделерін қорғауға, әскери қызметшілер арасындағы достықты нығайтуға* [5] деген пунктіне: 1. Жауынгер жолдасың үшін жан аяма, өзің өлімге бар, бірақ жолдасыңды өлімнен сақтап қал! 2. Жеңіс кілті – достықта. 3. Біз достық – ынтымағы жарасқан елдің адамдарымыз. Біздің елдегі ұлы табыстардың зор мақтанышпен айтатындай қайнар кезінің бірі осы достықта [6]. 4. Досқа достық ету керек. Ол үшін өлсең де арманың жоқ. Өлсең сен үшін кек алатын да - жақсы жолдастарың дей келе әскери ортадағы жалпы қоғамдағы адамдардың бір-біріне адал, қалтқысыз сеніп, бір мүдделі, ортақ көзқараста болатын қасиеті – ол достықта екенін сонымен бірге ол - өзара жауапкершілік пен

қамқорлықтың, рухани жақындықтың белгісі, нағыз достық кісіге шабыт беріп, өмірде кездесетін түрлі сәтсіздіктерге мойымауға, басқа түскен қайғы мен қиыншылықты бірге көтеруге жәрдемдесетінін нақтылайды. Келесі, 4) *адал, тәртіпті, ержүрек болуға, әскери борышын өткеру кезінде дұрыс бастама танытуға* [5] деген пункт бойынша: 1. Ер ерлігі – ел ерлігі. 2. Сөз жоқ, ерлік пен батырлық адам баласына өздігінен бітетін қасиет емес. Ол адамдардың ұлтына қарамайды. Ондай қасиет Отанын, халқын сүйген, оларға барлық ар-ұятымен беріле қызмет етуді мақсат еткен, сол үшін саналы түрде күрескен, айтарлықтай нәтижеге жеткен адамға ғана тән. 3. Отанын, халқын шын сүйген адам ғана батырлық, ерлік істер жасай алады. 4. Меніңше, дүниедегі ең қымбат, ең асыл, ең қымбат бір ғана нәрсе бар. Ол – өзіңнің халқың, ел-жұртың, туып – өскен отаның т.б. Аталған Жарғының 5) *командирлердің (бастықтардың) бұйрықтарын дәлме-дал және мерзімінде орындауға, оларға мүлтіксіз бағынуға және оларды ұрыста қорғауға, әскери бөлімнің Жауынгерлік Туын сақтауға; б) әскери кәсіби білімін ұдайы меңгеруге, өз машығы мен әскери шеберлігін жетілдіруге; 7) оған сеніп тапсырылған қаруды, қару-жарақ пен әскери техниканы білуге және қолдана алуға, оның сақталуын және дұрыс пайдаланылуын қамтамасыз етуге, әскери мүлік пен басқа да материалдық құралдарды күтіп-ұстауға* [5] пунктiне сәйкес, 1. Кісіні сыйлап үйренбеген, соған дағдыланбаған адам басқаның сый-құрметін көрмейді, мұндай адам өзін-өзі сыйламайтындардың қатарына қосылады [7]. 2. Өзін-өзі құрметтегісі келген адам алдымен басқаны құрметтеп, сыйлай білетін болуы керек. 3. Өзіне құрмет көрсетіп, ілтипаттықпен сәлем берген баланы үлкендердің қайсысы болса да зор мақтаныш етеді, сүйіспеншілік ықыласын білдіреді. 4. Қоғамдық ортада үлкендерді сыйлағыш болып тәрбиеленген бала, сөз жоқ әдепті бала деп танылады. 5. Үлкендерді сыйлау, қайырымды болу – әдептіліктің ғана белгісі емес, ол мәдениеттіліктің де белгісі деп қаралуы керек [7]. 6. Адамдардың сенімпаздығы, бір-біріне күмәнсіз қарауы қоғам өмірін алға бастыратын күштің бірі. 7. Сенім деген ұғым қоғамдық саяси өмірдің, тұрмыс тіршіліктің, адамдар арасындағы қарым-қатынастың т.б. сан алуан жақтарын қамтиды [7]. 8. Сенім болмаған жерде мықты коллектив, берік семья құрылуы мүмкін емес деп, әскери кемел адамға тән құнды қасиеттердің маңызын жан-жақты аша түседі. Осы заңнамадағы 8) *жауынгерлік жолдастықты бағалай білуге, әскери қызметшілерді қауіптен құтқаруға, оларға сөзбен және ісімен көмектесуге, әрқайсысының ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге, өзіне*

және басқаларға қатысты дәрежелік пен қорлауға жол бермеуге, олардың лайықсыз қылықтар жасауынан сақтандыруға; 9) әскери әдептілік, мінез-құлық және әскери сәлемдесу қағидаларын, әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде оны киіп жүру қағидаларын сақтай отырып, әскери киім нысанын киіп жүруге, әрдайым және барлық жерде өзін лайықты және абыроймен ұстауға; 10) қырағы болуға және мемлекеттік құпиялардың жария болуына жол бермеуге; 11) әскери қызмет өткеру туралы келісімшарттың талаптарын сақтауға [5] дегенге, 1. Адамның патриот болуы, батыр болуы, ер болуы – бұл ұзақ уақыт бойына үзбей, ерінбей, талмай жүргізілген тәрбиелік жұмыстардың нәтижесінде, тәрбие жұмысының сан алуан түрлерін қолдану негізінде болады [7]. 2. Әрбір жастың мінезінде, ойлау, сезіну дүниесінде, түсінігі мен көзқарасында өзіндік ерекшелігі болады. 3. «Батыр» деген атақ адамның дене құрылысына, ұлтына қарап берілмейді, мұндай жоғары атақ адамның қасиетті Отанымыз үшін жасаған ерекше ерлігі үшін беріледі. 4. Жасынан тәртіптілікке үйренген бала өсе келе ұқыпты, тиянақты, жинақы келеді. 5. Сақтық та – батырлық. 6. Бірлік – болаттан да берік. 7. Айлалы адам ажалды жеңеді [8]. 8. Қырағылық та ерлік деп пайымдай отырып, ұлтымыздың, отанымыздың ұлы тірегі – сол мемлекеттің әскері екенін меңзейді. Осы ретте әрине қазіргі уақытта ұлттық яғни қазақ әскерінің жауынгерінің орны аса маңызды және ұлтымыздың ұланының бейнесі егеменді еліміздің жас бүлдіршін, болашақ ұрпаққа үлгі боларлық алып тұлға болуы өзекті. Өйткені отансүйгіш азамат қана, ержүрек сарбаз болады. Ал болашақ ұрпаққа сенімді мол артқандықтан, алдымен олардың рухани байлығын отансүйгіштік сезімде тәрбиелеу әскери жоғары оқу орындарындағы тәжірибелі офицерлердің бірден-бір басты міндеті деп санаймыз. Себебі мемлекет және мемлекет іргесін қалайтын жастардың ой-санасы барлық бағыттар бойынша сәйкес келуі еліміздің болашағы үшін өте маңызды. Яғни әскери тәрбие – патриотизмді адам бойына сіңіруде үлкен үлес қосатын сала. Әрі қарай енді жарғының 12) Қарулы Күштердің әскери бөлімдері мен бөлімшелері, халықаралық шарттарға сәйкес бірлескен (коалициялық) қарулы күштер құрамында қарулы жанжалдарға қатысуға [5] байланысты тілші Мәлік Ғабдуллин: 1. Соғыс дегеніміз - белгілі бір сарынмен жүріп отыратын нәрсе емес, ол әр алуан жағдайлы болады. Осы жағдайларды басынан кешіруші – жауынгер. 2. Жастарға үлгі болатын фактілерді Ұлы Отан соғысы жылдарынан және күнделікті өмірден алып отыру керек. 3. Бейнет көрмеген берекесіздік жасайды. 4. Ел намысы – ер намысы [8]. 5. Жеңілген жау есінен айырылады. 6. Қорықпаған батыр болады.

7. Қырағылық та ерлік десе 13) дене шынықтырумен айналысуға, уәкілетті органдардың басшылары бекітетін дене дайындығы жөніндегі нормативтердің талаптарын сақтауға және орындауға міндетті. Әскери қызметші Қазақстан Республикасының қорғаушысы деген жоғары атаққа лайық болуға, Қарулы Күштердің және өз әскери бөлімінің жауынгерлік даңқын, өзінің әскери атағын құрметтеуге тиіс; 14) Әскери қызметші мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халықтар достығын қастерлеуге міндетті. Әскери қызметшілердің өзара қарым-қатынастарында олардың ұлттық сана-сезім, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері құрметтелуге тиіс және 15) Әскери қызметшілер бір-бірінің құқықтарын, бостандықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге, командирлер (бастықтар) мен үлкендерге реттілік пен тәртіпті ұстауда жәрдемдесуге міндетті [5]

деген талаптарды 1) Дүниедегі ең қымбатты, ең асыл нәрсе – халық, соны қорғаушылық, одан артық ешнәрсе жоқ. 2) Атағын шығарған балаға халқы разы. 3) Бала «халқым» десе, сүйгендігін айтады. Халқы разы болса, тапқан ананың да қуанышы. Сондықтан да балаға тапқан анадан да халық тәрбиесі, әсері күшті болмақ керек. 5) Мен батырмын, мықтымын, өнерлімін, білімдімін дейтін адам, өзін-өзі тарих таразысына салушы адам – халық баласы емес. Ол – қара басының қамын ойлаушы, топас адам. 6) Сенің кім екеніңе сыншы – халық. 7) Бір кісінің сыны халық тілегіне сай келмесе, сын емес. 8) Халық сыны – қадырлы сын. 9) Адам баласы үшін дүниедегі ең қымбат нәрсенің бірі – достық, жолдастық. 10) Достық, жолдастық дегендер адамның тіліне, ұлтына байланысты емес. Ол адамның адамгершілігіне, санасына байланысты [8]. 11) Досқа достық ету керек. Ол үшін өлсең де арманың жоқ. Өлсең сен үшін кек алатын да - жақсы жолдастарың. 12) Әрбір тап жас ұрпақты тәрбиелегенде оған өзінің таптық идеясын, таптық мүдде-көзқарасын беруді, сөйтіп, өзіне керекті адамдарды тәрбиелеп шығаруды мақсат етеді және осы мақсатын жүзеге асыру үшін қолындағы құралдың бәрін пайдаланады. 13) Жас ұрпақты тәрбиелеу ісі тек алғашқы адам қоғамында ғана таптық болған жоқ, ол одан бергі қоғамдарда да тәрбие ісі таптық болып отырды [7]. 14) Жас ұрпақты халықтар достығы рухында да тәрбиелеуіміз шарт. 15) Көп ұлтты совет халықтары арасында орнаған достық ынтымақ жас жеткіншектерге үлгі-өнеге болсын. 16) Қазақ халқы – біздің көп ұлтты Одағымыздың басқа халықтары тәріздес ертеден келе жатқан ескі ескерткіштерге, көне мәдениетке бай халық [9]. 17) Адамды жігерлендіріп батыл ететін, алға қойған ұлы мақсатқа жетуге ұмтылдыратын, үлкен арманды орындап шығуға қанаттандыратын, қысқасы, адамды нағыз адам ететін күштің

бірі саналы тәртіп пен тәртіптілік [7], деумен әскери қызметшілердің жоғары саналылығын тәрбиелеумен жаттығудың үнемі сәйкестікпен олардың бойында командирдің нұсқауларын, ант пен жарғының талаптарын күнделікті және нақты орындап, әдетке айналдыруға мүмкіндік беретін жаттығулардың үздіксіздігі, жүйелілігі мен кезектілігі, әрекетін қалыптастыруда тұрақтылық пен ұстамдылық, оларға талап қою, жауынгерлердің жеке тұлғалық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін жан-жақты ескеру және оларды жағымды қасиеттерін қалыптастыруға жұмсау қажеттігін сюжетті түрде көркемдеп, ұсынады.

Көріп отырғандарыңыздай Кеңес Одағының батыры, жазушы ғалым бабамыз ХХ ғасырдың өзінде «Ұлттық әскери кемел адам» моделін, концепциясын өзінің ғылыми еңбектерінде қазіргі қолданыстағы Жарғы талаптарына сай құрастырған. Осы концепцияны біз болашақ ұрпақтың, жас сарбаздар мен офицерлердің санасына құйып, жеке құрамның әскери оқуы мен тәрбиесі үрдісінің педагогикалық аспектілері мен мәніне негізгі қағида ретінде насихаттауымыз қажет. Өйткені егеменді еліміздің саяси аренадағы келбеті – әскерінің күштілігіне де байланысты. Осы ретте ұлтымыздың үлгі тұтар «Әскери кемел адамдардың» бой алуы нұр үстіне нұр болары хақ. Яғни Ежелгі Қытайдың ұлы ұстазы, ойшыл – философы Конфуций айтқандай «Кемел адам кемшіліктің бәрін - өзінен, бос адам басқалардан іздейді» [10]. Ал өз кезегінде кемшіліктері жоқ болған ғалым да, салиқалы әрі қадірлі адам да жоқ екені айдан анық. Алайда адамдардың арасында олардың қателіктері туралы айту қажет емес адамдар бар. Егер адамда жақсы жақтары кемшіліктеріне қарағанда көбірек болса, оның жақсы жақтары оның кемшіліктерін жоятыны да белгілі.

Қорыта келе айтарымыз, Мәлік Ғабдуллиндей батыр бабамыздың мұрасы – біздің халқымызды, еліміздің санасын жаңғыртатын ұлттық код. Жаңғыру – өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген сөз емес. Шын мәнінде, бұл – ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамытуды көздейтін құбылыс.

Әдебиеттер тізімі

1. «Егеменді Қазақстан» газеті № 235 (29964) 09.01.2020.
2. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998, ISBN 5-89800-123-9, IV том.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / жылпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. - 382-б.

4. «Егеменді Қазақстан» газеті. № 9 (29738) 15.01.2020.
5. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғыларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі N 364 Жарлығы.
6. М. Ғабдуллин еңбектерінің он бір томдық жинағы. ІХ том: Майдан әңгімелері және бейбіт заман естеліктері, публицистикалық еңбектер. - Алматы, 2018. - 360 б.
7. М. Ғабдуллин еңбектерінің он бір томдық жинағы. VII том: Ата – аналарға тәрбие туралы кеңес. - Алматы, 2018. - 372 б.
8. М. Ғабдуллин еңбектерінің он бір томдық жинағы. VIII том: Майдан әңгімелері. - Алматы, 2018- 332 б.
9. М. Ғабдуллин еңбектерінің он бір томдық жинағы. IV том: Қазақ халқының ауыз әдебиеті (хрестоматия) Қазақ халқының батырлық жыры. - Алматы, 2018. - 288 б.
10. Конфуций «Беседы и суждения» © ООО «Издательство АСТ», 2019.

ҰРПАҚҚА МӘНГІ ӨНЕГЕ - МӘЛІК ҒАБДУЛЛИН ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ

ӘОЖ 355.233.231.1

Т. К. Акжанов, оқытушы

Қазақстан Республикасы ТЖМ Көкшетау техникалық институты

ПАТРИОТИЗМ - ҚОҒАМНЫҢ МАҢЫЗДЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Патриотизм (грек тілінде patriotes — отандас, patris — Отан), Отанға, өз халқына деген сүйіспеншілік, өз іс-әрекеттерімен олардың мүдделеріне қызмет етуге, жаулардан қорғауға деген ұмтылыс. Қоғамның ең маңызды құндылықтарының бірі бола отырып, ол өзінің мазмұнында әлеуметтік, саяси, рухани-адамгершілік, мәдени, тарихи және басқа компоненттерді біріктіреді. Ең алдымен Отанға деген эмоционалды-жоғары көзқарас ретінде, адамның жоғары сезімдерінің бірі ретінде өзін көрсете отырып, патриотизм адамның рухани байлығының маңызды құрамдас бөлігі ретінде әрекет етеді, оның әлеуметтенуінің жоғары деңгейін сипаттайды.

Патриоттық тәрбие бейбіт және соғыс уақытында азаматтық міндеттерді табысты орындауға қабілетті, азаматтық қасиеттері бар жеке тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған. Азаматтық жеке тұлға ретінде өзіне, оның отбасына, қоғамға, Отанға, жалпы планетаға қатысты құқықтар мен міндеттерді игеруді және іске асыруды қамтиды. Адамдағы азаматтықты қалыптастыру критерийлері адамның азаматтық, саяси, еңбек, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарын орындауда білім және оларды жүзеге асыру болуы мүмкін.

Азаматтық тәрбиенің басты бағыты-тәрбиеленушілерде халықпен ажырамас байланыс сезімін қалыптастыру, Отанымыздың қауіпсіздігі, гүлденуі үшін жауапкершілік санасын қалыптастыру, оны прогресс жолында ілгерілету. Жеке тұлғаның азаматтық қасиеттерінің ішінде жауапкершілік жетекші болып табылады — адамның өз елінің нақты мәселелерін білуі және оның мүдделерін қорғауға дайын болуы. Қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайларда азаматтың маңызды қасиеті-өзін-өзі анықтау мүмкіндігі. Бұл адамға таңдау — еркіндік пен жауапкершілік жағдайында ақылға қонымды өмір сүруге мүмкіндік береді.

Патриоттық тәрбие әлеуметтік тәрбиені тереңдету тәсілі ретінде тек сезімдерді, сананы, дағдыларды ғана емес, сонымен бірге алынған білім мен дағдылар жүзеге асырылатын моральдық, дүниетанымдық құндылық нормативтілігін қалыптастырады. Бұл нормативтілік құқықтық актілерде емес, формальды рецепттерде емес, ерекше көзқараста, жеке тұлғалардың шындықты қабылдауында, әлеуметтік қауымдастықтарда көрінеді [1].

Қазіргі жағдайда патриотизмнің қалыптасуына әсер ететін факторларды қарастыру келесі басымдықтарды ескере отырып жүзеге асырылады: ел экономикасының нарықтық қатынастарға көшуі, діннің осы процесіне айтарлықтай әсер ететін ұлттық дәстүрлерді белсенді жандандыру, жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі тұжырымдамалық көзқарастардың өзгеруі және т.б. патриотизмнің мазмұнын анықтаудағы маңызды сәт патриотизмнің жеке маңыздылығы мен оның ұжымдық сипаты арасындағы байланысты нығайту болып табылады. Патриотизмнің инвариантты құрамдас бөлігі-Отанға деген сүйіспеншілік. Бұл жоғары сезім қоғамның, Отанның қажеттіліктерін жеке адамның жеке қажеттіліктеріне айналдыруды анықтайды. Махаббаттың барлық түрлері адамның басқа адамдарға деген қажеттілігін және оларға пайда әкелугедеген ұмтылысын білдіреді. Патриотизм, ұжымшылдық сияқты, жеке және әлеуметтік мақсаттардың бірлігі мен алуан түрлілігін, адамдардың өзара іс-қимылын, ынтымақтастығын қамтиды. Бұл адамның тек өзінің «Мен» ғана емес, сонымен қатар өзінен тыс, басқа адамдарға бағытталғандығын анықтайды, бұл өзара әрекеттесу, қайырымдылық жасау, пайда әкелу ниетінде көрінеді. Мұның көрінісі-адамның патриоттық парызын түсінуі және орындауы. Қазіргі жағдайда патриотизм мазмұнында адамның, азаматтың қоғамдық және жеке мүдделерінің бірлігі қалады [2].

Я.А. Коменский адамдағы патриотизм оның қалыптасуының алғашқы кезеңдерінде тәрбиеленетінін атап өтті: алдымен бұл ата – аналарға, содан кейін үйіне, туған жеріне, содан кейін Отанға деген сүйіспеншілік.

Г. Гегель патриотизмді мемлекеттің ортақ мақсаттары мен мүдделеріне деген ұмтылыс ретінде түсінді, бұл, әрине, кез-келген адамға, мейлі ол жеке адамның, адамдар тобының немесе жалпы қоғамның мүдделері болсын.

С.П. Франк патриотизм сезімін әмбебап адамгершілік категориясы деп санады, оны рухани тенденциялардың өзіндік ерекшелігі ашылған ұлттық рух ретінде түсінді. Патриотизм сезімін дамыту факторлары ретінде ол қауымдастық, бірлік және рухани құндылықтардың тоғысуы

қағидаттарында қалыптасатын мәдени және өмірлік тәжірибені анықтайды. Осыған сүйене отырып, патриотизм сезімі адамның ұлттық ерекшелігі тұрғысынан мағыналы құндылықтар жүйесі ретінде қалыптасады деп болжауға болады.

Зерттелген әдебиеттерге сүйене отырып, патриотизм сезімі ұлттың белгісі емес, ұлттың өзін, тарихтағы және даму перспективасындағы орнын білуі деп қорытынды жасауға болады

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді және факторларды анықтаудағы әртүрлі тәсілдерді талдау патриотизм сезімін қалыптастыруға әсер ететін маңызды факторларды анықтауға мүмкіндік берді:

Макрофакторлар: мемлекеттік жүйе, қоғамдағы психологиялық атмосфера, азаматтық қоғамның жағдайы, ел тарихы.

Мезофакторлар: белгілі бір аймақтың дәстүрлері мен мәдениеті, ұлттық ерекшеліктері, климаттық және әлеуметтік-демографиялық жағдайлары; өмір салты.

Микрофакторлар: құрдастар тобы, білім беру және мәдени мекемелер, отбасы, мектептің тәрбие жүйесі, жеке өмірлік тәжірибесі және т.б.

Педагогикалық үдерістегі азаматтық-патриоттық тәрбиенің рухани-адамгершілік компоненті өз халқының тарихи өткеніне тұрақты қызығушылықты қалыптастыру болып табылады.

Білім алушылардың азаматтық тәрбиесі мәселесін шеше отырып, күш-жігерді, ең алдымен, қоғамдық өмір құбылыстарына, жекелеген әлеуметтік топтар мен жеке адамның іс-әрекеті мен санасына тұтас көзқарасты қалыптастыруға жұмылдыру қажет. Азаматтық тәрбие адамның конституциялық, құқықтық ұстанымдарын қалыптастыруды көздейді. Ол мемлекет мәселелерін шешуде қоғам мен жеке адамның мүдделерін білдіретін қоғамдық сананың нысаны ретінде азаматтық сананың қалыптасуын қамтамасыз етеді [3].

Ұлдар мен қыздардың мінез-құлқын талдау кезінде олардың психикасы мен іс-әрекетінің сипатындағы айырмашылықты ескеру қажет. Өзіне және басқаларға рефлексияның арқасында жасөспірім өзін-өзі тану бағытында алға жылжуда. Жасөспірім өзін болашақ жас жігіт немесе қыз ретінде бағалауға тырысады; өзінің өткенін, жеке бүгінгінің маңыздылығын, жеке болашағын анықтауға; әлеуметтік кеңістікте шешім қабылдау - өз құқықтары мен міндеттерін түсіну.

Патриотизмнің ерекшелігін сипаттайтын қасиеттер жиынтығын ажыратуға болады. Патриотизмнің өзіндік қасиеттері:

борыш сезімі

дәстүрлерге адалдық

сезім қадір-қасиетін
адалдық
жауапкершілік
мақсаттылық
басқаларға деген махаббат
мақтаныш
ерік

Психологиялық білімді ескере отырып, патриотизмді әлеуметтік-психологиялық білім ретінде анықтауға болады, оған адам психикасының процедуралық тетіктері (сезім, қабылдау, қиял және т.б.), сондай-ақ жеке психологиялық ерекшеліктер (бағдарлау, бағдарлау, мүдделер, сенімдер және т.б.) кіреді, Отан байлығына деген сүйіспеншілікте, «өз» кейіпкерлеріне деген мақтаныш; табиғи-кеңістіктік ортаға жеке «ғашық болуды» жүзеге асыруда.

Психикалық процестердің деңгейін және жеке психологиялық сипаттамалардың көрсеткіштерін ескеру бала мен жасөспірімнен бастап білім беру іс-шараларын ұйымдастыруға көмектеседі.

Патриотизм, патриоттық бағдар деңгейі жеке тұлғаның өзін-өзі ұйымдастыруының жалпы деңгейі ретінде қарастырылуы керек.

Ықпалды білім беру ортасының факторларын зерттеу және бағалау маңызды: (отбасы, балабақша, мектеп, достар және т.б.).

Патриоттық идеяларды, патриоттық мұраттарды қалыптастыру үшін әлеуметтік сезімдерді «нақты» тәрбиелеу, ұлттарды тәрбиелеу қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Азаматтық тәрбие: дәстүрлер мен заманауи талаптар. 2002.
2. «Отанға деген махаббат». - 2005. - № 8.
3. Университет студенттерін патриоттық тәрбиелеу жүйесі: тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша нұсқаулық – 2009.

Аранбай Сымбат, 2-ші курс студенті
Ғылыми жетекшісі: М. М. Шуматова
Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау Университеті

МӘЛІК ҒАБДУЛЛИН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЕРЛІК ФЕНОМЕНІ

Мәлік Ғабдуллин қазақтың көгіне шығып күн болуды армандаған, Сәкен жырына қосқан Арқаның кербез сұлу Көкшетауы, Зеренді ауданында дүниеге келген. М. Ғабдуллин – қазақ жазушысы, әдебиет зерттеуші, қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор әрі нағыз ел үшін туған ер дерсің. Ғабдуллин өмір сүрген заман сөз бостандығы мен творчестволық еркіндік шектелген, құлдық сана мен отаршылдықтың нағыз өршіп тұрған заманы болды. Сондай-ақ, бірінші дүниежүзілік сұрапыл соғыс Ғабдуллин өмірінде айналып өтпеді. 1941-1946 жылдары Кеңес әскерінің генерал И. Панфилов бастаған даңқты 8-гвардия дивизиясы сапында болып, Ұлы Отан соғысына қатысты.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Серик Негимовтың құрастыруының негізінде жарыққа шыққан «Алтын Жұлдыз» атты кітапта, Мәлік соғыс уақытында күнделік жазып жүргендігін сонымен қоса достарымен хат, жазбаларын мүмкіндігінше жинап қойнына салып, сары майдай сақтап жүргендігін Ғабит Мүсіреповке жазған хатында былай баян етеді: «Менің шатаспаған жерім аз деймін. Соғысқа енісімен күнделік жазуға кіріскем. Соңынан «Қазақ баласы» деген атпен көп нарсе жаздым. Көлемі 750 беттен артық, дәптер бетімен санағанда, мұнда Бауыржан Момышұлы, Мұқан Сламқұлов, Балтабек Жетпісбаев, Жалмұқанбет Бозжанов, Қазтау Сәдуақасов, Жұмажан Батталовтардың ісі, ерлігі және көптеген эпизодтар жиналды» [1].

Бірде майдан даласында отқа оранған даламен қоса сақтап жүрген қолжазбаларының біршама бөлігі жойылады. Қалған күнделік беттерін қарап отырып, мына бір сөзіне көзім шалынды. «Майданда болып, ондағы ерлік жасаған қазақ жігіттерінің батырлық істерін жазу, көпке таныстыру, айту керек-ақ. Осы істі қолға алып ем, онымды кейбір адамдар жек көріп, маған «ұлтшыл» атағын тағатын көрінеді. Не десе о десін, мен жазам, айтам. Түбінде тарих өзі аршып алар» (9.05.45 жыл) [1].

Мәлік шығармашылығынан оның ерлік тақырыбына аса ден қойғандығы айқын көрініс табады. "Менің майдандас достарым" (1947), "Алтын жұлдыз" (1948), "Майдан очерктері" (1949), "Сұрапыл жылдар" (1971) атты кітаптарына енген әңгіме, очерктерінде М. Ғабдуллин майдан өмірін суреттеп, жауынгер тұлғасын, кеңес өкіметінің адамдарының Ұлы Отан соғысы кезіндегі қаһармандық, ерлік бейнесін суреттеді.

Ол ерлікке баулу тәрбиеден басталатын тілге тиек ете келіп, жауынгерлердің алдына үлкен ерлік мақсаттарын жіпке тізіп береді. Бар күшпен, бар қуат-құдіретпен, батыл әрі шапшаң қимыл жасап, дұшпанды талқандау, біріне-бірі көмегін көрсету, қарулас достарды құрметтеу әрі сыйлап сүйу, сын үстінде, жортуылда досты сақтау, қауіп-қатерлерге тәуекелдеп қарсы бару ерге тән ептілік пен ерлік жасау – әр жауынгердің қасиетті борышы, басты мақсаты санады. Майдандас жолдастарын соғыс тербеуінде жүре тұра ерлік пен батылдыققа үгіттеді. Олардың отанға деген шексіз сезімдерін оятып, елге елеулі қызмет етулерін талап етті. Қан майданда тірескеннің тізесін, белдескеннің белін сындыруға даяр тұрған, көкірегі кернеп, артында мөлдіреп тұрған халық үшін қабырғасын қаруға, омыртқасын орыстың іштесеріне қарама-қарсы қоядан тартынбайтын, қан қайнаған ортада жүріп өліспей беріспеген алаштың батыр ұлдарының ерлігі жайлы үміт артқан ұрпаққа жеткізуді өзінің азаматтық борышы санады. Ол жазды. Көп жазды. Елім деген ерлердің ерлік істерін тартынбай қағаз бетіне түсірді.

Ғабдуллин шығармашылығында «ерлік» Бауыржан Момышұлымен ішінара тығыз байланысты. Бауыржанның өнегелі өмірін Ғабдуллин асқан ұқыптылықпен жеткізеді. Ғабдуллиннің 1942 жылы 15 қыркүйекте жазған хатынан: «Егер ақын не жазушы болсам, көк күмбезді қағаз етіп, көкала дарияны сия етіп «Батыр Бауыржан» деген хикаяда жазған болар ем» [1]. Майдандас болған тұсында Бауекеңнің асыл мінезіне көркем ойы мен нағыз ержүректігіне ерекше тәнті болса керек Бауекеңнің қатал тәртіппен әрі асқан жасампаздықпен жасаған батыл қадамдары, соғыс уақытындағы ерге тән есіл мінезі, бойына сіңірген ұлттық тәрбиесі, Отанға деген махаббаты мен ұрпаққа деген аманаты, қан майдандағы жалынды сөздері Мәлік Ғабдуллин шығармашылығында ойып тұрып орын алған. Мәлік Ғабдуллиннің шығармашылығына үңіле отырып, Бауыржан мен ерліктің егіз ұғым екенін сезінгендей күй кештім.

Жауынгерлерге ерлік ұғымының жетегіне жету үшін мақал-мәтелдің айбыны асқақ екендігіне Ғабдуллин ерекше ықылас танытқан. "Соғыста, майданға жауға қарсы қолданылатын қарулы күштің бірі – халықтың данышпандық қаһарлы сөзі, поэзиясы", - дейді [2]. Рас, сонау

шапқыншылық заманды еске алсақ, жыраулардың жауынгерлерді жігерлендірген сөздері құлақ астына үйірілмейді ме?! Махамбеттің ерлігін еске алсақ, оның батыр тұлғасына арнаған қол астындағы қаһармандарының жүрегіне намыс отын тұтатқан өлеңдері қосыла еске түседі емес пе?!

"Ел шетіне жау келсе,
Азамат ердің баласы
Намысына шыдай ма?
Жаттан көмек сұрай ма?
Арғымақ жалсыз, ер малсыз,
Жолдастарым мұнайма!" [3]

Қазақ мақалы, оның данышпандық сөздері жауынгер үшін өте керек. Біз қас жауды қарумен де, халықтың қаһарлы сөзімен де қиратудамыз. Халық сөзі, оның данышпандық мақалдары, бізге зеңбірек, танк, виинтовка, автомат қандай қызмет етсе, оларда сондай қызмет етуде.

Батыр халық ауыз әдебиетін зерттеуден де тысқары болған емес. Қазақ ауыз әдебиетінің батырлар жырларын, ерлік сарындағы эпостарды қағаз бетіне түсірген. Солардың сапында «Қобыланды батыр» секілді жырлады зерттеп шыққан. Ондағы мақсаты мынада: «Бауырлас ұлттардың майдангерлері арасында үгіт жұмысын жүргізуде жауынгерлерді халық батырларының ерлік рухында тәрбиелеп өсіру міндет, туған елінің өлең-жырларын, аңыздарын, мақалдарын мықтап пайдаланған дұрыс. Демек, жауынгерлерге халық сүйген батырлардың ерлігін үлгі етіп айтудан ешуақытта жалықпау жөн. Егер біз әңгімемізде, баяндамалар мен лекцияларда халық шығармашылығын шебер пайдаланатын болсақ, онда біздің үгіт-насихатымыз да – соғұрлым жарқын, нәтижелі жемісті» [3].

Мәлік Ғабдуллин сөз еткен ерлік тақырыбын, Мәкеңнің өз нақыл сөзімен аяқтағым келіп тұр.

Ана үшін аянба – ант ұрады,
Бала үшін аянба – бетің күйеді,
Ел үшін аянба – ерлігіңе сын,
Жұрт үшін аянба – жігіттіңе сын [2].

Әдебиеттер тізімі

1. Мәлік Ғабдуллин. Құрастырушы: С. Негимов – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2005.

2. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы: Алматы кітап баспасы, 2009.

3. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.

УДК 94 (574)

**Б. С. Ахметжанов, Г. Ж. Мукашева, Б. А. Калиев,
Р. Б. Альназирова, доктор PhD**

Военный институт Национальной гвардии Республики Казахстан

ПАТРИОТИЗМ – ИСТОЧНИК МОРАЛЬНОГО ДУХА ВОЕННОСЛУЖАЩЕГО

Целью патриотического воспитания является формирование человека – патриота Республики Казахстан, ориентированного на приоритет общеказахстанских ценностей при должном уважении к ценностям других цивилизаций.

Слово «патриотизм», «любовь к Родине» вновь обретает свое высокое значение. Между тем необходимо отметить, что самой острой проблемой для общества и государства стало воспитание нового поколения казахстанцев – нового казахстанского патриотизма, так как только патриотическое воспитание молодежи должно составить одно из важнейших направлений государственной политики.

Послание первого Президента страны – Елбасы, народу Казахстана является очередной вехой на пути к процветанию страны. Вне сомнения, программа Стратегия - 2050, которую изложил глава государства, особенно важна для молодежи и в том числе для военнослужащих. Первый президент страны Н.А. Назарбаев, выступая на заседании коллегии Министерства Обороны определил, что «Сейчас мы вместе создаем коллективный облик казахстанского воина 21 века. Его отличительными чертами должны быть: патриотизм, интеллектуальное развитие, здоровый образ жизни».

В современном мире вопросы гражданственности и патриотизма, нравственности и духовности, уважения и толерантности становятся стратегическими приоритетами общественного развития. Успешность общественного развития во многом определяется сформированностью гражданственности и сохранением исторической памяти

Патриотизм выходит за рамки этнонационального содержания, и формируется на основе гражданских и культурно - духовных ценностей.

Подлинный казахстанский патриотизм неотделим от следующих духовных ценностей:

- веры в Казахстан как в свободную страну;
- бескорыстное служение ее интересам;
- знание, уважение и гордость за ее историю;
- бережное отношение к культуре народов Республики Казахстан;
- преданности служения ее народу;
- уважение к государственной символике.

Сегодня требуются новые подходы к разработке методологии и теории воспитания, определению концептуально ориентированной перспективы, которая позволила бы осознать, какого гражданина следует воспитывать, какие качества необходимо у него формировать.

Хочу привести слова Джона Кеннеди: «Не спрашивайте, что страна может сделать для вас, а спрашивайте, что **ВЫ** можете сделать для страны». Великий Абай любовь к своему отечеству, сыновнюю привязанность к родным местам выразил поэтическими строками:

... Родина наша
большая, без края,
Я с гордостью
Имя ее называю.

Бесценным наследием для нас служат слова Батыра - Бауржана Момыш-улы о патриотизме: «**Я выстрадал убеждение, что любовь к Родине начинается с любви к своим родителям, братьям, сестрам, своему аулу, городу, где родился и вырос, к своей нации. Я хотел бы, чтобы вся наша многонациональная молодежь знала и всегда помнила об этом...**» - таковы слова настоящего полководца Великой Отечественной войны.

Патриотизм, как нравственное чувство, выражает стремление человека сделать Отечество более сильным, могучим, процветающим, выражает готовность человека выступить на его защиту.

Воспитание военнослужащих в духе патриотических традиций есть конкретное выражение нравственной преемственности поколений.

Патриотизму нельзя научить, его необходимо воспитывать кропотливо и целеустремленно. В этой системе особо важно постоянно развивать у подрастающей молодежи важнейшие ценности, такие как любовь к Отечеству, своему народу, своему прошлому, верность присяге, а также уважение к государству с его атрибутами (Гимн, Герб, Флаг).

Перемены в стране за последние годы побуждают к постоянному пере осмысливанию сущности патриотического воспитания, его места в общественно-политической жизни. Теперь главная задача состоит в возрождении в обществе чувства истинного патриотизма, как важнейшей духовно-нравственной и социальной ценности, формировании гражданско-активных, социально значимых качеств, столь необходимых защитнику молодого государства.

В сознании народа образовалась «идеологическая пропасть», когда старые идеалы рухнули, а новые еще не созданы. Понимая все это первый Президент страны, Лидер нации Н.А. Назарбаев в своей работе «К идейной консолидации общества», отмечает, что важнейшей идеологической задачей является воспитание казахстанского патриотизма, формирование ясного самоопределения каждого гражданина. И речь идет вовсе не о гражданстве как о таковом, относящемся к правовым актам, имеющим четкий юридический смысл. Есть существенное различие между принятием гражданства и осознанием себя в качестве Гражданина.

«...Необходимо выработать систему действий, которая помогла бы каждому человеку ощутить гордость за причастность к нашему государству, к его богатой и славной истории, к его будущему. И проблемы, и перспективы страны должны быть близки и понятны всем людям.

А начинать надо с воспитания благоговейного отношения к флагу, гербу, гимну страны, законопослушности, уважения к власти. Следует сделать так, чтобы каждый человек с детских лет усвоил простую, по сути, мысль: «Казахстан - мое Отечество, и я за него в ответе, как и оно за меня».

Служба в войсках Национальной гвардии - не просто сфера деятельности по обеспечению безопасности страны, но и профессия, требующая призвания, специальной подготовки, знаний, особых ценностных убеждений и качеств личности.

«Военная служба – одна из немногих, не приносящая доходов. Она требует все, а дает малое, хотя в моральном плане, это малое - огромно» (Кернсновский А.А. Философия войны).

Военнослужащие войск Национальной гвардии по роду своей службы гораздо в большей мере нуждаются в собственной идеологии.

Служба в войсках Национальной гвардии требует разносторонних качеств, знаний и навыков, повышенного уровня интеллекта и физической подготовки. Военнослужащий Национальной гвардии должен быть хорошим психологом, знатоком права.

Необходимо отметить большую роль в координации и организации работы молодежных организаций, проводимые в последние годы Форумах молодежи, Всеармейских совещаниях представителей армейской молодежи, как на республиканском, так и на областных уровнях, в ходе работы которых вырабатываются наиболее перспективные направления работы молодежных организаций.

Новый казахстанский патриотизм воспринимается гражданами многонациональной и много конфессиональной страны как ценностный стержень, как смысл жизни! В нем сочетается личное, присущее каждому гражданину (независимо от национальной и религиозной принадлежности) и общественное, связанное с развитием могущества страны, ее прогрессом. Патриотизм выражает отношение граждан к нашей Родине – Республике Казахстан, стремление и готовность служить ей и защищать её. Это любовь к необъятным просторам страны, ее природным богатствам, героическому прошлому, сегодняшним возродившимся ценностям, к народам, ее населяющим, их национальному достоинству, культурам, традициям.

Мы должны укрепить основы свободного и терпимого общества, где каждый казахстанец, какой бы нации и вероисповедания он ни был, мог быть свободен в выборе обычаев, культуры и религии. Общества, где правоохранительные органы обеспечивают спокойствие и порядок, а бизнесмены имеют все возможности реализовать свои идеи.

Мы должны построить общество, где ценятся честь, достоинство и репутация каждого, где присутствуют высокая мораль, этические стандарты и духовные ценности.

Частью общего процесса патриотического воспитания военнослужащих является формирование и развитие высоких нравственных качеств, морального сознания, активной нравственной позиции в учебной, служебной и неслужебной деятельности. Для военнослужащих должно стать обычным, естественным строгое выполнение норм общечеловеческой и профессиональной этики в конкретных условиях, также как непринятие аморального, безнравственного.

Необходимо назвать основные психолого-педагогические условия эффективности нравственного воспитания военнослужащих:

- единство слова и дела, нравственного просвещения военнослужащих и организации опыта уставного поведения;
- формирование нравственной мотивации действий, поведения;
- решение задач нравственного воспитания в коллективе, в условиях демократических начал и гласности;

- максимальная гуманизация, демократизация процесса воспитания, дифференцированный и индивидуальный подход к личному составу;
- мажорный эмоциональный тон в жизни воинского коллектива;
- личный пример командиров в формировании нравственных установок и отношений воспитуемых.

Список литературы

1. Республика Казахстан. Закон РК. О Национальной гвардии Республики Казахстан: принят 10 января 2015 года, № 274-V.
2. Дулат Молдабаев. «Отан үшін отқа түс...». 2015.
3. Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана «Третья модернизация Казахстана: Глобальная конкурентоспособность». от 31 января 2017 года.
4. Ерлікке тағзым 20 жыл. Астана 2015 г.
5. Статья Главы государства «План нации – Путь к казахстанской мечте».

ӘОЖ 82-32

Г. Б. Аяпова, филология ғылымдарының кандидаты

Н. Н. Дузелгенова, 3-ші курс студенті

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Қ. ҚАЙСЕНОВ ПРОЗАСЫНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ДАМЫТУДАҒЫ ОРНЫ

Ұлтымыздың тарихында асқан батырлық-ерлік істерімен, асқақ сипатты, шоқтығы биік туындыларымен, өшпестей із қалдырған тұлғалардың бірі – Қасым Қайсенов.

Қ. Қайсенов қарулас достарының қаһармандығы, өз өнегесі туралы әңгімелер және повестер жазып, жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуге Отан алдындағы қасиетті борышын терең сезінуіне үлкен әсер етті. Қ. Қайсеновтің жау тылына алғаш аяқ басуы «Алғашқы сапар» повесінен бастау алыпты.

«Лейтенант Леонид Кузин асыға басып келе жатыр. Екі иінінен дем алып, менің қасыма келді де:

- Жолдас командир, сізді...- деп бастай беріп еді, мен оның сөзін бөліп:

- Иә, жайша ма, аптықпай, дұрыстап айтыңызшы, - дедім.

Леонид ентігін сәл басып, үзілген сөзін қайта жалғады:

- Генерал шақырады... » [1, 10 б.].

Қ. Қайсенов 1939 жылдың қысында Әскери мектепке түседі де, оны 1941 жылдың күзінде бітіріп шығады. 1941 жылдың қараша айында Қасым Қайсенов оңтүстік-батыс майдан штабының қарамағына жіберіледі. Сол жерден ол арнайы тапсырмамен гитлершілдер басып алған Украина жеріне, жау тылына аттанады. Жау жайлаған елге ұшақпен келіп түскен сәттен бастап, Қасым Қайсеновтың партизандық өмірі басталады.

Міне, «Алғашқы сапар» повесі Қ. Қайсеновтің жоғарыда айтылған алғаш жау тылына аттанар кезін сипаттаған туындысы болатын.

«Бұл бәріміздің де бірінші сапарымыз еді. Отырғандардың барлығы да бұдан бұрын самолетке мінгенімен, парашют киген адамдар емес.

Ұзақ уақыт әркім өз ойында отырғанда кабинадан майор шығып бәрімізбен қоштаса бастады да, оның қасындағы комбинезон киген адам бізді реттеп, тұрғыза бастады. Самолеттің есігін ашып жібергенде қара теңіз сияқты сыртқы тұңғиық қараңғылықтан күздің суық дымқыл желі азынап қоя берді. Теңіз жағасында әдейліп құрған биіктіктен суға секірген адамдардай жігіттер самолеттен секіре бастады. Ең соңынан мен де секірдім...» [1, 16 б.].

Қ. Қайсенов командир болып, жау тылына алғаш аттаған қадамы бірақ, сәтсіздікпен басталды. Самолеттен түскен барлаушылап тобын лезде жау күтіп тұрғандай, қоршап алады. Басқыншылардың жендеттерін де Қ. Қайсенов алғаш көріп тұрған болатын. Шегінер жер жоқ, полицайы бар, женедеті бар ортаны сығымдап ентелеп келеді. Ал барлаушылар саны небары - 9. Бұндай жағдайда ең алдымен ойға келер сұрақ «кім сатқын». Сатқын да көп ұзамай табылады. Ол – Минько болатын. Овчаренко қатты жараланып жатса да, Миньконы соңғы оғымен өлтіреді. Сол сәтте граната ортаға түсіп, Қасымның үш жолдасы қатарынан көз жұмады.

Рацияны тығып, қалған қару-жарақты да орналастырып, қалың ну орманның арасында Қ. Қайсенов аштан-аш төрт күн жүреді. Днепр өзенінің жағалауынан Микола қартты кездестіріп, Украина жерінің қай жерінде жүргенін, айналасындағы неміс солдаттарының қай кезге дейін басып алғанын анықтайды. Екі-үш күндей Микола қартпен бірге жүріп, жолына азық жинап, Қ. Қайсенов Үлкен жердің тапсырмасын орындауға аттанады.

Ол Чапаев атындағы партизан құрамасының үшінші отрядын басқарады. Одан кейін 1944 жылдың аяғына дейін Молдавия,

Украинаның Закарпатье, Чехословакия, Румыния жеріндегі партизан қозғалыстарына қатысады. Отряд командирі болып жүріп, жау тылында жүздеген жорықты басынан өткерді. 1944 жылы Украинаның Закарпат, Карпатты азат етуге қатысқан. Ол Киев және Полтава обылыстарындағы партизандар қозғалысын алғаш рет ұйымдатырушылардың бірі ретінде тарихта қалды. Партизандардың қалың қолын басқара жүріп, жау тылында жүздеген жорықты басынан өткеріп, фашистерді сан рет тізе бүктірді.

Майдан даласында Қ. Қайсенов жау тылына аттанарда берілген жалған құжаттағы атаумен, яғни «Вася» есімімен жүрді.

Қ. Қайсенов бір естелігінде «Украина - менің екінші Отаным. Украиндіктер - мәңгі ұмытылмас бауырларым. Осылай ұлы украин халқын шексіз сүйіп, бауыр басып кеткен адаммын. Әлі де шығатын, жазбақ кітаптарым да сол Украина жеріндегі жойқын айқасқа арналған. Сол үшін де өзімді украин жазушыларының бірімін деп есептеймін. Өзімді украин жазушыларының осындағы елшісіндей сезінемін» [1, 22 б.], - деген екен.

Қаламгердің келесі туындысы – «Алғашқы айқас». Мұнда Қ. Қайсеновтің кеше ғана құрған отрядымен алдыңғы бөлімде тығып кеткен қаружаракты іздеу жолындағы күресі мен немістермен алғашқы ұрысы баяндалады.

«- Бұл сапар немен аяқталар екен? – деді Иван Кузьмич.

Бұл кезде арбада отырған жігіттердің әрқайсысының жүзінен үлкен қауіпке қарсы келе жатқандары көрініп тұрды.

- Ия, қиын..қиын! Ал тапсырманы орындау – біздің міндетіміз. Ертеңгі түн біздің тағдырымызды шешетін сияқты, - деді де штаб бастығы алдымыздағы адырға қарады.

Шынында ертеңгі мәселе оңай шешілетін жұмбақ емес. Әрқайсымыз осы жұмбақты шешу үстінде бірсыпыра уақыт үнсіз отырдық. Бірнеше күн күтуде тұрған екі құр ат бесеумізді көздеген жерімізге тез жеткізетіндей алып ұшып келеді» [2, 84 б.].

Македон селеосының арғы шетіне өтіп, келскен жерге арбаны екі адаммен тастап Примақ, Попов және Вася үшеуі осыдан жыл жарым бұрын парашютпен түскенде көміп кеткен оқ-дәріні іздеуге кіріседі. Бір сағат іздеп үш темір жәшікті тауып, Македон селосынан шығып, Кулешовка хуторына қарай жүреді. Хутор шетіндегі үйге кіріп, азғана демалған соң, тура осы үйге қарай немістердің келе жатқаны белгілі болады. Ұрыс сала шегінген арбадағылар хутор ортасына келгенде жау күші басым түсе бастап, пулеметчик Василий Хлоповқа оқ тиіп, қалғандары арбадан түсіп, жүгіре жүріп атыса бастайды. Михаил Витрякқа да оқ тиіп жараланған соң, оны арбаға жатқызып, қашуға

егістік жерде арба жүрмей, енді жол іздеуге тура келеді. Вася жол іздемекші болып, жаудың беталысын өзіне бұрмақ болып қаша жөнелгенде, арбадғылар да жол тауып, еңіске түсіп кетеді. Қалған жаудың беті жалғыз Васяға қарай ауады. «Енді өлім ғана күтіп тұр. Тек – өлім. Қолымдағы пистолетімді оққа толтырып, артыма қарасам жау жақындап келеді. Маңдайымның терін жеңіммен сүртіп, денемді қарасам үш-төрт жерімнен оқ тиіп, бірақ бәрі де жеңіл жара.

Қан кешіп жүріп, кеше құрған отрядтың күресін аз болса да басқарманыма қатты өкіндім...

Енді жау қолына түсу қаупі төнді...Олар менен әлі де төрт жүз метрдей жерде келеді. Тағы да алға біраз жүгірдім. Бірақ, ұзап кете алатын емеспін.

Жоқ! Мен Отаныма, халқыма опасыздық істей алмаспын! Керек болса міне тірідей ұстандар, жендеттер! Біресе бұл ойдың жетегінен шығып, Жоқ! Мен қолға түспек емеспін. Қош, Отан! Қош, достарым! Менің қолымнан келгені осы болды! Менің бар мүмкіншілігім осы! Мені өздеріңмен бірге деп ойландар, - деп пистолетімді басыма төсеп, ақырғы оғымды өзіме жұмсамақ болдым да, артыма қарасам жау жақындап қалыпты» [5, 88 б.]. Авторлық объективті баяндау, ішкі монолог формаларының кезектесіп келуімен суреттелетін адамның ішкі ойының көрінісі мұнда кең ауқымда, жалпылық белгілермен назарға алына отырып, ажал сағаты тақаған Қасымның тіршілік, ақиқат, өмірлік мұрат, Отан Анаға деген сүйіспеншілігі ширыққан толғаныстарына деректі мысал рөлінде көрінеді. Көркем шығармада авторлық идеяның жазушы еркінен тыс, сәл өзгеше түрде жүзеге асуы жиі кездеседі.

Осы кезде шығарма композициясы ерекше өзгеріске ұшырап, бетбұрыстық құбылыс шығарма арқауын одан әрі ширатып кетеді. Васяның алдындағы дөңестен пар ат жеккен екі адам шығып, соларға жүгіре жеткен Вася аттың біреуіне мініп, таң-тамаша болған шал мен жігітке немістердің келе жатқан бетін нұсқап, «Анау немістер, қашыңдар, өлтіреді!» дөң басына қарай шаба жөнеледі. Шапқан бетімен дөң асып түскен соң өз жолдастарына кезігеді. Жаралыларды алып, Панитов орманында орналасқан отрядқа келіп, жауға соққы берудің жоспарымен ақылдасуға отырады. Шығарманың соңы «Бұл май айының кезі еді. Ол кезде жердегі қызғалдақ та жаралы еді...» [2, 89 б.] деп аяқталыпты. Шынында, бұл тек 1942 жылдың көктемі болатын. Әрине, жазушы, қашанда мазмұнды жеткізу жолында қандай түр табам десе де ерікті. Мына жағдайда табиғат суреті автор сөзімен берілетін пластикалық пейзаж емес, автор – қаһарман көзімен көріліп, жан-дүниесімен қабылданатын психологиялық пейзаж сипаттарына әбден келеді.

Қаламгердің «Ормандағы оқиға» әңгімесі де партизандардың қысыл-таяң кезеңдерден шығу жолының шеберлікпен ұштасуын көрсетеді. Үлкен бір ұрыстан соң рация бұзылып, тағы бір рация жолын жау тылында отырған Семен Григорьевич қана білетіндіктен, жау қарасы мол жиналған селоға келеді Вася және Иван Кузьмич.

«Төңірек жым-жырт. Осынша қалың орманнан тіпті құстың да даусы естілмейді. Тек жақын бір жерден көлбақаның бақылдағаны ғана естіледі.

- Үйге не болса да кіреміз! Кірмеске лажымыз жоқ, - деді Иван Кузьмич бір кезде күрсініп. Командирдің бұл сөзінен осы үйдің ішіне кірудің өзі қауіпті екенін аңғардым.

- Рацияны қай жерге қойғанын Семен Григорьевич өзі ғана біледі, басқа ешкім білмейді, - деп жалғады ол сөзін сәлден соң. – Ал рациясыз біздің де күніміз қараң» [2, 90 б.].

Бірақ екі партизан күткен жаудың нағыз ортасына келген еді. Үйге кірген партизандарға үй иесі жаудың екі күн бойы күтіп отырғандығын, бірақ рацияны орманға тыққанын айтып береді. Есікке барған партизандар есіктің сыртынан жабық екенін байқап, төргі үйдің терезесін ашады да екі гранаты қатар лақтырып, арттарынан өздері секіріп, далаға шығады. Вася екі партизандан көз жазып, орман ішімен болжаммен бағамдап қана жүгіріп келе жатқанда, алдынан неміс солдатын байқайды. Неміс солдатын демде қолға түсірген Вася тіл ретінде екі қолын байлап, өзімен бірге алып жүреді. Днепр жағасында қайықта отырған балықшыны шақырып, жендеттің қолын байлаттырады.

Қ. Қайсенов туындысында өмірдегі адамдар туралы көркем әдебиет бетінде тап-таза шынайылықпен ғана сипаттайды. Өмір мен өлім кезектесіп келіп, адамның бүкіл ғұмыры оның оңтайлы ойы мен іс-қимылдың жіті қимылдауында жақанын ұғындырады.

«Партизанның анасы» әңгімесі де жендеттердің селоға келіп, бейбіт тұрғындарды жазықсыз өлтіріп, қарт ананың партизандарды іздеп келуімен баяндалады.

«Селоға неміс армиясының келгеніне екі аптадай-ақ уақыт болса да, өздерінің «жаңа тәртіптерін» орнатып тастаған болатын. Село ортасындағы ашық алаңға ұзынынан ұзақ орнатқан биік жарда отыз екі адамның асулы тұрғанына, міне, екі күн болды. Бұлардың барлығы да совет адамдары, коммунистер, село активтері мен комсомолдар. Асылғандарды өз адамдары дардан түсіріп алып, өз қолдарымен жерлеулеріне де мүмкіншілік жоқ. Жарда күзет, әр үй, әр бұрышта неміс солдаттары. Село қоршауда. Бір үйді екінші үймен қатыстырмайды» [2, 99 б.].

Соғыстың арсыз бейнесі Қ. Қайсенов туындысында осылай аса шыншылдықпен суреттелген. Шығармадағы өмір шындығының тартысты көрінісі осы Ана бейнесімен бірге соғыс, жетімдік, ажал сынды суық сөздерді бірге алып жүргендей.

Қарт ана үйінен шығып,, күзетте тұрған неміс солдаттына шелегін даңғырлатып, суға бара жатқандығын білдіргендей Днепрге қарай беттейді. Днепрдің ағынына қарап отырып, кеше ғана қосағы Иван атайды дарға асқаны, үйдегі жөні түзу затты жинап, өздерімен бірге алаып кеткендері, тіпті көршісімен де қатаыстырмай қоюы қарт ананың жүрегіне ызғардай батты. Ол сол сәтте кері қайтпай, қарауытып көрінген ормандағы партизан баласына баруға бел бұды. Днепрдің ауыр толқындары жағаға буырқанып соққанымен, қарт ананың жігерін жасыта алмады. Бар күшін жинап, арғы жақтағы жағалауға жүзіп кете барды. Панитов орманының шетіне жеткен ананы партизандар қарсы алады. Қарт ана аяғын эзер басып тұрып, орманға өзінің баласын іздеп келгенін баяндап айтты.

«Еңтігіп аяғын баса алмай, сасқалақтап:

- Мен өз адамдарыңмын. Осында баламды іздеп келіп едім. Айтатын хабарым бар, - деді.

- Балаңыз кім еді, аты-жөні кім? – деп жауап қатты автоматты адам.

- Аты-жөні Константин Спижевой, ол анық сендермен бірге, - деп, жеделдете сөйледі.

Автоматты адам өз командирінің аты-жөнін айтып тұрған соң, арт жағындағы ағашқа ортаылған жіңішке сымның ұшын тартып қалды.

Көп кешікпей жанында екі автоматчигі бар Константин Иванович жетіп келді. Ана құшағын кең жайып, баласын құшақтап алды да, өксіп-өксіп жылап жіберді» [2, 100 б.].

Қ. Қайсенов жау тылындағы партизандар өмірін ғана сипаттап қоймай, өз туған жері үшін күрескен әр Украин азаматын, баласын қорғау жолында ғана емес, туған жердің топырағын қорғаудың қамында жүрген Ананың бейнесін сомдауға да құлаш ұрған. Константиннің анасы селодағы жазықсыз жандардың жағдайын айтып, он алтыға енді толған қыз-жігіттердің екі күннен соң Германия жеріне құлдыққа аттандыратынын да хабарлайды. Сол күні Чапаев атындағы партизан құрамасының командирі Иван Кузьмич Примак пен комиссары Емельян Демьянович Ломако отряд командирі Константин Спижевойға селоға шабуыл жасап, село адамдарын басқыншылардан азат етуге бұйрық берді.

Кешкі сағат алтыда селоға кекті шабуыл басталды. Отрядтың ішінде бұл селоның адамдары көп еді. Сол себепті, жауға негізінен

соққы беретін учасстке бұрынғы село тұрғындарынан құрылған Михаил Громның, Иван Ломактің, Карло Ломактің, Василий Силвестровтың, Анатолий Янцелевичтің топтары жіберілді.

Бұл соғысқа қарт ана Анатолий Янцелевичтің тобымен бірге қатысады. Түні бойы селода кескілескен соғыс болады. Отрядқа селоның қоршаудағы адамдарының кәрі-жасы демей көмек көрсетті. Бұл айқаста жаудың ерекше батальоны талқанадалады. Таң ата село басқыншылардан тазартылып, партизандадың қолына қайта көшті.

«Село у-шу. Көшеде бірін-бірі құшақтап, сүйісіп жатқан адамдар. Үй арасында зымырай жүгіріп балалар жүр.

Селоның тұрғын адамдары партизандармен бірге селоның ортасындағы алаңға қарай ағылды. Жұрт ерікпен қаза тапқан ерлерін дардан түсіріп алып, жерлегеннен кейін, бұрынғы сельсоветтің конторының алдына жиналды. Барлығының жүзінде өздерінің болашақ бақыты үшін қасық қандары қалғанша аянбай күресетіндіктерінің белгісі көрініп тұр еді.

Жау талқандалған кезде халық жиналған үйдің ішінен неміс басқыншыларынан қолға түсірген көп құжаттарын да алып, отряд командирі Константин Спижевой, штаб бастығы Григорий Алексеенко мен София Павловна шықты. Бұл басқыншылардың Украин жеріндегі айуандықтарын әшкерелейтін құжаттар болатын.

Григоровтықтар өздерін фашистердің қанды қолынан алып қалған анаға алғыс айтып, бүкіл халқы қолдарына қару алып, партизан отрядына қосылды» [2, 101 б.].

Қаламгер ананың ерен ерлігін қықсша әңгімесінде суреттей отырып, жау басқыншыларынан елді қорғаудағы әр адамның Отанын қорғаудағы бір сәтті ерлігін санамалай көрсетіп, жаудан әр селоны босатып алу жолындағы тарихты шынайы өмір шындығымен байланыстыра сипаттайды.

«Өткеніме жоқ менің өкінерім» сұхбатында Қ.Қайсенов өзінің шығармашылық жолын: «Мен басымнан не кештім, не қойдым, қарулаас достарым не істеді, соны суретке түсіргендей жаза бердім. Менің кітаптарымдағы кісі есімдері, жер аттары, т.б. деректер өзгеріссіз келтірілген. Сондықтан барлық кітабымды бұрынғы партизан отряды командирінің естеліктері және Ұлы Отан соғысы кезіндегі партизан қозғалысы тарихынан бірнеше беттері деп қана есептеу керек» [3, 36 б.].

Қорыта келе, ерліктің түп тамыры, қайнар көзі ұлттық салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрыптарымызда десек, Қ.Қайсеновтің ұлттың ұлылығын таныту жолындағы «жорығын» қалам қуатымен жасаған қымбат қазынасы көркем шығармаларымен дамытуы демекпіз.

Әдебиетіер тізімі

1. Қайсенов Қ. Шығармалары. Т.1. Деректі хикаяттар. – А.: Фолиант, 2013. – 320 б.
2. Қайсенов Қ. Жау тылындағы бала: Повестері мен әңгімелері - А.: Атамұра, 2003. – 208 б.
3. Қайсенов Қ. Елімнің ертеңіне сенемін. - А.: ҚазАқпарат, 2004. – 282 б.

ӘОЖ 82-32

Г. Б. Аянова, филология ғылымдарының кандидаты

А. Қ. Мұхитова, 3-ші курс студенті

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

К. ТОҚАЕВ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ ПАТРИОТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Көркем шығарма арқылы жас ұрпақтың жүрегіне жол тауып, оқыту барысындағы білім берудің басты мәселесі ретінде – патриоттық құндылықтар арқылы тәрбие беру басты орында тұруы бүгінгі күннің басты талабы. Себебі, әр адамның тұлғалық үдерісте өсуі, дамуы, қалыптасуы ең алдымен отбасының тәрбиесінен басталатыны сөзсіз. Себебі, «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деген халықтың қанатты сөзі бала өміріндегі ұлттық тәрбиенің орнының өте жоғары екендігін байқатады.

Өз Отанының азаматы ретінде тәрбиелеуі үшін жас ұрпақтың өсіп-өркендеуінің негізі туып-өскен жері, халқының тарихын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын терең әрі жан-жақты біліп өсуі мемлекетінің ертеңін ойлар текті тұлға болып қалыптасуы заңды да.

Егеменді еліміздің әлемдік өркениет кеңістігінде өз орнын алып, уақыт өткен сайын нығайып, таныла түсуі қазақ сөз өнеріне де игі ықпалын тигізді. Осы ретте ұлттық таным болмысынан бастау алатын әдеби мұраларымызды патриоттық мүдде, ұлтты сыйлау санасы, ұлттық белсенділік тұрғысынан пайымдау бүгінгі заман талабы туғызып отырған көкейкесті мәселелер.

«Рухани жаңғырудан барып туындайтын ұлттық мүдде. Ұлттық мүддені бажайлау үшін ұлттық сана керек. Ұлттық санадан ұлттық белсенділік туындамақ» [1, 118 б.] – деген пікірде ұлттық дүниетаным

құндылығы жатыр. Ұлттық рухымыздың берік болуына қызмет ету тәуелсіз мемлекетіміздің әрбір саналы азаматының борышы. Өйткені, ұлттық рухтың игілігі үшін қызмет ету ұлттық бірлікті, тұтастықты сақтап, еліміздің елдігіне, болашақ ұрпақтың кемелділігіне қызмет атқару болып саналмақ. Сол себепті рухани, мәдени мұраларымызды осы бағытта бүтін, тұтастық бірлікте зерттеу мәселесінің көтерілуі заңды құбылыс. Бүгінгі көзқарастар тұрғысынан қаралып, зерттеліп, зерделеніп, өзінің лайықты бағасын алуды қажет ететін отандық әдебиеттану ғылымындағы өзекті тақырыптардың нысанына айналуға тиісті тұлға – кісіліктің қасиетін қаламмен өрнектеген, ұлттық ұғымды ұлығылаушы қайраткер қаламгер – Кемел Тоқаев.

Біз жоғарыда қаламгер шығармаларын жанрға бөліп көрсеткен еді. Енді талдау барысында жанрлық жағын сақтай отырып, тақырыптарға бөліп қарастырмақпыз. Кемел Тоқаевтың шығармаларын мынадай тақырыптарға бөліп талдауға болады:

- 1) Ұлы Отан соғысы тақырыбы;
- 2) Шекарашылар өмірі туралы;
- 3) Милиция қызметкерлері туралы;
- 4) Партизандар қозғалысы туралы;
- 5) Қылмыскерлер тақырыбы.

Жазушы К. Тоқаев прозасындағы алғашқы тақырыбымызға сай жазылған әңгімелерде нақты, жинақы деректер мол қамтыла отырып, оқиғаларды баяндаушы – кейіпкер мен оны қоршаған әлеуметтік-қоғамдық, тұрмыстық шындық тұтаса өріледі. Оның әңгімелері – адам мінезінің құпия сырларына үңілу, өмірдің мән-мағынасына философиялық тұрғыдан қараумен ерекшеленіп, оқшауланады. Жазушы әңгімелері жалаң мазмұнға құрылмаған, сюжет желісі бір арналы, тақырыбы мен идеясы айқын. Сан алуан өмір құбылысын суреттеуде де шеберліктің барлық мүмкіндіктерін ыждаһаттылықпен жұмсай біледі. Қысқа әңгіме шеберіне көл-көсір мән-мазмұн сыйғызуға болатындығына К. Тоқаевтың кез-келген шағын туындысы арқылы көз жеткізуге болады. Жазушы өзі суреттеп отырған ең ұсақ оқиғаның өзіне әлеуметтік мән беруге ұмтылады.

Он сегіз жасында соғысқа аттанған арада төрт жыл салып, жарақатына байланысты елге оралғаны белгілі. Соғыс тақсыретін ерте көргендіктен болар, К. Тоқаевтың әңгімелерінің дені Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған. «Көмескі із» әңгімесі 1954 жылы жарыққа шықты. Әңгіменің идеясы тақырыбына сай Ұлы отан соғысы кезеңіндегі қылмыскерлер өмірінен сыр шертеді. «Снаряд жарықшағы тиіп, қайтыс болған барлаушылар тобының командирі Сүлейменовтің планшетінде құпия соғыс картасы жоқ болып шықты.

Онда жаудың қорғаныс бекінісін және Н. Әскери құрамының шабуыл алдындағы күшін толық көрсететін соңғы мәліметтер бар еді. Бұл жайсыз оқиға майдан штабына шұғыл хабарланды» [2, 244 б.] деп басталатын алғашқы сөйлемнен-ақ әңгіме оқырманды өзіне тартып әкетеді. Бірден әрі қарай не болғанын, әккі барлаушы Сүлейменовке қалай шабуыл жасалғанын, маңызы бар картаны кім алғанын, қылмысты оқиғаның штаб жанында болғандығы да әңгіменің фабуласын қоюландырып жібереді. Бірнеше сағаттан соң штабқа тергеуші майор Радионов келіп, Ахмет Сүлейменов туралы сұрастырды. Мүмкін делдалдың сөзіне еріп сатылғандығы болар деген күдігі басымдау еді. Бірақ, тек штабтағылар ғана емес, қарапайым солдатқа дейін Ахметті танитын болып шықты, әккі барлаушы, Отан үшін отқа түсуге дайын көзсіз батыр. Ақыры Радионов штаб жанында жасырынған жаудың болғанын, ол жау штабқа құпия мәліметтердің қай уақытта келетінін де дәл білетінін оймен долбарлап қойды. Сол күні штабты ағалы-інілі Малярлар күзеткен.

« - Сағат түнгі он екі, смена ауыстыру уақыты болатын. Әрбір постыға күзетшілерді қойып болған соң Миша екеуміз.. – Маляр күйінішпен төмен қарады.

- Сізді тыңдап отырмын. Айта беріңіз, - деді тергеуші салқын үнмен көз айырмай.
- Я, сержант Маляр екеуміз штабқа келдік. Постыға тұру кезек соныкі еді. Постыны қабылдасымен өз сменасын ауыстырған аға сержант Ефремовпен қарауыл үйіне қайта оралдық. Сол сәтте гуілдеген дыбыс шығып, бір снаряд ұзап барып жарылды. Тысқа шығып, күдік алған жаққа мойын созып, үніле қарап едім. Айнала тым-тырыс. Постыны аралап шықсам деген оймен далаға шыққан сәтте алты стволдық немістің минометінің жағымсыз үні естілді. Блиндаждағылар жүгіріп, траншеяға құлады. Жерге жастана жатқанымменен өрт лаулаған жақтан біреудің шақырған даусын естігендей болдым. Күдік алып, Мишаны ойлап постыға жүгірдім. Келсем, ешкім көрінбейді.
- Миша, Ми-ш-аа, сержант Маляр! – деп бір-екі рет шақырдым. Жауап бермеді. Траншеяда ма екен деп штаб алдынан бұрыла беріп едім, өлікке кездестім. Басын сипалағынмда қолыма жылы қою қан жабысты. Шашынан таныдым. Сүлейменов екен. Ефремов екеуміз денесін штаб блиндажына кіргіздік. Планшетасы ашық. Оның іш жағында қанен басылған бес саусақтың таңбасы бар.

- Өзіңізді шақырған дауысты есіңізге түсіріңізші, үмкін таныс болар?
- Жаңғырып естілді, кімнің даусы екенін аңғара алмадым. Содан соң Ефремовті штаб блиндажы алдына қалдырдым да сержантты іздедім. Бірақ таба алмадық. Емен түбіндегі шұқырда жатқан өлікті ертеңіне көрдік.
- Көмдіңіздер ме?
- Қорқақтық жасап постыны тастады. Бірақ, менің інім ғой ол. Мен тек топырақпен бетін жасырдым. Бір емшектен сүт емген бауырым ғой ол. ..Қимадым...» [2, 247 б.].

Әңгіме сюжеті тартысқа құрылып, бірден шиеленісті кезеңіне өтеді. Детективті шығарманың да басты ерекшелігі де осында ғой. Баяндаудан гөрі, диалогтар бірден іске қосылып, жинақылық, нақтылық элементтері басты орында тұрады. Тергеуші Малярлардан күдіктенді. Екеуі ағайындас, штабтағы жағдайларды да жатқа біледі. Сүлейменовтің уақытын да біледі қайтатын. Ессіз жараланғанын пайдаланып, картаны алысымен біржола кетуге әрекеттенді. Бірақ, жолда кіші Маляр сәтсіздікке ұшырайды. Амал жоқ, үлкен Маляр ештеңе білмегендей болып, блиндажда жұмысын жалғастырмақшы.

Тергеуші құр қиялды ысырып, неде болса штабтың ескі орнына барып келмекші болды. Ескі штаб үйінің қасында жүк машинасы батып қалды да, қорабтың есігін ашып сықылықтап күлген әйел машина үстінен секіріп түсті. Тергеушіге әйелдің жүзінен гөрі, машинадан секіргендегі парашютпен түскендей, тізе бүгіп, жантая секіріп, бейне бір қалықтап ұшып келе жатқандай әсер етті. Күні кеше жау снаряды түсіп, құлаған штаб үйінің іші аңғал-саңғал. Бірақ тергеушінің бір таңқалғаны сол күлдің үстінде жаңа ғана адам қолынан түскендей, тап-таза күйде жатқан шала тартылған папирос қалдығы болды. «Беломор» папиросы. Сол кезде штаб қоймасында мына жатқан папирос жоқ болатын. Тергеуші ойланып, кіші Маляр көмілген топырақты ашпақ болды. Тергеуші өлік болса да, сержант Малярдың денесінен тергеу ісіне қатысты бірнеше нәрсені ұқты. Ол біріншіден, Малярдың денесінің қарысып жатқандығы, яғни қиналып, бірнәрсеге кіжініп құлағандығы, екіншіден, екі жұдырығы да тас түйелі. Бейне бір алдындағы жауына атылар сәтті бейнелегендей. Сол қарысқан жұдырықтардан тергеуші екі тал шаш қылын еппен суырып алды. Содан соң гимнастеркасын көтерген сәтте кеудесінде жатқан картаны көрді. Тергеуші інісін өлтірген үлкен Маляр деген ойға да келіп қалды. бірақ, үлкен Малярдың жас толған көзіне түсті де, ол райынан қайтқандай болды.

Әдебиет теоретигі З. Ахметов: «Әңгіме – оқиғаны баяндап айтуға негізделетін, қара сөзбен жазылған шағын көркем шығарма. Әңгіменің жанрлық ерекшеліктері алдымен оқиғаны баяндау тәсілі, композициялық, сюжеттік құрылысы, кейіпкер жүйесі арқылы айқындалады. Әңгімеде әдетте бас-аяғы жинақы, тиянақты бір оқиға айтылады. Сюжет желісі бір арналы, ширақ келіп, тақырыбы мен идеясы айқын болады. Әңгіме кейде, баяндаушының (авторлық «Мен») бейнесі айқын көрінеді. Оның өзі оқиғаға тікелей қатысты болуы мүмкін», - деген теориялық тұжырым жасаған [3, 89 б.].

Тергеуші Родионов кешке дейін жас қабірдің қасында жүріп, бірнеше метрден жалғыз аяқтың көмескі ізін байқайды. Неге екені белгісіз, аяқтың адымы екеу емес және де екі метрден тұратын қашықтыққа адамның адымы да жету мүмкін емес. Осы себепті сан ойлардың қорытындысы нәтижесінде тергеуші штаб маңайында қалай да бір жаудың болғанын сезеді. Сол жау картаны өлікке әдейі тығады. Себебі, көшіруге уақыт тар, сонымен бірге жас қабірді көп ешкім тексере қоймайды. Отанына опасыздық жасаған жауынгер ол, сол себепті дәрігерлік тексеріс шақырғанға дейін картаны алып үлгеретініне сенімді болған жау. Кіші Малярдың денесін алып, топырақты құр бос үйіп кетеді, әдейі сезік тудырмасы үшін. Тергеушіге кез келген адам күдік тудыратыны хақ. Енді бір сәтте Родионов машинадан жеп-жеңіл секірген қыз туралы да ойлады. Сол күні түнде жау рациясының хабарын ұстайды штабтағылар. Онда тапсырманың орындалғанын және шефінің көмегін сұрайды. Орталықтан түнде келген дәрігер барлаушы Сүлейменовтің және кіші Малярдың денесін қарап у жалатқан қанжармен өлтірілгенін баяндады. Екіншіден, сол солдаттың қолынан табылған шаштың әйел адамға тән екендігін де шапшаң зерттеп береді. Бұдан соң іс әйел адамдарға ауады. Баяғы машинадан секірген қыз – Белованы тексеруге бел буады тергеуші. Сол сәтте Кондакова атты медсанбаттың өлгенін баяндайды, рота командирі. Сезік тудырмау үшін шофермен сөйлескенде, оның қызу екенін байқайды, спиртті Белова беріпті. Шофер ештең көрмегендігін, Белова мен Кондакова машина кузовында болғанын баяндайды. Сол түні рациямен жау тағы да байланысқа түсіп, шефі картаны алып, майдан линиясынан тез өтуге тапсырма береді. Сол түні оперативтік топ кіші Малярдың қабірін күзетеді. Тергеушінің ойлағанындай болып, мола басына Белова келеді. Бірақ, жүретін жігітімен сырласуға келген мұңды бойжеткен бейнесінде танылады айналасына. Тергеуші оны блиндажға әкеліп, Белова туралы шындықты айтады. Себебі, Белова Людмиланың жау қолынан құрбан болғанын да хабарлап, сержанттың қолынан

табылған шаштарды да бұлтарғысыз айғақтар арқылы дәлелдеп, «Қыс қарылғашы» атауымен белгілі жау барлаушысы Лейді анықтайды.

Ең бастысы әңгімеде, жазықсыз құрбан болған барлаушы Сүлейменов пен кіші Малярдың өлімін дер кезінде анықтап, жау барлаушысын қолға түсірген тергеушінің ойының жітілігі, іске мұқияттылығы, күмәнді жағдайларды уақытында дәлелдей алатындығы қарапайым тілмен баяндалып, қаламгердің поэтикалық шеберлікке ұста екендігін баса айтуымыз керек. Сонымен бірге жазушының біз талдап отырған әңгімеде кейіпкерлердің ішкі жан-дүниелеріне де терең де білікті психологиялық талдаулар ұсынылған.

К. Тоқаевтың әңгімелерінің тағы бір ерекшелігі өмір шындығын көрсетудегі түр жасай білуінде дер едік. Түрлі шығармада түрліше баяндау мәнері бөлектеніп, белгілі бір міндетті атқарып отырады. Сол арқылы оқиға шиыршық атып, оқырманды еріксіз қызықтырады. Бұл тәсіл шығармадан шығармаға бұрынғысынан да бетер шындалып жетіле түседі. Жазушы әңгімелері арқылы қоғамдағы әлеуметтік сілкіністерге баға беріп, оларға талдау жасалады. Сол арқылы қоғам, уақыт тынысын, өмір-тұрмыс сырларын терең ашып көрсетеді. Осылардың бәрінен жазушының дүниетанымы, көзқарас-мұраттары айқын көрініп тұрады.

Жазушы әңгімелерінің басты ерекшелігінің бірі автордың эпикалық баяндаулары мен кейіпкерлердің диалогтары аралас қолданылған. Қысқа көлемді әңгімелер құрылысындағы кейіпкерлердің диалогтары шығармалардың оқылу, қабылдануы үшін қолайлы тәсіл ретінде ұтымды қолданылған.

Бұл орайда «Солдат қабірінің басында» әңгімесіне тоқталайық. Әңгіме бірінші жақтан баяндалады, яғни жазушының өзінің көзімен көрген жайлары баяндалады. «Мен командовниенің арнаулы тапсырмасын орындап, өзімнің бөлімшеме түнде оралған едім. Қараңғы түсісімен әр танкінің қасына, блиндаждың түбіне күзет қойылады. Күзет күшті, маңайлатпайды. Түнде тек парольмен ғана өтуге болады» [2, 280 б.]. Бұл берілген сөйлемдерден К.Тоқаевтың соғыс кезінде өз басынан өткен жағдайды бағамдаймыз. Себебі, ойдан құрастырды дейтіндей романтикалық баяндаудан гөрі, өз көзімен көріп, істелінген жағдайды көркем тілмен баяндағанын ұғынуға болады. Блиндажға кірген ол солдаттардың ғана емес, командирлердің де қабағы түсіңкі екен байқайды. Сұраулы жүзбен әр солдатқа қарап, бүктүсіп отырған сержант Умновқа қарайды. Ол бір ғана сөйлем айтады бұған. Содан соң көз жасы шұбыра жөнеледі. Ол хабар «Алмас, біз Биештен айырылдык» деген санаға ажал деген ұғымды енгізу болатын. Соншама бүкіл полкті егілтетіндей Биеш кім еді? «Шығармадағы әлеуметтік

талдауды жазушының көзқарасы мен дүниетанымының басты көрсеткіші дейтініміз де осыдан» [3, 21 б.].

Биештің шын аты Бимағанбет болатын. Тегі Сүлейменов. Батырдың туған жері Ақтөбе облысының Қарабұтақ ауданы. «1942 жылы Сталинград түбінде Гвардиялық дербес танк полкына арнайы автоматчиктер іріктегенде әр бөлімнен жиналғандар сонда бас қостық. Ол кезде гвардиялық бөлімшелерге соғыс соқпағынан өткен «дәріні иіскеп қалғандардан алатын». «Гвардияшылар жауға тірідей қолға түспейді, жолдасын дұшпанға тастамайды!» - Қызыл ту астында бас иіп берген осы антпен алғашқы күні-ақ шабуылға шықтық. Дұшпанмен бетпе-бет кездесу бәріне ортақ сын болған секілді. Бимағанбетпен танысуға ынтыққан Андреев болды». Алғашқы шайқаста соғысқа енді ғана қатысқан москвалық Андреев жауды шегіндіргенге мәз болып, тіпті танкінің алдына түсіп, жүгіре беріпті. Сол кезде бір немістің солдаты қарсы ту сыртынан шыққанын байқамай да қалыпты. Оның артында еле жатқан Биеш сөзге келместен немісті алып ұрып, жанын жаһаннамға жібергенге ұқсайды. Андреевтің әлгі әңгімесін естігендер Бимағанбетті әлпештеп басына көтеріп әкетті. Көзі танадай, мөлдір, қайқы кірпік, қараторы жігіт мақтауды жаратпай ортадан жылыстай жөнелді. Содан былай полк адамдары Бимағанбетті Биеш деп атап кеткен болатын. Блиндажда отырғандардың бәрі де Биешке қарыздар болатын. Украина жерін азат еткенде 316-атқыштар полкы Н. қаласында аялдайды. Үлкен жер үйге бір рота солдат түгелге жуық сиып, аздап дем алып отырған уақыт еді. Сол кезде далаға шыққан пулемтчик зайцев иығынан жараланып үйге енді. Немістерді төбені айналдырып, кем дегенде он шақырымдай жерге қуып тастаған кез болатын. Қаңғып тиген оқ болар деп ой қорытты да қойды. Биеш сыртқа күзетті көбейтуді ұсынды. Командир келіспеді, немістер алыста, айналамыз толған біздің солдаттар. Кімнен қорғануымыз керек?

Бет шарпыған от қызуына балқып, солдаттардың бәрі ұйқыға бас қойды. Түн ортасы ауа қатты дүмпуден солдаттар шошып оянды.

« - Есіктен шықпаңдар, терезеден аулақ кетіндер! – деген Биештің даусы естілді.

- Жігіттер, Биеш тірі! – Чирков қуанып кетті. Екі жақтан қатар автомат оғы жауды. Біреуі дәл есіктің алдынан атады.

- Пашка, Женя, бізді оқпен бүркей тұрыңдар! – дедім де, салбыраған кесекті бір теуіп, Чирков екеуміз үңірейген терезеден атып шықтық. Сол сәтте Биеш есікке қарай гранатаны лақтырды. Үйді айналып, автоматтан оғын сеуіп жіберді де, бірнеше неміс автоматтарын алып, үйге енді.

- Белім үзіліп барады, тыныс ала алмаймын! – деп қиналады.

- Жара құртақандай ғана екен, - деп Чирков саусағының ұшын көрсетті. – қауіпті емес.

- Әй, қайдам. Қол-аяғымды қозғалтпайды. – Петров күйзеліп жатып Сүлейменовті қасына шақырды. – Бұл фашистер қайдан тап болды?

- Осы үйден шықты?»

Биеш Сүлейменов артиллеристер тұтқиылдан келгенде кете алмай қалып, амал жоқ осы үйдің шатырына тығылыпты. Түн ауа қолдарына бума граната алып, бүкіл ротаның көзін жоймақ болғанда, Биеш көріп, мылтықпен атқан. Әйтпесе бума гранат бұлардың бәрін жер жастандырар еді. Қысқа әңгіменің негізгі сюжеті осы ғана. Қазақтың батыр жігітінің ерлігін түгел мойындағаннан бұрын, Биеш десе өз бауырындай көретін қан майдандағы солдаттардың да шынайы бейнесін де қатар бере кеткен.

К. Тоқаевтың әңгімелері ұлттық әдебиетіміздегі дәстүр сабақтастығын берік сақтай алғанымен де құнды. Жазушы өз туындыларында қарапайым солдаттың рухани-танымдық қырларын, әлеуметтік болмысын, болашақ өмірге деген ұмтылысын қисынды іс-әрекеттер арқылы көрсетеді. «тип жасау үшін жазушы бірнеше адамдардың бойында кездесетін қасиеттерге көз жібереді де, соларды жинақтап, бір адамның бойына сыйғызу арқылы суреттейді» [4, 46 б.]

Көркем шығармаға арқылы жас ұрпақтың жүрегіне жол тауып, оқыту барысындағы білім берудің басты мәселесі ретінде – патриоттық құндылықтар арқылы тәрбие беру басты орында тұруы бүгінгі күннің басты талабы. Себебі, әр адамның тұлғалық үдерісте өсуі, дамуы, қалыптасуы ең алдымен отбасының тәрбиесінен басталатыны сөзсіз.

Кемел Тоқаев – соғыс алапатын көзімен көріп, басынан кешкен жан. Сондықтан, бұл – жазушыға етене таныс, үнемі ойында болған және жан-жүрегін тербеген тақырып. Осы орайда заңғар жазушы М. Әуезовтің мына бір сөзі ойға оралады: «Жазушы қаламынан туған асыл бұйым атаулыны алсақ, әр кітаптың тамыр төркіні жазушының өз жанынан терең орын алған күйлерден туады» [5, 64 б.]. Демек, «Солдат қабірінің басында», «Көмескі із», «Замандас сыры», «Солдат соғысқа кетті» әңгімелері мен повестері К. Тоқаевтың өз көзімен көрген, жан-дүниесімен сезіп, білген шындықтардан жазылған.

Кемел Тоқаев ерлікті ту еткен танымдық өнегелі көркем шығарма санатында жас ұрпақты тәрбиелеу тағылымында проза жанрында кеңінен дамыта келіп, ерлік пен салт-дәстүрлік сипатты қатар алып, қазақ халқының болашағын, яғни болашақ ұрпақтың ой-санасын ілгері дамытудағы жазушылық шеберлігінің көркемдік қырымен бірге, азаматтық-патриоттық рухани болмысты танытатын шығармалар болып табылатыны сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Кекілбаев Ә. Таңдамалы шығармалар жинағы. - Алматы: Атамұра, 2002. – 550 б.
2. Тоқаев К. Таңдамалы. 2- том. - Алматы: Ана тілі, 2010. – 285 б.
3. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі // Құрастырушылар: 3. Ахметов, Т. Шаңбаев. - Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
4. Қабдолов З. Сөз өнері. - Алматы: Санат, 2002. – 360 б.
5. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. - Алматы: Қазмемәдеббас, 1962. – 625 б.

ӘОЖ 94(574)

М. Н. Байбосынов, Тактика және ЖӘП кафедрасының жалпы әскери пәндері циклінің бастығы

Ә. Ғ. Балғабай, Е. Е. Жолшы, курсанттар

Қазақстан Республикасының Ұлттық Ұланы Әскери институты

АЛАШ МАЙТАЛМАНЫ, ҚАЗАҚ БАТЫРЫ МӘЛІК ҒАБДУЛИН ЕЛ ЕСІНДЕ

Орта Азияны мекендеген, бүкіл әлемді дүрсілкіндірген алаш ұрпағымыз. Осындай ұлы мемлекеттен әлемге өзінің ерекше дарынымен көзге түсе білген танымал алып тұлғалар жетерлік, оған көп мысал бар: көнеден келе жатқан Әбу-Насыр Әл-Фарабиден бастап бүгінгі күнде қазақ туын желбіретіп жүрген қазақ батырларын айтпасақ айып болады. Соның ішінде өзінің даралығымен ерекшеленген қазақ батыры, кеңес одағының батыры атанған Мәлік Ғабдулин.

Ел басына күн туғанда қолына найза алып, жауға тіке шабатын, қолынан қаламын тастамайтын батыр, әрі жазушы, сегіз қырлы бір сырлы алаштың ардақтысы Мәлік Ғабдулин. 1915 жылы қарашаның 15 жұлдызында Ақмола обылысы Зеренді ауданында Қойсалған ауылында өмір есігін ашып дүниеге келген, қоса кетсек ауылдастарының айтуына қарағанда, батырымыз дүниеге келген кезде табиғаттын өзі ерекше күйге бөленді дейді, сол сәтте ауыл ақсақалдары қазаққа алып тұлға батыр келді деген. Сол түні Мәліктің атасы қанжығасына қасқыр байлап атып әкелген делінген. Сол сәтте атасы батырды қолына алып, еліне жан беретін, елін қорғайтын батыр дүниеге келді деп қуанған. Мәлік жастайынан алғыр батыр бала бола білген. Жастайынан сол замандағы

Алаштың қаймақтарының көзіне түседі. Оған дәлел Сәбит Мұқанов батырымыздың білім алып жатқан ордасына келген кезде, Сәбиттің шығармаларын тым ерекше жеткізіп жатқанын естіп, таңғалған екен, ол кезде Мәліктің жасы не бары 14 жаста болған, оны кейін өз шығармаларында белгілеп кетті. Сонымен қатар Бейімбеттің қолында жұмыс жасап жүрген уақытында, яғни газет-кітап басып шығаратын жерде жұмыс жасап жатқанында жалақысы не бары 80 тиынды құраған, оның ойында ақша емес үйрену тәжірибие алу болды, жалақысының аздығына байланысты астанамыз болған Алматы қаласында тұрақтайтын пәтер таппайды, бірақ оған мойымай амалын тауып жүреді, күндердің бір күнінде күні оңынан туып, Алаш майталманы Сәкен Сейфуллин қамқорлық жасай отырып бірге тұруға шақырып, пәтерімен бөлісіп қамқорлық жасайды.

1931-1935 жылы Алматы қаласында іргесі қаланған Абай Құнанбаев атындағы педагогикалық институтқа түсіп, өмірлік білімін жалғастырып, жоғары оқу орнының ерекше түлектерінің бірі болып оқуын аяқтайды. 1937 жылы Өзбек КСР-ның Ферғана қаласында отан алқасындағы борышын орындап, әскер қатарына сапқа тұрады. Әскерден оралғаннан кейін 1938 жылы КСРО ғылым академиясында қазақ филиалының кіші ғалымы лауазымында жұмыс атқарады, ол кездің өзінде қысқа уақыт ішінде өзін жақсы жағынан көрсете біледі.

Біз алаштың ұрпағы, батыр болған,
Батыр туды анадан, дара болған.
Алаштықты, дәріптеп қаһарлана,
Мәлік деген батырым, қазақ болған.
Өлең жазды, ұрыстарда, айқастарда,
Қазағыма батырлықты, дәріптеген.
Бұл батырдың есімі мәңгі есімде,
Мәліктей батыр толсын, қазағымда.
(курсант Жолшы Ержан)

КСРО-ның басына, қазақ еліне қауіп төніп, күн туған уақытта, Екінші дүние жүзілік соғысқа, Ұлы отан соғысына өз еркімен аттанады. Ол Кеңес Одағының 8 гвардия дивизиясының, генерал-майор Панфиловтың қол астында аға саяси жетекші лауазымына тағайындалады. Ол кезде қазақ әскерінің көбі орысша білмеген. Мәлік өзінің қанатты сөздерімен қазақ әскерінің рухын дем-сәтте көтеріп, моральдік-психологиялық сапсына, жауынгерлік рухына әсер ете білді. Оған қоса Бауыржан Момышұлының тәрбиелік сөздерін көп қолданған, оған мысал ұрыста бірге қызмет атқарған сарбаздың айтуынша, ұрыстың алдында айтқан бір сөзі бар екен: Біз қазақтар алаш ұрпағы;

Белдескеннің белін сындырған ер,

Тірескеннің тізесін бүктірген ер,
Жаға ұстасқанның жанын жаһанамға тапсырған ер делінген;

Осылай сарбаздардың рухтарын көтеріп, сонымен қатар ұрыста саптың басында жүре отырып, көп ерлік көрсете біліп сарбаздарға талай үлгі болған. Шығарма жазуын, Баукеңдей, ұрыстың қандай түрі болсада ешқашанда тоқтатпаған, артынан үлкен із қалдыра білген біздің батыр.

Мықты қолбасшыда бола білгеніне бір себеп, Новгород және Халм қалаларында әскерге өзі басшылық жасаған. Мәскеу түбіндегі шайқаста, Мәлік және қасындағы жауынгерлерімен алдыңғы шепке әлде-қайда шығып кетеді. Жоғарыдан кері шегініңдер деген қолбасшы бұйрығы түседі, бірақ сол сәтте байланыстың үзілуіне байланысты батырымыз бұйрықты естімейді. Осы сәтте жеке құрамына қауіп төндірген қоршауда қалады, ол еш саспай салқын қандылықпен сарбаздарын жинап былай деген: Шепті бұзып өтеміз, не өлеміз, бірақ жауға берілмейміз деп – қоршаудың бір бұрышын жарып өтіп 12 жауды тұтқындап, екі темір сауытты танкінің көзін жояды. Осындай ерлігінің әсерінен, көзге түсіп, қазақ жерінен шыққан «Кеңес Одағының батыры» деген атақтың иегері атанады, награданы Сталиннің бұйрығымен 1943 жылы 30 қаңтарда алады. Осыдан шыққан түйін Мәлік атамыздың еңбегі де ерлігі де көп, өзінің жазбаларында елім-жерім дейтін патриотты тұлға көрінген. Мәліктің ерлігі туралы тек қазақ жазушылары ғана емес, КСРО жазушыларыда жарыса жазған. Соғыстан келгеннен кейін, мен батырмын деп құр қол отырған жоқ. Қоры кең қазақ әдебиетіне үлкен үлесін қосты.

Оның жарық көрген шығармалары:

- Менің майдандас достарым (1947ж);
- Алтын жұлдыз (1948 ж);
- Майдан очерктері (1949 ж);
- Қазақ халқының ауыз әдебиеті (1959 ж);
- Ел-намысы, ер-намысы (1966 ж) т.б.

Мәлік атамыз өзінің ақтық демі қалғанша, қазақ еліне пайдасын тигізген. Осы кісінің мадақтарына тоқтала кетсек жетерліктей ордені бар, бірақ ішінде ерекшесі мыналар: Кеңес Одағының батыры, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген қайраткері, Педагогика ғылымының академигі, қазақ жазушысы, әдебиет зерттеушісі. Осы батырдай ерлігіміз асқақтаса тас бөгетінде жарып шығатынымыз рас.

Өз қолымызбен жазылған өлең шумақтарында мысал қыла кетсем:

Батыр ұрпақ

Біз батырмыз рухы биік, батыр туған,
Біз бауырмыз, жәрдем қылар арқа сүйер.

Біз алашпыз, қайраткері Қазағымның,
Отан үшін отқа түсер, дара туған.

Батырым бар, ақ білекті өзі батыр,
Ақыным бар сөз сиясы, нәр секілді.
Оның бәрі сарбаздарға, әке болған,
Алашымның майталманы, Мәлік атам.

Патриоты болайық қазағымның,
Жеңімпазы болайық, Алашымның.
Алдында үлгі тұтар, батырым бар.
Ер есімі, ел есінде Мәлік деген.

Есімі тас бетіне енді қалды,
Мәңгі елдің жадында, қалды сінді.
Егерде жастарды, өсірсек Мәліктей қып,,
Тұғыры биік ел боламыз, сенімдімін.
(курсант Жолшы Ержан)

Бұл тұлғаның атына арнап бір томдық кітап жазсақта жеткіліксіз, қорытындылай келсек, ел үміті қазіргі ұрпақтың қолында, ол дегеніміз қазақта жақсы сөз бар, ағаш екенде түбі терең берік болса еңсесі биік, түзу болады, біз тал бесіктен, жер бесікке дейін білім алуымыз қажет деген, осы бағытта болашақ ұрпақты тәрбиелеуге мысал тұлға, Мәлік атамыз. Бауыржанның сөзі бар емес пе:

Мен де адаммын жаралған сүйек еттен,
Мен де ар бар, ұят бар, жан тебіреткен,
Үмітінді ақ ниетпен ақтамасаң,
Ризамын, теріс қолмен бата берсең.

Қорытындылай кететін болсақ, қысқаша шығатын түйін, елдің ертеңгі болашағы бүгінгі жастар, ел қорғаны болатын болашақ ұрпаққа тәрбие беру кезінде, ұл-қыз деп бөліп-жармай қазақ деген ұлы халықтың салт-дәстүрімен, тілімен, дінімен, мәдениетімен және есімдері алтын жазумен қалған алаш майталмандарының сөзімен тәрбиелесек, сағы сынбас биік қамал болатынымыз рас, Мәлік атамыз өзінің артында өшпес із қалдырып, қазіргі ұрпаққа өнеге бола білді. Әр қазақтың ұл-баласында бас иіп сәлем беретіндей алғысы шексіз. Қазіргі күнде курсанттар Қазақстан Республикасының Ұлттық Ұланы Әскери институтында тәрбие-білім алуда, болашақта еліміздің әскер қатарын толтыратын, батырлардың орнын басатын, болашақ офицерлер. Айтқымыз келіп отырғаны әскери ретінде, Мәлік шығармаларына, істеген ерлігіне курсанттар тарапынан және командирлер мен

оқытушылар тарапынан үлкен көңіл бөлінеді. Мәліктің шығармалары біздің курсанттар офицерлік корпусты толтыруына үлкен көмек көрсетеді, олар кейін әр қазақтың жүрегінде, жастарында отанға деген махаббаты ашылып патриоттық сезімі артатыны анық.

Әдебиеттер тізімі

1. К 103-летию со дня рождения М. Габдулина // argazeta. kz
2. Поэт батыр Малик Габдулин // Kazpravda.kz

ӘОЖ 94(547)

А. А. Байсбаев¹, оқытушы, А. Б. Аманбекова², магистрант
¹Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан Әскери институты
²М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті

ҚҰЛСАРЫ БАТЫР – ХАЛЫҚ БІРЛІГІНІҢ СИМВОЛЫ

*«Әулиені айтсаң, Құлсарыны айт,
Батырды айтсаң, Құлекені айт»
Шал ақын.*

Тарихтың бір ерекшелігі ол үнемі тер төге зерттеу, ізденісті қажет етеді. Сол замандарда талай есіл ерлер, ел қорғаған батырлар ел мен жер, «қара қазан, сары бала қамы үшін» шайқасып өтті. Қазақстан тарихынан белгілі Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Уақ Баян, Шапырашты Наурызбай сынды батырлармен аты қатар айтылуға тиіс өңірімізден шыққан батырлардың аз болмағаны сөзсіз.

Сондай батыр аталарымыздың бірі және бірегейі, «елдестірмек елшіден» дегендей, ел мен елді бітістірген елші, саясаткер, қоғам қайраткері, Абылай ханның замандасы, ақылдас серігі, әулие, батыр – Құлсары. Құлсары батыр туралы зерттеу жұмыстарын соңғы кезде өңіріміздің белгілі өлкетанушыларының ізденіс еңбектерінен табуға болады.

29 сәуір 2011 жылы Жалғызтаудың батыс беткейінде, таудың тәрізді үстірттің үстінде, Бұлақ ауылының түстігінде жерленген Әулие-батыр Құлсары Бөріұлына арналған ескерткіш кесенесін тұрғызу қолға алынды. Қазақ елінің, қазақ жерінің тарихында мәңгілік аты өлмейтін батыр Құлсары сындай айбынды батырды, ақылман ел ағасын

ұрпақтары мақтан тұтады. Бүгінде дендеріне шипа іздеген жандар еліміздің түкпір-түкпірінен келіп, әулиенің басына қонып, Алладан жандарына медет тілейді. Емделіп кетіп жатқандары да баршылық. Бұл – соңғы кездері ғана белең алған үрдіс емес, батырдың басына зиярат етушілер бұдан бұрын да болғанын ақсақалдар айтып отыр. «Құлсары әулие жерленген жер Бұлақ ауылының оңтүстік- шығысында, ауылдан 8-9 шақырымдай жерде орналасқан. Бұлақ Есіл ауданындағы ауыл өзімен аттас ауылдық округтің әкімшілік орталығы. Аудан орталығы – Явленка селосынан оңтүстікке қарай 60 км жерде орналасқан. Халқы 0,6 мың адам (2012 ж). Бұлақтың маңындағы үстіртте әулие Құлсары батырдың зираты жатыр. Осы үстірт үстінде басқа да зираттар бар [1, б. 5].

Қарағай ауылының тұрғыны Өтеген Жүсіпов Құлсары әулиенің бейіті туралы мынадай әңгіме айтады: «Бала кезімізде осы үстіртке барып, аруақтарға өзімізше дұға оқып, бет сипап қайтатынбыз. Сондағы байқағанмыз, зираттардың тастары арасында садақаға тасталған күміс ақшалар жататын. Үстірт маңайында жерошақтың орындарын, түрлі-түсті маталардың қиындыларын көретінбіз. Үлкендерден сұрағанмызда, алыс-жақын жерлерден ауруға шалдыққан адамдардың әулие зираты басына түнеп, тауап ететіндерін айтушы еді». Құлсары бабамыз түрлі шөптерден дәрі-дәрмектер жасап, ауру-сырқауларды емдейді екен. Риза болған халық ол кісіні «әулие» деп атай бастайды. Ол қайтыс боларда: «Көзімді жұмғаннан кейін мені ана адырдың басына жерлендер. Егер үш жылдан кейін қабірді ашып қарағанда, денем бұзылмаса, сонда ғана маған «әулие» атын беріңдер», - депті. Ел-жұрты Құлсарының бұл аманатын орындап, қабірін ашқанда, батырдың бейітінен бір ғажап жұпар иіс шығады. Бұл хош иіске таңғалған халық сол жерде Құлсарыға «әулие» атын берген екен. Қазір бұл адыр Құлсары әулие атымен аталып кеткен [1, б. 5].

Құлсарының әулиелігі туралы ел аузында тағы бір аңыз бар. Ол жасы жетіп қартая келе, өлім сағатының таяғанын сезіп, екі ұлын жанына шақырып, мынадай аманат айтқан екен: «Мен о дүниеге аттанған соң жуып, кебіндеп, ауыл сыртына киіз үй тігіндер де, мәйітімді сонда қойып, күзетіндер. Үш күннің ішінде осы үйдің алдына бір ақ түйе келіп шөгер, соған менің мәйітімді артасындар да, түйенің соңынан ересіндер. Түйе жүріп отырып межелі жерге жеткенде өзі шөгер, сол жерге мені жерлейсіндер», - деген екен. Айтқанындай, әулие қайтыс болып, балалары арулап, ауыл сыртына киіз үй тігіп, мәйітті сонда апарып қойып, өздері күзетуге кіріседі. Екі-үш күннің шамасында, әулие айтқандай, киіз үйдің алдына келіп ақ түйе шөккен көрінеді. Балалары мәйітті түйеге мұқият артып, өзіне ғана белгілі

бағытқа бет алған түйенің соңынан ілеседі. Түйе сол жүргеннен жүріп отырып қазіргі бейіті тұрған үстірт үстіне келіп шөгеді. Сөйтіп, Құлсары әулие өзінің өсиетімен осы жерге жерленген екен [2, б. 5].

Бүгінде батырдың ұрпағы және басқа жанашыр азаматтар «Құлсары» атты қайырымдылық қорын құрып, батырдың басына мазар салғызды. Жалғызтаудың батыс беткейінде, таудың сілемі тәрізді үстірттің үстінде, Бұлақ ауылының түстігінде жерленген Құлсары әулиенің мазарының құрылысы аяқталған. Мазар Ақтаудан әкелінген ақ тастардан өрілуде.

Құлсары батыр (1708-1776) – Абылай ханның серіктерінің бірі. Мемлекет және қоғам қайраткері. Қазақстанның солтүстігінде туып, осы өңірде жерленген. Құлсары батыр – Атығай руының Құдайберді атасынан тарайды. Кезінде аталастары арасында зор бедел иеленген адам.

Оның бүкіл ғұмырнамасы Абылай ханмен тығыз байланысты. Ол өмір бойы Абылайдың сенімді серігі, кеңесшісі ретінде орыс үкіметімен қарым-қатынастарда ханның тапсырмаларын орындап келген. XVIIIғасырдағы құжаттарда Құлсарының есімі ықпалды старшын және мемлекет қайраткері ретінде аталды.

Құлсары шекаралас мемлекеттермен арадағы тату-көршілік қарым- қатынастарды барынша жақтаған. Осы ретте оның есімі алдымен 1739 жылғы құжаттарда ұшырасады. Ол сол жылы Әбілмәмбеттің ақ киізге отырып, хан сайлану салтанатына қатысқан. 1742 жылдың тамыз айының басында Құлсары Орынбор қаласында Орта жүздің бір топ сұлтандары, батырлары және билерімен бірге орыс патшасына адалдығы жөнінде ант береді. Онда: «Осыдан кейін Орынбор генерал – «Құлсары батыр» И.И. Неплюев мырзаның құзырында болып, мен және менімен бірге Абылай сұлтан, біз білетін түрлі жағдайлар туралы Ресей жағының басшыларына жеткізіп тұруға Орынбор қаласында ант бердік. Осыдан соң ақырында маған қызметіме орай менің старшын болып жазылғандығым және тархан атанғандығым туралы хаттама берілді» деп жазылған.

Бұдан кейінгі жылдары Құлсары Құлеке батырмен бірге Абылай сұлтанның елшілері ретінде мемлекеттер арасындағы мәселелерді шешу үшін Ресей қалаларына бірнеше дүркін барып тұрған. Абылай сонымен бірге осы көмекшілерін шекара әкімдерімен өзінің және Орта жүздің Атығай руының атынан келіссөздер жүргізуге жолдап отырған.

Елдің шығыс өңірінде бұдан әлдеқайда күрделі жағдай қалыптасқан еді. 1756 жылы қытайлардың тарапынан олар жоңғарларды түбегейлі жойып жібергенінен кейін айрықша күшті қауіп төне бастады.

Осылайша қытайдың қисапсыз әскері қазақ даласына басып кіруге оқталды.

Көптеген сұлтандар мен қазақ руларының старшындары өз ұлыстарымен солтүстік беткейге көшіп кетсе, Абылай бастаған Қожаберген, Құлсары, Құлеке батырлар жасақ құрып, жаудың шабуылына тойтарыс беру қамына қатысты. Тынымсыз, шаршап-шалдығуды білмейтін, Құлсары ел жасағын құрушылардың басында болды. Нақ осы Құлсарының және Құлекенің арқасында аз ғана уақыттың ішінде алты мың жауынгер тоғысқан қол бас құрады.

Көреген де сұңғыла саясаткер Құлсары батыр отыз жылдан аса уақыт бойы Қазақ хандығын нығайту, оның сыртқы және ішкі саясатын қалыптастыру ісіне белсене қатысып келді. Ол сондай-ақ қазақ руларының арасында бірлік пен бейбітшілік орнатуға бар жанын салып, өзінің беделімен және шешендік өнерімен ауызбіршілікке тартып, қантөгістерге жол бермеді.

Құлсарының тұрақты қоныс тепкен жері Қазақстанның солтүстік өңірі болды. Оның біздің жерлесіміз екендігін мына құжат айғақтайды: «Абылай сұлтан Петропавл бекінісіне 250 шақырым жерде Көкшетау маңын жайласа, Құлсары батыр Есіл өзенінің бойымен Петропавл бекінісінен он шақырым жерде қоныстанған». Құлсарының қонысы айтарлықтай аумақты алып жатқан болатын. «Старшын Құлсары мен Құлекенің қазіргі отырған қоныстары Есіл өзенінің сыртында, Ресей мекендерінен оншалықты қашық емес жерде. Мәселен, салт жүргенде он күннен аспайды. Қырғыздар өз ұлыстарымен Тобылдың бойында биыл қыстап шықпақ ойлары бар» [3, б. 7].

Орыс әкімдері қазақтардың алыс көшіп кетпеуі үшін шаралар қолданып, сонымен бірге қазақ-цин қарым-қатынастарының анық деректерін біліп отыруға тырысты. Осы ретте Абылайды үнемі көз алдарында ұстап, оның Цин жағына шығып кетпеуі үшін қолдан келгеннің бәрін жасады. Осы мақсатпен олар Абылайға және оның серіктеріне, әсіресе, старшындар Құлсары мен Құлекеге бағалы сыйлықтар беріп тұрды.

Қазақ ақсүйектерінің жекелеген өкілдері жылдық жалақы алып отырды. 1759 жылдан бастап Абылай жылына 300 сом алып отырса, Құлсарыға 100 сом тағайындалды. Кейін 1764 жылдан бастап қазақ ақсүйектеріне жылына 1000 сомнан блінді.

Осындай құжаттардан Құлсарының «өзіне үй салып, орыстарша тұруды қалайтыны» белгілі болды.

1762 жылы, әулие Петр бекінісінің (қазіргі Петропавл қаласының) құрылысы басталғаннан кейін он жыл өткен соң Құлсарының жайлауына 15 адамы бар балташылар келеді. Есіл өзенінің бойында,

бүгінгі Қызылжар ауданындағы Архангельское селосының маңында «Солтүстік Қазақстан өңіріндегі қазақтардың орыс үлгісіндегі тұңғыш ағаш үйі» деген атаумен тарихқа енгізілген үй салынды.

Халықаралық қатынастардағы саясаткер болғандықтан, Құлсары өзі мен Құлекені қытай боданды еткені үшін Абылайдың өзіне «реніш білдірген» екен

Құлсары батыр жергілікті орыс басшылығымен ашық хат-хабар алмасып, оларға өзінің Ресейге деген құрметін білдіріп отырған. Мәселен, 1758 жылдың 29 тамызында генерал-майор Тевкелевке жазған хатында «Ұлы Император патшайымның құзырындағы біз, Құлсары батыр үлкен тағзыммен мен және бауырым Байназар һәм ұлым Құлыбек аса мейірімді патшайымға адалдық танытып, оны өле-өлгенше ардақтап өтетінімді білдіргім келеді. Тыныш та бейбіт тірлік кешіп, ешқандай қақтығыс жасамайтыныма сендіремін...», - деп жазады [3, б.7].

Тегінде, орыс әкімдері тарапынан озбырлықпен әділетсіздікке жол беріліп тұрған. Өйтпеген күнде Құлсары батыр мынадай мазмұндағы ренішті хат жазбаған болар еді ғой: «... Менің бауырларым Байқашы мен Есбердінің екі мың жылқысын айдап әкетті. Біздің адамдарымыз оларды қуып барып, бір мың бес жүз жылқыны қайтарып алды, ал қалған бес жүзін Петропавл бекінісіне айдап әкетті. Аса мейірімді патшайым, әлгі айдап әкеткен жылқымызды қайтарып беру, біз сияқты құлдарыңыздың жанын жай таптыру үшін Петропавл бекінісіне Жарлық жіберіңізші. Осы анық хатымда мен, Құлсары батыр, қара сиямен екі мөрімді бастым».

Петропавл бекінісінде сауда-саттықтың басталуы Абылайханның есімімен байланысты. Сауда-саттықты ұйымдастыруда Құлсары батыр да белсенділік танытты. Бұл ретте ол әулие Петр бекінісінде бірнеше мәрте болып, осы жайында келіссөздер жүргізді. Полковник Пестоның 1760 жылдың 1 сәуірінде өлке басшыларына жазған ақпаратында былай делінді: «... Осы таяудағы күндері басқа да жақсы старшындарымен бірге Құлсары батыр мұнда өздерінде өндірілетін түрлі тауарлардың сауда-саттығын ұйымдастыру үшін келісім жасауға келді» [3, б. 7].

Егер Құлсарының мәмлелер және мемлекет қайраткері ретіндегі рөлі бірнеше мәрте құжаттармен дәлелденсе, оның әскери істердегі еңбегі жеткілікті айтылмайды.

Соған қарамастан, халық аңыздары мен ескі сөздерінде Құлсарының дарынды қолбасшы әрі қаһарман батыр болғандығы баяндалады. Мәселен, оның басшылығымен Қазақстанның шептерін қорғау үшін он мың адамдық жасақ құрылғаны белгілі. Ол соғыс ісінде алғыр, айлалы адам болған. Әсіресе, барлау мәселесіне айрықша көңіл бөліп, жау күштерінің саны, орналасқан жері жайлы қажетті

мәліметтерді күні бұрын біліп отырған. Майдан үстінде батыл да, қажырлы қимылдаған. Бір өзі талай дұшпанның көзін жойған.

Осының бәрі Құлсарыны ел ішінде «Әулие» атандырған. Расында да, Құлсарыны Абылай да, өзге адамдар да аса құрмет тұтқан. Оның көріпкелдігі болған, төнген қауіп-қатерді күні бұрын болжай білген. Олардың алдын алып отырған және сырқаттарды індеттен айықтыра алған. Бүгінгі Есіл ауданындағы Бұлақ ауылынан жеті шақырым жерде Құлсары әулиенің қорымы бар. 1958 жылы батырдың алтыншы ұрпағы Қалиасқар Рақымов осында құлыптас қойып, темір қоршау орнатқан. Кейінгі жылдары Құлсары әулиенің қорымына тәу етіп, ауру-сырқатынан емделуге жер-жерден келушілер көп. Қашанда көне тарихымыз туралы айтылған оқиғаны мұрағат деректерімен шындығын анықтап, мұражай деректерін куәлік етіп отырамыз. Расын айту керек, егер де орыс мемлекетінің мұрағаттары болмаса, қазақ тарихының біраз беттері жазылмай қалар еді. Оған дәлел, Құлсары бабамыз туралы қолда бар барлық деректер орыс мұрағаттарынан алынды. Орыс мұрағаты құжаттары бойынша жазылған кітабында Құлсары бабамыздың есімі отыз шақты құжатта кездеседі. Осы құжаттардағы Құлсары есімінің алдындағы анықтауыш сөздерге кей жерлерде «батыр», «старшин» деген сөздермен қатар, «ясновидец», «предсказатель», «лекарь» деп жазылған [4, б. 408].

Бұған қарағанда Құлсары бабамыздың көріпкел-әулие екендігін қазақ халқы ғана емес, көрші орыстардың өзі мойындағанын байқауға болады. Орыс мұрағаты осылай деп жатса, мұрағаты жоқ қазақтар да Құлсарының әулиелігі ауыздан-ауызға айтылып, сондағы аңыз-әңгімелер бізге жетті. Құлсары батыр сынды айбынды, ақылман ел ағысын ұрпақтары мақтан тұтады.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде «Тәуелсіздік үшін күрескен тарихи тұлғалардың өміріне тағзым болашақ үшін қажет» - деп атап өткен. Сөзімді қорыта келе айтарым, болашақта Құлсары Бөріұлы сынды ұлы бабамыз жайлы мағлұматтар мектеп бағдарламасына еніп, бізден кейінгі буынға жету үшін атсалысуды патриоттық парызымыз деп санаймын. Абылай хан, Құлсары бабамыз сынды батырлар болмаса қазіргі таңда осындай егемен ел болар ма едік? Кім біледі?... Сондықтан алдағы уақыттарда Құлсары Бөріұлы жайлы мағлұматтар тек ақсақалдардың ауызынан ғана емес, сонымен қатар батыр-бабамыз жайлы тың деректер мектеп бағдарламасына еніп, бізден кейінгі буынға да жетуі үшін атсалысуды әрі патриоттық, әрі азаматтық борышымыз деп түсінемін!

Әдебиетіер тізімі

1. Қ. Мұқанов. Абылайдың қос батыры // Қызылжар нұры газ. – № 45, 2017. – 10 қараша – 5 б.
2. С. Жұмабаев. Құлсары әулие даналығы // Солтүстік Қазақстан газ. – № 72-74, 2009. – 17 маусым. – 20 б.
3. М. Рахымов. Тұлғаны танып болдық па? // Егемен Қазақстан газ. – № 106, 2013. – 8 тамыз – 7 б.
4. XVI-XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары. -Алматы, 1961. – 607 б.

ӘОЖ 37.035.6:378

*А. Р. Басболатова, «Өрлеу» БАҰО» АОФ Ақмола бойынша
ПҚ БАИ-нің аға оқытушысы*

*Г. К. Мадина, Қазақстан Республикасы ТЖМ Көкшетау техникалық
институтының ӘГПТ және ПД кафедрасының аға оқытушысы*

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ - БАЛАЛАР МЕН ЖАСТАРДЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗДЫ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ

Жастарды патриоттық тәрбиелеудің теңдестірілген жүйесін құру және қамтамасыз ету еркін және демократиялық мемлекетті дамытудың маңызды шарты болып табылады. Сондықтан патриотизм тұжырымдамасы әрқайсысы үшін әртүрлі. Ең алдымен бұл елге деген сүйіспеншілік, оған тиесілі ерекше эмоционалдық және мақтаныш сезімі. Бұл өзіміздің туған өлкемізге, бала кезіңізден кіндік қанымыз тамған, асыр салып ойнап өскен туған жерімізге деген сүйіспеншілік, еліміздің алдындағы міндет пен жауапкершілік сезімі. Патриотизм - бұл «отанын сүйу» деген сөздің синонимі. Елге, тілге, туған жерге, адамдарға құрметпен қарау деген ұғым. Сонымен қатар ең алдымен, бұл біздің болашақ әл-ауқатымыздың кепілі. Патриоттары бар ел – бұл гүлденген, бақытты ел және де сондай елдің болашағы жарқын деп санаймын. Бүкіл әлем террорлық әрекеттермен бүлінген кезде, жарылыстар мен атыс қаруы естілген кезде, біздің еліміз Қазақстанда бейбітшілік пен тыныштық орнаған. Мұны Біріккен Ұлттар Ұйымы да мойындайды. Қазіргі әлемде көпұлтты елде өзара сыйластықтың болуы өте жақсы. Бұл ең үлкен құндылық және біз болашақ ұрпақты тәрбиелей

отырып, оларға үлгі бола алатынымызға мақтан етеміз. Себебі болашақ жастарға білім мен қоса тәрбие беру біздің қолымызда [1]. Еліміздің Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев патриоттық идеяны ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның стратегиялық дамуының негізгі элементі ретінде қарастырады. Бұл, әрине, елдің стратегиялық дамуы белгілі бір, тіпті мүмкін, түбегейлі түрде адамдардың Қазақстанда патриотизмнің, Отанға деген сүйіспеншіліктің, Отанымызды қалай дамыту керек екен деген көзқарастарына байланысты. Әрқайсысымыз бұл мәселенің маңыздылығын түсінуіміз керек. Көптеген ғасырлар бойы ата-бабаларымыз жаулардан жерлерін қорғап, бүгінгі күні Қазақстан Республикасы құрған мемлекетіміз әлемдік қоғамдастықта лайықты орынға ие болып отыр десек артық айтпаспыз. Қазақ халқының аты аңызға айналған ұлы тұлғасы Бауыржан Момышұлының сөзін келтіргіміз келеді: «Отан үшін отқа түс-күймейсін» [2]. Бауыржан Момышұлы қазақтардың жауынгерлік қасиеттерін арттырып, қазақ халқының асыл дәстүрлерін жоғары бағалады. Жазушының көптеген сөздері афоризмге айналды, адамдарға ұғымды болып, терең шықты.

Өмір мектебі осы адамға шынайы жауынгердің, ыстық патриоттың идеалы болып табылатын адал, сезімтал жазушының күшті, мызғымас кейіпкерін тәрбиелеп берді.

Қазақстандық патриотизм алғашқылардың бірі болып, сонымен қатар біздің отанымызды мақтан тұтудың маңызды себебі болып табылады, оларға ұмтылып, тек сыртқы саясаткерлерді, мемлекет басшыларын ғана емес, оның өршіл, ауқымды өзгерістерімен де отандастарын таң қалдырады. Біздің жастарымыз Қазақстанды жоққа шығарған жоқ. Отансүйгіштіксіз жаңа күшті мемлекет құруға, азаматтардың азаматтық борышы мен заңға құрмет сезімін оятуға болмайды. Біздің еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың керемет сөздері бар: «Біз өзіміз өзгеріп, ойымыз бен көзқарасымызды өзгерттік. Біз өзіміздің жеке жұмысымыз байлық көзі болатынын және мемлекет үшін бұл үшін тиісті жағдай жасауға тиіс екендігі туралы арнайы түсініксіз түсіндік». Патриотизм ұғымы өте терең, қиынға соқпайтын мағынаға ие. Отан сезімі – бұл қасиетті сезім. Отанға деген сүйіспеншілік бұл байланысты нығайтады. Отанға деген сүйіспеншілік отбасынан басталады. Кез келген адам патриот бола алмайды. Патриотизм адамға сана арқылы дариды деп ойлаймыз. Сонымен қатар, біріншіден, отбасы мен балабақша, мектептерде және жоғарғы оқу мекемелерінде қалыптасады, бойына сіңеді, елім, жерім деген азаматтардың бойында патриоттық сезім әрқашан тұрады деп санаймыз. Патриотизм халықтың салт-дәстүрлері мен бүкіл өмір салтымен, қоғамның күшімен қалыптасады. Осылайша, өзінің

физикалық және моральдық келбетін, білімін, өмір салтын, мінез-құлық мәдениетін үнемі жұмыс істейтін, өз ата-бабаларын құрметтейтін, өз ұрпақтарын жақсы дәстүрлерде өсіретін және тәрбиелейтін, өз тұрғын үйін, кіреберісін, үйін, ауласын, Отанының игілігі үшін жұмыс істейтін, ел үшін маңызды міндеттерге қол жеткізу мақсатында азаматтарды біріктіруге бағытталған қоғамдық іс-шараларға қатысатын адамды нағыз патриот деп санауға болады. Патриоттық сезімді қалыптастыруда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері — Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңба, Мемлекеттік Гимнді насихаттау ерекше рөл атқарады. Қазіргі Қазақстанның көптеген жетістіктерін біз Тұңғыш Президентіміздің есімімен, оның саяси ерік-жігерімен, дана көріністерімен, жоғары патриоттық сезіммен және Қазақстанды әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосуға қабілетті экономикалық күшті, демократиялық мемлекет етуге зор ниетпен байланыстырамыз.

Қазақстандық патриотизм-бұл ерекше нәрсе, өйткені бұл жағдайда әңгіме көпұлтты Қазақстан халқының отан үшін ортақ бір елге деген қарым-қатынасы туралы болып отыр, Қазақстан көпұлтты мемлекетке айналды. Қазақстандық патриотизмнің интернационализмі посткеңістіктегі Республикалардың ешқайсысында Қазақстан халқы Ассамблеясы сияқты беделді қоғамдық ұйым жоқ, бұл қоғамдық-саяси қозғалыстың мәртебесі өте жоғары, өйткені қоныс аударушылардың көптеген ұрпақтары Қазақстанды өз Отаны деп санайды, қазақстандық патриотизмді біз басқа этностардың тілдері мен мәдениетіне құрметпен қарауға тәрбиелейміз [3].

Қазақстандық патриотизмнің басты көздері- ұлтжандылық. Ұлы Абай өз шығармаларында халықтар достығы туралы көп айтқан, және оның көптеген пікірлерінің мағынасы: өз мәдениетін сүю, бірақ басқаларын қорламау. Осының бәрі жаңа жалпықазақстандық патриотизмнің іргетасын жасайды. Отанға деген махаббат – асыл сезім, ол қазақстандық патриотизм ұғымымен ажырамас байланысты. Мұндай түсінікпен, ұлтқа қарамастан, жаңа Қазақстанның көкжиектері көрінеді. "Жүз рет естігенше бір рет көрген жақсы", - дейді халық даналығы. Барлығы өзгерді: қалалардың келбеті, халықтың өмір сүру деңгейі және біздің республикамызға деген қатынасы. Енді әрбір қазақстандық өзінің жас демократиялық мемлекетке жататындығын мақтан тұтады. Біздің адамдарымызға еліміздің, біздің жас елордамыздың қалай өзгергенін көруге мүмкіндік болғаны жақсы [4].

Біздің, жастардың ойымызша, біздің оқу орнымызда нағыз өз елін, жерін сүйетін патриоттар оқып жатыр, өйткені құтқарушы мамандығын таңдау, халқына адал қызмет ету, оттан, судан зардап шеккен

адамдарды құтқарып, алып шығу нағыз ерлік деп санаймыз. Сонымен қатар жастар әрқашанда кез келген мемлекеттің туын көтеріп, асқақтататын ең белсенді бөлігі, қоғамның қозғаушы күші болып саналады. Сондықтан ел тірегі – жастар екенін естен шығармағанымыз жөн. Жастар – тәуелсіз еліміздің жарқын болашаға, соларға ел тізгінін беру үлкен ерлікпен тең. Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіруі жолында жастардың атқаратын рөлі де өте зор. Сондықтан да Н. Назарбаев форум барысында өз сөзінің бірінде: «Жастар – еліміздің қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы. Қазақстанның болашағы сіздерге – сіздердің білімдеріңізге, энергияларыңыз бен патриотизмдеріңізге байланысты. Біз қазір жасап жатқанның бәрі сіздердің бақытты өмірлеріңіз үшін, сіздер өз әлеуеттеріңіз бен мүмкіндіктеріңізді толық мәнде жүзеге асыра алуларыңыз үшін жасалып жатыр», - деді. Біздің Отанымыз - Қазақстан. Ендеше біз осы мемлекеттің мүддесін қорғайтын патриоттары болуымыз керек деп ойлаймын. Сонымен қатар Н. Назарбаев өз еліміздің ұлттық кодын жоғалтып алмайық деген мақсатпен «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласын жариялады, 2020 жыл-волонтерлер жылы деп жариялаған болатын. Бұл өскелең ұрпақты қолдауға арналған маңызды қадам деп ойлаймыз. Жастар-қоғамның болашақ құрлысшылары, сондай-ақ қоғамның тағдыры солардың қолында деп есептейміз және де болашақта соларға сеніммен қараймыз. Осы игі ісімен Қазақстанның жастарына үлкен үміт артып, отансүйгіштікке баулыды. Ал өз Отаның сүю дегеніміз өз тарихымызды, тілімізді, әсіресе өз ана тілін қадірлеп, қастерлеп, білу. Ата-бабамыздан жалғасып келе жатқан салт-дәстүрлерімізді, әдет-ғұрыптарымызды дәріптеу. Сонымен қатар Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын жүзеге асыру мақсатында салт-дәстүрлеріміз жаңғырып жатыр, сонын бәрі мына келешек ұрпаққа өнеге етіп қалдыру мақсатпен жасалып жатқан игі істер деп ойлаймыз. Ұлы данамыз Абай айтқандай, ұлттық қадір-қасиетімізді арттыру қажет. Егер біз өзімізді сыйласақ, басқа елдер де сыйлап, құрметтейтін болады. Қазақта жақсы мақал бар: «Өзіңді өзің сыйласаң, жат жаныңнан түңілер», терең мағынада айтылған сөздер және біз өзіміз Қазақстанның тарихын, дәстүрін, әдеп-ғұрпын құрметтеп, түсінбесек, олардың ұлттық болмысында сүйіспеншілік, ұғынушылық болмаса, онда патриоттық сезім оянуы мүмкін емес деп санаймын, сондықтан патриоттық тәрбие мәселесі адамзат тарихының бойындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат болғандықтан, курсанттардың бойындағы Отанға деген сүйіспеншілігін, яғни патриоттық санасын дарытуда халқымыздың ұлы ержүрек

қолбасшы, жазушы, Қазақстанның Халық Қаһарманы батыр Б. Момышұлы ағамыздың кейінгі ұрпаққа үлгі етіп қалдырып кеткен өсиеттерінің және ерлікке толы шығармаларының да алатын орны ерекше екеніне күмән жоқ. Ахмет Байтұрсынұлы: «Жастардың оқу - тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді», - деп әрбір ұлттың өзіндік дәстүрін, салтын сақтап, сол рухта тәрбиелеуге баса назар аудару қажеттігін ескерткен болатын. Жастарға салт-дәстүрлерді өнеге етіп қалдыру өскелең ұрпақтың парызы және де міндеті. Жалпы алғанда, патриоттық сезімнің қай-қайсысының болсын қалыптасуы отбасы тәрбиесінен бастау алатыны белгілі. Сондықтан отбасында патриотизмге тәрбиелеу ана тілін үйрету, ұлттық мінез-құлықтарын қалыптастыру, ұлттық салт-дәстүрді сақтау, шыққан ата тегін білу және сезінуден басталып, халқына сүйіспеншілік, тарихи дәстүрлерді сақтау-осының бәрі патриоттық тәрбиеге әкелетін жолдар екенін ұмытпағанымыз жөн [5].

Қорыта айтқанда: Қазақстан бүкіл әлемге барлық халықтар бейбітшілік пен келісімде өмір сүруі тиіс екендігін тағы да дәлелдейді. Сондықтан, біздің Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, «жаңа мемлекетті құрудың маңызды факторы қазақстандық патриотизм болып табылады» көптеген елдер сияқты, ұлттық тиесілілігі мен діни нанымдарына қарамастан, мақтанышпен айтамыз: "Біз өз еліміздің патриотымыз!" және де өз елімен, туып-өскен жерімен мақтан етеміз. Сондықтан Отанымды сүйеге, ол үшін аянбай қызмет етуге, елжандылық пен ерлікке болашақ өскелең ұрпақты тәрбиелеуге, өзіміздің туған-туысқандарымызға тірек болу басты міндетіміздің бірі деп санаймыз. «Ел ерімен мақтанар, жер кенімен мақтанар» дегендей, елімізді қорғар ер азаматтары, асыл ұрпақтар мен тәрбиелі ұл-қыздарымыз молая берсін.

Әдебиетіер тізімі

1. <http://bilimdiler.kz/ustaz/25540-studentterdi-patriottyk-...melik-nuskaular.html>
2. 2006-2008 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы азаматтарының патриоттық тәрбиелеудің мемлекеттік бағдарламасы (Н. Д. Бобрик).
3. Смирнов. Ақпарат көзі: «Казахстанская правда» газет сайты.
4. Новый энциклопедический словарь. - М., 2002. – 888 б.
5. Бесбай А. Жеке тұлғаны патриотизмге, Отан сүйгіштікке тәрбиелеу / А. Бесбай // Молодой ученый. - 2015. - № 8.1. - С. 29-31.

*К. А. Бекенева, учитель истории
КГУ «IT школа-лицей № 11», г. Кокшетау*

ПОДВИГ ОДНОГО ИЗ ВЫДАЮЩИХСЯ ГЕРОЕВ - АКМОЛИНЦЕВ

*«...В самом деле, пора уже перестать сравнивать наших воинов с орлами и беркутами. Какой беркут может сравниться с казахом Кошкарбаевым, который на моих глазах вместе с другими товарищами водружал знамя победы над Рейхстагом, несмотря на сильный, ураганный огонь немцев»
Борис Горбатов*

В 2020 году наша Республика Казахстан, как и другие страны на постсоветском пространстве отпраздновали 75-летие Победы в Великой Отечественной войне. Казахстан стал прочным арсеналом фронта. Вызовы нашего времени показывают, что чем дальше уходит от нас лихолетье последней мировой войны, тем меньше люди осознают ценность Великой Победы и героических поступков. В этом случае историческая память выступает в качестве антивоенной профилактики.

Если подробнее изучить историю прошлого и настоящего, то прививаются чувства гордости и уважения к героям нашей страны, в них чувствуется отвага, героизм и мужественность. Весомый вклад в победу внесла и наша Акмолинская область. Одними из героев - акмолинцев, участвовавших в Великой Отечественной Войне был Рахимжан Кошкарбаев.



Сегодня мы знаем, что одними из первых знамя над рейхстагом водрузили лейтенант Рахимжан Кошкарбаев, герой, чей подвиг оценили только после его смерти. В ближних боях Рахимжан Кошкарбаев со своим взводом показал храбрость, умение одержать победу. Эти все успешные боевые действия Рахимжана были замечены вышестоящими командирами и послужили одним из критериев последующего его подвига. Рахимжан Кошкарбаев родился в селе Тайтобе Акмолинской губернии, Киргизкой АССР. Происходит из подрода темеш рода куандык племени аргын.

В 13 лет остался сиротой и оказался в детском доме, в связи с тем, что его отец в 1937 году был репрессирован. По окончании 7 классов школы, поступил в фабрично-заводское училище. С началом войны Рахимжан Кошкарбаев стал проситься в Красную армию, на тот момент ему было всего 16 лет. Только в августе 1942-го попал в стрелковый полк в городе Кокчетав, где проходили военную подготовку солдаты из Казахстана и стран Средней Азии, за два месяца до 18-летия. Пробыл там до лета 1943 года. Потом его направили в Тамбовское общекорпусное пехотное училище, эвакуированное во Фрунзе (ныне Бишкек). Лишь в октябре 1944-го года младший лейтенант Кошкарбаев, с отличием окончив училище, отправился на передовую. В ближних боях Рахимжан Кошкарбаев со своим взводом показал храбрость, умение одержать победу. Эти все успешные боевые действия Рахимжана были замечены вышестоящими командирами и послужили одним из критериев последующего его подвига. Знаменитый подвиг Рахимжана далее изложен детально и убедительно. Прорвав оборону противника 16.04.1945 года с плацдарма на западном берегу реки Одер в районе Гроенейндорф фа, Кошкарбаев во главе штурмового взвода 17.04.1945 года вышел к каналу Фридландер штрот используя исключительно выгодный рубеж для обороны, противник пытался приостановить продвижение советских частей. Взводу товарища Кошкарбаева было приказано на подручных средствах преодолеть водную преграду, захватить плацдарм на западном берегу канала и способствовать переправе основных сил полка. Прикрываясь огнем орудий прямой наводки взвод под командованием товарища Кошкарбаева достиг противоположного берега канала и стремительным броском ворвался в немецкую траншею. В траншейном бою доходившем до рукопашной схватки взвод истребил более 40 немецких солдат, захватил 3 крупнокалиберных пулемёта и из трофейного оружия открыл интенсивный огонь по огневым точкам врага. Воспользовавшись успехом взвода тов. Кошкарбаев было переправлено еще несколько штурмовых групп. В бою 29.04.1945 года взвод в числе первых форсировал реку Шпрее ломая ожесточенное сопротивление врага. За дни боев проведенных от Одера до Рейхстага взвод истребил более 200 немецких солдат и офицеров и 184 захватил в плен, с боем захватил 14 полевых орудий вместе с прислугой, 27 крупнокалиберных пулеметов и многого другого вооружения.

Наградной лист Кошкарбаева Рахимжана на представление звания «Героя Советского Союза». 6 мая 1945 года.



Наградной лист Кошкарбаева Р.

В годы советской власти и тоталитарной системы немало страниц нашей общей истории были искажены. Незаслуженно и намеренно забытом подвиге советского офицера доблестного сына казахского народа - Рахымжана Кошкарбаева, водрузившего знамя своей дивизии над рейхстагом, в угоду существовавшей тогда политике, старательно молчали. Вот что пишет газета «Түркістан» об этом в материале Адырбекулы К.: «Правду не утаишь. Героический поступок Кошкарбаева Р. был официально подтвержден лишь спустя 62 года. Попытки восстановить справедливость предпринимались и раньше. На 20-летие празднования Великой Победы в Москву были приглашены ветераны Великой войны. Среди них был и Р. Кошкарбаев. Когда грузин Кантария вынес знамя 150 дивизии, водруженное на рейхстаге, Кошкарбаев сказал во всеуслышанье: «Это знамя первым на рейхстаг водрузил я». Это подтверждается и очевидцами события. Фотография Р. Кошкарбаева - со знаменем в руках среди однополчан - хранится по сей день.

К концу войны лейтенант Кошкарбаев — командир взвода разведки 674-го стрелкового полка 150-й стрелковой дивизии. Знаменитый подвиг Рахимжана далее изложен детально и убедительно. Действия Р. Кошкарбаева по водружению знамени Победы над рейхстагом имеют свои исключительные особенности, свойственные только этому случаю. Он шел с персональным заданием своего командования с заранее врученным ему знаменем, которое был обязан установить на рейхстаге. Герой понимал, что это задание связано с колоссальным риском для его жизни, тем не менее, осознавая свой воинский долг и значимость задания, он прошел под шквальным артиллерийским и ружейным огнем противника и задание выполнил, водрузив знамя Победы над рейхстагом, что послужило сигналом для завершающей атаки наших войск.

Согласно журналу боевых действий 150-й стрелковой дивизии:

...В 14:25 30.4.45г. лейтенант КОШКАРБАЕВ и разведчик БУЛАТОВ 674сп по-пластунски подползли к центральной части здания и на лестнице главного входа поставили красный флаг.

Вот как описывал водружение первого красного знамени сам Кошкарбаев:

- Комбат Давыдов подвел меня к окну. (Это еще в «доме Гимmlера»). «Видишь, — говорит, — рейхстаг? Подбери нужных людей, будешь водружать флаг». И передал мне темный, довольно тяжелый сверток — флаг, завернутый в черную бумагу. С группой разведчиков я выскочил из окна. Вскоре нам пришлось всем залечь. Начался сильный огонь. Возле меня остался один боец. Это был Григорий Булатов. Он все спрашивал: «Что мы будем делать, товарищ лейтенант?» Мы лежали с ним возле рва, заполненного водой. «Давай поставим свои фамилии на флаге», — предложил я ему. И мы химическим карандашом, который у меня оказался в кармане, тут же под мостиком лежа, написали: «674 полк, 1 б-н». И вывели свои имена: «Л-т Кошкарбаев, кр-ц Булатов». Мы тут пролежали до темноты. Потом началась артподготовка, и с первыми же выстрелами ее мы подбежали к рейхстагу. Я поднял Булатова, придерживая его за ноги, и тут на высоте второго этажа установили флаг...

Фронтowej товарищ Рахимжана Кошкарбаева Жанша Жанаев вспоминает: "Когда он туда добрался, немцы еще сидели в подвалах и чердачных помещениях Рейхстага. Их еще предстояло выбить оттуда. И когда он флаг повесил, тут уже войска, которые находились на подступах и не могли пробиться, хлынули с криком "Ура!" Вот тогда уже стало ясно: Рейхстаг пал, Берлин взят!" "Полковой флаг, который лейтенант Кошкарбаев и рядовой Булатов закрепили на фронте

Рейхстага, походил на кусок красной ткани. Позже, когда остальные бойцы Красной Армии прорывались в Рейхстаг, подобные знамена устанавливали в самых разных местах. Но то, что первыми были Кошкарбаев и Булатов, знали все командиры, вплоть до маршала Жукова. Егоров и Кантария так и вошли в официальную историю Великой Отечественной войны как первые, кто водрузил Знамя Победы над Рейхстагом. Стране нужны были герои, и их отобрали по идеологическим соображениям.

В поисках справедливости казахстанцами была предпринята еще одна попытка. Накануне 60-летия КазССР письмо с подписями ветеранов войны и труда было направлено в Верховный Совет СССР - Л. Брежневу. Поговорить с ним лично и напомнить о Золотой Звезде Р. Кошкарбаеву попросили и первого секретаря ЦК КП Казахстана Д. Кунаева. Получился ли разговор, не известно. А принявший участие в праздновании юбилея республики Л. Брежнев, получив письмо, сказал: «Мы теперь никогда не будем возвращаться к теме войны. Это вчерашний день». В 2004 году в издательстве "Жібек жолы" вышел в свет сборник воспоминаний «Водрузивший знамя на рейхстаг - Рахымжан Кошкарбаев». Один из авторов книги, писатель-фронтовик Азильхан Нуршайыков свидетельствует о том, что за совершение названного подвига Кошкарбаев и Болатов были представлены к званию Героя Советского Союза. Однако, вследствие хитроумной, лицемерной политики государства награду получили Егоров и Кантария. Один из тех, кому был дорог подвиг Кошкарбаева и Булатова, корреспондент дивизионной газеты Василий Субботин. В свое время журналист неоднократно писал об их мужестве с большой симпатией. В одном из поздних воспоминаний Субботин даже выражает такую озабоченность: "Эти 15 лет я просто терзался, что тот подвиг, что был совершен молодым Рахимжаном и Булатовым как бы забылся. Ничье имя, как бы оно не было поднято, не должно затмевать других, проявивших столь же высокое мужество". Интересные факты приведены в № 26 газеты «Қазақ әдебиеті» за апрель 2006 года: «Soviet Red Banner Flies on Reichstag. - "The New York Times", May1, 1945, p.1, 6.» опубликовала новость в материале под заголовком «Советское знамя развевается над Рейхстагом». А заканчивается статья так: «Советские войска, захватив Берлин, вчера водрузили свое знамя на Рейхстаге». А ведь газеты верстают заранее, в предыдущий до выхода день, и, учитывая это, можно смело говорить о том, что американцы писали о 30 мае, дне - когда знамя появилось на Рейхстаге благодаря Кошкарбаеву и Болатову. Тогда как советские издания начали освещать данное событие только с 3 мая.



Лишь спустя годы время стало расставлять для широкой общественности все по своим местам. По инициативе героя обороны Москвы панфиловца Бауыржана Момышулы тогда еще молодой казахстанский журналист Какимжан Казыбаев написал первую послевоенную статью "Подвиг молодого казаха", которая в 1958 году была опубликована в газете "Лениншіл жас". После проведенных архивных исследований российская сторона документально подтвердила участие нашего земляка в историческом событии, произошедшем 30 апреля 1945 года.

Список литературы

1. «Василий Ефимович Субботин. Сборник истории». // Русский Базар. - № 19(577) 10 - 16 мая, 2007.
2. Выдержки из документов о штурме рейхстага. Берлин 30.04.1945 год.
3. Неустроев С.А. Путь к рейхстагу. - Свердловск: Средне-Уральское книжное издательство, 1986 // militera.lib.ru/memo/russian/neustroev_sa/index.html
4. Какимжан Казыбаев статья "Подвиг молодого казаха" // газета "Лениншіл жас" 1958 г.
5. «Қазақ әдебиеті» за апрель 2006 года № 26 газеты: «"The New York Times Soviet Red Banner Flies on Reichstag., May 1, 1945, p.1, 6.», «Советское знамя развевается над Рейхстагом»
6. Горбатов Б. статья // "Литературная газета" от 18 декабря 1948 года.
7. <http://go.mail.ru/redirect>
8. Указом Президента Республики Казахстан от 7 мая 1999 года ему посмертно присвоена высшая степень отличия — звание «Народный Герой».

9. Герои штурма Берлина // Фронтовик: газета. - 1945. - № 126 от 17 мая. - С. 1.
10. Знамя Победы // Последний штурм. - М.: Политиздат, 1965.
11. Зинченко Ф. М. Герои штурма рейхстага / Литературная записка Н. М. Ильяша. - 3-е изд. - М.: Воениздат, 1983. - 192 с. - (Военные мемуары). — 65 000 экз.
12. Зинченко Ф. Рукопись «Они штурмовали Рейхстаг». - 1975.
13. Минин М.П. Трудные дороги к Победе: Воспоминания ветерана Великой Отечественной войны. - Псков, 2001. - 255 с.
14. Минин М. П. Трудные дороги войны.
15. Неустроев С. Русский солдат: на пути к Рейхстагу. - Краснодар: Советская Кубань, 1997.
16. Сапрыков В.Н. Дважды победное. - М.: Московские учебники – Сидипресс, 2008.
17. Шатилов В. М. Знамя над рейхстагом. - изд. 3-е, испр. и доп. - М.: Воениздат, 1975. - 350 с., илл. - (Военные мемуары).
18. Кто брал Рейхстаг. Герои по умолчанию. - М.: Олма-Пресс, 2006.
19. Из доклада С. Переверткина на 1-й научной конференции по изучению Берлинской операции. ЦАМО, ф. 233, оп. 2356, д. 805, л. 106 - 116.
20. Николай Ямской. Знамя № 5: [арх. 9 мая 2013] // Литературная газета: - 2001. - № 17-18 (5832) 25 апреля - 1 мая.

ӘОЖ 316.75

М. К. Болат, 4-ші курс курсанты

М. Мендыбаев, оқытушы

Қазақстан Республикасы ТЖМ Көкшетау техникалық институты

АҚМОЛАЛЫҚ БАРЛАУШЫ

Рахымжан Сансызбайұлы 1920 жылы 5 мамырда Ақмола облысы Атбасар ауданының № 11 ауласында дүниеге келген. Оның ата-бабалары қазақтың арғын-Алтай-Әлке руынан шыққан. Әкесі-Сансызбай Түлкімұратұлы, анасы - Балажан Қаржаубайқызы ерте өмірден озды, сондықтан кішкентай Рахан бірнеше жыл туыстарының үйінде тұрып, Казгородқадағы балалар үйінде тәрбиеленді. Рақымжан Кішкенекөлдегі орта мектепті сәтті бітіріп, оған Қызылорда аудандық

халыққа білім беру бөлімінің латын әліпбиіне берген аттестаты дәлел. Тарихи аймақ аумағында құрылған аудан Көкшетау облысының құрамына кіреді. Шығармашыл дарынды жас жігіт ұлы Абай сияқты ақын және қазақ батыры сияқты батыл жауынгер болуды армандады:

"Егер Мен Абайдың атақты ақыны болсам! Тарғындай батыр жауларына келер болсақ!» «Вставай, страна огромная, вставай на смертный бой с фашистской силой темною, с проклятою ордой» агрессордың шабуылының алғашқы күндерінен бастап ән шырқалды-соғыс әнұранына айналған үндеу. Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды. Соғыс басталғанда Рақымжан майданға өз еркімен аттанды. Ол Ленинград майданының саяси басқармасының 234-ші майдандық қосалқы атқыштар полкінің құрамында соғысқан. Қазақ жауынгерлерінің рухы мен патриоттық сезімдерін көтеру үшін Нева қаласында 1942-1944 жылдары Р. Сансызбаев өзінің корреспонденті болған "Отанды қорғау" Қазақ газеті ашылды. Бұған Ленинград майданының саяси басқармасының 6 жылғы 1944 қарашадағы бұйрығынан үзінді дәлел, оның қоршауы үш жылға жуық уақытқа созылғаны белгілі [1].

1944 жылы қаңтарда Рахымжан Сансызбайұлы досына, белгілі жазушы Сәбит Мұқановқа жазған хатында:

"Сәбит! Әрқашан және барлық жерде: Сталинградтағы қанды шайқастар кезінде, Курск доғасындағы шайқас кезінде, бүркітті алып, Киевті азат ету кезінде-ең қиын минуттар мен сағаттарда, оқтар мен снарядтар бізге бұршақ сияқты құлаған кезде, өлім жақын жерде болған кезде, менің жолдастарымның қатарынан шығарып, Мен туралы айтқан сөздеріңізді есіме алдым. 1939 жылы мен "Әдебиет және өнер" журналында жұмыс істеген кезімде, сіздер редакция қызметкерлеріне бірнеше рет: "Рахымжанның, ежелгі батырлар сияқты, табанды да қайратты мінезі, батыл да кең болмысы бар. Оның жаны ашық. Алдында мелькают огоньки. Одан бір нәрсе шығады...». Соғыста мен бірінші рет ойладым: сабен менде қателескен... Менің Қайсым батыр? Сондықтан мен өзіме, Туған қазақстаныма жазуға лайықсыз деп санадым. Егер бұл хат үш жыл ішінде алғаш рет қазақ тілінде жазылған деп айтсам, қателеспеймін. Мен Отан алдындағы парызымды абыроймен орындаймын. Көңіл-күй көңілді, денсаулығы жақсы, мен қайғы-қасірет, аурулар мен ауруларды білмеймін. Халық даналығы "Қырық жыл – қырқыншы болса да ажалсыз қала" – "Если

человеку не дождено умерено, то он останется жив и после сорокалетнего побоища"деп бекер айтпаса керек. Мен қоршауда болдым, бірнеше рет қол шайқастарына қатыстым, бомбаның астына түстім, "Болат құбыжықпен" бір-бірлеп шықтым, бірнеше рет жараландым, қан кеттім. Бірақ қазір тірі және сау, Мен әлі де фашистермен күресемін. Тіпті кезеңдерінде ауыр жекпе-жек өткізіп, күндер және сағаттар аса қауіптілігі жоқ кешірді қорқыныш жоқ төмендегені рухы. Менің сөздерім батыл емес. Бұл таза шындық. Мүмкін менің мінезімнің белгілі бір белгілері менің өмірімді сақтайды. Өйткені, ол ән айтады: "батыл оқ қорқады, батыл мылтық алмайды". Қаламды автоматқа ауыстырғаннан бері мен барлаушымын. Үш рет парашютпен жаудың артына секірді. Бірде барлау кезінде екі немісті тұтқындады. Бұл үшін команда мені "керемет барлаушы" төсбелгісімен марапаттады және ризашылық білдірді. Осылайша менің жауынгерлік жолым басталды. Содан бері көптеген тапсырмаларды сәтті орындады. Қазір мені "батыр-қазақ", "қилы барлаушы"деп атайтынын мақтан тұтамын. Алдымен мені Қызыл Жұлдыз орденімен марапаттады. 1943 жылдың қыркүйегінде команда шұғыл түрде "тілді" талап етті (бақылау тұтқыны, міндетті түрде тірі). Барлаушылар шақырылды. Көбісі бірден іздеуге баруға ниет білдірді. Үш Гитлерді жеке басып алып, Мен оларды біздің орнымызға әкелдім. Команда мені Қызыл Ту орденімен таныстырып, офицерлер мектебіне жіберді. Қазір оқимын. Көп ұзамай лейтенант атағын алып, майданға ораламын. Бірақ мен туралы жеткілікті.

Алматыда Мен сізге жерлес, туыс, жақын адам ретінде жиі баратын едім. Мәриям мені бірнеше рет емдеді. "Бір күн дәмдес болғанға қырық күн сәлем" деген мақалды еске алып, амандықты біліп, Сізге хат жазуды мақсат көрдім. Және Қазақстандағы ақын-жазушылардың ақсақалы Сіз болған, әуені сізге сәлем беруді жөн көрдім. Жіберіңіз менің сәлем Абдильде, Жақану, Шахмету, Таиру, Альжаппару, Есмагамбету, Сейтжану, Аскару, ата-аналар, Калижану, Жұмағали, ата-аналар, Абу, Габидену және Габиту.

Қазақ тілінде кітап оқымаған. Егер бұл сізге қиындық тудырмаса, маған өзіңіздің "Балуан Шолақыңызды" жіберуіңізді сұраймын. Бұл жағдайда менің бетімді еске түсіру үшін кішкене фотосурет жіберемін. Кешіріңіз, менің қолымда жақсы фотосурет жоқ. Соғыс. Хатты мына мекенжайға жазыңыз: далалық пошта 74055 "Г", Сансызбаев Рахымжанға.

Мен өзімнің "Кім болам"деген қолжазбамды қалдырдым. Оның тағдыры қандай? Жалынды гвардиялық сәлеммен Рахымжан".

Гвардия лейтенанты Рахымжан Сансызбаевтың КСРО Қорғаныс Халық Комиссариатының "Смерш" қарсы барлау бөлімінің қызметкері екені пайым, құжаттарды тексеруге және барлық күдікті әскери және азаматтық тұлғаларды ұстауға құқылы. оның жеке қаруы бар.

1944 жылы 15 мамырда І Украина майданы әскерлер қолбасшылығы басқармасымен берілген лейтенант курсы үздік бітіргені туралы куәлік берілген.

Кезекті жауынгерлік операциялардың бірінде барлаушы және әскери қолбасшы р.Сансызбаев неміс офицерін тұтқынға алып, олжа ретінде өзінің портфелін қалдырады. Бұл былғары портфель сұр түсті, соғыс кезеңінің экспозициясының төменгі жағында ұсынылған. Рейхсфюрер армиясының офицерлерінің бірінің портфелінде құжаттар болды, сонымен бірге "Батыр-Қазақ", "ақылды барлаушы", шығармашылық тұлға ретінде екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі шығармалары, мақалалары мен фотосуреттері үшін жинақ ретінде пайдаланған шығындар кітабы болды.

Осылайша, ғасыр басындағы раритет көкшетаулық журналист және әскери барлаушы Рахымжан Сансызбаевтың өзіндік шығармашылық альбомына айналды. Кітапта 190 парақ бар және олардың барлығы дерлік толтырылған, тек соңғысын қоспағанда, ХХ ғасырдың басындағы түпнұсқа Германияның баспаханаларының бірінде жарық көрді деп айта аламыз [2].

Сол шығармашылық альбомнан үзінді - "1945 жылдың көктемінде: "Мульде өзенінде, біздің американдық одақтастарымызға қонаққа. Сәл перехватил... Бұл менің "жағымды" көрінісіме қызмет етсін. Р. Сансызбаев. Германия". Мульде өзені-Германияның Саксония-Анхальд жерінде орналасқан Требзен ауданындағы Эльба саласы. Эльбадағы аңызға айналған кездесу 1945 жылы 25 сәуірде Торғау қаласының маңында өтті, онда І Украин майданының әскерлері АҚШ – тың І армиясының әскерлерімен кездесті, нәтижесінде Германия Қарулы Күштерінің қалдықтары екіге бөлінді - Солтүстік және Оңтүстік. "Шығыс Батыспен кездесті", - деп жазды әлемдік баспасөз эльбадағы тарихи кездесу туралы, оған ержүрек батыр Рахымжан Сансызбаев қатысты [2].

Соғыстан кейін туған Көкшетау қаласына оралып, Қошқарбайдан келген Бәтима Бейсенбайқызына үйленді. Айтжан апайдың естелігі бойынша, Рақымжан ата оған аты аңызға айналған батыр Бауыржан Момышұлын еске салады: бойы биік, дене бітімі сымбатты, сырт келбеті сымбатты. Ақын ретінде ол домбырада импровизация жасап, екі тілді жетік меңгерген, проза жазған, сөз көп

қырлы тұлға болған немесе халықта айтқандай: "Сегіз қырлы бір сырлы, елдің ері болған". "Көкшетау правдасы" газетінің жабылуына дейін Рахымжан Сансызбаев "Социалистік Қазақстан" газетінің бөлім меңгерушісі және тілшісі болып жұмыс істеді. Соғыстан кейінгі жылдары қазақ шежіресін құрастырумен айналысты [3].

СССР кезінде сонау соғыс мансабында өзінің өмірін қыл үстіне қойып, қаламмен қаруды бірге ұстап, өзінің ерлігімен және шығармашылық мұрасымен өз халқының тарихында өшпес із қалдырған қазақ зиялылары бар және аз емес екенін, біздің өңірімізден шыққанын ұмытпаған жөн.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстандық Кеңес Одағының Батырлары (Энциклопедиялық жинақ).
2. Республикалық қоғамдық-саяси журнал «МЫСЛЬ» // <http://mysl.kazgazeta.kz/news/6151>
3. «Қалайша батыр демейсің» // https://el.kz/news/archive/batyrlar-a-molaly-_ardagerler/

УДК 378(075.8)

*А. С. Булат, преподаватель кафедры
Пожарно-спасательной и физической подготовки
Кокшетауский технический институт МЧС Республики Казахстан*

ПАТРИОТИЗМ ГЛАЗАМИ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ

Патриотизм - преданность и любовь к своему отечеству, своему народу и готовность к любым жертвам и подвигам во имя интересов своей Родины. В наше время патриотизм народа отражается по большей части только в любви к родине, а точнее симпатии к ней. Мы живем в мирное время, наше страна независима и суверенна, это прекрасно и огромное счастье для любого народа!

Но какой же ценной нам далась эта независимость?

Ценною жизнью и бессмертных подвигов наших предков, защитивших свои земли от нашествия Джунгар, ценою огромных жертв и потерь великой отечественной войны с фашистскими захватчиками, ценою судеб, молодости, здоровья и жизни самоотверженной молодежи,

которые в 1986 году вышли на площадь Республики г. Алматы совершив тем самым отчаянный подвиг во имя интересов своей Родины.

Моим кумиром, вобравшим в себя все те качества которые я считаю воплощением истинного патриотизма, является заслуженный деятель науки Казахской ССР, герой советского союза Малик Габдуллин.

Я уроженец Зерендинского района Акмолинской области, учился в Зерендинской казахской средней школе имени Малика Габдуллина и с детства знаком с его биографией, и даже был в доме, в котором родился Малик, ставшем впоследствии музеем в родном селе Койсалган. С детства нам рассказывали о его героических подвигах во время Великой Отечественной Войны.

Малик Габдуллин является участником битвы под Москвой в составе легендарной 316 стрелковой дивизии, которая впоследствии была переименована и так же известна своим великим подвигом как 8-я гвардейская стрелковая ордена Ленина, Краснознамённая, ордена Суворова дивизия имени Героя Советского Союза генерал-майора И. В. Панфилова [1].

В январе-марте 1942 года в боях под городом Холм, Новгородской области, Габдуллин руководил группой солдат, которые в сражении с преобладающими силами фашистов гранатами подбили 2 танка, уничтожили большое число пехоты и 12 взяли в плен. Габдуллин был ранен в бою, но не покинул поле боя. За этот подвиг старшему политруку Малику Габдуллину Указом Президиума Верховного Совета СССР от 30 января 1943 года было присвоено звание Героя Советского Союза с вручением ордена Ленина и медали «Золотая Звезда» [2].

Так же наш герой Малик Габдуллин После войны занимался научно-педагогической деятельностью, работал директором Института литературы и языкознания АН Казахской ССР (1946—1951), ректором КазПИ имени Абая (1953—1963), заведующим отделом фольклора Института литературы и искусства имени М. О. Ауэзова АН Казахской ССР (1963—1973). Основная тема исследований Малика Габдуллина — героический эпос, народные песни, айтысы, сказки, пословицы и поговорки казахского народа [3]. Исходя из этого, можно подчеркнуть то, что Малик Габдуллин внес всесторонний вклад в свободу и духовное развитие, научное просвещение казахского народа и служил во благо государства и его народа. Что и является главной идеей патриотизма.

Задача нынешней молодежи помнить яркие примеры патриотизма и преданности своей Родине и ее народу, служить на благо государства всеми доступными для них способами, так как патриотизм это не обязательно готовность к любым жертвам, но готовность к любым

действиям. Есть ведь в жизни моменты, когда нужно чем то жертвовать и есть ситуации, когда нужно действовать, ведь бездействие и инертное, безразличное поведение может нанести больший вред, нежели отчаянные действия. Своими действиями мы должны побуждать и других соотечественников к благим действиям. Это может отражаться в охране окружающей среды и природы в целом, ведь не только люди, но и государство в целом, язык и традиции являются объектом патриотизма, а так же и литература, природа, произведения искусства и все что есть в нашем роде. Патриотизм в моем понимании это полная самоотдача родине во всех ее аспектах и проявлениях!

Список литературы

1. https://ru.wikipedia.org/wiki/8-я_гвардейская_стрелковая_дивизия
2. http://www.warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=1489
4. Алма-Ата. Энциклопедия / Гл. редактор Козыбаев М. К. - Гл. ред. Казахской Советской энциклопедии. - Алма-Ата, 1963.

ОӘЖ 02.41.21

*Ғ. Т. Ғабдоллақызы, оқытушы
Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбаек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясы*

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ЖӘНЕ ПАТРИОТТЫ ҰЛТТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІГІ

Интеллектуалды, патриотты ұлтты қалыптастыру міндеті өте маңызды және тереңірек ұғынуды қажет етеді, себебі Қазақстанның бәсекеге қабілетті экономикасын құру, әлемнің бәсекеге қабілетті дамыған 30 елінің қатарына Қазақстанның енуі үшін негізгі бағдар болып саналады. Елбасының бағдарламалық еңбектерінде көрсетілгендей, білім жүйесін инновациялық технологиялармен жабдықтау, білімнің халықаралық стандартын меңгеру, сапалы білім беруге қол жеткізу, қоғам сұранысына жауап беретін білікті маман, интеллектуалды дамыған, шығармашылықпен жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының кәсіпкер азаматтарын даярлау отандық білім саясатының негізгі ұстанымын айқындайды. «Қазақ елі - Мәңгілік

ел» идеясы интеллектуалды ұлтты қалыптастыру ұлттық жобасымен, ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастырумен тікелей байланысты. «Интеллектуалды ұлт-2020» жобасында Елбасының бүкіл халықтың алдына қойған негізгі идеясы экономиканы дамыту, халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру, рухы жоғары білімді тұлғаны қалыптастыру арқылы қоғамды дамытуды көздейді. Бүгінгі қоғамның алдында рухы күшті тұлға, халық, қуатты мемлекетті қалыптастыру мәселесі тұр. Осы тұрғыда тұлғаны қалыптастыруда үздіксіз білім беру жүйесінің, бәсекеге қабілетті интеллектуалды тұлға қалыптастыруда ұстаздың орны ерекше [1].

Өскелең ұрпақтың, әсіресе, жас өрендердің өз еліне, туған халқының тарихына деген қызығушылығы ана тіліне деген сүйіспеншіліктен басталуы тиіс. Тұтас аумағына бірнеше мемлекет сыйып кететін ұлан-байтақ жеріміздің сан ғасырлық тарихы да, қазақ жерін қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай «Найзаның ұшымен, білектің күшімен» қорғай білген ата-бабаларымыздың ерлігі мен батырлығы да осы ана тіліміз арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткен, ұлы мұраға айналды.

Бұл турасында қазақтың көрнекті қоғам қайраткері және жазушысы Жүсіпбек Аймауытов: «Ана тілі - халық болып жасағаннан бергі оның жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін мәңгі құламайтын бәйтерегі. Жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы жанның барлық толқындарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын қазынасы сол халықтың тілі» [2], – деген болатын. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Н. Ә. Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады», дей келіп, «Тіл Қазақстан халқын біріктіруші болуға тиіс. Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл – өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет», — деген ашық ұстаным айтты. Иә, әрбір халықтың бақыт шекарасын айқындайтын өлшемдер бар десек, оның ең біріншісі – тілі, екіншісі – асыл діні, үшіншісі – ғасырларға созылған тарихы.

Патриоттық құндылық дегеніміздің өзі — елі мен туған жерін, Отанын сүю, мемлекеттің тәуелсіздігі мен бейбітшілігін, әлемдік тыныштықты сақтау үшін күресу, өзінің ана тілін, ділін, салт-дәстүрін бүгінгі заман талабына сай ұлттық мүдде негізінде жетілдіру, қоғамдағы

ізгілік қарым-қатынасты, табиғат пен адам арасындағы мейрімділікті, ұлтаралық мәдениетті дамыту. Ал қазақстандық патриотизм — қазақстанды мекендейтін барлық ұлт пен ұлыстардың, халықтардың Қазақстан мемлекетінің әлемдік биіктен көрінуі үшін білім, мәдениет, экономика, әлеуметтік тұрғыда дамуына жағдай жасай отырып, еліміздегі бейбітшілік, бірлік пен тәуелсіздікті сақтау үшін барлық күш жігерін жұмсауы.

Қазақстандық патриотизм – бүкіл қазақстандықтарды жасампаз еңбекке шақыру, береке-бірлікті, баянды ынтымақты орнықтыру. Отансүйгіштік рух - тәуелсіз еліміздің әлемдік өркениет көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орнын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір күш. Төл тарихы, мәдениеті мен өнері, экономикалық қуаты жоқ ел басқаларға да қызықсыз. Ал оларды кең таныту үшін алдымен өз қадір-қасиетінді өзің жақсы білуің, мақтаныш ете алуың керек. Әр адам ата-бабаларымыз негізін салып кеткен игі дәстүрлерді мақтан ете отырып, өз ұлтын терең сүю арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеуге тиіс. Саналы азамат болып қоғамға пайда келтіру, білім мен тәрбие алу, ата-ананы сыйлау және қартайған шағында оларға қамқорлық жасау әрбір жасөспірімнің парызы болып саналады. Ал ұлттық парыз – Отанға деген сүйіспеншілік, сыртқы жаулардан елін, жерін аман сақтап қалу, ата-баба дәстүріне өте сезімталдықпен қарау. «Парыз — ақыл-ой, сезім, ерік-жігер, ар-ождан, абырой, әділдік, шындық, сүйіспеншілік сияқты қасиеттерді қамтиды.

Қазіргі таңдағы басты мақсат – қоғамның рухани деңгейін көтеру үшін адамгершілікке тән қасиеттерге жетелейтін, әділдікті, шындықты, адалдықты ардақтайтын, елін, халқын сүюге тәрбиелейтін, басқа ұлт өкілдеріне құрметпен қарайтын, ең жақсы әдеп-ғұрыптар мен құндылықтарды игерген, сауатты әрі парасатты жастарды тәрбиелеу.

Жалпы адамның даму процесі бұл қасиетті туғаннан бастап бойына сіңіреді. Отбасындағы тәрбие, оқу мен еңбек ұжымы, өмірдің өнегелік тәжірибесі, партиялық және түрлі қоғамдық ұйымдар, діни орталықтар отансүйгіштік сезімге ықпал етеді. Биологиялық емес бірте-бірте сіңісетін қасиет, яғни рухани-психологиялық және саяси-әлеуметтік құбылыс. Қазақстан секілді көпұлтты және көпконфессиялы мемлекеттегі жастар патриотизмінің діттегені – Отан үшін ұлтына, жынысына, нәсіліне қарамай елді біріктіру, оны қастерлеу мен ардақтауға тәрбиелеу, өз халқының мақсат-мүддесін қорғау. Ал бұл ойымызды көпұлтты Қазақстанға арнап айтсақ, онда ортақ Отанымыздың тағдырына арналған сүйіспеншілік сезімін ерекше бағалаймыз. Әрине, патриотизмді әрбір азамат өзінше бағалайды. Біреулер өз ұлтының жауларын іздеп әуре болса, ал бәз біреулер халқын

кім жақсы көреді немесе ұнатпайды деген пікірлермен әуестенеді. Өмірде мұның бәрі бекершілік. Сондықтан осы проблеманың белгілі маманы, профессор Әмзе Қалмырзаевтың патриоттың тынысы халықтарды жақындастыруға ұмтылудан басталуы керек деуі өте орынды пікір.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан патриоты журналы. - 2008. - № 4 (65).
2. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық // Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса. - Алматы: «Аң арыс» баспасы, 2009.
3. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө. Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 б.

ӘОЖ 355.018

*А. К. Есмакова, Бурабай ауданы білім бөлімінің
«Щучинск қаласының № 11 мектеп-лицейі»
мемлекеттік коммуналдық мекемесі*

«QAZAQGEOGRAPHY» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ БЕЛСЕНДІ МҮШЕСІ

«Жеңіс туын тіккен ақмолалық Рақымжан...»

Екінші дүниежүзілік соғыста Отан үшін аянбай айқасса да, аты аталмай ерлігі мойындалмаған батырлар көп болды. Солардың бірі қанды қырғын майданда фашистерге тойтарыс берген, сұм соғыстың нүктесін қойған, Берлиндегі Рейхстагқа Жеңіс туын тіккен қазақ азаматы ақмолалық Рақымжан Қошқарбаев еді. Әйтсе де, Берлин шабуылының қаһарманы, Рейхстагқа ту тіккен Ұлы Отан Соғысының батыры Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігі 62 жылдан соң ғана мойындалды. Туды тігу үшін басын бәйгеге тікті, қауіпке қарамады, зулаған оқты елемеді. Оның ерлігі ешқашан ұмытылмайды.

Рақымжан Қошқарбаев 1924 жылы 19 қазанда *Ақмола облысы Қырыққұдық ауылында* дүниеге келген. Бірақ, саналы ғұмыры қазіргі Астана қаласының іргесіндегі Тайтөбе ауылында өтті. Бала Рақымжан ана мейіріміне қанып өспеді. Ол әлі де еркелеп жүретін төрт жасында анасын жер қойнына тапсырды. Балалық шағының ең ауыр кезеңінде

ойын баласы ауыр қайғыны жұдырықтай жүрегімен сезді. Сезді де есейді. Әкесіне қолғабыс еткісі келді. Ал әкесі баласына жетімдіктің ащы дәмін көрсетпеуге тырысып бақты. Барынша бала көңілін аулаумен болды. Дегенмен, әкелік жылылықты да бала Рақымжан көп көрмеді. Күздің қара суық күндерінің бірі бір-біріне сүйеніш болған әке мен бала шүйіркелесіп отыр еді, бұл тыныштықты тарсылдаған есік даусы бұзды. Беймезгіл уақытта ентелеп келген қара киімділер оның жалғыз тірегін – әкесін алып кетуге келіпті. Бұл жандайшаптар баланың әкесін ғана алып кетпеді, олар Рақымжанның балалық шағын да біржолата ұрлады. Адамға деген сенімін сөндірді, ертеңгі күнге деген үміт отын «жалп» еткізіп өшірді [1].

Бала Рақымжанның әкесін «Халық жауы» деген желеумен қамап тастады. Онымен қоса, әкесінің өзге де үш бірдей бауырын дәлі осындай жаламен жер аударды. Әулетте бас көтерер азамат қалмады. Ал, Рақымжанның маңдайына «халық жауының баласы» деген жаманат таңба болып басылды. Бұл енді ғана оң-солын тани бастаған Рақымжан үшін ауыр соққы еді. Бұдан бала есеңгіреп қалады. Сөйтіп, жазғыз қалған бала туыстарының үйінде тұрады. Бірақ, ол тыныш өмірден мүлдем айырылады. «Халық жауының баласы» деп оны туыс-бауырларымен қоса ең ауыр еңбекке жегіп, содан оқу жайына қалады.

«Қысым көп болған. Көпшіліктің баласына тиіспей, тек әкелерін алып кеткен біздің әулеттің балаларына оқу оқытпай, қайда болса сонда жұмсай берген. Балалардың бәрін күзде масаққа, қыста шөпке алып кетіп жатты. Сонда Рақымжан аға «бұлар менің әкемді, туыстарымды алып кетті. Мен енді оларға көнбеймін. Мен мына балаларды алып, интернатқа кетемін» депті», - дейді Рақымжан Қошқарбаевтың немере қарындасы Рымжан Мұсабекқызы.

Бала Рақымжанның бар ойы жетімдер үйін паналау, сол жерде тиісті білім алу. Білімсіз күні қараң екенін ол сәби жүрегімен сезді. Білімге ұмтылды. Бірақ, ол жердегілер «сен ғана жетім болып жүрген жоқсың» деп баланы қабылдамай, жылатады.

Бала Рақымжанды жылатқан ыза. Ол анасынан айырылған тағдырға ызалы. Әкесін қамаған билікке ызалы. Өзін таңнан қара кешке дейін жұмысқа құлша жеккен шолақ белсенділерге ызалы. Енді, міне қызыл жағалыға ызалы. Шарасыз бала. Барар жер, басар тауы жоқ мұндай әділетсіздік Рақымжанның өмірінде әлі талай болады. Бірақ, қара бұлттың өзінен кейде жылт етіп күн шығады.

«Тайтөбе балалар үйі», «Сәдуов». Бала Рақымжанның ар қарайғы тағдыры осы екі сөзбен тығыз байланысты болды. Сәдуов интернат директоры Рақымжанға да, интернетта тәрбиеленген өзге де балаларға әкелік мейірімді осы кісі береді.

Ашуды ақылға жеңдіру, сабыр сақтау – мұның барлығын Рақымжанға өмір мектебі үйретті. Ол өте зерек болды. Кітапқа деген махаббаты да осы интернатта жүргенде ашылды. Интернатта білім тоқыған Рақымжан бозбала шағында Балқашқа Фабрика-зауыт училищесіне аттанады. Күндіз білім, кешке өндіріс, әрі оқу әрі жұмыс істеді. Балқашта Рақымжан Қошқарбаев қоғамдық жұмысқа көп араласатын өнерлі шәкірттердің бірі болды. Бірде мандалина тартып жұртты үйіріп, бірде мұз бетінде ұршықша иіріліп коньки тепті. «Ол үнемі бірінші болды. Қауіп төнгенде ойланбастан бұзып жарар әрекет ететін. Осындай ерекшеліктері оны батыр етті. Ерлік жасауға итермеледі. Ол әділетсіздікпен күресті. Мұндай кезде ол тіпті шыдамсыз болып кетеді екен», - дейді Рақымжан Қошқарбаевтың немересі Дәурен Қошқарбаев [2].

Дәл осы қасиеттері Рақымжан Қошқарбаевты соғыс алаңдарында да талай қауіпті сынақтарға сүйреледі. Соғыс туралы суық хабарды Рақымжан Тайтөбеде шөп шауып жүрген кезде естиді. Бұл жайсыз жаңалық оны бейжай қалдырмады. Бұл кезде ол небәрі 17 жаста еді. Сол жастығына қарамастан ол соғысқа сұранады. Ауылға бірінен соң бірі келіп жатқан қара қағаз да, одан жоқтау айтып, қара жамылған қыз-келіншек, аналарды көру оған қатты ауыр болды. Бірақ, оның жасы ұрыс даласына аттануға жетпеді. Сондықтан, ол Фрунзе бүгінгі Бішкек қаласына әскери дайындық мектебіне оқуға келеді. Өміріндегі ең бақытты кезең де, осы кезде болады. Себебі, айдалып кеткен әкесі баласын іздеп табады. Әкесін көріп, мауқын басқан Рақымжан майданға аттанады. 42 күн дегенде Рақымжан отырған пойыз Мәскеу, Киев, Минскіні артта қалдырып, Варшаваның маңайындағы орманға келіп тоқтайды. Осы жерде оның әскери міндеті анықталады. Оны 674 полктің бірінші батальонына қарайтын 4-ші ротаның екінші взвод командирі етіп бекітеді.

Фрунзедегі жаттығу баланың ойынындай болып қалды. Қан майданда қарша бораған оқ пен қып-қызыл оттың ортасында адам өмірінің шыбын құрлы құны жоқ. Жауынгерлер қырылып, қан суша ағып жатыр. Бәрі көз алдында. Зеңбіректің дүрсілі, ұшақтың гүріліне де құлағы үйренді. Рақымжан Қошқарбаев Польша астанасының маңындағы ұрыста тұңғыш рет соғысқа кірді. Одан кейін шынайы демеу Вечвинзедегі ұрыстарда ерекше қайсарлығымен көзге түсіп, бірінші дәрежелі Отан соғысы орденін кеудесіне тағады.

«Рақымжан балалар үйінде өскен. Сондықтан, ол әскери өмірге кішкене ширақтау, пысығырақ болды», - дейді Рақымжан Қошқарбаевтың майдандас досы Жанша Жанасов. Ол Рақымжан Қошқарбаевпен бірге Фрунзеде оқып, майданға да бірге келген.

1946 жылдың 16 сәуірінде Рақымжан Қошқарбаев басқарған взводы бар капитан Твердахлев батальоны Гросной Индорф ауданындағы Одерге алғашқылардың бірі болып лап қояды. 20 сәуірде Рақымжан мен оның қаруластары Прецель елді-мекенін фашистерден тазартады. Келесі күні әлсірегеніне қарамастан, қазақ батыры басқарған взвод Берлин іргесіндегі Карф қаласын алады. Осы шайқаста жау оғы Рақымжан Қошқарбаевтың оң қабағын жырып өтеді. Басына жарақат түседі. Мұны көрген комбат Твердахлев «мұндай оқ өтпейтін баспен әлі 100 жасайсың» деп қалжыңдапты. Мұны естіген қарулас достары Қошқарбаевты «оқ өтпес» деп атап кетеді. Оқ өтпестігі оны жаудың жүрегі Рейхстагқа дейін ешбір жарақатсыз жеткізді, ту тіккізді.

«Берлиннің ең ортасы – Рейхстаг. Корольдік алаңда тұрған Рейхстагты алу керек болды. Оған келгенде немістер бар күшін салып, ештеңе аямай аспаннан да, артеллериямен де жуытпай қойды. Таятпайды, кіргізбейді. Бір нәрсе қылт етсе, атып түсіреді. Сонда бізге басқаратын бір офицерді дайындап, Рейхстагха жалаумен бару керек», - дейді Қошқарбаевтың майдандас досы Жанша Жанасов.

350 метр жер алыс болмағанымен, бірақ бұл Рақымжан үшін өміріндегі ең ұзақ, шегіне жеткізбейтін ауыр жол болды. Қасында қызыл әскер Григорий Болатов бар. Ал, тігер ту қойнында, мықтап байланған. Екеуі де жер бауырлап жылжыды. Корольдік алаң ашық жер болғандықтан, одан өту өте қиын болды. Жерден де, аспаннан да, қолдан да оқ атқылап жатты. Сонда жауынгерлер ретін тауып еңбектеп, әр жерді тасалап жетуге тырысты. Бірақ, көбі Рейхстагқа жете алмай көз жұмды. Тек қойнында тігу керек ту болған қазақ азаматы мен қызыл әскер жауынгері ғана аман жете алды.

Гитлер үйінен шыққан қос батырдың табаны Рейхстагқа жеті жарым сағаттың ішінде әрең тиеді. Қойнындағы ораулы туды Рақымжан Қошқарбаев суырып алып, шетіне өзінің және Болатовтың атын жазып қалдырады. Себебі, "өлім мен өмір арпалысқан тұста ішімізге жұтқан ауаның өзіне де ажал сіңіп кеткендей болды" деп еске алады батыр. Осылайша, қазақ батыры ең алғашқы болып, Рейхстаг қабырғасына қызыл туды қадайды.

«Сол кезде жақын жерде тұрған әскерлер «Ура, біздікілер Рейхстагқа жетіп қойыпты» деп жан-жақтан дап беріп, Рейхстагқа келіп құлатты. Осылайша, Рейхстагты алды. Сонымен, Рейхстаг 30 сәуірде 18:30-да кеңес әскерінің қолына көшті», - дейді Қошқарбаевтың майдандас досы Жанша Жанасов. Сөзсіз ерлік, сұп-сұр ғимаратта жарқыраған алқызыл туды ең алдымен 756-шы атқыштар полкі командирі Соколовский көреді. Оның қасында кабель катушкасын сүйреткен телефонист болатын. Майор қос батырдың аты-жөнін

сұратып, рация арқылы штабқа хабарлайды. Бұл 1945 жылдың 30 сәуірі болатын. Қазақ батырының ерлігін сол кезде барлық майдан газеттері жарыса жазды.

2014 жылы КСРО Қорғаныс министрлігінің орталық мұрағатынан алынған құжаттардағы деректерге сүйене отырып, сол кездегі мәдениет және ақпарат министрі Мұхтар «Егемен Қазақстан» газетінің 2014 жылғы 10 қазанындағы санында «Жаужүрек» мақаласын жариялайды. Онда еш жерде жарық көрмеген құнды құжат жарияланды. Ол құжаттарда «Лейтенант Қошқарбаев және Қызыл армия жауынгері Болатов 18: 30-да Рейхстагқа ту тікті», - делінген.

Мұның барлығы Қошқарбаев ерлігін сөзсіз дәлелдейтін құнды құжаттар. Дегенмен де, бұл мұрағат материалдарында осы күнге дейін жан баласына берілмейтін құпия да сақталған. Қазақтаннан шыққан сарбазды батыр деп мойындағысы келмеді. Бертінге дейін Рейхстагқа туды Контария мен Егоров тікті деп тарихқа жазылып келді. Олардың ту тіккені рас. Бірақ, сәл кешірек [3].

«7-8 мамырда неміс әскерінің әлсірегені, Берлиннің тізе бүгетіні белгілі болғаннан кейін, соның бір көрінісін символикалық тұрғыдан көрсету керек болғанда Контария шыққан секілді», - дейді мемлекет тарихы институты директорының орынбасары Амангелді Қашқынбаев.

Осылайша, нағыз батырлар есімі санадан да, тарихтан да әдейілеп өшіріле берді. Дегенмен, Рақымжан батырмын деп кеуде соқпады. Ту тіккенін жария етіп, ешкімге айтпады. Соғыстан кейін ол елге, Ақмолаға оралды. Ал, соғыстан кейінгі ауыл өмірі жадау еді. Елдің бәрі жан бағудың қамымен жүрді. Сонда Рақымжан да бірден жұмысқа араласты. Сөйтіп, көп ұзамай Гүлжихан есімді бойжеткенді ұнатады. Рақымжан өте келбетті, батыр тұлғалы жігіт болғандықтан, қыз да ел мақтаған жігіттің етегінен ұстап, кете барды.

Үйлене салысымен ерлі-зайыптылар Мойынтөс теміржол құрылысына жұмысқа келеді. Саршаған станциясында тұрады. Онда жас отбасына үй береді. Жұмыс беріп жағдайлары түзеледі. Бірақ, бұл бақытты күндері ұзаққа бармайды. Аяғы ауыр Гүлжихан баланы босану үстінде көз жұмады. Ал, Рақымжан кішкентай шақалақпен жалғыз қалады. Ол ұл бала еді. Бірақ, сәбидің де күндері санаулы екен. Батырдың тұңғышы 6 айлық кезінде шетінеп кетті. Сонда өмірде көп қиындық көрген таудай тұлға бір сәтте шөгіп қалады. Тағдырына налиды. Меңзең күй кешеді.

Кейін Алматыда қалалық коммуналдық шаруашылық мекемесінде түрлі жұмыстар істеп, жаңа өмірін бастауға тырысады. Бұл жерде де өзін батырмын деп, еш бұлдамайды. Қарапайым жұмысшы болып жүреді. 1953 жылы соғысқа қатысқан запастағы офицерлердің

барлығын жинап алып, орталық комитеттің әкімшілік бөлімі ерекше тапсырма береді. Яғни, олар Қытайға көшіп кеткен қандастарды елге қайтару процесін үйлестіретін болады. Мақсат – соғыстан әлсіреген жұмыс ресурсын жандандыру еді. Бұл іс Рақымжан Қошқарбаевтың көңілінен шығады. Ол бұл жұмысқа білек түрініп кіріседі. Жаркент қаласында қоныстандыру штабының жұмысын 3 жыл бойы өзі үйлестіріп, талай қытай асқан қаракөздердің елге оралып, орналасуына, құжаттарын реттеп жұмыс табуына жәрдемдеседі. Ал, осы уақытқа дейін оның батыр екенін жақындарынан басқа көп біле бермейді.

Рейхстагқа ту тіккен қазақ батыры атақ сұрамады. Бұхара халық та батырын білмеді. Бауыржан Момышұлы араласып, Рақымжан Қошқарбаев тағдырын жаңадан бастап бермегенде, бұл жағдай осылай жалғаса берер ме еді, кім білсін...

«Рақымжанның кім екенін білесің бе? Ол Рейхстагқа ту тіккен жігіт. Бүгін ол маған сәлем беруге келді. Рейхстагқа ту тігердегі соғыс – ол тозақ. Тозақ оты. Сол тозақта Рақымжан болып, одан аман шығып, Рейхстагтың қақ маңдайына жеңіс жалауын қадады», - деді Бауыржан Момышұлы.

Сол күннен бастап Рақымжанның өмірбаяны отпен жазылды. Осылай деген батыр Бауыржан журналист Кәкімжан Қазыбаевқа мықтап тапсырма береді. Сол сәттен бастап зерттеулер басталып, алғашқы мақалалар да жарық көре бастайды. 1958 жылдың 21 ақпанында «Лениншіл жас» газетіне Рейхстагқа ту тіккен қазақ очеркі шығады. Бұны көрген ел дүр сілкінеді.

Бұл кезде Рақымжан Қошқарбаев Рәхила есімді бойжеткенді ұнатып, отбасын құрған еді. Олар екеуі де Ақмола облысының тумасы. Екеуі де соғыстан кейінгі жылдары Алматыда тұрған. Тіпті, екеуі көрші болған. Рәхила оқыған, ғылым жолын қуған қыз еді. Ал, Рақымжанның 9 сыныптық қана білімі болды. Рәхила – сабырқы, салмақты, көп сөйлемейтін, ал Рақымжан керісінше, отырған ортасын күлдіріп, өлең айтып, тойларды басқарып жүрген көпшіл, аңқылдаған азамат.

Батырды жоғары деңгейде таныту, мойындату процесін Бауыржан Момышұлы өз қадағалауына алады. Жеңістің 20 жылдығына орай, Қошқарбаевты кеңестер одағының батыры атағына ұсыну жұмысын бастайды. Бар қажетті материалды журналист Кәкімжан Қазыбаев жинақтап, тиісті жерге жеткізеді.

«Бірақ Мәскеу үндемейді. Неге десеңіз қимайды. Рақымжанды мойындады. Алайда, мойындап тұрса да ол атақты бермеді. Себебі, халық жауының баласы болғандықтан бермеген екен. Олардың бір сылтауы сол», - дейді ҚР еңбек сіңірген қайраткері Кәкімжан Қазыбаевтың зайыбы Орынша Қарабалина-Қазыбаева.

Мәскеу мойындамаса да елі, қазағы оны батыр деп танып, біле бастайды. Батыр деп құрметтейді. Ал, Рақымжан Қошқарбаевтың жанында бірге жүріп, ту тіккен Григорий Болатовты өз отандастары мойындамады. Ақырында оны «Гришка Рейхстаг» деп келекете бастады. Мұндайды көтере алмаған Болатов өзіне қол жұмсауға дейін барады. Бірақ, ондай өлімнен оны ешкім арашалап алып қалмады. Дегенмен, одан кейін Григорий ел қатарлы өмір сүріп кете алмады. Ішкілікке салынып, ақырында жұмбақ өліммен көз жұмады.

Ал, Рақымжан Қошқарбаевты ел біліп, тіпті жан-жақтан арнайы іздеп келушілер көбейді. Бұл кезде ол қалалық моншаны басқаратын. Бауыржан Момышұлы Рақымжан Қошқарбаевты іздеушілер көбейген сайын қазақ батырының моншада жүргеніне ұялып, қызметін өсіру туралы мәселе көтереді. Сөйтіп, көп ұзамай қазақ батыры «Алматы» қонақүйінің директоры болып шыға келеді.

«Алматы қонақүйінің құрылысынан, сонау 1962 жылдан бастап менің атам осы істің басы-қасында болды. 1967 жылы ол зәулім ғимараттың тұңғыш директоры болды. Сөйтіп, 20 жылдан астам уақыт бойы осы жерді өзі басқарды», - дейді батырдың немересі Дәурен Қошқарбаев.

«Алматы» қонақүйіне ол жанын берді. Тазалықты, сұлулықты жақсы көретін ол жиһаз, ыдыстарына дейін өзі таңдап, қонақүйді барынша қолайлы, әрі көркем етуге тырысты. Ұжымды үйістіріп, қызметкерлерін де көтеріп отырды.

«Менің балалық шағым Алматыдағы Достық көшесі, 42 үйде өтті. Менің атамның осы жерде тұрғандығы жайлы мемориалды тақта орнатылған. Атам 1988 жылы дүниеден озды. Ал, мен бір жылдан кейін, 1989 жылы дүниеге келдім. Мен кішкентай кезімде атамның қандай ерлік жасағанын толық түсінбесем де, батыр атаммен мақтанатынымын», - дейді батырдың немересі.

Ол қонақүйді басқарып қана қоймай, сол жерде тұрақтаған өнер адамдарының жоғын жоқтады. Кез-келген мұқтаж жанға шапағатын тигізді. Өмірі тыныш осылай өтіп жатты. Ал, Бауыржан Момышұлының бастамасымен Кәкімжан Қазыбаев, одан Жанболат Ауыппаевтар батырға тиісті атақты алып беру мақсатында тоқтаусыз еңбек етіп, материалдар жинақтап, билікке жеткізіп отырды. Жеңістің 25, 30, 35, 40 жылдығына Мәскеуге қайта-қайта өтініш жазды. Бірақ, жазылған хат қараусыз, айтылған сөз жауапсыз қала берді. Бұл процеске тоқтауды Брежнев қойды. Алматыға сапарлап келген Брежневке қалың жұртшылықтың өтінішін Қонаев жеткізген еді.

«Қонаев өз аузымен Қошқарбаевты айтты. Қонаевтың аузымен Рейхстагқа ту тіккен Қошқарбаевтың атағы жоқ екендігі, Бауыржан

Момышұлының атағы жоқ екендігі айтылды. Бірақ, Брежнев тарихты қайтадан қарамайық деді», - дейді ҚР еңбек сіңірген қайраткері Кәкімжан Қазыбаевтың зайыбы Орынша Қарабалина-Қазыбаева.

Дегенмен, Кәкімжан Қазыбаев зерттеуін тоқтатпады. Ол күндердің күнінде батыр тиісті деңгейде мойындаларына сенді. Бірақ, осы атақты Рақымжан Қошқарбаев көзі тірісінде алмады. Ол 64 жасында, 1988 жылы дүниеден өтеді. Мұның алдында ол Кәкімжан Қазыбаевқа өзін көзі тірісінде саясында жүрген Бауыржан Момышұлының қасына жерлеуін өтінеді. Бүгінде қос батыр қатар жатыр.

Бір жылдан соң, Рақымжан Қошқарбаев өмірін зерттеген Кәкімжан Қазыбаев та дүниеден өтеді. Бірақ, дәмі таусыларын сезді ме, ол 7 ай бұрын шәкірті Жанболат Ауыппаевқа бар жиған архив материалдарын табыстайды. Бұған дейін де батырдың өміріне қанық Жанболат Ауыппаев үлкен аманатты арқалап, алып қалды.

Ауыппаев реті келгенде Қошқарбаев туралы мақалалар жазып, халықтың пікірін оята береді. Ал, газеттің 1999 жылғы санында «Халық ала алмаған қамал» деп, көлемді мақала береді. Халық қайта дүр ете түседі. Жан-жақтан хаттар ағылады. Бәрі әділеттің орнауын талап етеді. Ел тәуелсіздігін алған кез. Сол кездегі мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбаев Ауыппаевтан Қошқарбаев туралы бар материалдарды сұратады. Бұл кезде қазақ батырын Халық қаһарманы атағына ұсынып жатқан болатын.

Көп ұзамай, ҚР тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Рақымжан Қошқарбаевқа Халық қаһарманы атағын беру туралы жарлығы жарияланды. Бұл ақ түйенің қарны жарылған күн болды. Қазақ батырының ерлігі осылайша ұлықталды.

Бүгінгі таңда Рақымжан Қошқарбаевқа қатысты мұрағат құжаттары ашылып, Берлин операциясы туралы толыққанды ақпарат тарих беттерін толықтыра бастады. Қошқарбаев есімі көше, мектеп, ауылдарға беріле бастады. Ал Нұр-Сұлтанның орталық көшелерінің біріне батырдың есімі берілді.

Әдебиеттер тізімі

1. Теңізбай Үсенбаев. Қазақ шежіресі. 2 том. Орта жүз-жан арыс.
2. “Балалар Энциклопедиясы”, V-том.
3. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. // Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы: “Алматыкітап баспасы”, 2009. ISBN 978-601-01-0268-2.

Ж. Г. Жанмолдин, жедел-тактикалық пәндер кафедрасының оқытушысы
Н. Ж. Байжиенов, жедел-тактикалық пәндер кафедрасының аға
оқытушысы

Қазақстан Республикасы ТЖМ Көкшетау техникалық институты

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДА

1991 жылғы тамыз төңкерісі. 1991 жылы сәуір-мамыр айларында (Новоогоровте) (президенттің резиденцияси) М.С. Горбачев тоғыз одақтас республикалардың басшыларымен келісім жүргізді. Бұл келісімде жаңа одақтық шарт туралы мәселе көтерілді. Келесімге қатысушылардың барлығы жаңарған Одақ жөніндегі шартты қолдады. Шарта Суверенді Мемлекеттердің Одағын құру көзделді. Сонымен қатар, өкімет органдарын және басқару құрылымын, жана Конституцияны қабылдау, сайлау жүйесін өзгерту белгіленді. Шартқа қол қою мерзімі 20 тамыз 1991 жыл белгіленді.

Жаңа одақтық шарттың жобасын жариялау және талқылау қоғамда жікке бөлінушілікті тереңдетті М.С. Горбачёвті жақтаушылар бұл құжатта қарама - қарсылықтың деңгейін төмендету және елде азамат соғысының болуы қауіпінен құтқару мүмкіндігін көрді. 1991 жылы 19 тамызда КСРО үкіметінің жоғары билігіндегі аз ғана топ КСРО Президенті М.С. Горбачовтің денсаулығына байлынысты қызыметінен босатып, оның орнына вице – президент Г.И.Анаевтың тағайындалғаны туралы мәлімдеме жасады.

Мемлекетті басқару үшін 8 адамнан тұратын КСРО-дағы төтенше жағдай жөніндегі Мемлекеттік комитет (ТЖМК) құрылды. ТЖМК-ның мақсаты КСРО-дағы ауыр экономикалық және саяси жағдайды пайдаланып, билікті қолдарына алу. КСРО Жоғарғы Кеңесінің төрағасы А.Лукьяновтың қолы қойылған ТЖМК қолдау көрсетуге шақырған «Кеңес халқына үндеу» жарияланды. ТЖМК-ның бірінші қаулысы бойынша барлық қоғамдық-саяси қозғалыстардың қызметіне тыйым салынды. **Бұл әрекет-мемлекеттік төңкіріс.** Қырымда дем алып жатқан КСРО Президенті М.С. Горбачев бұл оқиғадан бейхабар болды.

ТЖМК-ның әрекетіне әлем жұртшылығының көзқарасы әртүрлі болды. Қырғызстан, Украина өз территорияларында жаңа Үкіметтің жарлықтары жүрмейтіндігін мәлімдеді. Әскерлердің бір бөлігі халық жағына шықты. АҚШ Президенті Д. Буш КСРО-ғы Конституциялық басқаруды қалпына келтіру бағытындағы РКФСР Президенті Б. Н. Ельциннің әрекеттерін қолдады. Европа экономикалық

Кеңесінің өкілдері М.С. Горбачевтің қайтып оралуын талап етті, талап орындалмаған жағдайда КСРО-ға берілетін көмекті тоқтататындығын мәлімдеді. 1991 жылы 21 тамызда М.С. Горбачев Москваға келіп, билікті қолына алды. ТЖМК-ны құрғандардың үстінен қылмыстық іс қозғалды.

1991 жылы қазан айында болған Қазақстан комсомолының XVIII съезі шешімімен Қазақстан комсомолы тарайды. Енді оның орнына қазақстан Жастар Одағы құрылды. Комсомолдан кейін Қазақстан пионер ұйымы да тарайды. Республика Кәсіподағы көптеген ұсақ ұйымдарға бөлінді. Сөйтіп, саяси жүйенің дағдарысы ел өмірінде осылайша қоғамдық-саяси және демократиялық өзгерістер туғызды. [2, 392 б.].

КСРО-ның ыдырауы. Қазақстанның тәуелсіздік алуы. ТМД-ның құрылуы. 1991 жылы 8 желтоқсанда РСФСР, Украина, Беларусь басшылары Минск қаласында кездесті (Беловеж келесімі). Талқыланған негізгі мәселелер-1922 жылғы КСРО құру туралы келісімшартты жою, ТМД құру. Бас қосуда осы мәселелер туралы қағаздарға қол қойылды. Бұл кездесуге Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев та, басқа Орта Азиялық республикалардың басшылары да шақырылмады.

Президентті бүкіл халықтық сайлау.

Қазақ КСР-ның жоғарғы Кеңесі 1991 жылғы қазанның 16 - сындағы қаулысында 1991 жылғы желтоқсанның 1-інде сайлау өткізу жөнінде қаулы шығарды. «Президент сайлау жөніндегі Заң» қабылданып, ол бойынша 1991 жылғы желтоқсанның 1-інде бүкіл халықтық сайлау қортындысымен Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Президенті болып сайланды, Е.М. Асанбаев-вице президент. Желтоқсанның 10-ы күні Президенттің таққа отыру рәсімі болып, ант берді.

КСРО-ның ыдырау процесін тездеткен 1991 жылғы тамыз бүлігі 1991 жылдың қазанына қарай көптеген республикалардың өз тәуелсіздігін жариялауына септігін тигізді. 1991 жылы 16 желтоқсанда Республиканың Жоғарғы Кеңесінің жетінші сессиясында «**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы**» заң қабылданды. Осы күні Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялады. Сонымен, **1991 жылғы 16 желтоқсан Республиканың тәуелсіздік алған күні** [4].

Республиканың Туын, Елтаңбасын және гимнін қабылдау. 1991 жылдың соңында егемендігін жариялаған Қазақстан өз мемлекеттігін құрудың жолына түсті, мемлекеттік тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 1992 жылғы қаңтарда оның Ішкі істер әскері құрылды. Бүкілхалықтық талқылаудан кейін 1992 жылғы маусымда Жоғарғы Кеңестің сессиясы Республиканың жаңа мемлекеттік **Туын мен Елтаңбасын бекітті**. Ту авторы-суретші Шәкен

Ниязбеков, Елтанба авторлары-сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков, Шот-Аман Уәлиханов. 1992 жылғы 11 желтоқсанда Қазақстан Республикасы мемлекеттік Әнұранның мәтіні бекітілді. Мәтінін жазғандар- Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Жадыра Дарибаева. Әуенін жазғандар- Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский, Латиф Хамиди [3, 217 б.].

1995 жылы 30 тамызда еліміздің жаңа конституциясы қабылданды. Бұл негізгі Заңымызда республиканың экономикалық күшеюі мен мүмкіндіктері ғылыми тұрғыдан тиянақталып, халықтың әлеуметтік топтарына тиісті мәселелерді шешу ескерілді. Конституцияның ерешеліктері:

1. Демократиялық Президенттік басқаруға жол ашылды.
2. Парламент екі палаталы болды: Сенат және Мәжіліс депутаттар саны 177-ден 114-ке қысқартылды.
3. Жалпы және төрелік соттар жүйелері біріктірілді. Олардың қызметіне араласуға жол берілмейді, ісіне қол сұғуға болмайды. Судьялар нақты істері бойынша есеп бермейді, тек Конституция мен Заңға бағынады.
4. Билік тармақтарына, мемлекеттік лауазым иелеріне Конституциялық құқықтарды бұзуға жол берілмейді.
5. Қазақстан мемлекеті ұлтына қарамастан барлық азаматтардың мұндесін қорғайды.
6. Республикада қос азаматтыққа жол берілмейді [1,30 б.].

Тарихи маңызы:

- Егеменді Қазақстанның әлем қоғамдастығы алдындағы бар болмысы, өркениетті даму кезеңіндегі ерешеліктері, әлемдік демократия даму кезеңіндегі ерекшеліктері, әлемдік демократиялық құндылықтары көрініс тапқан.

- Республиканың одан әрі даму кезеңіне арналған тарихи құжат.

Қазақстан қоғамын реформалау барысында астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру идеясы туындады. 1994 жылы 6 шілдеде Жоғарғы Кеңес депутаттары астананы Ақмола қаласына көшіруге шешім қабылдады. Нәтижесінде 1997 жылы 9 желтоқсанда Ақмолаға мемлекеттік рәміздер эталоны және Қазақстан Президентінің байрағы жеткізіліп, осы жылдың 10 желтоқсанда Ақмола ресми астана болып белгіленді, ал 1998 жылы 6 мамырда Президент Ақмола қаласын Астана деп атауға жарлық шығарды. 1998 жылы 10 маусымда жаңа астананың ресми тұсау кесері болып өтті.

Әдебиеттер тізімі

1. Маралтай Ыбыраев. «Нұрлы жол – Мәңгілік ел». Тарихи дастан. – Алматы: «Эксклюзив КА», 2015.
2. Абрахманов С. Тәуелсіздік шежіресі. – Алматы: Атамұра, 2006. – 392 б.
3. Н. Назарбаев. Тәуелсіздік дәуірі. – Астана, 2017. – 217 б.
4. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні // <http://kk.wikipedia.org/wiki>

УДК 378(075.8)

*Р. Зынданулы, преподаватель кафедры
Пожарно-спасательной и физической подготовки
Кокшетауский технический институт МЧС Республики Казахстан*

ПАТРИОТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ КУРСАНТОВ КОКШЕТАУСКОГО ТЕХНИЧЕСКОГО ИНСТИТУТА НА ПРИМЕРЕ ПОДВИГОВ ГЕРОЯ М. ГАБДУЛЛИНА

В процессе патриотического воспитания курсантов следует активно использовать примеры патриотического и нравственного опыта предшествующих поколений, идеи военных ученых и великих казахских полководцев, беспримерного подвига и героизма военнoслужаших, посвятивших свою жизнь защите своей Родины. К примеру, рассмотрим Малика Габдуллина.

Малик Габдуллин родился 2 (по новому стилю — 15) ноября 1915 года в селе Койсалган (ныне — Зерендинский район Акмолинской области Казахстана) в семье крестьянина-скотовода. По национальности казах. Являлся потомком одного из руководителей казахов Среднего жуза в XVIII веке Каная Куттымбетулы. В 1941—1945 годах участвовал в Великой Отечественной войне в составе Панфиловской гвардейской дивизии [1].

Личность М. Габдуллина — это воплощенный идеал-образец истинного патриотизма, бескорыстного служения Родине и Отчизне. Время не властно над подвигами таких людей.

В январе-марте 1942 года в боях под городом Холм, Новгородской области М. Габдуллин руководил группой солдат, которые в сражении с преобладающими силами фашистов гранатами подбили 2 танка,

уничтожили большое число фашистов и 12 взяли в плен. Габдуллин был ранен в бою, но не покинул поле боя. За этот подвиг старшему политруку Малику Габдуллину Указом Президиума Верховного Совета СССР от 30 января 1943 года было присвоено звание Героя Советского Союза с вручением ордена Ленина и медали «Золотая Звезда» [2].

Страна ставит перед собой новые масштабные задачи по социальной модернизации, форсированной инновационной индустриализации и взаимовыгодной экономической интеграции. Закрепив достижения, Казахстан намерен в третьем десятилетии XXI века войти в число развитых стран мира. В этих условиях огромная ответственность возлагается на молодежь, которой предстоит продолжить эстафету созидательных дел старшего поколения, поднять планку национальной конкурентоспособности еще выше, обеспечить Казахстану в XXI веке процветание и признание. Такая миссия под силу только патриотичной, образованной, профессиональной, здоровой физически и нравственно, конкурентоспособной, социально и граждански ответственной молодежи [3].

В этой связи приоритетной задачей государства становится адаптация государственной молодежной политики к современным реалиям, ее нацеленность на формирование молодежи как важнейшего конкурентного потенциала Казахстана [3].

Молодежь Казахстана – это поколение, которое росло вместе со страной, вместе с независимостью. За эти годы своим самоотверженным трудом, в мире и согласии, с верой в себя и страну, с мечтой о лучшем будущем для своих детей старшее поколение казахстанцев построило независимое, быстроразвивающееся, конкурентоспособное и уважаемое в мире государство. Оно создало прочный фундамент для того, чтобы казахстанские юноши и девушки были равными среди лучших в любой точке мира.

Быть патриотом, значит соблюдать дух нации, принимать участие в повышении экономического и социального благосостояния страны, оберегать сложившиеся традиции и состоявшийся уклад жизни, противостоять чуждому влиянию.

Одним из важнейших направлений подготовки будущих офицеров служит патриотическое воспитание, задачей которого является формирование патриотической культуры. Привязанность к Родине, готовность к защите своего Отечества, глубокие нравственные и патриотические чувства, беззаветное выполнение своего гражданского и воинского долга должны стать основой воспитания курсантов Кокшетауского технического института.

Задачей патриотического воспитания курсантов является развитие патриотических чувств, сознания, высокой социальной активности, гражданской ответственности, государственного мышления, способности действовать в интересах Казахстана.

Она должна способствовать подготовке будущих офицеров к такой военно-профессиональной деятельности, в которой знания, опыт и личные интересы соединяются с позицией гражданского долга, сопричастностью к судьбе Родины и государственными интересами.

Таким образом, патриотическое воспитание в Кокшетауском техническом институте представляет собой целенаправленный, специально организованный процесс. Выполнение курсантами служебных задач является основой для воспитания у них высокого морального духа, любви к Родине, ее культуре и традициям, развития готовности самоотверженно защищать свое Отечество, свободу и его независимость.

Список литературы

1. <https://kokshetautv.kz/ru/news/society/malik-gabdullin-i-novyi-kazahstanskii-patriotizm>.
2. <https://ru.wikipedia.org/wiki>
3. <http://science-education.ru/ru/article/view?id=28204>.

УДК 94 (574)

Б. А. Калиев, Б. С. Ахметжанов, Г. Ж. Мукашева

Военный институт Национальной гвардии Республики Казахстан

ВЕЧЕН ВАШ ПОДВИГ В СЕРДЦАХ ПОКОЛЕНИЙ ГРЯДУЩИХ

*Военных сил недостаточно для
защиты страны, между тем
как защищаемая народом страна
непобедима.*

Наполеон Бонапарт

Вторая мировая война, планировавшаяся агрессорами как ряд малых молниеносных войн, превратилась в глобальный вооруженный конфликт. На его различных этапах с обеих сторон одновременно

участвовало от 8 до 12,8 млн. человек. Общий театр военных действий в 5,5 раза превышал территории, охваченные Первой мировой войной. Всего же в войну 1939-1945 гг. были втянуты 64 государства с совокупным населением в 1,7 млрд. человек. Потери, понесенные в результате войны, поражают своими масштабами. Погибло более 50 млн. человек, а если учитывать постоянно уточняющиеся данные по потерям СССР (они колеблются около 30 млн.), эта цифра не может быть названа окончательной. Только в лагерях смерти уничтожено 11 млн. жизней. Экономика большинства воевавших стран была подорвана [1].

Совершая агрессию на СССР, фашистские идеологи не без основания рассчитывали на репрессированных советской властью бывших белогвардейцев, зажиточных крестьян, капиталистов и помещиков, всех тех, кто стал жертвой массового террора и насилия тоталитарного режима. Большинство же советских людей не допускало мысли о сотрудничестве с врагом. Преданность Родине, патриотизм в сочетании с политическим пафосом открывателей нового мира позволили широким массам населения преодолеть растлевающее влияние сталинизма и сплотиться во имя защиты Отечества [2, с. 255]. История нашего государства в годы Великой Отечественной войны это яркий пример интернационализма.

С первых дней войны в Казахстане идет мобилизация мужского населения в ряды Красной Армии, перестройка жизни на военный лад. Примерно две трети мобилизованных казахстанцев влилась в армию в качестве маршевого пополнения, оставшаяся часть зачислена в состав военных подразделений, созданных в республике. За годы войны:

- мобилизовано – 1 млн. 200 тыс. человек, в том числе 5183 женского пола;

- 700 тыс. призваны в трудармию специальные строительные части;

- размещено 1,5 млн. эвакуированных;

- сдано более 100 млн. пудов хлеба [3].

Республика внесла достойный вклад и в подготовку офицерских кадров и резервов для армии и флота. В военные учебные заведения за 1941-1945 гг. было послано более 42 тыс. молодых казахстанцев, а существовавшие на территории республики 27 военных учебных заведений выпустили, по неполным данным, 16 тыс. офицеров [2, с. 257].

На военные рельсы переводилась экономика республики. В Казахстане наладили выпуск оборонной продукции. «В годы Отечественной войны в Казахстане, - писал в декабре 1945 г. уполномоченный Государственного комитета Обороны по Казахской

ССР Койшигулов А., - была создана своя машиностроительная и металлообрабатывающая промышленность. Возникшая на базе эвакуированных в Казахстан предприятий, она в трудных условиях военного времени успешно снабжала фронт боеприпасами и снаряжением. В тяжелые дни военных испытаний был успешно освоен серийный выпуск ряда новых образцов вооружения и боеприпасов

Наряду с этим оборонные заводы выпускали свою традиционную продукцию. Коллектив Чимкентского завода прессов-автоматов им. М. И. Калинина производил оборудование для восстановления черной металлургии, перебазированной на Урал. В конце войны заводы Казахстана получили заказы для угольных бассейнов, заводов черной и цветной металлургии, сельского хозяйства. Значительную часть их продукции в 1945 г. составили станки, прессы-автоматы, запасные части электростанций, сельхозмашин, двигатели малых мощностей, оборудование для металлургических заводов, угольных шахт.

Размещение в Казахстане свыше 150 эвакуированных предприятий привело к возникновению новых отраслей индустрии — машиностроения, станкостроения, производства боеприпасов, химической промышленности и черной металлургии.

Легкая, текстильная и пищевая промышленность республики в годы войны пополнились эвакуированными предприятиями (свыше 50). Были созданы новые отрасли легкой и пищевой промышленности: махорочная, кондитерская, мясоконсервная, рыбоконсервная, трикотажная, хлопкопрядильная, меховая и т. д.

За годы войны в республику были перебазированы и введены в эксплуатацию 220 фабрик, заводов, мастерских, артелей и промкомбинатов. Можно с уверенностью утверждать, что это время усиления миграционных процессов в стране, была эвакуирована на Восток целая промышленная держава [2, с. 296]. Также прибыли 50 тыс. кадровых рабочих и инженерно-технических работников и около 970 тыс. репатриированных поляков и немцев, которые в основном были расселены в аулах и селах. В ряды рабочего класса республики влились 2 тыс. строителей шахт Донбасса.

Резко изменились условия труда и задачи работников сельского хозяйства. Самым трудным оказался вопрос о кадрах: примерно две трети общего числа казахстанцев, ушедших на фронт, были из аулов и сел. Основным источником замещения мобилизованных мужчин стали женщины. К окончанию войны во многих колхозах они составляли до 70-80% всех работающих. Сельские труженики Казахстана выполнили свой патриотический и трудовой долг: за 1941-1945 гг. они дали фронту и стране 5829 тыс. т. хлеба, 734 тыс. т. мяса и много других продуктов

питания и сырья для промышленности. За активную помощь фронту и стране, за успешное развитие животноводства республике 10 мая 1943 г. было вручено переходящее Красное Знамя ГКО [2, с. 289].

Неоценим вклад науки Казахстана в Победу. В курортном урочище Боровое вели научные исследования академики В.М. Алексеев, А. Н. Бах, Л. С. Берг, С. Н. Бернштейн, В. И. Вернадский, Н. Ф. Гамалея, Н. Д. Зелинский, Л. И. Мендельштам, А. С. Орлов и многие другие [2, с. 291]. Значительную роль в развитии науки сыграло сотрудничество республик. Рядом с учеными Казахстана работали коллективы более 20 научных учреждений Москвы, Ленинграда, Киева и других городов страны. В Алма-Ате было размещено 15 вузов и техникумов, около 20 научно-исследовательских институтов, свыше 20 культурно-просветительских учреждений, развернуто 8 эвакогоспиталей.

В условиях войны минимально необходимыми силами и средствами была сохранена и даже развита сеть учреждений здравоохранения, народного образования, культуры и науки. Врачи и медсестры не только обеспечили высокий процент возвращения в строй раненых и больных из госпиталей, но и предотвратили перерастание вспышек сыпного и брюшного тифа и других болезней в эпидемии, в прошлые войны, уносившие жертв больше, чем погибало на полях сражений.

Значительной была помощь тыла фронту. Фонд обороны, составленный из патриотических взносов населения, к октябрю 1943 г. достиг 185,5 млн. руб. деньгами и 193,6 млн. руб. стоимостью сданных облигаций. Кроме того, 1600 вагонов с индивидуальными и коллективными подарками солдатам было доставлено на фронт, иногда специальными делегациями областей или республики. Их встречи с защитниками Родины, как и каждый из 1216 концертов, данных артистами Казахстана в прифронтовом лесу, подземном клубе или в блиндаже на переднем крае, выливались в яркую демонстрацию единства фронта и тыла.

Следует отметить, что, наряду с военно-патриотическим порывом, побудившим сотни тысяч казахстанцев добровольно являться в военкоматы с просьбой отправить их на фронт, наблюдался небывалый душевный подъем в трудовых коллективах республики. Повсеместно разворачивалось социалистическое соревнование под лозунгом «Все для фронта - все для Победы!».

Как отметил Первый Президент Нурсултан Назарбаев в своем выступлении 7 мая 2010 года в Астане: «В тылу, каким тогда стал Казахстан, все от мала до велика - колхозники, рабочие, служащие, резервисты, женщины, старики и дети, - участвовали в мощном

движении к нашей общей Победе. Девять из десяти пуль были отлиты из казахстанского свинца» [4].

С первых же дней Отечественной войны на всех фронтах советские воины, в рядах которых сражались тысячи казахстанцев, вели ожесточенные бои с фашистскими захватчиками. Герой Советского Союза, известный писатель Б. Момыш-улы писал: «Великая Отечественная война, которая потрясла весь мир своим размахом, цели которой вышли далеко за любые национальные рамки, явилась большой школой интернационализма и дружбы народов в борьбе за судьбы нашего отечества» [5, с. 355].

Вся история казахов, вся история независимого Казахстана - это история сплочения и единения. Беречь и укреплять единство - самая высшая добродетель. В XXI веке только та страна заживет счастливо, которая будет сильна единством, радостна своим трудом, дружна своими людьми.

Мы, казахстанцы, осознали это своими сердцами. За годы Независимости мы закалились, окрепли духом. Мы - одно из 193 государств, входящих в ООН. У каждого из них свои планы, свое видение будущего.

Жизнь человеческая ограничена десятками лет. Жизнь народа прирастает с каждым следующим его поколением. Поэтому нет мечты выше, чем мечта о Вечности Народа. «Мәңгілік Ел» - это идея, которая открывает завтрашний день, выражает веру в будущее, это символ необратимой и прочной стабильности.

Список литературы

1. Мерцалов А.Н. Великая Отечественная война в историографии ФРГ. - Москва, 1989. - С.3.
2. Жанайдарова О. Иллюстрированная история Казахстана. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2005 г. – 319 с.
3. Джамбаев К.Б. Вторая мировая Война 1938-1945 гг. - Петропавловск, 2004.
4. Послание Президента Республики Казахстан - Лидера Нации Н.А. Назарбаева Народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: Новый политический курс состоявшегося государства» (Астана, 14 декабря 2012 года).
5. Бауыржан Момыш-улы. Правда о войне. - Алматы: «Өнер», 2010. – 360 с.

*А. С. Қосмағамбетов, тілдік дайындық кафедрасының оқытушысы
Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Әскери институты*

ҚАЗАҚ ЖАУЫНГЕРІНІҢ ТАКТИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

XV-XVIII ғғ. Қазақ ханы әскерлері тұрақты армия мен халық жасағынан тұрды. Қазақ хандарының тұрақты атты жауынгерлер саны орта есеппен 30-50 мыңға дейін жетті, сонымен қатар, ру-тайпалық халық жасағы қажеттілікке жиналды. Ру-тайпалық отряд жеке әскери бірлікті 2, 3 немесе 5 мың, кейде 10 мыңға дейін адамның тәуелсіз әскери бөлімі болды. Оның басында ру көшбасшысы болды, әрбір халық жасағы өзінің жауынгерлік туымен және өзінің ұранымен шықты. Жауынгерлік ту мен ұран жауынгерлік шақыру белгісі болды.

Бірлескен әскердің бас көсемі хан болды, ол жауынгерлер шайқасты бастады, қиындықтарын бірге бөлісті.

Қазақтардың бас көсемі 300-400 мың адамға толықтай жұмылдырылған жағдайда көрсете алды. Бұрұндүк ханда төрт жүз мың сарбаз болды, ал Қасымханда шамамен үш жүз мың адам болды.

Қазақ көшпелілерінің әскери тұрмысы ерекше сипатқа ие болды. ерекшелігі болды. Жауынгерлер әдетте күзгі жайылымдардан ұзаққа созылған жорық жасады, үлкен асуларға төтеп бере алатын жауынгерлік аттар шаршамағанкезде шыққан, ал басып алу нысаны өнімін жинап алған отырықшы халық болатын [1, 56 б.].

Әскерлерді дайындау әр түрлі болды. Ежелгі көшпенділердің барлық салт-дәстүрін қабылдаған қазақ хандығының жауынгері жорықта шаршағанын білмейтін жауынгер, барлық қиындыққа төтеп бере алатын, қу және епті, балалық шағынан бастап аттың құлағында ойнайтын және өмірін қозғалыспен өткізетін адам болған.

Ерте жастан бастап қазақтар өздерінің ұлдарына садақ атуды үйретті, атпен жүру мен қылыш пен садақты игеру өнеріне ие болды. Ұзақ қашықтыққа жүгіру, түрлі ойындар мен жарыстарға (көкпар, теңге-алу және т.б.) атпен шабу өнерлері әсер етті. Үздіксіз жаттығулар көшпенділерге «бір аяқпен тұратын атпен басқарды, шауып бара жатып ату, өлімге әкелетін жебелер солға, оңға және артқа атылды».

Әскердің құрылымы мемлекеттің қазіргі құрылымымен органикалық түрде байланыста болды. Оның негізіне аймақтық және рулық тұрмыс жатыр.

Әрбір тайпаға олар көшіп-қонатын жер берілді. Әрбір тайпаның киіз үйлер ондаған, жүздеген, көптеген тайпалар мен мыңдаған әскери-

аймақтық басшылардың басшылығымен іске асатын жұмылдыру кезінде өз орындарында орынбасарларын қалдырып, қатардағы бастықтың рөлін атқарған.

Рулар мен тайпалар санына байланысты, атпен қамтамасыз етіліп, ондаған, жүздеген және мыңдаған атты әскерді бере алатын. Толық қатарлық бірлікті жинақтай алмаған шағын рулар мен тайпалар бір рулық немесе бір тайпалық топқа біріктірілді. Үлкен әскери бөлімдер он мыңдаған болды. Әдетте олар әртүрлі тайпалық топтардан тұрды, олардың әрқайсысы бірнеше мыңын ұсынды. Олар бірнеше мың әскер бере алатын әртүрлі тайпалық топтардан тұрды [2, 37 б.].

Әскери бөлімшелер басында берілген бірлікті жинақтайтын сол ру мен тайпаның қолбасшылары болды, осы ұрысқа сынақтан өткізілген жауынгерлер таңдалды.

Әскери бөлімшелердің осылайша жинақталуы жүйесінде рулық қатар мен тайпалық құрам қамқорлық алынды. Бұл әскери бөлімшеде мықты ішкі байланысты құрады. Олар бір-бірімен байланыста болды: не туыс, не таныстық, дәстүр мен тілдің жалпы болуы және т. б.

Мұнда «қарулы адамдар» мен әскерлердің аймақтық ұйымдарының қағидаларын іске асыру айқын болды. Тарихи жағдайда сәтті қолданылатын патриархтық рулық тұрмысқа негізделген жартылай көшпелі, жартылай отырықшы мемлекет әскери құрылымның аймақтық немесе рулық қағидаты шайқаста қазақ хандары мен дарынды қолбасшылардың қолындағы негізгі қаруы болды.

Әскери батылдық жоғары бағаланды, қазақтар арасында батыл жауынгерлер болды, олар ерекше құрметке ие болды, жауынгерлік батылдық үшін және әскери әрекеттердің шебер басшылығы үшін оған өз атына қосылған құрметті атақ *батыр* атағы берілді. Бұл құрметті атаққа кез келген қатардағы жауынгер әскери әрекеті үшін ала алатын.

Қазақтардың міндетті түрде жауынгерлік туы болды, ол өте маңызды киелі нышан болды және маршта және ұрыста әскерді басқарудың тиімді құралының бірі.

Әрбір ру, әрбір ұлыс сұлтандары мен ханның өз туы болды. Ту тек сыртқы билік белгісі ғана емес, сонымен қатар, командир мен армияның әскери даңқтың, намысын білдірді. Мемлекеттік киелі нышан ретінде бейбіт уақытта мұқият сақталып, тек соғыста ғана шығарылды. Жорықта жауынгерлік ту сақтаушысы ретінде әскерде жоғары қолбасшыдан кейін бірінші тұлға болған сұлтандар немесе құрметті билер тағайындалды.

Туды ерекше отряд қорғады. Ту ұстаушы жауынгер қаза болса, жауынгерлер арасында алаңдаушылық туды, ал егер қарсылас туды қолына түсірсе, ұрыс жеңіліс тапты деген сөз.

Жұмылдыру барысында әр жауынгер екі соғыс жылқысы мен өзінің құралдарымен жүруге тура келді. Қазақ хандығы кезеңіндегі қазақтардың негізгі қаруы қылыш пен садақ болды. Сонымен қатар, қарудың мынадай түрлері қолданыста болды: қолшоқпар, бір саптышоқпар, екі саптышоқпар, жылқының қылымен әшекейленген аттан қарсыласты іліп алып сүйреу үшін ілмекпен жабдықталған ұзын найза.

Әскери салт-дәстүр қазақ халқының өмірінде маңызды болғандықтан, бағынушылық әскери қызметте ең бастысы болды. Ер жігіттің ең маңызды міндеті – соғыс жүргізу, отбасы мен мүлікті қорғау. Дала халқы, негізінен, адамдардың қарулы құрамы болды. Қару-жарақ тек қана малшылар ғана ұстаған жоқ, ол оның құқығы мен міндеті болды, мысалы, халық жиналысында қарусыз ер адам дауыс беруге құқығы болмады, ал одан кішілер бүкіл дәстүрді бұзып, оған орын бермеді.

Бұл дәстүрлер әртүрлі хандар заманында заңдар ретінде белгіленді, олар әскердің құрылымына негізделіп, жоғарғы көшбасшының сөзсіз беделіне негіз болды.

Дереккөздерде қазақтардың әскери өнері туралы көптеген ақпарат бар. Шайқастарда олар, әдетте, жауды қапталдан шабуылдады, маневр жасап және батыл шайқасты.

Қазақ әскерлері қолданатын тактикалық әдістер бірнеше сипаттарға ие болды. Қазақ әскерінде күзет, барлау, жауынгерлік қимылдау, жауынгерлік маневр жасау, басты шабуылға дайындық, жеңілген жауды іздестіру міндеті тұрды.

Ауыр атты әскерлер жауға шешуші соққы беру кезінде маневрлік қор болды. Жауынгерлік атты әскерлер командалармен емес, командирдің әдеттегі белгілерімен іс-әрекетті жүзеге асырды. Түнгі шайқаста түсті шамдармен дабыл берілді, барабандар лагерлік орналасу кезінде дабыл беру үшін пайдаланылды.

Қазақтардың жеңіл атты әскерлері өте мобильді болды, кез келген жерде шабуылдауға арналған үлкен күштерді шоғырландырды. Сонымен қатар, жау армиясының жағдайы, ұйымдастырылуы, тактикасы, қару-жарағы, шайқас болатын жерді зерттеу үшін құпия барлау ұйымдастырылды. Шайқас алдында жауынгерлер жылқыларына сауыт кигізді, өздері дулыға киді, қолдарына өздерінің жауынгерлік туымен түстес шүберек байлап алды. Шайқас кезінде олардың қозғалысы жасырын болды, жан-жағында барлау мен бақылау отрядтары болды.

Олар түнде жүріп, қарсылас шабуыл күтпеген кезде, таңертең шабуыл жасады. Түнде әртүрлі дабылдар қолданылды: өрт, жануарлар

мен құстардың дауысы, арнайы құпия сөздер. Жауынгерлік ұрысқа мұқият дайындалады: жылқыларды азықтандырып, қылдарын тарап, қылыштарын және найзаларын қайрап, садақ пен жебелерін тексерді, ұрыстық белгілер дайындады.

Белгіленген сәтте ту көтеруші жауынгер туды көтерді, ал армия ұрыс қимылдары бойынша жауды қарсы алды. Қарсыластардың шеберлері шайқас алаңына жақындап, жауынгерлік ұрандар айтылады, атақты батырлар жекпе-жекке шайқасуға шақырды.

Егер әскери басшылар атты әскермен қатарда соғысуы мүмкін еместігін түсінсе, жауынгерлер араласып, жылқының тізгінін белдеріне байлап шайқасты, жауға қарсы жебелерін жаңбырша жаудырды, найзамен соққы беріп, жолдарына кедергі жасады.

Егер қарсылас алаңсыз отырса, әскердің қатарын құрау мүмкін емес болатын, қазақ жауынгерлері қапталды жауып, шар тәріздес қалыпты құрады. Шабуыл кезінде Дешті Қыпшақ көшпенділері Тулгама деп (*тулгамак түрік сөзінен шыққан, қоршау, орап алу, айналдыру дегенді білдіреді*) аталатын әдісті қолданды. Бұл әдіс – айналым, фланкирлеу, қапталға немесе қарсыластың тылына шабуыл жасау [3, 63 б.].

Шайқастарда қазақстандық әскер әдетте жұмыла шабуылдады немесе жауды фланктерден айналып өтіп, жақсы маневр жасады. Қайтадан кетіп, олар тактикалық қулыққа бастады: дала бойымен шашыраңқы жайылып және тағы да соққы беру үшін қайтадан жиналды.

Қазақтар кеңінен қолданған өте тиімді тактикалық құралдар *палы*(даланың өртелуі) болды.

Кез-келген шайқас бір-бір жекпе-жектен басталды, содан кейін садақ ату, ол үшін «жұмыла» қолданылды немесе «*карусель*» тактикалық тәсілін қолданды.

Дешті-Қыпшақ көшпенділерінің шайқаста қолданған тағы бір әдісі болды: барлық жауынгерлер жауға қарсы шабуыл жасап, жебелерді жібереді, бірден аттарды қоршап, алыс кетіп, шашырап шаба жөнеледі.

Белгілі батырлар-балуандарының «жекпе-жегінен» кейін барлық әрекет жүзеге асқан, тіріні қылышпен шауып түсіретін, ұшып бара жатқан жебе нысанаға дөп тиіп отырды. Осы кезде шайқасқа садақшылар енеді. Егер жау мықты болса, бұл әрекетке өздеріне ыңғайлы жер тауып алған қарсыласқа төтеп беру үшін найзашылар кіріскен. Ауыр атты әскер бірнеше қатарға тізілген.

Қарсыласты толығымен соңынан қалмай жою – көшпенділердің дәстүрі болған ереже, заманауи әскери өнердің талассыз принциптерінің бірі болып табылады.

Дала тұрғындарының *жеңіл атты әскері* орасан зор қимылымен танылды, кез келген сәтте зор күштерді шоғырландыра алды. Жылжымалы және маневрлік тактикасын қолданды, қарсыласты кенеттен шабуылдаған және тез арада кетіп қалды. Ең кең тараған жауынгерлік жүйе жұмыла болды.

Көшпенділердің басты тактикасы – зор маневрлікке ие болған жеңіл атты әскерге баса үлкен назар аудару, олар әскердің негізгі құрамын құрады. Мұндай армия үлкен қашықтықты жеңіп, әр түрлі міндеттерді орындады: серпіліс, майданнан шабуыл, айналмалы маневр, жалған қозғалыстар, шабуылдың қиылысындағы тереңдікте және майдан бойынша іздеу, қудалау, қозғалыстағы жаудың алаңдауы, күндіз-түні, кез келген жыл мезгілінде ұзақ және үлкен қашықтыққа жүгіру. Сәтсіздік болған жағдайда атты әскер қуғыннан жеңіл кетіп қалған.

Жеңіл қаруланған атты әскерлер тек қана соғысты бастап қана қоймай, жауды қудалайды, сонымен бірге ауыр қарулы адамдармен ынтымақтастықта, жылқыдан түспей, жекпе-жекте белсенді әрекет еткен. Ауыр қаруланған атты әскер оны жеңіл атты әскер көмегімен ғана сәтті әрекет жасады.

Тұрақты соғыстар жүргізу әскердің басшылық-бақылаушылық рөлін арттыруға алып келді. Өйткені соғыс екі жақты күрделі үрдіс болып табылады. Онда қарсыластардың әрқайсысы өз ниетін жүзеге асырудан бас тартуға мәжбүрлейтін жауды жоюға немесе оған зиян келтіруге тырысады. Басқару өнері - бағындырушылар үшін қолайлы жағдайлар жасау және оларды жау үшін мүмкіндігінше қиындату [4, 207 б.].

Ұрысты басқару үшін көшпенділер арнайы қондырғылар, жаяу жүргіншілер, сондай-ақ арнайы атты әскер мен жаяу әскерді, сонымен қатар, таңбалар мен рәміздер қолданды. Тулар қасиетті нышан болды және жауынгерлік шабуылда және шайқаста әскерлерді басқару мен бақылаудың тиімді құралдарының бірі болды. Рудың жауынгерлік туы көшбасшының киіз үйінің жанында орналастырылды, ол әскери жиналысқа дабыл болып табылады.

Сонымен қатар, рулық тайпалардың өздерінің жалпы тумен түстес жауынгерлік белгілері болған. Белгілер мен оның санына қарай, басқа жауынгерлердің санын білуге болады. Оны білекке бекітілген шүберекпен боялған болуы мүмкін, ол қозғалған сайын, жыландар, айдаһарлар және басқа да қорқынышты үрейлі сызбалары көрінді.

Әдебиеттер тізімі

1. Алланиязов Т.К. Очерки военного дела кочевников Казахстана. – Алматы, 1997.
2. Қазақстан тарихы. 5 томдық. 2 том. – Алматы, 2010.
3. Төлентаева К. Қазақстан тарихы. Оқу құралы. – Алматы, 2006. – 168 б.
4. Мусин Ч. Қазақстан тарихы. Оқулық, 4-ші басылым. Алматы, 2008.

ӘОЖ 316

А. Е. Қуандықова, Экономика факультетінің магистранты
Ғылыми жетекші: М. А. Тлеуберген, э.ғ.д.
А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті

СЫН ТҮЗЕЛМЕЙ МІН ТҮЗЕЛМЕЙДІ

Үлкен алдында иіліп сөйле,
Кіші алдында сызылып сөйле.
Иіліп сөйлегеннен белің бүгілмейді,
Сызылып сөйлегеннен сөзің үзілмейді
Бөлтірік шешен

Мәдениет түсінігі жалпы адамның болмыс-бітімі және іс-әрекеті арқылы жасалатын қасиет, яғни адам жасаған «екінші табиғат» десек қателеспейміз деп ойламыз. Себебі қоғамда адам тілегінен тысқары мәдениет қалыптаспайды. Сонымен бірге мәдениет - әлеуметтік фактор ретінде қоғамның басты қозғаушы күші. Мәдениеттің дамуымен, қоғам алға қарай дамиды. Ал қоғамның материалдық дәрежесі жоғары болса, рухани өмірі де жоғары болады. Оның дамуының барлық жүйлерінде мәдениет болған. Осы ретте экономика мен материалдық өндіріс-мәдениеттің даму шарты, ал адам - оны жасаушы. Қоғам мәдениеті әрбір жеке адамның мәдениеті. Қоғамда еш нәрсе ақыл - ойдың, сананың, сезімнің және адам еңбегі мен әрекетінсіз жүзеге асып өмір сүрмейтіні белгілі. Енді осы мәдениеттілік мемлекеттік қызметте қаншалықты жоғары деңгейде деген мәселеге тоқталайық.

Ең алдымен жалпы мемлекеттік қызмет дегеніміз не деген сауалға жауап беретін болсақ, мемлекеттік қызмет - азаматтардың мемлекеттік

органдар мен оның аппараттарындағы кәсіптік қызметі. Ол әрқашан да мемлекет қаражат қорынан қаржыландырылады, мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысы мен жолсапар шығындары толықтай бюджеттен өтелумен қатар қажет болған жағдайда арнайы баспанаға, ғимаратқа орналастырылып, өздеріне жүктелген өкілеттілікті атқаруға қажетті арнаулы керек-жарақпен жабдыкталады. Сондай-ақ мемлекеттік қызметкердің айрықша мәртебесі болады. Қызмет мерзімі ішінде мемлекеттік қызметшілерге өз өкілеттігін жүзеге асыруға керекті міндеттер мен арнайы құқықтардан бөлек әлеуметтік артықшылықтар мен жеңілдіктер беріледі. Сондай-ақ тағы да бір айта кететін жайт, ол адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясының 21-бабында әрбір адамның өз елін басқаруға қатысуға құқы танылған. ҚР сол декларацияға қосылушы мемлекет ретінде өзінің әрбір азаматының Мемлекеттік қызметке кіруге деген тең құқығын Конституцияда белгіледі. Ал мемлекеттік қызметке үміткерге қойылатын талаптар лауазымдық міндеттердің сипатына қарай әртүрлі болады. Соған орай азаматтың Мемлекеттік қызметке кіруіне кедергі болатын негіздер де заңдарда көрсетіледі. Яғни атап айтсақ, мемлекеттік қызметші болып жұмыс істеу үшін оның бойында қарапайым адамда жоқ көптеген қасиеттер болуы керек: тәртіптілік, жауаптылық, мұқияттылық, ұқыптылық, зиялылық... Жұмыс көлемі ауқымды әрі жоғары қарқынды еңбекті талап етуіне қарамастан қазіргі уақытта өкінішке орай, басқа салаларға қарағанда жалақы көлемі аз мөлшерде екенінде айта кеткен жөн. Сонымен қатар, шенеуніктер ұдайы өздерінің кәсіби біліктіліктерін арттырып, аттестаттау шараларын өтуі, салалас мамандықтарды игеріп, барлық мәселелерді жедел шешуі, келбетті көрініп, жағымды ойлай білуі керек. Ғалымдардың атап көрсетуінше, мемлекеттік қызметте өзінше бір кәсіптік түрлену орын алған – тіпті демалыста да қызметші қызметтің адамы болып қала береді, жазылған-жазылмаған мінез-құлық қағидаларын сақтайды.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласының пайда болғаннан бастап мәдениеттілік, әдептілік мәселесі өзектілігін жоғалтпаған, өйткені әдептілік мемлекеттік қызметтің басты қағидаларының бірі болып табылады. Кез-келген мемлекеттік қызметші өз қызметінде мемлекеттік қызметтегі мінез-құлық ережелерін реттейтін, мәдени деңгейді жоғары ұстайтын Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін басшылыққа алады [1].

Аталған кодекске сай мемлекеттік қызметшілер жоғары кәсібилік нышаны, адал, әділ, қарапайым, сыпайы болуы, жалпыға ортақ моральдық-этикалық талаптарды ұстануы, өз міндеттерін сапалы, тиянақты орындауы тиіс. Әдептілік – өркениетті қоғамның адамгершілік ұстанымы екенін есте сақтаған жөн. Кодексте көзделген

адамгершілік ұстанымдарын мемлекеттік органдардың қызметіне неғұрлым ұтымды енгізу мақсатында шет елдердің тәжірибесін зерделеп, оның ішінен бізге тиімді жағын үлгі ретінде алуға болады.

Осы ретте өздеріңіз білетіндей, Қазақстан ұтымды жетістіктер үшін үнемі ашық, сонымен қатар өзгерістерді қуана қолдап, енгізуге дайын ел, осы ретте ол жетістіктің кепілі мен сананың ашықтығының айқын көрінісі болып табылады. Мәселен, 2018 жылы Индонезия мен Грузия елдерінің тәжірибесіне сүйене отырып, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мемлекеттік қызметшілердің «rocketbook» қалталы кітапшасын әзірлеп шығарды. Кітапшада мемлекеттік қызметшілердің күнделікті өмірінде кездесетін жағдайлары мысал ретінде келтірілген. Осы күнге дейін кітапша кәсіби әдептіліктің негізгі ұстанымдарын түсіндіруге арналған жадынама ретінде қолданылып келеді. Сондай-ақ, жоғары атқарушы органдарда, мемлекеттік органдарда, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және елорданың әкімі аппараттарында Әдеп жөніндегі уәкіл институты жұмыс істейді. Бұл институтты енгізу барысында Германия, Ұлыбритания, АҚШ, Венгрия және Нидерланды корольдігі сияқты алдыңғы қатарлы шет елдерінің тәжірибесі қолданылды [2]. Әдеп жөніндегі тұлға мемлекеттік қызметшілерге жемқорлық пен қызметтік әдептілік мәселелері бойынша көмек көрсетуге, мүдделер қақтығыстарының туындауын болдырмауға, мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен мүдделерін қорғауға, ұжымдарда жағымды моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыруға міндетті екенін атап кеткен орынды.

Жалпы Еуропа елдерінің тәжірибесін зерттеу барысында мемлекеттік қызметшілердің жүріс-тұрысы ұстанымдары туралы көптеген актілер қабылданып отыратыны байқалды. Аталған актілерге сай мемлекеттік қызметшілер өздерінің қызметтік борышын адал және кәсіби тұрғыда орындап қана қоймай, құқық бұзушылық ретінде таныла алатын әрекеттерге жол бермеуі тиіс. Сонымен қатар актілер әдетте қызметтік лауазымдарын теріс мақсатта пайдалануға қарсы маңызды құрал ретінде рөл атқарып, сыбайлас жемқорлықтың туындауына кедергі болуға ықпал етеді. Мәселен, Германияда моральдық-этикалық талаптарды бұзғаны үшін (қызметтік лауазымын өз қамы үшін теріс мақсаттарда пайдалану, паракорлық, қызметтік ақпаратты тарату) шенеуніктер дербес жауапкершілікке ие. Ал Францияда болса мемлекеттік қызметшілерге кәсіби ұстамдылық міндеті артылған. Ол мемлекеттік қызметшіге қызметтік міндеттерді атқаруға байланысты белгілі болған кез-келген мәліметтерді таратуға қойылатын тыйымды білдіреді [3]. Мемлекеттік қызметтегі әдептілікті арттыру бойынша бұл елдің тағы бір ерекшелігі жұмыстан босатылған шенеуніктердің әрі қарай қызметке тұруын қадағалау болып табылады. Бұл мәселемен әдеп

жөніндегі комиссиялар айналысады. Бұрынғы француздық шенеунік сәйкестендірілген әдеп жөніндегі комиссиямен келіспей, жеке секторға қызметке тұра алмайды. Осылайша, бұл елдерде мемлекеттік қызметтің әдептілік ұстанымдарын құқықтық бекіту мәселелері мемлекет пен қоғамның назарынан тысқары қалмайды. Келесі қазіргі уақытта ғылым мен техниканың дамуымен сонымен қатар әлемдік халықаралық стандарт аясында ең алдыңғы қатарда тұрған Жапонияны алатын болсақ, онда дәстүрлерге барынша маңызды көңіл бөліп, ата-бабадан мұра етілген әдет-салттар мен күнделікті жүріс-тұрыс қағидалары талаптарын, сыпайылық мәдени ізгілік принциптерін өзгеріссіз сақтауға тырысады. Алайда шет елдердің азаматтарымен жиі ынтымақтастық жасау қажеттілігі салдарынан еуропалық әдеп жапондық өмірге, әсіресе іскери қарым-қатынастарда күн сайын еніп келеді. Атап айтсақ, бүгінгі таңда бұл мемлекет үшін адамдардың бір-біріне және қоғамға қатысты жоғары әлеуметтік өзара міндеттілігі, олардың қамқорлығы мен жауапкершілігі тән. Сонымен қатар «Мемлекеттік қызметшілердің әдептілігі туралы» заңы жоғары лауазымдағылардың кәсіби қызметіне қатысы бар бизнесмендерден сыйлықтар мен қызметтер алуына нақты тыйымдар мен шектеулер орнатады. Шенеуніктер әрбір үш ай сайын басшылыққа кәсіпкерлерден 5 мың иена және одан да көп сомаға қызметтер мен сыйлықтар қабылдаудың барлық жағдайлары туралы баяндауға міндетті. Жоғары лауазымды шенеуніктер басшылыққа өткен жылғы табысы туралы баяндауға міндетті. Соның өзінде, барлық осы мәліметтер қоғам үшін ашық болуы тиіс. Мемлекеттік қызметшілерге әдеп бұзған жағдайда әкімшілік ескерту, жалақыны азайту, қызметтен уақытша шеттету, қызметтен босату сияқты жаза түрлері тағайындалады.

Мемлекеттік қызметшіге деген шет елдік тәжірибе талаптарды зерделей келе қай заманда, қай уақытта, қай жерде болмасын мемлекеттік қызметші сол елдің бетке ұстар, өзге елдерге үлгі болар азамат, заңды тұлға екенін байқаймыз. Сонымен бірге оның жүріс-тұрысы, жалпы мәдениеті міндетті түрде бекітілген заңнамамен негізделетініне көз жеткіздік. Осы ретте біздің егеменді елімізде де жылдан жылға мемлекеттік қызметшіге талаппен қатар жастар санатынан сұраныста дамып келе жатыр. Сонымен бірге лауазымдық тұлғалардың өзін – өзі ұстауы мен азаматтармен мәдени қарым-қатынас жасау тарапынан әсіресе мемлекеттік тілді білу деңгейіне қуанышқа орай күннен күнге артып келе жатқаны қуантарлық жағдай. Себебі тілі дамыған елдің болашағы кемел болары айдан анық. Яғни сол арқылы мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін арттыратынына көз жеткізуге болады. Өйткені адам білімді, тәлім-тәрбиені тіл арқылы алады, мәдениетті, өнерді, ғылымды, техниканы тіл арқылы үйренеді бір сөзбен айтқанда мемлекеттік тіліміз ұлт ерекшеліктерінің бірі, ұлт мәдениетінің бір формасы.

Мемлекеттік қызметші әсіресе қазіргі пандемия жағдайында Халыққа қызмет ету орталықтарында, сот, әлеуметтік қызмет ету т.б. өкінішке орай кейбір жас мамандардың көпшілік алдында сөйлеуде қиналып жататынын көріп жатамыз. Жұрт алдында сөйлеу өте жауапты, әрі қиын жұмыс. «Сөйлей-сөйлей шешен болған» кісілер де үлкенді-кішілі аудиторияға келіп көпшілікке қарап ә деп тіл қатқанда, жүрегі алып – ұшып тұрады [4]. Оның себебі, ең алдымен айтайын деген ойымды қатесіз, дұрыс айта аламын ба, тыңдаушыларды менің сөзім қанағаттандыра ма? деген уайым қыстайды, оның үстіне, аузына қадала қарап жаудыраған көп көздердің, әр сөзінді сынай қабылдайтыны белгілі. Ондай мәдениетті аудиторияның үнсіз сұсы сөйлеушіге әсер етпей қоймайды. Көп алдында сөйлеп ысылмаған кісілер ондайда асып-сасып, булығып, айтайын деген сөзінен жаңылысып та қалады. Мұндай сәтсіздікке ұшырамау үшін жұрт алдында өзіңе-өзің берік бол, ұстамды бол, қандай да бір қиыншылыққа душар болсаң да, сасқалақтамауға тырыс. Тыңдаушылар алдында өзіңді-өзің дұрыс ұстай алмаған кісінің сөзі де өтімді болмайды. Сондықтан мінбеде ұстамды болу, қобалжымау, сасқалақтамауға тырысу керек. Осы ретте әр қызмет саласының мол тәжірибелі жоғары лауазымды тұлғалары жас мамандарға шағын тренингтер өткізіп отырса жақсы болар еді.

Қорыта келер айтарымыз үлгілі мемлекеттік қызметші келбеті ол сол мекеменің айнасы. Сондықтан жас маманға барынша қол ұшын беріп, қателігін көрсетіп жол сілтеу абзал. Өйткені сын түзелмей мін түзелмейді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы, № 153 Жарлығы.

2. Масленников М.И. Изменение приоритетов в развитии государственного сектора экономики в развитых странах: монография. – Екатеринбург: Ин-т экономики УрО РАН, 2009.

3. Аткинсон Эн.Б. Лекции по экономической теории государственного сектора: учеб. пособие / Э. Б. Аткинсон, Д.Э. Стиглиц / Пер. с англ. Л. И. Западниковой (рук.) и др. / Под ред. Л.Л. Любимова; Обновление гуманитарного образования в России (Программа): учеб. изд. — М.: Аспект Пресс, 1995.

4. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. Оқулық – Алматы: «Дәуір-Кітап», 2013. - 240 б.

А. Куликова, 2-ші курс студенті
Ғылыми жетекшісі: М. М. Шуматова
Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау Университеті

БАТЫРДЫ ТУДЫРҒАН ҚАТЫГЕЗ КҮНДЕР

И. В. Панфиловтың толғанысынан...

«...Өзінің көргісі келді. Сұңғақ бойлы, талдырмаш жасты Панфилов ұзақ айналдырып қарады. Шынын айтқанда, Мәліктің денесіне соғыстың әскери киімі әлі қона да қоймаған кезі еді. “– Мә, саған ғылым адамы! Жарайсың! Жаман солдат болмассың”, – деді ол Мәлікке жарықшақты дауысымен. Сөйтті де, Мәлікті өзіне қарай тартып алып, кәдуілгі орыс халқының әдетінше, бетінен үш рет сүйді. Бұлардың қасында жақын тұрған адамдар, көп езу тартпайтын, салқын жүзді атақты генералдың сыр бермейтін жүзінде әкелік қуаныштың лап бергенін байқасып қалысты» [1].

Етігімен су кештіріп, қанды көбік жалатқан қатыгез күндер өз батырын осылай тудырды.

Шын мәнісінде, Мәлік Ғабдуллин өзіне көрсетілген барлық құрмет пен даңққа лайық жан еді. Батыр 1915 жылы қара күзде қазіргі Ақмола облысы, Зеренді ауданына қарасты, Қойсалған ауылында дүниеге келді. Ежелгі аңызға құлақ түрер болсақ, ертеде бір бай қатты боранда көп қойын жоғалтып алып, дәл осы орманды пайданалып малы аман қалған екен. Сондықтан ел ішінде бұл мекенді «қой сау қалған» деп атап кеткен болатын. Мәлік атамыз да жастайынан туған жерінің тау-қырларында ойнақтап, Бекен деген атасымен еріп аң аулап, атқа шауып шынығып өскен екен. Ғабдолланың Мәлікке дейін де тоғыз баласы болды. Алайда сол балалардың бәрі ерте шетінеп кетіп отырды. Сондықтан осыншама құрсақтан соң өмірге келген Мәліктің тілеуін ата-анасы ғана емес, барша ауыл-аймақ тілегендей болды. Ол туар кезде Бекен атамыз бір қасқырдың арланын алып, інісі Ғабдоллаға «Алла тағала бізге береді» - деп әкеліп берген екен деседі. Расында көк тілегі қабыл болып Мәлік бала күнінен ақылды әрі алысқанды алып ұрып, белдескенді шыдатпайтын қайсар бала болып өседі. Дүниеге келген сәби жалғыз Қанайдың емес, бүкіл қазағымыздың кешегі өткен Кеңес Одағының мақтанышы, біртуар азаматқа айналды.

Сегіз жасында ауылынан 2 шақырым жерде орналасқан Құлет ауылына мектепке барады. Онда бастауыш сыныбын тәмәмдап, Көкшетау қаласындағы жеті жылдық коммуна мектебіне қабылданады. Мектеп жасындағы дарынды бала іс-сапармен Көкшетау қаласына келген Сәбит Мұқановтың көзіне түседі. «Вокзалдан шыға салысымен қолына қызыл шүберек байланған жас пионерді байқадым. Жүзі жарқын, бойы сұңғақ балаға ерекше назарым ауды. Жолдасымның үйінде қонақта отырғанда, әлгі балам сәлем беріп мектепке кездесуге шақырды. Келісім беріп айтқан уақытында барсам, мұғалімдер мен оқушылар жылы шыраймен қарсы алды. Сұхбат барысында Мәлік баламның менің шығармашылығым туралы тәп-тәуір баяндамасы өзіме қатты ұнады. Сүйсініп тыңдағаннан соң, дарынды шәкіртті Алматыға оқуға шақыруды ұйғардым», - дейді Сәбит Мұқанов ағамыз [2]. Осылайша арада көп уақыт өтпей-ақ 14 жасар Мәлік Ғабдуллин «барсам, оқысам», - деп армандаған ел астанасы Алматыға аяқ басады. Жасынан еті тірілігімен ол Алматыға бастапқыда ауыл шаруашылығы курсына оқуға келеді. Мәліктің үлкен қалада ә дегеннен ағалаш қайраткерлерімен жолығуы тағдырдың берген сыйы іспетті болады. Ауылдан келген бала кітап-газеттердің баспасына қызығып, тамашалап жүргенінде сол баспаның басқарушысы Бейімбет Майлинмен танысады. Баланың тегін, бала еместігіне тамсанған Майлин оны жұмысқа шақырады. Осылайша Бейімбет Майлин Мәліктің Мәлік болып, шығармашылық жолында қалыптасуының, қазақтың марқасқаларының тәрбесін алып шынығуына бір де бір себепкері атанады. Бала кезінен ауыз әдебиетіне құмар болып Алпамыс, Қобыланды секілді қисса-дастандарды жаттап өскен Мәлік Ғабдоллаұлы студенттік шағында осы қазақ фольклорына қатысты білімін жетілдіре, шыңдай түседі. Сәйкесінше ұстаздары да білгеннің үстіне біле түсем деген студенттің талабына қолдау білдіреді. Мәлік институтқа кірісімен-ақ бәрін білгісі келді, профессор лекция оқығанда көз айырмай мейлінше зер салып тыңдайтын. Оның дүние мен адамдар туралы ұғымы сағат санап, күн санап өсті. Туған ауылынан жырақта жүрген Мәлік Ғабдуллин үшін студенттік шағы оңай бола қоймады. Бұл кезең қазақ халқының басына қара бұлт үйіріліп, елді ашаршылық жайлаған нәубет жылдарымен тұспа-тұс келді. Бұғанасы бекей қоймаған жеткіншек үшін ең ауыры бірден әжесі мен анасынан және бауырынан айырылуы болды. Сұр өмір өлген анам тіріліп жылағанға келе ме, қалқатайым келші - деп емшегін маған бере ме? - деп егілген

Мәлік еліне сол кезде жете алмай анасын ақтық сапарға шығарып сала алмағанына өмірінің соңына дейін өкініп өтті [3].

Мәлік Ғабдуллин ҚазПИ-ын 1936 жылы тәмәмдайды. Әскерде де ерекшеленген Мәлік Ғабдуллин арада жыл өткенде күтпеген жерден комсомол қатарынан аластатылады. Бұған халық жауы деп танылған Сәкен Сейфуллин, Санжар Асфендияров, Бейімбет Майлин секілді марқасқалардан тәлім-тәрбие алғаны, сондай-ақ өзі қатарлас бірқатар ұлтжанды азаматтарды қаралап түсініктеме беруден бас тартуы түрткі болады. Жан ұшырып жүріп өзінің халық жауы емес екенін дәлелдеген ол ғылым жолын таңдап, 1938 жылы асперантураға түседі.

Қазақтың өзіне батырлық рухын ұмыттырарлық кезеңде, бұның барлығын феодализмнің сарқын шағы- деп құртуға айналдырған кезеңде Мұхтар Әуезовтың кеңес беруіменен Мәлік Ғабдуллин батырлар жырын зерттеумен айналыса бастайды. Таңдауына тиіп баптап алып шыққан «Қобыланды батыр» жыры өзге де батырлар жырының күні бүгінге жетуіне септігін тигізгені рас. Алайда, Мәлік Ғабдуллин қазақ ауыз әдебиетінің ерекшелігін айшықтайтын диссертациясын қорғауға үлгермейді, соғыс басталып 1941 жылдың маусым айында өз еркімен майданға аттанады. Бұл кезде 26 жасар жас ғалымның үйленіп, отбасын құрғанына бір жыл да толмаған еді. Мәлік Ғабдуллин майданға Алматыда жасақталған генерал Иван Панфилов басқарған 316 атқыштар дивизиясының құрамына аттанады. Алғашқы күннен 45-ші батареяның саяси жетекшісі, сонаң соң 2-ші атқыштар батальонының комиссары, полк үгітшісі болған Мәлік Ғабдуллин талай шайқаста қаһармандықтың асқан үлгісін көрсете білді. Соның ішінде Мәскеу түбіндегі шайқастарда стратегиялық маңызы зор Бородино селосын жаудан тазартуда жасалған батылдығы ерекше болды. Мәлік Ғабдуллин саяси жетекші ретінде үгіт-насихатты асқан шеберлікпен жүргізе білді. Әсіресе, оның сөздері қазақ жастарының рухын көтеріп, көзсіз батырлыққа баруына ықпал етті. Тіпті Төлеген Тоқтаровтың өзі Мәлік Ғабдуллинді қанды көйлек майдандасы ғана емес, ұстазындай пір тұтты.

Мәлік Ғабдуллин мен Төлеген Тоқтаровқа КСРО Жоғары Кеңесі президиумының жарлығымен 1943 жылдың 30-шы қаңтарында Кеңес Одағының батыры атағы берілді. Бұл атақпен қоса, Ленин Ордені және Золотая Звезда медалімен де қоса марапатталды. Осы жылдың тамыз айында батыр гвардия майоры майданнан елге демалысқа жіберілді. Осылайша қазақ батырларын зерттей жүріп соғысқа аттанған Мәлік Ғабдуллин өзі де батырлық жырға арқау болды. Алғашқылардың бірі

болып орыс жазушысы Борис Полевой «Эпостың туы» деген очергін жазып бүкіл Кеңес халқынан сүйінші сұрады. « Мәлік батыр, әрі күшті, ержүрек. Қыр түлкісіндей айлакер, ақбөкендей саққұлақ, жау дүрсілін қырымнан біледі. Темірдей қатты білектері неміс төбеттерін қырудан қалжыраған емес. Қанша қырса, сонша күшейе береді, үрейі ұшқан немістер Мәлікті көрген жерден-ақ зыта бастайды» [4].

Мәлік Ғабдуллин мен Бауыржан Момышұлы бір дивизияда болып, бірінің ерлігін бірі талай рет көрген. Мәліктің ерлігін талай рет өз көзімен көрген Бауыржан Момышұлы:

Ел күйзелген кезінде,
Ерлік еткен бауырым.
Жау жағадан алғанда,
Батырлық еткен бауырым.
Ел намысын құрметтеп,
Ер намысын ардақтап,
Құтты болсын айтамын.

Шын жүректен Мәлігім - деп өзінің қуаныш сезімін білдірген болатын [4].

Мәлік Ғабдуллин тек қана Кеңес Одағының батыры емес, сонымен қатар әскери публицист. Ол кісі қай жерде жүрсе де, өзінің ұқыптылығымен көзге түсе білген. Мәлік майданға қайтып оралғанда Кеңес үкіметінің қорғаныс министрлігіне қызметке алынады. Онда Қызыл армияға үгіт-насихат жүргізетін басқарма бастығы етіп тағайындалады. Бұл қызметті екі жылдай абыроймен атқарған Мәлік Ғабдоллаұлы талай қазақ жауынгерлерінің тиісті деңгейде бағасын алуына ықпал етеді. Майданнан оралған соң, батырға тән сипатымен ерекшеленді. Барлық зейінін ағартушылық саласына арнап, өмірлік ұстанымына ұштасқан қазақ фольклорын тереңнен зерделеуді жалғастырды. 1953 жылдан бастап, бақандай 10 жыл Абай атындағы қазақ педагогикалық институтында ректор болды, әрі дәріс оқыды.

Шәкірттері Мәлік Ғабдуллиннің есімін әлі күнге дейін ризалықпен еске алады. Ол жастарға мейірбан ұстаз, қамқор әке бола білді. Соғыстан кейін әкесіз өскен қаншама қазақ баласына қамқорлық жасап, жақсы сөзімен, өнегелі ісімен демеді. Отты жылдары майданнан қан кешіп келген әскери адамның мейірбандығы, жанының тазалығы кімді де болсын таң қалдырады. Рас, Мәлік көп жазды, соғыс аяқталғаннан соң ол жазуға ден қойды. «Менің майдандас достарым», «Алтын жұлдыз», «Майдан очергтері», «Достар», «Жолдастар» туралы, «Ызғарлы жылдар». Қарапайым тілмен жазылған соғыс уақытындағы

оқиғаларды оқырман қызыға оқыды, жылы қабылдай білді. Мәлік Ғабдуллиннің қаламынан махаббат пен бақыт, жалынды жастық өмір жайлы тамаша шығармалар туды.

Мәлік Ғабдуллин жаңа жыл мейрамын ерекше жақсы көретін. Бұл мерекеде барлық отбасы мүшелері түгел жиналып, бас қосатыны жанына жылылық сыйлайтын. Бірақ 1973 жылдың жаңа жылы, батыр ағамыздың соңғы мейрамы болатын. Отағасының кенеттен өмірден озуы шаңыраққа үлкен күйзеліс әкелді. Әсіресе Нәзияның басына айықпас қайғы әкеледі. Мәліктен кейінгі өмір маған керек емес дейтін ол. Қайғысы бойына тарап кеткен әйел ішіп-жеуден, барлығынан бас тартып, өзін тұңғыққа тастап жіберген еді. Мәлік Ғабдуллин ұлы Баттал да өмірден ерте кетті. Ол да жүрек ауруынан қаза болды. Осылайша атақты текті жалғастыратын ұрпақ қалмады. Бірақ батыр атамыздың даңқын қызы Майданнан тараған ұл-қызы жалғады.

Шындығына келгенде Халықтың адамы деген сөз бар емес пе? Мәлік атамыз дәл осы атаққа лайық жан. Ол өзінің туған халқын, оның мұрасын сүйді. Халық мұрасын жинақтауға үлес қосып, үлкен жауапкершілікпен қарады. Ол барлық жерде өзін ұстамды, сабырлы көрсетті. Сол қасиетімен көпке үлгі болғаны рас.

Міне жау-жүрек жауынгер, елінің патриоты болған тұлғаның тағдыры осы. Бір адамның басында қаншама жақсы қасиет пен мінез тоғысқаны таңданыс тудырады. Мейірім мен қарапайымдылық, адалдық, ұқыптылық, шексіз батылдық. Халықтың сүйікті ұлы, мақтанышы. Оның тұлғасы қазақ тарихында қашанда мәңгілік асқақтай бермек!

Әдебиеттер тізімі

1. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. - Алматы: Қазақ университеті, 2002.
2. Жолдасбекұлы М. Елтұтқа: Ел тарихының әйгілі тұлғалары. - Астана: KUL TEGIN, 2001.
3. Қазақ тарихындағы Ұлы Тұлғалар: Портреттер. - Алматы: Өнер, 2003.
4. Қазақтың ақын - жазушылары. - Алматы: Дәуір, 2006.

Құлынтай Монай, г.ғ.м., ғылыми қызметкері
Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов ат. Қараганды академиясы

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ ІРІ ТҰЛҒАСЫ МӘЛІК ҒАБДУЛЛИННІҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруда жас ұрпаққа ғалымдарымыз, батырларымыз бен бабаларымызды үлгі етіп көрсетеміз. Әрине ол – дұрыс. Біз өткенімізді жаңартып, жоғалтқанымызды таппасақ көптеген асыл мұраларымыздан айырыламыз. Рухани иммунитетімізді жоғалтамыз. Рухани иммунитетті жоғалту – ұлт пен ұлттық құндылықтарымыздың жойылып кетуіне әкелуі мүмкін. Ол үшін біз әрқашан жаңашылдыққа, ізденісте болуымыз қажет. Сондықтанда, біздің осы мақаланы жазудағы мақсатымыз – қазақ руханиятының ірі тұлғасы Мәлік Ғабдуллиннің бейнесін анықтап, қазақстандық патриотизмді қалыптастырудағы орнын көрсету болып табылады.

Рухани жаңғырудың жолында патриотизмді қалыптастырудың бір жолы бабалар салған дара жол. 2017 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының «Прагматизм» бөлімінде «Қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес. Төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сәт үңіліп көрсек, шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін табуға болады» [1] деп атап көрсетті. Халқының тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діні ете отырып, әрбір қадамын нық басып, болашаққа сеніммен бет алуын қалайтын Н.Ә. Назарбаев жастарға патриотизмді қалыптастыруға бағыт бағдар берді.

Ақылды да, батырлықты да, батылдықты да, терең парасат пен мейірімділікті де, пайымды ой мен ұшқыр алғырлық та бәрі бір тұлғаның бойынан табылады. Ғылым немесе әдебиет саласы бола ма, немесе қоғамдық өмір саласы бола ма, қандай саланы алмасақ та, өзінің алғырлығы мен ізденгіштілігімен, іждаһатымен кез-келген істе бетінен қалқымай тереңге баратын Мәлік Ғабдуллин болмысына таңқалмасқа шарамыз жоқ. Ержүрек Мәлікті бірінші кезекте батырлық жағынан зерттесек. 1941 - 1945 жылдар аралығында Мәлік Ғабдуллин Ұлы Отан

Соғысына қатысады. 1941 жылдың қыркүйегінен бастап соғыстың соңына дейін фашистік күштерден Отанды қорғау борышын абыроймен атқарады. Аға полтурк болады. Майданда И. В. Панфилов атындағы 8 - гвардиялық дивизияда жауға қарсы шайқасады. 1942 жылы Новгород облысына қарасты Холм қаласының маңында болған ұрыста Мәлік ата сарбаздардың біразына басшылық етеді. Ол басқарған сарбаздар фашистердің тісіне дейін қаруланған әскеріне тойтара соққы береді. Кескілескен ұрыстың нәтижесінде жаудың екі танкісін гранатамен жарып, жаудың 12 солдатын тұтқынға алады. Ұрыс кезінде Мәлік Ғабдуллин жарақат алады [2]. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Серік Қирабаев «Мәлік Ғабдуллин» атты естелігінде былай деп еске алады: «Кеңес Одағының Батыры, КСРО Педагогика ғылымдары академиясының академигі, профессор, Қазақстанның ғылымына еңбегі сіңген қайраткер Мәлік Ғабдуллиннің есімі қазақ халқы арасында кең тараған. Оның атын жұрт алғаш рет Ұлы Отан соғысының ауыр бір тұсында, Мәскеуді қорғаудағы ерлігі арқылы естіді. Қазақстанда жасақталып, Мәскеуді қорғауға жіберілген 316-атқыштар дивизиясы жаудың жолында, оқтың өтінде тұрған еді. Генерал Панфилов басқарған дивизия 1941 жылдың қазан-қараша айларындағы кескілескен ұрыстарға қатысып, ентелеп келген жаудың жолын бөгеді, ғаламат ерліктер жасады. Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Төлеген Тоқтаров, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова сияқты алғашқы қаһармандарымыз осы ерлік күрес үстінде танылды.

Мәлік Ғабдуллинге Кеңес Одағының Батыры атағы берілгенде:

- Ел күйзелген кезінде,
ерлік еткен бауырым,
Жау жағадан алғанда,
батырлық еткен бауырым,
Ел намысын құрметтеп,
Ер намысын ардақтап,
Құтты болсын айтамын,
Шын жүректен, Мәлігім!

- деп Бауыржан Момышұлы жүрекжарды лебізін білдірген екен.

1943 жылы 22 шілдеде М. Ғабдуллинге Кеңес Одағы Батыры атағын беру туралы КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының № 606/03 Қаулысына сәйкес беріледі [4].

Мәлік Ғабдуллин ғылыми-зерттеу саласында көп еңбек етті. Ғылыми шығармашылық жұмысы 1938 жылы КСРО ғылым академиясының Қазақстандағы филиалында кіші ғылыми қызметкерліктен басталды. Аспирантураның соңғы жылдарында (1940-1941 ж.ж.) «Едіге батыр» мен «Қобыланды батыр» жырларының тарихи

тек-төркіндері» деген тақырып ауқымды еңбек қалдырады. «Қазақ халқының ауыз әдебиеті (1958-1964) атты монографиясында ауыз әдебиетін зерттеудің ғылыми-методологиялық негіздерін айқын көрсетіп, ауыз әдебиетіндегі батырлар жыры, лиро-эпостық дастандар, айтыс өлеңдер, мақал-мәтелдер, олардың ғылымдық, тәлім-тәрбиелік мәнін ашып көрсетті. Жазушының көркем шығармадағы тырнақ алды туындылары дивизиялық, майдандық газеттерде жарық көрген. Еңбектері соғыстан кейін жарияланады. «Менің майдандас достарым» (1947), «Алтын жұлдыз» (1948), «Майдан очеректері» (1949), «Сұрапыл жылдар»(1971) атты кітаптарына енген әңгіме, очеректерінде батыр Мәлік майдан өмірін суреттеп, жауынгер тұлғасын, кеңес үкіметінің адамдарының Ұлы Отан соғысы кезіндегі қаһармандық бейнесін суреттеді. «Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес» (1966) деген кітабында М. Ғабдуллин бесік жырынан бастап, батырлар жырына дейінгі халық поэзиясының тәрбиелік мәнін ашып, оны іс жүзінде пайдаланудың тәсілдерін көрсетеді. Жастарды патриотизмге, әділеттікке тәрбиелеу, олардың болашаққа сенімін арттыруға үлкен серпін береді. «Қазақ халқының батырлар жыры» кітабы авторларының бірі [3]. Ғалым 1959 жылы докторлық диссертациясын қорғап, сол жылы профессор ғылыми атағын алады.

Архив құжаттарындағы марапаттарына тоқталсақ, «Филология ғылымдарының кандидаты» ғылыми дәрежесін беру туралы Ғылым кандидаты Дипломы 1949 жылды 1 сәуіріндегі № 00301 МФЛ, Мәскеу қаласында қаулысы шығады. Ғалымға он жылдан кейін «Филология ғылымдарының докторы» ғылыми дәрежесін беру туралы Ғылым кандидаты Дипломы 1959 жылды 14 қазандағы № 000127 МФЛ, Мәскеу қаласында қаулысы шығады. Кейін Профессор ғылыми атағын бекіткендігі туралы Профессор Аттестаты 1960 жылы 21 наурызда қаулысы № 000080 МПР, Мәскеу қаласында шығады [4]. Келтірген деректерге сәйкес ауыр да, жауапты қос жолды алып жүрген ғалым Мәліктің ғылымға толы өмірі жаңғыру жолында терең зерттеуді қажет етеді.

Жас ұрпақты тәрбиелеуде Мәлік Ғабдуллиннің ерлік өмірі мен өнегеге толы істерінің мәні мен мағанасы ерекше. Сондықтан да үлгі тұтар ғалым мен батырлықтың үлгісі ретінде көрсету, жастардың санасына сілкініс беру басты міндетіміз болуы қажет.

Мәлік Ғабдуллин өмірінің әр кезінен естеліктер жазып отырғаны белгілі. Мына бір соңғы естелікті күнделігіне жазыпты.

«Міне, 1973 – Жаңа жыл да келді. Халқымыздың ертеден келе жатқан дәстүрі бойынша әр үйде Жаңа жылды қарсы алу кеші өткізіледі ғой. Сол кеште ағайын-туыс, дос, жора-жолдастар бас қосады, Жаңа

жылға арналған тілектер айтылады. Жаңа жылдан әр алуан жақсылық, қуаныш пен шаттық, мықты денсаулық тілейміз және «соның бәрін бере гөр» дейміз. Осындай тілекпен 1973 – Жаңа жылды да қарсы алдық» [5], деп жазыпты Мәлік Ғабдуллин 1973 жылдың 1 қаңтары күні өзінің күнделігіне. Қаһарман-ғалым ертеңінде түстен кейін академияға келіп, әріптестеріне ұзақ ғұмыр, жақсылық тілеген. Кешке таман ғалым Мәлік Ғабдуллин дүние салады.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан, № 70 (29051) 12 сәуір, 2017.
2. Мәлік Ғабдуллин. Шығармашылық және эпистолярлық еңбектер. Төрт томдық жинақ / Құрастырған: Ж. Бекенов – Көкшетау, 2005.
3. Ғабдуллин М. Сұрапыл жылдар. – Алматы: Жазушы баспасы, 1972.
4. Мәлік Ғабдуллаұлы Ғабдуллин: Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы / Құрастырған: Жамигазина А.А. – Алматы: ОҒК, 2011 ж. – 79 б.
5. Негимов С. Білімпаз. Қаһарман. Қайраткер // Егемен Қазақстан, –12 қаңтар 2013 жыл.

ӘОЖ 308

А. Ж. Мендыбаев, оқытушы

Қазақстан Республикасы ТЖМ Көкшетау техникалық институты

МӘЛІК ҒАБДУЛЛИННІҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Мәлік Ғабдуллин – Кеңес Одағының Батыры, жазушы, профессор, филология ғылымының докторы, қоғам қайраткері, КСРО Ғылым Академиясының ғылыми қызметкері, ержүрек батыр.

Мәлік Ғабдуллин 1915 жылы 2 (15) қарашада Ақмола облысы, Зеренді ауданына қарасты Қойсалған ауылында дүниеге келді. 14 жасынан бастап атақты жазушы Сәбит Мұқановтың тәрбиесін алады. 1924-1931 жылдар аралығында М. Ғабдуллин Көкшетау қаласындағы жетіжылдық қазақ мектебінде оқиды. 1931 жылдың қыркүйегінен 1935 жылдың шілдесіне дейін Алматы қаласындағы Абай атындағы

Педагогика институттың «Қазақ тілі мен әдебиеті» бөлімінің студенті болады.

1935 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын тәмамдаған соң, 1935-1937 жылдар аралығында әскери борышын өтейді (1937 жылдың қарашасына дейін Өзбек ССР-і Ферғана қаласында Отан алдындағы борышын өтеді). Әскерден келгеннен соң 1937 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде әдеби қызметкер болып еңбек етеді. 1938 жылы «Қазақстан пионері» газеті редакторының орынбасары қызметінде, одан КСРО Ғылым Академиясының Қазақстандық филиалындағы Тіл және Әдебиет Институтында ғылыми қызметкер болады. 1938-1946 жылдар аралығында Абай атындағы ҚазПИ-де аспирантуралық дәреже бойынша білім алады. Жас аспирант кандидаттық диссертация тақырыбы ретінде «Қобыланды батыр» эпосын таңдап алып, халқымыздың ауыз әдебиетіне, оның ішінде ұлттық фольклор тұнығына тереңінен бойлайды. Бірақ сәтті басталған диссертациялық жұмысын аяқтағанымен, қорғауға мүмкіндігі болмайды. Себебі дәл сол кезде сұрапыл соғыстың оты тұтанған болатын.

1941 жылы ел басына күн туып Ұлы Отан соғысы басталғанда алғашқылардың бірі болып өз еркімен майданға аттанады.

1941-1945 жылдар аралығында Мәлік Ғабдуллин Ұлы Отан соғысына қатысады. 1941 жылдың қыркүйегінен бастап соғыстың соңына дейін фашистік күштерден Отанды қорғау борышын абыроймен атқарады. Аға политрук болады. Майданда И. В. Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизияда жауға қарсы шайқасады. 1942 жылы Новгород облысына қарасты Холм қаласының маңында болған ұрыста Мәлік солдаттардың біразына басшылық етеді. Кескілескен ұрыстың нәтижесінде жаудың екі таңкісін гранатамен жарып, жаудың 12 солдатын тұтқынға алады. Ұрыс кезінде Мәлік Ғабдуллин жарақат алады, алайда алған жарақатына қарамастан жауға қарсы оқ боратады. Осы ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен (№ 1035) Мәлікке 1943 жылдың 30-қаңтарынан бастап Кеңес Одағының Батыры атағын береді. Бұл атақпен қоса Ленин ордені және «Золотая Звезда» медаліменде қоса марапатталады [1].

1946 жылдан бастап М. Ғабдуллин запастағы подполковник болады. Сұрапыл соғыс жылдарынан соң елге аман қайтып, түрлі салаларда белсенді қызмет етеді. Артынан өшпес із қалдырады. 1959 жылы оған «Филология ғылымдарының докторы » ғылыми дәрежесі тағайындалады.

Соғыстан кейінгі жылдары ғылыми-педагогикалық салада қызмет атқарады. 1946-1951 жылдар аралығында Қазақ КСР Ғылым

Академиясының Тіл және Әдебиет Институтында директорлық қызметте болады, 1951-1963 жылдар аралығында Абай атындағы ҚазПИ-де ректорлық қызмет атқарады, 1963-1973 жылдары Қазақ КСР ҒА Тіл және Әдебиет институтында фольклор бөлімінде меңгеруші болып істейді.

М. Ғабдуллиннің әдеби қызметі 1938 жылдан басталды. Оның қазақ фольклоры мен әдебиеті туралы жазған 100-ден астам мақалалары республикамыздың газет, журналдарында жарияланды.

Мәлік Ғабдуллиннің зерттеген негізгі еңбектері қазақ халқының батырлық эпостары, мақал-мәтелдері, айтыстары, ертегілері мен халық әндері болды. Қазақ әдебиетінің көп томдық тарихын шығаруға ат салысады. Оның «Қазақтың батырлық эпостары» зерттеу еңбегі 1972 жылы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлыққа ие болады. КСРО Жоғарғы Кеңесінің 2-ші және 4-нші шақырылымдарында депутаттық мандатқа ие болады.

Мәлік Ғабдуллиннің «Менің майдандас достарым (Мои фронтовые друзья)» (1947), «Алтын Жұлдыз (Золотая звезда)» (1948), «Майдандық очерктер (Фронтовые очерки)» (1949), «Будни войны» (1968), «Достар, жолдастар жайлы» (1969), «Бізғарлы жылдар (Грозные годы)» (1971) атты еңбектері бар. Мәліктің әдеби туындыларының кейбірі И. П. Щеголихин көмегімен орыс тіліне аударылды.

Соғыстан кейінгі бейбіт өмірде саяси-қоғамдық істерге белсенді түрде араласып, еңбек сіңіргені үшін оған 1961 жылы ҚазКСР-не еңбегі сіңген қоғам қайраткері атағы берілді.

Қазақ халқының біртуар батыр ұлдарының бірі болған, ұлағатты ұстаз, қоғам қайраткері және жазушы Мәлік Ғабдуллин 1973 жылы 2-қаңтарда Алматыда көз жұмды [2].

Мәлік Ғабдуллин кезіндегі қазақ әдебиетіне қарсы жүргізілген солақай саясаттан талай мұрамызды сақтап қалған. Артына өшпес мұра қалдырған азаматтарды құрмет тұту өскелең ұрпақтың парызы болғандықтан қазір ол кісінің еңбектері қайта зерттелу үстінде. Батырдың Алматыда тұрған үйі мен қызмет атқарған институтында батырға арнап мемориалды тақта орнатылған. Өзі туып-өскен аудандағы мектеп пен көше аттары Мәлік Ғабдуллиннің есімімен аталады. Көкшетауда батырға арналып арнайы мұражай ашылған. Алматы, Астана және Көкшетау қалаларында көше аттары Мәлік Ғабдуллин есімімен аталады.

Қаһарман-ғалым Мәлік Ғабдуллиннің шығармашылығы қақында профессор Серік Негимов былай дейді: Ұлы Отан соғысы жылдарында жазған шығармалары тарихилық және көркемдік мәнімен де өзгешеленеді. Сөз өнерін ардақтап кие тұтқан, қазақ баласына деген

өлшеусіз құштарлықтың, ізгілік-адамгершілік қасиеттің, рух-жігері асқақ қайраттың иесі Ер Мәлік лапылдаған оттың, «көкала түтіні бұрқырап» гүрсілдеген оқтың ішінде жүріп, өнімді, өрнекті еңбектеніп телегей шығармалар туындатқанына қайран қалмасқа болмайды. Мәлік Ғабдуллин 1942 жылдың 12 мамырында Ғабит Мүсіреповке жазған хатында былай дейді: «Менің шатаспаған жерім аз деймін. Соғысқа енісімен күнделік жазуға кіріскем. Оның барлығы былтыр бір соғыста оққа ұшып кетті. Соңынан «Қазақ баласы» деген атпен көп нәрсе жаздым. Көлемі 750 беттен артық, дәптер бетімен санағанда. Мұнда Бауыржан Момышұлы, Мұқан Сламқұлов(сіз оны білесіз ғой), Балтабек Жетпісбаев, Жалмұқанбет Бозжанов, Қазтай Садуақасов, Жұмажан Батталовтардың ісі, ерлігі және көптеген эпизодтар жиналды».

М. Ғабдуллиннің Бауыржанның қолбасшылық өнері, үлгі-өнегесі, шешендік қабілеті, терең дүниетанымы, батырлық болмысы «Бауыржан Момышұлы» дейтін мемуарлық повесі (1941-1942) мен «Қазақ мақалының күші» деген эссесінде (1943) әдемі сипатталады.

«Дивизия командирі генерал-майор Панфиловтың бұйрығы бойынша – деп әңгімелейді гвардия майоры Мәлік Ғабдуллин. Бұрынғы артиллерист, аға лейтенант Бауыржан Момышұлы Н. полкының бірінші батальонына командир болып тағайындалды». Міне, осыдан бастап командирлік тізгінін қолына алған соң, айбынды міндеттерді абыройлы орындау мақсатында жауынгерлерді небір қиын да күрделі сынақтардан өткізді. 50 шақырымға марш жасау, оның ерекшеліктері, маршта тәртіп сақтау және қорғаныс құрылыстарын салу секілді. Әрі осы ұзақ жорықта жауынгерлердің ептілігі, тұрмысқа икемділігі де (мысалы, тамақ пісіру) сыналатыны да аян. Қиыншылықтар мен қайшылықтарды жеңу үшін шыдам да, көнтерлілік те, төзім де, икемді қабілет те қажет.

Б. Момышұлы бір топ қазақ командирлері мен саяси жетекшілерге арнап жалынды сөз сөйлейді.

«Әй, жігіттер, – деді Бауыржан. Қазақ қазақ болғалы талай-талай тар қамаудан өткен. Талай шабуыл жортуылдарды басынан кешіріп, халық өз ойлаған мақсатына да жеткен. Сонау кездегі Исатай, Абай мен Шоқандар халыққа қызмет етумен есімдерін мәңгі қалдырды. Олар тарихи адамдар. Халық басына күн туғанда қалың қауымды бастайтын ері болмаса ел не болмақ? Ерді ел қолдамаса, ер не болмақ? Халқымыз бізді мұнда қонаққа жіберген жоқ, майданға, халық бақытын қорғауға жіберді. Соғыстың аты соғыс қой, өлі я жарадар болатынымыз да бар шығар. Бірақ жігіттер істеріңе адал болыңдар, өлсек шәйітпіз, халық үшін қазамыз. Ал, біріміз осалдық істесек, опасыздық, қорқақтық жасасақ – халық алдында абыройымыз жоқ, халықтың ар-намысына

қара күйе жағушы боламыз. Мұндай жағдайдан аулақ болайық, жігіттер. Жасасақ та, өлсек те өмір үшін, ел намысы дегенді ұмытпалық».

-Бауыржан, дұрыс айтасың. Міндетте, кім екенімізде, бұл жерге не үшін келгеніміз де түсінікті. Тірескеннің тізесін, белдескеннің белін сындырайық. Халқымызға, ел-жұртымызға, қазақ баласы деген атымызға қате таңба салмайық, – деді Мұхамбетқұл.

-Айтқаның – айбарлы батырдың сөзі. «Төртеу түгел болса, төбедегіні алады, алтау ала болса, ауыздағы кетер» деген бар емеспе? «Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді» деген халықтың данышпандық сөзін естен шығармайық. Халқымыз бізді мақтан етсін, «сенгенім сен болсаң, күйсеген аузыңды ұ...» деп жүрмесін, – деп Бауыржан ақыл айтты.

Бұл әңгімелерге зер сала тыңдап, ақыл мен ойлаған Бозжанов:

-Ақсақал «ел намысы–ер намысы» деп дұрыс айттыңыз. Біз еркіндегі адамдармыз, қауіп етпеңіз, бастаңыз майданға, біз ердік, – деді.

Олар «Қазақ баласы ар мен намыс иесі» деген атақты абыроймен ақтауға анттасқандай болып тарақты.

Мінеки, жігерді жанитын, жаныңды толқытатын, көңілі ойлы жанға даритын, миға тоқитын даналық мәйегіне ие қасиетті сөз. Мәлік батыр өмір мен өлімнің шекарасында қаржастанып, мұз төсеніп жүргенде Бауыржанның жауынгерлердің жан дүниесін тебіrentкен асыл ойларын, сезімді селт еткізерлік сәулетті сөздерін, «окопты–кабинет, жерді–орындық, тізесін – үстел» етіп, жаны мұрнының ұшында жүрсе де, соғыс сәттерін суымай тұрғанда, қаз-қалпында, ізінше қойын дәптеріне түсіріп отырған [3].

Әрбір қанатты, нақыл сөздің тарихы, оқиғасы, себебі болары анық. Бұл орайда Мәлік Ғабдуллин мына бір өнегелі сөздің тарихын былайша сөйлетеді: «Күн кешкіріп барады. Бауыржан бір төмпешіктің үстіне шықты да, көз алдынан шегінуге беттеген батальонын өткізіп тұр. Оның алдынан өткенде жұрт үндемей, тәртіп сақтап өтіп барады. Ол осы қалпымен бүкіл батальонды өткізіп болды да, саптың артынан өзі жүрді. Оның қасына саптың соңында келе жатқан Бозжанов келді де:

- Ақсақал, неге жалғыз келесіз, жазым болсаңыз қайтеді, – деп ақыл сала айтты.

- Е, мен өлсем, сендер бар емессіңдерме? Батальонды сендер басқаруға жарамайсыңдар ма?

- Ойбой-ой, комбат қай жерде болса, батальон да сол жерде. Сіз жоқ болсаңыз, батальонда не сән, не күшқалар дейсіз...

Бауыржан бұл сөзге ызаланып кетті: «Біреу батыр болғанша, мың батыр болсын» деп айтып салды».

Бұл орайда Мәлік батырдың қанды жорықтың ішінде жүрсе де соғыс суреттерін суреткерлік-зердемен қабылдап, мөлдірете шеберлікпен сипаттағанын атап өту ләзім.

Мәлік Ғабдуллин «Қазақ мақалының күші» эссесінде («Социалистік Қазақстан» газеті, 1943 жыл, 27 ақпан) Бауыржан Момышұлының бір сыпыра төл тума ғибратты сөздеріне назар аударып, дәптеріне сақтап, олардың туу тарихын, нақты себептерін шебер баяндайды.

«Жауынгер майданда жеткен табысына қуанады, кейде қолайсыз жағдайға түсіп қалғанын ақын жылайтын кездері де болады. Осындай қынжылысты сейілту үшін, жауынгерлерді жігерлендіріп, қиыншылықты жеңуге аттандыру үшін берілетін айбынды бұйрықтың әсерімен бірге, халықтың қара тасты қақ жаратын өткір поэзиясының, данышпандық мақал-мәтелдерінің әсері, ықпалы өте күшті болды. Мұны қазіргі соғыс жағдайы әбден анықтады» – деп әділ көрсетеді Мәлік батыр.

Қолбасшы командир Бауыржанның теңіздей толқыған, көкірегінде күмістей жарқыраған сөздері жатыр. Бұлардың тек-төркіні соғыс жағдайын терең бақылағандықтан, оқиғалардын әзіктаразылап, дұрыс қорытындылар шығарғандықтан, ақыл мен ойдың тізгінін тең ұстағандықтан, тәрбие мен тәжірибенің сырларын мінсіз меңгергендіктен.

Мәселен: 1. Намысты нанға сатпа. 2. Қырағының көзі де батыр, өзі де батыр. 3. Тәртіп тән үшін, ынтымақ жан үшін керек. 4. Тізе бүгіп, тірі жүргеннен, тіке тұрып, өлген артық. 5. Ана үшін аянба – ант ұрады, бала үшін аянба – бетің күйеді, Ел үшін аянба – ерлігіңе сын, жұрт үшін аянба – жігіттігіңе сын. 6. Ел дегенде – езіліп, жұрт дегенде – жұмылып істе. 8. «Батыр – батыр емес, батырларды бастаған батыр». Біз қас жауды қарумен де, халықтың қаһарлы сөзімен де қиратудамыз. Халық сөзі, оның данышпандық мақалдары, бізге зеңбірек, танк, винтовка, автомат қандай қызмет етсе, олар да сондай қызмет етуде деп аяқтайды «Қазақ мақалының күші» эссесін Кеңес одағының Батыры, гвардия майоры Мәлік Ғабдуллин.

Баукең сөздерін жедел хатқа түсірген Мәлік Ғабдуллиннің ұқыптылығын, кісілігін, екі ірі тарихи тұлғаның арасындағы шығармашылық байланысты атамауға болмайды.

«Егер жазушы, не ақын болсам, көк күмбезді қағаз етіп, көкала дарияны сия етіп «Батыр Бауыржан» деген хикая да жазған болар ем» – деген Ер Мәліктің лала лебізінде телегей сыр бар-ау! (1942 жылдың 15 қыркүйек күні жазылған хатынан).

Совет Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің деректілік жағынан болсын, көркемдік сапасы жағынан болсын мейлінше құнды «Сол бір күндерде», «Жас казак», «Төлеген Тоқтаров» дейтін әскери повестерінде жас барыстай жалынды Төлеген Тоқтаровтың, саяси жетекші В. Клочковтың, полк комиссары Ахметжан Мұхамедияровтың, барлаушы Бахтияр Меңдіғазиннің, полк командирі Н. В. Капровтың, майталман командир, ұлт тілінің қамқоры, терең білімді В. Н. Шуттің, жанартаудай жігерлі, алып тұлғалы Балтабек Жетпісбаевтың, жауынгер-композитор Рамазан Елебаевтың батырлық-ерлік іс-қимылдары келісті өрнектелді. Сонымен бірге солдат әзілдері, жаратылыс суреттері көркемдік қуатымен, шеберлік қырларымен өзгешеленеді. Әскери мемуарист М. Ғабдуллиннің «Досыма хат», «Ерлікке баулу – тәрбиеден», «Майдан дәптерінен», «Тапқырлық», «Қайтқан кек», «Біздің Сашок» деген новеллаларында, эпистолярлық мұрасы мен күнделіктерінде жақұттай жарқыраған сөз меруерттері, адам жанының тұңғық терең иірім-сырлары, кестелі кемеңгерлік толғамдар, сыр мен сезім сұлулығынан туған нақысты сөйлемдер жеткілікті. Мысалы, «Досыма хат» дейтін жазбаларындағы мына бір ой-толғамын миға жүгіртейікші: «Ай артынан ай туып, жыл соңынан жыл да келер. Бүгінгі ауырлық, сұрапыл соғыстың дәуірі ертең-ақ шаттық, алтын нұрын шашқан сәулет күніне жеткізер. Сол кездерде өткен уақыттың оқиғаларына көз салармыз. Адам тарихынан ғасырлар бойы өшпестік орын алған талай-талай белестерді, мақтаныш етерліктей болып жасалынған мазмұнды істерімізді, халқымыздың абырой-атағы, даңқы, намысы үшін жас өмірін қаза еткен батыр бауырларымызды еске түсірерміз. Олардың ерлік істерін, олардың бізге қосқан аманатын «қасықтай қаның қалғанша халқыңа қызмет ет» деген тапсырмаларын еске алармыз» (1941 жыл, 31 қазан. Майдан) [4].

Задында, баһадүр, білімпаз, ұстаз Мәлік Ғабдуллиннің әскери прозасы – сұрапыл жылдардың шежіресі іспетті. Қан кешуде ғажайып ерліктер жасаған, тұйғындай түлеген сайыпқыран көкжал ерлердің рухына орнатылған көркем ескерткіш деу лайық. Сондықтан да заманнан заманға ауысып-озған сайын оның деректі һәм көркем прозасының танымдық, көркемдік, тағылымдық мәні зорая бермекші.

Жас ұрпақты тәуелсіз қазақстанның шынайы қорғаушысы, жер – судың қаһарман сақшысы, сүйікті Отанының тірегі, иесі болу қақында тәрбиелеуде, ұлттың рухани игіліктері мен қасиеттерін жарқын болашақтың бақыты мен кәдесіне жартуында, жаңарту мен қоғамды өрлету мақсатында, адам бойындағызгілік пен кісілік, парасат пен пайым, жанашырлық пен бауырмалдық секілді жақсылықтарын кейінгі толқынның жүрегіне терең ұялатуға Мәлік Ғабдуллиннің ерлік өмірі мен

өнегеге толы істерінің мәні мен мағанасы ерекше елеулі. Кесек тұлғаның ғибадат, тағылымды істері, таза болымыс бейнесі, өз шығармаларында көрініс тапқан.

Әдебиеттер тізімі

1. Тарихи тұлға кітабы – Көкшетау, 2005.
2. // Қазақ тарихы журналы. – 2011. - № 4.
3. С. Негимов. Мәлік Ғабдуллин (Өмірі мен шығармашылығы). – Алматы: Санат, 2001. - 192 бет.
4. // Арқа ажары. – 2005.

ӘОЖ 94 (123)

Г. Ж. Мукашева, Б. А. Калиев, Д. Ш. Ельжанов
Қазақстан Республикасы Ұлттық Ұлан Әскери институты

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ-ТАРИХИ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАЖЕТТІЛІК (Мәлік Ғабдуллиннің еңбектері негізінде)

Еліміздің егемендігін алып, тәуелсіз мемлекет болғанына ширек ғасырдан астам уақыт өтті. Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Соңғы онжылдықта бұған дейінгі жүздеген ұрпақтардың қолы жетпегенге қол жеткіздік. Тәуелсіз мемлекет құра алдық.» деген сөздері кеше ғана айтылған іспетті.

Бүгінгі таңда еліміз егемендігін алып, тәуелсіз мемлекет болып, тіліміздің мемлекеттік болуы- ыздың тарих үшін үлкен мәртебе. Тәуелсіздікпен бірге дүниежүзіне «қазақ» деген ұлттың бар екендігі мәлім болды. Жас ұрпақты, қоғам мүшелерін Отанға, елге, жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеп, мұны олардың бойына сіңіріп, қалыптастыру халық тәрбиесінде жетекші орын алады. Өйткені Отан, халық, ел, жер деген ұғым өте ауқымды. Кеңес одағының батыры, жазушы, қоғам қайраткері, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері Мәлік Ғабдуллин халық тәрбиесіне аса зор мән берген тұлғаларымыздың бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін жариялауы, Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып қабылдауы және алдына стратегиялық бағдарлама қоюы қазақ мемлекетінің алдына үлкен міндеттер мен

мақсаттарды жүктеді. Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті «Қазақстанның болашағы-қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде : «Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндетіміз- қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін-өзі айқын билеуін қалыптастыру», - деп жазды [1, 45-47 б.].

Сонымен қатар қазақ халқы жас ұрпақ тәрбиесіне орасан зор мән берген, «сегіз қырлы, бір сырлы» отаншыл, шынайы патриоттық тәрбиені қалыптастыруға тырысқан. Мәлік Ғабдуллиннің өмір жолына қарап отырсақ, нағыз батырлық пен шығармашылық адамның бейнесін көреміз. Ал енді бір адам бойында соншалықты дарындылық пен батырлықты қалай дұрыс үйлестіруге болады деген сұрақ пайда болады. Сол себепті бүгінгі күннің талабына сай жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру мәселесі бойынша, халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған бай тәжірибесін негізге алмасқа болмайды. Біздің елімізде жасөспірімдерге патриоттық тәрбие беру- ең келелі мәселелердің бірі болып отыр. 7-мамыр- Қазақстан сарбаздарының күні. Халық даналығында «Отан оттан да ыстық», «Отан үшін күрес- ерге тиген үлес», «Отанға опасыздық еткеннің өз түбіне жеткенің», - деп айтылатындай, біз ата-анамызды, ұлтымызды таңдай алмаймыз. Отанды сүйіп, құрметтеу, қадірлеуге, жасөспірімдердің бойына мектепке алғаш аяқ басқаннан Отанды қорғау жауапкершілігімен астастырып сіңіру қажет. Еліміздің ата заңы- Конституцияның 36- бабында «Қазақстан Республикасын қорғау- оның әрбір азаматының қасиетті парызы мен міндеті деп атап көрсетілген» [2, 175-176 б.]

«Патриотизм- дейді Б. Момышұлы Отанға, мемлекетке деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығы, қоғамдық, мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, мемлекетті нығайту дегеніміз, жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм дегеніміз мемлекет деген ұғымды, оның жеке адам мен барлық жағынан өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасын білдіреді» [3, 22-25 б.].

Тәуелсіздіктің ең басты жетістігі-еркіндік. Өткен жылдарда біздің мемлекетіміз басты мәселені бүкіл әлем мойындаған тәуелсіз, дербес мемлекет құру міндетін шешті.

Қазақстан Республикасы әскери доктрина және әскери құрылыс тұжырымдамасында: «Біз - егеменді мемлекетпіз және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері ішкі және сыртқы саясаттың, жалпы құрылымының өзегі болуы тиіс. Сондықтан бізге қазіргі заманғы қару-жарақпен жарақталған, жоғарғы даярлықтан өткен, жақсы үйретілген, біздің егемендік мүддемізді қорғау үшін кез келген жағдайда іс-қимыл жасауға даяр тұратын армия қажет. Ал мұндай

армияны әскери құрылыстың тарихи тәжірибесіне және қазіргі заманғы көзқарастарға сүйенген ғылыми негізде ғана құруға болады»- атап көрсетеді [4, 15 б.].

Ұлан-байтақ даласын «найзаның ұшымен, білектің күшімен» қорғаған ата-бабаларымыз сан ғасыр бойы «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шорқытпай» аман сақтап келді. Құрып кету қауіпі төніп тұрған кезде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, жауға қарсы тұру нағыз отансүйгіштік қасиет болып табылады.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Ата-бабамыз аңсаған тәуелсіздікті алдық. Ендігі мәселе соны ертеңге жеткізу, келесі ұрпаққа, болашаққа Қазақстанның осы тәуелсіздігін аманаттау» деп көрсетті [5, 44-45 б.]. Тәуелсіздік алып келген оң өзгерістер мол. Жас ұрпақты халқымыздың құнды еңбектерімен жасынан намысты, Отанын сүйетін, адамгершілігі терең етіп тәрбиелесек, ешкімнің алдында ұялмаймыз, мерейіміз үстем болады деп есептеймін.

«Отансыз адам болмас, ормансыз бұлбұл болмас» деген халық нақылы тегіннен-тегін айтыла салмаған. Өйткені, Отан деген киелі ұғымды түсіну әр адамның туған жерінен, өз еліне деген сүйіспеншілігінен бастау алады. Отансүйгіштік пен патриотизм бір-бірімен егіз ұғымдар. «Қазақстан - дүниедегі әр қазақтың қастерлі құбыласы! Қазақстан- әлемдегі барша қазақтың құтты шаңырағы! Қазақ баласы дүниенің қай түкпірінде жүрсе де, тұтас қақа халқының бір бөлшегі екенін біз еш уақытта ұмытпауымыз керек», - деді Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті Н. Назарбаев дүние жүзі қазақтарының IV құрылтайында сөйлеген сөзінде [6, 50-52 б.]. Мемлекет басшысы патриотизмнің жер бетіндегі кез келген ұлттың жетістіктерінің бірі екенін қадап айтты. Яғни, бұл-кез келген қазақстандықтың табысын мақтаныш тұту, сондай табысқа қол жеткізуге өзінді де қайрау деген сөз. Әрбір қазақстандық өзінің жетістіктерін туған Отанына, еліне арнауы керек. Сонда әлгі адамның да, елдің де мейманасы тасып, әлемдік деңгейдегі беделі өседі.

Қазақстандық патриотизм дегеніміз не? Менің ойымша, отандық патриотизм- бұл елдікті, мемлекеттілікті саналы түрде сезіну. Мәселен, кез келген адамның өзі туып-өскен жеріне бауыр басуы, ана тілін толық меңгеріп, оған құрметпен қарауы, өз Отанының мүддесін ойлау, туған жеріне деген адалдық және азаматтық және азаматтық сезімдер, өз елінің саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени саладағы жетістіктерін мақтан ету, өз Отанының бостандығы мен тәуелсіздігін қорғау, ата-бабалары мен Отанының тарихына құрметпен қарау, сондай-ақ, өзінің табанақы, маңдай терінді туған елінің гүлденуіне арнау- бұлардың барлығы да қазақстандық патриотизм деген ұйымның ішіне сыяды.

Біріншіден, азаматтардың бойында жоғары патриоттық сезімді, өз Отанына деген адалдықты қалыптастыру қажет. Ол үшін әр адам өз Отанының мүддесін қорғауда азаматтық борыштары мен конституциялық міндеттерін атқаруға әрқашан дайын болуы тиіс. Екіншіден, әр тұлғаның бойында белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру. Бұл ұстаным бала жастан, отбасындағы, өскен ортасындағы тәлім-тәрбиеден бастау алатыны баршаға мәлім. Үшіншіден, жас жігіттер мен қыздардың рухын шыңдайтын әскери-патриоттық тәрбие беру. Төртіншіден, әртүрлі ұлт, нәсіл, конфессиялардың өзара қарым-қатынасының принципі ретінде төзімділікке тәрбиелеу. Бесіншіден, қлғам мен тұлғаның әлеуметтік жағынан маңызды құндылықтарын қалыптастыру және дамыту. Ендігі кезекте мақсаттардан міндеттерге көшейік.

Алғашқы міндет-патриотизмге дұрыс бағыт-бағдар көрсету. Сөздің ашығын айтқанда, қазақстандықтардың бойындағы патриотизмді қоғамдық өмірде де, билікте де жою-құрту бағытына емес, қалыптастыру-биіктету бағытына бұру. Қалайша? Мәселен, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев еліміздегі жаңа басқару элитасы туралы сөз қозғағанда мемлекеттік құрылымдарға жаңа күштердің ағыны қажеттігін айтып жүр. «Алдағы уақытта елді басқаратын жастар сауатты ғана емес, сондай-ақ нағыз патриоттар болуы керек. Бұл жерде татулығымыз бен бірлігімізге қауіп төндіретін патриотизм емес, өз Отанына, оның халқына деген нағыз сүйіспеншілігімен көмкерілген демократиялық патриотизм жөнінде әңгіме болып отыр», - деді елбасы [7, 16 б.]. Екіншіден, патриоттық тәрбие-ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Егерде біз елдік мүдденің төңірегіне топтасып, өз Отанымыздың тағдырына деген зор жауапкершілігімізді сезінбесек, жоғары жетістіктерге жете алмаймыз. Ұлттық қауіпсіздікке азаматтық-патриоттық тәрбие беру, мемлекеттік рәміздерді насихаттау, әскерге құқық қорғау және барлық мемлекеттік институттарға құрмет көрсету сияқты мәселелер де жатады. Сонымен қатар, бұл міндетке өздерінің құқықтары мен міндеттерін білуі үшін, жастарға құқықтық тәрбие беру, құқық бұзушылықтардың алдын алу, саламатты өмір сүру салтын насихаттау да кіреді. Үшінші міндет – ұланғайыр жеріміз бен егемен елімізді ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап, бізге мұраға қалдырған ата-бабаларымыздың, қазақ тарихындағы есімі елге мілім батырлар мен ақындарды, жыраулар мен оқымыстыларды, мемлекет және қоғам қайраткерлерін мақтан тұтуымыз қажет.

Мысалға, Мәлік Ғабдуллин қазақтың батыр қызы Мәншүк Мәметованың қазасынан кейін оған Кеңес Одағының батыры атағын бергізу үшін бар күшін салады. Ұлы отан соғысына қатысқан Байуақ

ардагер жағдайды былайша есіне алады: «Мәлік Мәншүктің қазасын ести салысымен, дереу Невель қаласына келеді. «Мәншүкке не жасап жатырсыңдар?» деп жанындағы әскерлерге сауал жолдайды. Олар Мәншүкті екінші дәрежелі Отан соғысы орденіне ұсынғандарын айтады. Мәлік Ғабдуллин қатты ашуланып «Алматы мен Мәскеудің арасы мейлі, 4 мың-ақ шақырым болсын. Қазақтың жиырмаға жаңа толған қызы алыстан Отанымды, Мәскеуді қорғаймын деп келіп, қолына орыстың винтовкасын алып, соғысамын деуінің өзі ерлік емес пе? Дереу құжаттарын қайта дайындаңдар» деген сөздер шын патриоттықтың белгісі.

Әрине, тізбектей берсек, патриотизмнің міндеттері өте көп. Мысалы, өзіңнің Отаның үшін үлкен жетістіктерге жету. Шынайы патриоттық сезім өзіңнің отбасыңа, еліңе, Отаныңа деген кішкентай махаббаттан бастау алады.

«Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Біздің басты жетістігіміз – тәуелсіз Қазақстанды құрғанамыз» дей келе, Қазақстан халқының тәуелсіздік жылдары аясында жеткен жетістіктерін саралап, оның ішінде «Қазақстан-2030» стратегиясының қорытындысын, нәтижелерін жіктеп берді [8, 33-34 б.]. Елімізде орнап тұрған қоғамдық тұрақтылық пен келісімнің, сонымен қатар жаһандық қауіпсіздік үшін күрестегі белсенді рөліміздің арқасында, халықаралық аренада танылғанамызды баса айтып, Қазақ елінің мерейін бір өсірді.

Жолдаудағы маңызды бағыт - қазақстандық патриотизм. Жалпы, барлық құнды еңбектер, жаңалық атаулы тек отансүйгіштіктің арқасында дүниеге келеді. Қоғамның қай қай саласына болмасын, ең алдымен патриотизм керек. Қазақстандық ұмтылыс, толыққанды білім мен сапалы өнімнің түкпірінде Отанға деген үлкен сүйіспеншілік пен құрмет, намыс жатыр. «Біздің болашағымыз – жастар. Біз жастарды жаңа өмірге бейімдей білуіміз керек» деген болатын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев. Әрбір жас қазақстандық қыз-жігіттердің ой-санасында: «Мен – қазақстандықпын! Мен – елімнің патриотымын! Өзімнің бар білімімді, еңбегімді, тәжірибемді осы мемлекеттің бүгінгі мен болашағына арнауым керек!» деген ой болуы керек. Сондықтан жас ұрпақты Отанын сүйуге, ол үшін аянбай қызмет етуге, елжандылық пен ерлікке тәрбиелеу – біздің басты міндетіміз болмақ. Әр студент бойына намыс, ар, сүйіспеншілік сезімдерін ұялатып, туған жер табиғаты, ана тілі, салт-дәстүрі, ата-бабаларымыздың ерлігі – Отанға деген сезімнің шынайы қайнар көзі екеніне осы іс-шараларымыз арқылы қол жеткізіп жатырмыз. Ол студенттерге отансүйгіштік, елжандылық, ұлтжандылық рухани сенімін қалыптастырады.

Патриотизм – тарихи және әлеуметтік мазмұнындағы табиғаты бар ұғым. Ол әрбір азаматтың бойындағы туа біткен сезім емес. Соған орай патриоттық сезімнің басты қамқорлығы отанына арналады. Сондықтан туған жер, ел байлығы мен табиғаты, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер және т.б. ұлттық құндылықтар патриоттық сезімнен тыс қалмайды. Олар әрбір азаматтың ішкі дүниесінде жаңашырлық, жақындық, туыстық пен сүйіспеншілік, мақтаныш қалыптастырады. Намыстың даму деңгейінің ең жоғарғы шегі – Ұлттың тәуелсіздігі мен бостандығы, Отанға деген сүйіспеншілік, ата-бабаға, ана-тілі мен салт-дәстүрге құрмет, патриоттық сезім, қайырымдылық, интернационализм, бейбітшілік, өзге ұлттармен татулық. Намыс – ұлттың ар-ұят діңгегі, қасиетті ұғым тұрғысында жаңа қоғамдық сана кеңістігінде өңделуі қажеттігіне үміт артады. Намыс сезімін ұлттың, бүтіндей мемлекеттің ар-ұяты, ар-намысы деп бағалайды. Патриотизм-тәрбиенің жемісі. Ол тарихи ұлттық дәстүрлермен тығыз байланысты. Ұлттық сезімдерді патриотизм арнасына, ортақ Отанға деген сүйіспеншілік рухына дұрыс бағыттау үшін бұл ерекшеліктерді жақсы білу және олармен міндетті түрде санасу керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы-қоғамның идеялық бірлігінде. – Алматы, 2000. – Б. 45-47.
2. Қазақтың мақал-мәтелдері. - Алма-Ата, 1955. - Б.175-176.
3. Қазақ Совет энциклопедиясы. - Алма-Ата, 1978. – Б. 22-25.
4. Жолдасбеков М. // Ұлы дала тарихы газеті. – Алматы, 1998. - № 18. – 15 б.
5. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. – Алматы, 1999. – Б. 45-45.
6. Назарбаев Н. Ә. Ой бөлістім халқыммен. – Астана, 2006. – Б. 50-52.
7. Маданов А. «Қазақстан-2050» // Егемен Қазақстан газеті. 2013. - № 18. – 16 б.
8. Назарбаев Н. Ә. Ой бөлістім халқыммен. – Астана, 2006. – Б. 33-34.

А. Ғ. Рахым, аға оқытушы

Қазақстан Республикасы ТЖМ Көкшетау техникалық институты

ҰЛТТЫҚ ҚАҒАРМАННЫҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ

М. Ғабдуллин шығармашылығындағы негізгі орынды жастарды патриотизм арнасында тәрбиелеу мәселелері алады, олар Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың "Қазақстан-2050" Стратегиясында ұсынылған жаңа қазақстандық патриотизм идеясын айнадағыдай бүгінгі күні де өзекті. Онда мықты мемлекет болу үшін елімізді абыроймен көрсететін азаматты қалыптастыру керектігі айтылған. Өткізілетін іс-шаралардың мақсаттары, оның қызметкерлерінің жұмыс әдістері толығымен осы міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған.

Олардың көпшілігі дәстүрге айналды. Мәлік Ғабдуллиннің өміріндегі маңызды күндердің бірі 1943 жылдың 30 қаңтары.

Ол 1915 жылы 15 қарашада дүниеге келген. Көпбалалы отбасы: жеті ағайынды және үш қарындас, бірақ олардың бәрі 30-шы жылдары жұттан қайтыс болды. Мәліктің әкесі Ғабдолла Елемесов араб графикасын, латын әліпбиін еркін меңгерген, сол кезде де сауатты адам саналған. Анасы Әлия Елемескеліні 1932 жылы қайтыс болған.

Батырдың балалық шағы өткен ауыл Зеренді ауданындағы Желтау шоқысының етегіндегі көркем жерде орналасты. Көптеген бұлақтармен кесілген жасыл шалғындардың шырынды жайылымдары болды. Ауылдың жанында-Желтау көлі, таңғажайып мөлдірлігі және алтын тығыз қамыстармен қоршалған. Бұл табиғаттың керемет алуан түрлі түстерімен әйгілі сексен көлдің бірі.

Көкшетау пейзажының ақындық әсемдігімен рухтандырылған ақындар әсерлі және білімқұмар бала ерте кездестірген толғандыратын әндерді қоса шырқады.

Оның балалық шағы мен жастық шағы өткен жерлер бұрыннан белгілі тарихи қайраткерлермен танымал болған. Сол кезде Көкшетау, ал қазіргі Ақмола облысынан шығып, қазақ халқының тарихында көрнекті орынға ие болды: Абылай хан, оның немересі ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті және талантты басшысы Кенесары Қасымұлы және оның адал серігі Наурызбай, әйгілі Балуан-Шолақ, Біржан сал және Ақан сері.

Көкшетаудан алыс емес жерде Айыртау ауданының Сырымбет ауылында қазақтың тұңғыш ағартушысы Шоқан Уәлиханов туып, өмір сүрді. Ауылдағы өткеннің осы және басқа да көптеген ұлттық

